


Орнықтылықты  
**САҚТАЙ ОТЫРЫП**  
дамуды  
**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

2020 ЖЫЛҒЫ  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



04

Орнықтылықты  
**САҚТАЙ ОТЫРЫП**  
дамуды  
**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**



186

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

6	<b>КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	46	Трансформация және цифрандыру	81	Бірлескен кәсіорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес
6	Кызмет аясы	49	<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ</b>	81	Өзіндік күн
7	География	49	Корлар	81	Баска да шығыстар
6	Капитал құрылымы	49	Геологиялық-барлау	81	Активтердің құнсыздандыу
8	Активтер құрылымы	52	Өндіру	82	Таза пайда
9	Негізгі нариқтар	62	Мұнай тасымалдау	82	Курделі шығындар
10	Бизнес-модель	67	Газ тасымалдау және маркетингі	85	Ақша қаражаты
12	Бөсекелестік артықшылдықтар	67	Мұнай өндіру және маркетингі	85	Альянс дивидендер
16	Негізгі көрсеткіштер	71	Сервистік жобалар	85	Тәлеңген дивидендер
18	<b>ДИРЕКТОРАР КЕҢЕСІ ТӨРАФА-СЫНЫҚ, МӘЛІМДЕМЕСІ</b>	75	<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ</b>	86	Карызыды басқару
22	<b>БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҚ, МӘЛІМДЕМЕСІ</b>	77	Басқарма төрафасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының мәлімдемесі	89	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТА-МАСЫЗ ЕТУ</b>
26	<b>СТРАТЕГИЯ</b>	77	Кредиттік рейтингтер	93	Денсаулық сактау, өнер-көсіптік қауіпсіздік және коршаган ортанды корғау (ДС, ӨК және КОК)
26	Нарықта шолу	78	ХКЕС бойынша шогырланырылған қаржы	112	Персоналды дамыту
37	Стратегиялық басымдықтар	79	корытындылары	118	Жеткізушилермен өзара іс-кимыл
40	COVID-19 әсері мен дағдарыска қарсы шаралар	79	Түсім		
43	Тиймділік көрсеткіштерінің жүйесі				
44	Инвестициялық жобалардың іске асрылуына шолу				

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

126	<b>КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ</b>	142	Корпоративтік хатшы	165	<b>ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ</b>
127	<b>КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ</b>	143	<b>ДИРЕКТОРАР КЕҢЕСІНІН ЖАҢЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР</b>	166	<b>КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ</b>
129	<b>ДИРЕКТОРАР КЕҢЕСІ</b>	144	Тәғайиндау және сыйакы жөніндегі комитет	166	Ішкі аудит қызметі
129	Директорлар кеңесінің құрамы	147	Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет	167	Комплаенс қызметі
138	Директорлар кеңесінің 2020 жылғы жұмысы	149	Аудит жөніндегі комитет	168	Омбудсмен қызметі
140	2020 жылғы стратегиялық сессия	152	Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, коршаган ортанды даму жөніндегі комитет	169	Тәуекел-менеджмент және ішкі басқару
140	Компанияның негізгі мәселелерінің іске асрылуын басқау	155	Каржы комитеті	179	<b>МУДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ИС-КИМЫЛ</b>
140	Директорлар кеңесінің төрағасы мен оның ролі	156	<b>БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП</b>	181	<b>АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРАРМЕН ӨЗАРА ИС-КИМЫЛ</b>
140	Тәуелсіз директорлар мен олардың ролі	157	Басқарманың құрамы	181	Акционерлік капитал құрылымы
141	Директорлар кеңесінде сабактастықты жоспарлау, алаузымға енгізу және біліктілікті артыру	164	<b>СЫЙАКЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП</b>	182	Кредиттік рейтингтер
141	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	164	Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйакы	184	Облигациялық қарызыдар
			Басқарма мүшелеріне берілетін сыйакы	185	Инвесторлармен өзара іс-кимыл

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

188	<b>АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК</b>
194	Жыныстық кіріс туралы шоғырланырылған есеп
196	Каржылық жағдай туралы шоғырланырылған есеп
197	Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырланырылған есеп
200	Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырланырылған есеп
202	Шоғырланырылған каржылық есептілікке ескертпелер

# ҚОСЫМШАЛАР

272	2020 жылға арналған КБК сактау туралы есеп
274	Ірі мәмілелер және мұдделілік бар мәмілелер туралы мәліметтер



2020 жылғы жылдық есептік интерактивті нұсқасы



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



Біз үшін 2020 жыл COVID-19 пандемиясының жаһандық сынағымен ерекшеленді және қын жағдайда командалық жұмыстың беріктігі мен тиімділігін тексеруге айналды. ҚМГ өзінің тұрақтылығын растиғанын және біздің барлық стратегиялық маңызды бағыттардағы көпжылдық күш-жігеріміз осы күрделі кезеңде компанияға жақсы қолдау көрсеткенін сіздерге хабарлауға қуаныштымын. Сондай-ақ, осы жылы бүкіл команданың Компания қызметін халықаралық нарықтар мен ел ішіндегі жағдайда жаңа шынайылықтар пен түзетілген үміттерге бейімдеу бойынша атқарған орасан зор жұмысын атап өткім келеді

Кристофер Уолтон,  
«ҚазМұнайГаз» ҰК  
АҚ Директорлар  
кеңесінің тәрағасы

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## ҚЫЗМЕТ АЯСЫ



"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан өрі — ҚМГ, Компания) Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ активтерді барлық өндірістік цикл бойынша басқарады — көмірсүтектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өндіріске және сервистік қызметтер көрсетуге дейін. Компания 2002 жылы құрылған және еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіреді.

## КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан өрі — «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (90,42%) мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан өрі — ҚР Ұлттық Банкі, ҚҰБ) (9,58%) ҚМГ акционерлері болып табылады, 2015 жылы 12 қазаннан бастап ҚМГ акциялары Қорға сенімгерлік басқаруға тапсырылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ — жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын егеменді қор. Оның миссиясы — Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру мен болашақ ұрпақтар үшін ұзақ мерзімді орнықтылықта қамтамасыз ету. Қордың қоржынына мұнай-газ және көлік-логистикалық секторлардың, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургиясы кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.


Қазақстан Республикасының Үкіметі



#1  
ҚАЗАҚСТАНДА

МҰНАЙ ӨНДІРУДЕҢ  
ТАСЫМАЛДАУДАН  
МҰНАЙ ӨНДЕУДЕҢ

# ГЕОГРАФИЯ



- ① ТОО «СЗТК «МунайТаф»
- ② ТОО «Казахстанско-Китайский Трубопровод»
- ③ Каспийский Трубопроводный Консорциум
- ④ АО «КазТрансОйл»
- ⑤ АО «Интергаз Центральная Азия»
- ⑥ ТОО «Газопровод Бейнеу — Шымкент»
- ⑦ ТОО «Азиатский Газопровод»
- ⑧ Проект магистрального газопровода «Сарыарка»

- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР
- МЕГАБАЛАР
- MAC  
МҰНАЙ-ГАЗ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ
- BMAC  
БАС МҰНАЙ-ГАЗ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ
- КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯ

- КОЛДАНЫСТАҒЫ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ
- КОЛДАНЫСТАҒЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫ
- БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ
- ӨНДЕУ

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

**21,8**

**МЛН ТОННА**

Мұнай және конденсат өндіру

**8,2**

**МЛРД М<sup>3</sup>**

Газ өндіру

**73,2**

**МЛН ТОННА**

Мұнай тасымалдау

**86,6**

**МЛРД М<sup>3</sup>**

Газ тасымалдау

**18,1**

**МЛН ТОННА**

Мұнай өндеу

# АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

## ҚМГ-НІҢ МАҢЫЗДЫ АКТИВТЕРИ



**БАРЛАУ ЖӘНЕ  
ӨНДІРУ**



**МҰНАЙ МЕН ГАЗ  
ТАСЫМАЛДАУ, ГАЗ  
МАРКЕТИНГІ**



**ӨНДЕУ**

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР:

- ◆ **Өзенмұнайгаз (ӨМГ)**  
**100%**
- ◆ **Манғыстаумұнайгаз (ММГ)**  
**50%**
- ◆ **Ембімұнайгаз (ЕМГ)**  
**100%**
- ◆ **Қазгермұнай (КГМ)**  
**50%**
- ◆ **ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ)**  
**33%**
- ◆ **Каражанбасмұнай (ҚБМ)**  
**50%**
- ◆ **Қазақойл Ақтөбе (ҚАО)**  
**50%**
- ◆ **Қазақтурікмұнай (КТМ)**  
**100%**
- ◆ **ҚазМұнайТеніз (ҚМТ)**  
**100%**
- ◆ **Әріктау Оперейтинг (ӨО)**  
**100%**

### МЕГАЖОБАЛАР:

- ◆ **Теніз (ТШО)**  
**20%**
- ◆ **Карашиғанақ (КПО)**  
**10%**
- ◆ **Кашаган (NCOC)**  
**8,44%**

- ◆ **ҚазТрансОйл (ҚТО)**  
**90%**

- **50%** Қазақстан-Қытай құбыры (КҚК)
- **51%** МұнайТас
- **100%** Батуми мұнай терминалы

- ◆ **Каспий құбыр арнасы консорциумы (КҚК)<sup>2</sup>**  
**20,75%**

- ◆ **Қазтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ)**  
**100%**

- ◆ **ҚазТрансГаз (ҚТГ)**  
**100%**

- **100%** Интергаз Орталық Азия (ИОА)
- **50%** Азиатский Газопровод (АГП)
- **100%** Азия газ құбыры (АГК)
- **50%** ҚазТрансГаз Аймак (ҚТГ Аймак)

- ◆ **ҚазРосГаз (ҚРГ)** **50%**

- ◆ **ПМХЗ**  
**100%**

- ◆ **АМЗ**  
**99,53%**

- ◆ **ПКОП**  
**49,72%**

- ◆ **Caspi Bitum**  
**50%**

- ◆ **KMG International**  
**100%**


- **54,63%** Петромидия
- **54,63%** Вега



## МҰНАЙ-СЕРВИС

- ◆ KMG Nabors Drilling Company  
49%
- ◆ KMG Parker Drilling Company  
49%
- ◆ KMG Automation  
49%
- ◆ KMG Systems & Services  
100%
- ◆ ТенізСервис  
48,996%

# НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР



- <sup>1.</sup> 2015 жылғы қазанда "Самұрық-Қазына" АҚ опционың келісімге сәйкес 2020 және 2022 жылдар ішінде акцияларды сатып алу құқыбымен Кашагандағы 50%-тік үлесті сатып алды. Жалпы алғанда, ҚМГ мен "Самұрық-Қазына" АҚ-ка Кашагандағы 16,88% үлес тиесілі.
- <sup>2.</sup> 19% через KMG и 1,75% через Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV).

● ЭКСПОРТ  
● ИШКИ НАРЫҚ

# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

## БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

### ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ БІРЕГЕЙЛІГІ

Қазақстан – елеулі ресурстық базасы бар, тиімді орналасқан және Еуропа мен серпінді дамып жатқан Азия нарыкта-рына, оның ішінде, Қытайга өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар ел.

### ҚҰНДЫ ҚЫРУ ТІЗБЕГІНІҢ, БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ТОЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

ҚМГ қосылған құнды қыру тізбе-гінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай-газ саласының үлттық көшбасшысы болып табылады.

### ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

Бірнеше жыл бойы Компанияның қаржылық орнықтылығын қолдау бойынша ауқымды іс-шара-ларды іске асыру нәтижесінде Компания мұнайдың тәмен бағасының алдыңғы кезеңдерімен салыстырғанда 2020 жылы жаңа сын-көтерлөрге барынша дайын болды.

### ӨНДІРУШІ АКТИВТЕРДІҢ, ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН ҚОРЖЫНЫ

ҚМГ-нің тартымды өсу әлеуеті бар мұнай мән газ өндірү активтерінің әртараптандырылған қоржыны бар.

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЛИДЕРЛІК ОРЫН

ҚМГ үлесі елдің мұнай тасымалдау нарығында – 56% және газ тасымалдау нарығында – 77%.

### ЗАМАНАУИ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ

Компания терең жаңғыру-дан өткен Қазақстанның ең ірі төрт МӘЗ бен Румынияның екі МӘЗ-ді бақылайды.

### ЗАМАНАУИ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАФИДАТТАРЫН ҮСТАНУ

Орнықты даму ҚМГ-нің страте-гиялық басымдықтарының бірі болып табылады.



<sup>1</sup>. Дәңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін. EBITDA корпоративтік орталықтың қызыметін де қамтиды (-25 077 млн теңге, -61 млн доллар. АҚШ долл., -2% үлес EBITDA) және басқалар (-7 959 млн. теңге, -19 млн. АҚШ доллары, -1% EBITDA үлесі)

ГАЗ  
ТАСЫМАЛДАУ

**86,6** МЛРД  
М<sup>3</sup>

ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ,  
ЖАЛПЫ  
ҰЗЫНДЫҒЫ

**12 481** км



МҰНАЙДЫ САТУ ЖӘНЕ  
ТАСЫМАЛДАУ


EBITDA  
**\$853** МЛН  
АҚШ  
долл.  
₸352 565 МЛН  
30 %

МҰНАЙ ӨНДЕУ

**18,1** МЛН  
ТОННА

**12,9**  
млн т  
Казакстандағы  
МӘЗ

**5,3**  
млн т  
Румыниядағы  
МӘЗ



ШИКІ МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ  
ӨНІМДЕРІН ӨНДЕУ ЖӘНЕ САТУ

EBITDA  
**\$520** МЛН  
АҚШ ДОЛЛ.  
₸214 839 МЛН  
19 %

## МУДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Елдің мұнай-газ саласының, геологиялық-барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейінгі әрбір сегментіндегі көшбасшылық және қатысу Компанияға мұдделі тараптардың, кен ауқымы үшін құндылық құруға мүмкіндік береді. ҚМГ акционерлерге тұрақты төлемдерді жүзеге асырады, инвесторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелерді тиісті түрде орындаиды, ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады, серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты арттырады, әлеуметтік жобаларға инвестиция салады және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді:

Акционерлерге  
арналаған  
дивидендтер

Ел бюджетіне  
төленетін  
салықтар  
мен басқа  
да міндетті  
төлемдер

**82** МЛРД ТЕНГЕ      **548** МЛРД ТЕНГЕ

**>60** мың орын      **21** МЛРД ТЕНГЕ

Мыңнан астам  
тұрақты жұмыс  
орны

Қызметкерлерге  
әлеуметтік көмек

Жер қойнауын пайдалануға  
арналаған келісімшарттар  
шеңберіндегі әлеуметтік  
инвестициялар

**4,5** МЛРД ТЕНГЕ

Ұлттық денсаулық сақтау  
жүйесі мен жергілікті аткаруышы  
органдарға демеушілік көмек

**6,2** МЛРД ТЕНГЕ

Сатып алу  
көлемі

Жергілікті қамту  
үлесі

**1 826** МЛРД ТЕНГЕ      **82** %


# БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ БІРЕГЕЙЛІГІ

Қазақстан – елеулі ресурстық базасы бар, тиімді орналасқан және Еуропа мен серпінді дамып жатқан Азия нарықтарына, оның ішінде, Қытайға өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар ел.

Саяси және әлеуметтік тұрақтылық, табиғи ресурс қорларының өсуі мен өнеркәсіптік инфрақұрылымның серпінді даму нәтижесінде, соңғы 20 жылда Қазақстан экономикасы тоғыз есе өсті.

### Қазақстанның ЖІӨ, млрд АҚШД



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика комитеті. Казахстан

**x9**

2000 жылдан бастап  
экономикалық өсу



Мұнай-газ саласы – Қазақстан экономикасының, жетекші секторы. Мұнай-газ секторы елдің жиынтық салық түсімдерінің, сондай-ақ экспорттық кірісінің елеулі болігін әкеледі және тікелей шетелдік инвестициялардың үлкен бөлігі үшін мұдделелік секторы болып табылады. Соңғы онжылдықта Қазақстанның мұнай-газ саласына көмінде 70 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде тікелей шетелдік инвестициялар салынды. Энергетикалық индустрияның әлемдік көшбасшыларының ауқымды қатысы инвесторлар үшін өнірдің тартымды екенін көрсетеді. 2019 жылы Қазақстан 1Р санатындағы мұнай қорлары бойынша әлемде 12-ші орында болды.

### 2019 жылдағы 1Р мұнай қорлары, млрд баррель


№12	
Венесуэла	304
Сауд	298
Арабиясы	170
Канада	156
Иран	145
Ирак	107
Ресей	102
Кувейт	98
БАӘ	69
АҚШ	48
Ливия	37
Нигерия	30
Қазақстан	

1. Дереккөз: BP «Statistical Review of World Energy»

## ҚҰНДЫ ҚҰРУ ТІЗБЕГІНІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ТОЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

КМГ қосылған құнды құру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай-газ саласының үлттық көшбасшысы болып табылады. Мұнай-газ саласының үлттық көшбасшысы және тігінен интеграцияланған компания ретінде КМГ өзінің ұзак мерзімді орнықты дамуы үшін тұрақты платформаға ие. КМГ активтері барлаудан, өндіруден, тасымалдаудан, өндеу мен маркетингтен тұратын көмірсүтектердің қосылған құнының құру тізбегінің толық циклін қамтиды. Қызмет Қазақстан мен Румыния аумағында жүргізіледі.


### КМГ өндірістік тізбегі



## ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

Бірнеше жыл бойы Компанияның қаржылық орнықтылығын қолдау бойынша ауқымды іс-шараларды іске асыру нәтижесінде Компания мұнайдың төмен бағасының алдыңғы кезеңдерімен салыстырғанда 2020 жылы жаңа сын-қатерлерге барынша дайын болды. Мысалы, Dated Brent мұнайдың орташа бағасы жылдан жылға 34,8%-ке бір баррель үшін 41,8 АҚШ долларына дейін төмендегеннен кейін, 2020 жылы EBITDA көрсеткіші 2 785 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда, Dated Brent орташа бағасы жылдан жылға 47,1%-ке бір баррель үшін 52,37 АҚШ долларына дейін төмендегенін көрсетті, EBITDA көрсеткіші 670 млрд АҚШ долларын дәнгейінде теріс болды.

### EBITDA және Dated Brent мұнайдының бағасы



Дереккөз: S&P Global Platts, Компанияның деректері

## Өндіруші активтердің өртараптандырылған қоржыны

ҚМГ-нің тартымды өсу өлеуеті бар мұнай мен газ өндіру активтерінің өртараптандырылған қоржыны бар.

Қазақстанда жаңа лицензиялар мен іске асырылатын мұнай-газ активтеріне бірегей қол жеткізу мүмкіндігі органикалық емес өсу үшін қосымша түрткі береді.

ҚМГ халықаралық компаниялармен ынтымақтаса отырып, көмір-сүтектер өндіру көлемдерін өсіру перспективасымен өлемдік ауқымдағы ең ірі Теніз, Қашаған, Қарашибаған мұнай-газ жобалауына қатысады. Операциялық активтерді, негізінде, өндіру деңгейі тұрақты ескі кен орындары білдіреді, олардың өндіру тиімділігін артуры Компания үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады.



Казақстанда мұнай мен конденсат өндірү

Казақстанда газ өндірү

**22** ЖЫЛ

ҚМГ-нің мұнай және конденсат қорларының дәлелденген және жобаланған есөлігі (2Р)



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЛИДЕРЛІК ОРЫН

ҚМГ үлесі елдің мұнай тасымалдау нарығында – 56% және газ тасымалдау нарығында – 77%.

Басқарылатын мұнай тасымалдау жүйесі өртаратаптандырылған және оның жоғары транзиттік және экспорттық әлеуеті бар. Секторға инвестиция салудың белсенді фазасы аяқталды және қазіргі бар қуаттар елде өсіп жатқан өндірү көлеміне қызмет көрсетуге арналған.



Казакстан  
Республикасының мұнай  
тасымалдау көлемінен



Казакстан  
Республикасының  
газ тасымалдау  
көлемдерінен

## ЗАМАНАУИ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ

Компания терең жаңғыртудан өткен Қазақстандағы ең ірі төрт МӘЗ берн Рұмыниядағы екі МӘЗ-ді бақылайды. Нәтижесінде, мұнай өндіреу тереңдігі үлғайтылды және Қазақстан Республикасы ішкі нарығының сапасы жоғары ашық өнімдерге деген қажеттілігі толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, өндірістік қуаттар мұнай өнімдерінің бір бөлігін экспорттауға мүмкіндік береді.



КМГ Қазақстан  
Республикасының барлық  
ең ірі заманауи мұнай  
өндіреу зауыттарына

үлеспен қатысады

## ЗАМАНАУИ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

Орнықты даму ҚМГ-нің стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. Соның бірнеше жылда Компания өзінің ESG-дамуында айтарлықтай жақсару жасады, бұған корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудегі нәтижелермен қатар экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштердің серпіні дәлел.

Компания үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алауда жағуды қысқарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару, жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру болып табылады.


ҚМГ меритократия, әділдік пен обьективтілік қағидаттарын қолдайды, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әрқайсысының ҚМГ қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды. Компания корпоративтік мәдениет деңгейін жақсарту және әлеуметтік тұрақтылық пен өндірістік қатынастар деңгейін арттыру бойынша жоспарларды іске асырады.

Үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келу мақсатында Компания өзінің корпоративтік басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге көп көңіл бөледі. Бүгінгі таңда Директорлар кеңесінің құрамы сапалы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін құзыреттер бойынша оңтайлы тәндестьірлген. Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің үшіуі тәуелсіз директор, тағы үшіуі негізгі акционердің өкілдері және біреуі – атқарушы директор (Басқарма тәрағасы) болып табылады. Бұл ретте Директорлар кеңесі жанындағы барлық комитеттерді тәуелсіз директорлар басқарады.


# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


Көмірсүтек қорлары (2Р),  
б.м. mlin тонна



Мұнай және газ конденсатын  
өндіру, myn тонна




Табиги және ілеспе газ өндіру, mln  
m³




## ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ


EBITDA,  
mlin АҚШ долл.




Түсім,  
mlin АҚШ долл.




Бірлескен кесіпорындар мен  
қауымдастырылған компаниялардың  
кірісіндегі үлес, mln АҚШ долл.




Таза пайда, mln АҚШ долл.




Есептеу әдісі бойынша күрделі  
салымдар, mln АҚШ долл.




Кассалық әдісі бойынша күрделі  
салымдар, mln АҚШ долл.США




Таза қарыз, mln АҚШ долл.



Еркін ақша ағыны,  
mlin АҚШ долл.



Таза қарыз / EBITDA






2020 жылды қорытындылай көле, дағдарысқа қарсы шараптарды іске асыру шенберінде қойылған міндеттер мен сын-тегеуріндерді жеңе алатын Компания Басқармасының маңызды жұмысын, сондай-ақ алдыңғы қатарда нақты міндеттерге тап болып, оларды құн сайын шешетін ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің жұмысын атап еткім келеді. Баршаңызға келесі жылы да біздің ортақ және стратегиялық маңызды ісімізде жоғары қарқынды бәсендептеуін тілеймін.


**Кристофер Уолтон,**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы


**Мұнай тасымалдау,**  
мың тонна



**Газ тасымалдау,**  
млн м<sup>3</sup>



**Мұнай өндіру,**  
мың тонна




Анағұрлым ежей-тегжейлі ақпарат  
48-бетте "Операциялық қызметке шолу"




## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

**Қызметкерлердің ісжүзіндегі саны**



**Жұмыс уақыты жоғалған жазатайым жағдайлар коэффициенті (LTIR), 100 млн адам-сағат**



**Өлімге әкеп соққан жағдайлардың коэффициенті (FAR), 1 млн адам-сағат**



Анағұрлым ежей-тегжейлі ақпарат  
88-бетте "тұрақты дамуды қамтамасыз ету" белімінде




<sup>1.</sup> 2020 жылы Компания қызметкерлердің іс жүзіндегі санын есептеу тәсілін қайта қарады (есепке 51% және одан астам қатысу үлесі бар шоғырландырылатын компаниялардың қызметкерлері енгізілген). Алдыңғы кезеңдердегі деректер де қайта есептелді.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


**NOx шығарындылары, өндірілетін 1 мың тонна КСШ-ға шаққанда, тонна**



**SOx шығарындылары, өндірілетін 1 мың тонна КСШ-ға шаққанда, тонна**



**ІМГ жағу қарқындылышы, өндірілетін 1 мың тонна КСШ-ға шаққанда, тонна**



Анағұрлым ежей-тегжейлі ақпарат  
88-бетте "тұрақты дамуды қамтамасыз ету" белімінде





# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫң МӘЛІМДЕМЕСІ

**ҚҰРМЕТТІ ИНВЕСТОРЛАР, АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР МЕН  
СЕРІКТЕСТЕР!**

Барлығымыз үшін 2020 жыл COVID-19 пандемиясының жаһан-дақы сынағымен ерекшеленді және қиын жағдайда командалық жұмыстың, беріктігі мен тиімділігін тексеруге айналды. ҚМГ өзінің орнықтылығын растап, біздің барлық стратегиялық маңызды бағыттардағы көпжылдық күш-жігеріміз осы күрделі кезеңде Компанияға жақсы қолдау көрсеткенін сіздерге хабарлауға қуаныштымын. Сондай-ақ, осы жылы бүкіл команданың Компания қызметін халықаралық нарықтар мен ел ішіндегі жағдайда жаңа шынайылықтарға және түзетілген үміттерге бейімдеу бойынша атқарған орасан зор жұмысын атап өткім келеді.

## Дағдарысқа қарсы стратегия

Мемлекет мұдделерін білдіретін Қазақстанның мұнай-газ саласының, көшбасшысы және маңызды әлеуметтік міндеттемелерге ие бола тұра, ҚМГ пандемия мен оның салдарының іс жүзінде барлық бағыттарындағы қызметіне теріс әсерін ерекше сезінді. Бұл – мұнай бағасының құлдырауы да, ОПЕК+ келісімінің шенберінде өндіруді қысқарту бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелер де, мұнай өнімдеріне деген сұраныстың төмендеуі де, көмірсүтектерді тасымалдау көлемінің, азаюы да, карантиндік шектеулер де, сондай-ақ басқа да келенсіз факторлар. Компанияның өндірістік және адами әлеуеттің сақтайтырып, мұнайдың төмен бағаларына бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесі қысқа мерзімде 2020 және 2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы кешенді шараларды өзірледі, Компания оларды кідіріссіз орындауға кірісті. Дағдарысқа қарсы шаралардың бес негізі бағыты айқындалды: операциялық модель, операциялық тиімділік, қаржылық орнықтылық, инвестициялық қызмет пен цифрлық трансформация.

ҚМГ орталық аппаратының үйімдік құрылымы оңтайландырылды, оның саны 34%-ке қысқартылды, ал департаменттердің саны үш есе азайды.

Қаржылық орнықтылықты арттыру аясында Компанияның шоғырландырылған борыш деңгейі 341 млн АҚШ долларына төмөндейді. сондай-ақ, оларды қайта қаржыландыру есебінен еврооблигациялар бойынша 907 млн АҚШ доллары сомасына біржолғы төлемдер кестесі төгістелді.

2020 жылы қоржындық және жобалық басқару бойынша тәсілдерді инвестициялық жобаларды іске асыруға енгізу процесі сәтті басталды. Қоржынды басқару жобаларды саралau арқылы жүзеге асырылады, соның есебінен жоғары тиімді стратегиялық маңызды жобаларға басымдық беріледі. Жобалар қоржынның басымдығына сондай-ақ цифрлық трансформация бойынша дағдарысқа

қарсы шаралар енгізілді, оның таза пайдасы 2020 жылы жоспарлы мәндерден 127%-ке асып, 9,3 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, активтердің дивестициясы үшін тізім кеңейтілді.

Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралардың нәтижесінде, біз мұнай бағасы күрт құлдырағанда, дағдарысқа қарсы шараларды енгізбестен, бастапқы болжаммен салыстырғанда жыл қорытындылары бойынша неғұрлым жақсы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізе алдық. EBITDA көрсеткіші 2,8 млрд АҚШ долларына жетті. Еркін ақша ағыны он, нәтиже көрсетеп, 213 млн АҚШ долларын құрады, ал пандемия басталған кезде ол теріс болады деп болжанған.

Іске асырылып жатқан шаралардың табысты болуының маңызды көрсеткіші 2017-2019 жылдары борыш деңгейін бақылау және қыскарту, біржолғы ірі өтеуді үақытылы қайта қаржыландыру, ковенанттар пакетін жақсарту, өтімділікті басқаруды арттыру, шығындарды оңтайландыру және тұтастай алғанда Компанияның қаржылық орнықтылығын нығайту жөніндегі жұмыстың, арқасында Moody's, Fitch және S&P-ден Компанияның кредиттік рейтингтерін сақтау болып табылады.

## Қауіпсіздік

2020 жылы ҚМГ-де еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар болмағанын қуана хабарлаймын. Бұл көрсеткішке ҚМГ тарихында алғаш рет қол жеткізілді. Бұл жетістікке үақыт жоғалту оқиғаларының 29% қысқаруы қосылды. ҚМГ IOGP-ге кірген сәттен бастап алғаш рет ҚМГ-дегі жаракаттану деңгейі IOGP орташа көрсеткіштерінен төмен болды. Біз ҚМГ-нің, әрбір қызметкері әрбір жұмыс күнінің сонында өз отбасына аман-есен оралуы үшін елеулі қадамдар жасаймыз. Басшылық пен қызметкерлерге осы жағдайды жасауға бағытталған күш-жігері үшін шынайы алғысымды білдіремін.

## Орнықты даму

Былғы жылдың бірінші жылдарында оң нәтижелерін сақтап қана қоймай, бұл үшін, аса қолайсыз жағдайларға қарамастан, осы салада елеулі прогрессе қол жеткіздік. Корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу Компанияның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының 10 қафидатын және орнықты дамудың 17 жаһандық мақсатын ұстану бойынша белсенді жұмысын жалғастыруда. Анағұрлым тиімділік үшін біз 2020 жылы орнықты даму

Қағидаттарын 2028 жылға дейін Компанияның күнделікті өміріне үш кезеңдік өнгізу жөніндегі кешенде жоспарды әзірледік. Бірінші кезеңде алты басым мақсат таңдалды, оларға ҚМГ таяудағы бес жыл ішінде шоғырланатын болады, оның ішінде адамдардың денсаулығы, энергия тиімділігі, экономикалық өсу, экология, инновациялар және климаттың өзгеруіне қарсы қарес.

Алғаш рет Директорлар кеңесі 2020 жылы Басқарма мүшелеірі қызметтіңін негізгі корпоративтік көрсеткіштеріне ESG рейтингі бойынша көрсеткішті өнгізді. Осылайша, әрбір қызметкер өз қызметтінде орнықты даму мақсаттарын іске асyrуга үежді түрде тартылуы үшін Компанияның стратегиялық мақсатын менеджмент деңгейіне каскадтау қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, есепті жылы CDP (Carbon Disclosure Project) есептілігі кеңейтілгенін атап өткім келеді. Су ресурстарын басқару жөніндегі деректер алғаш рет 2019 жылдың қорытындылары бойынша су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шенберінде CDP алаңында жарияланды. Бұл ретте біз қатарынан екі жыл бойы CDP Климаттық сауалнамасы шенберінде парниктік газдар шығарындылары бойынша есепті жариялад жатырмыз, оған парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректер, парниктік газдар шығарындыларын басқару мәселелері, негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктер кірді.

Іске асyrылып жатқан іс-шаралардың дұрыстығын растау үшін біз Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалауынан 100-ден 69 балл деңгейінде сәтті өттік, бұл Компанияның орнықты даму саласындағы айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін көрсетеді. ҚМГ ESG-рейтингісін құраушылар белгінде мынадай бағалар алды: экологиялық құраушы 69, әлеуметтік – 70, корпоративтік басқару – 67 деңгейінде.

Бұдан басқа, ҚМГ 34,5 балл ESG-тәуекел-рейтингісін алды, бұл басқарымайтын ESG-тәуекелінің жоғары деңгейін көрсетеді. Компания тәуекел деңгейі бойынша бес санаттың төртіншісіне кірді. Sustainalytics сарапшылары ҚМГ-дегі ESG-тәуекелдерді басқаруды "мықты" деп бағалады.

### **Компанияның даму перспективалары**

Әткен жыл мұнай компанияларының мұнай бағасының құбылмалылығына жоғары тәуелділігін тағы да көрсетті. Тігінен интеграцияланған компания ретінде ҚМГ мұнай бағасының құлдырауының теріс салдарын азайта алды. Алайда, ұзақ мерзімді перспективада, қазіргі даму бағыттарымен қатар, Компанияның құнын арттыратын және ақша ағындарын тұрақтандыратын қызметтің жаңа бағыттарын дамытуға стратегиялық орындылығы мен дайындығы туындаиды.

World Oil Outlook 2045 есебінде мұнай экспорттаушы елдер үйимының (ОПЕК) бағалауына сәйкес болжамды кезеңде сұраныстың ең жоғары өсім мұнай тұтыну құрылымының мұнай-химия секторында. ҚМГ қазірдің өзінде мұнай-химия өнімдерін (бензол мен паракси-лолды) өндіруді игеруде, сондай-ақ "Самұрық-Қазына" АҚ сенімді басқарушысы ретінде мұнай-газ химиясы бойынша жобаларға (KPI, KLPE) полиэтилен және полипропилен өндіру белгінде қатысады.

<sup>1</sup>. Ағылш. The International Association of Oil & Gas Producers — Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастыры.

Мұнай және газ-химия өнімдерінің басқа түрлерін өндіруді ҚМГ перспективалық даму жобалары ретінде алдын ала зерделейді.

2020 жылғы дағдарыс мұнай-газ саласындағы энергетикалық компанияларға жаңартылатын энергия көздері мен декарбонизация жобаларын дамыту арқылы көміртек ізін азайту бойынша стратегияларын қайта қарастыру үшін қосымша серпін берді. Еуропалық Одақ өзірлейтін "Жасыл мәміле" (Green Deal) бағдарламасы шенберінде, Еуропалық Одаққа импортталағын көміртек ізі үлкен өнімге көміртек салығын енгізуі көздейтін Трансшекаралық көміртекті реттеу тетігін (Carbon Border Adjustment Mechanism, CBAM) ескере отырып, ҚМГ жаңғыртылатын энергия көздері (ЖЭК) және декарбонизация технологиялары жобаларын іске асыру, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларына көміртек бірліктерінің саудасы арқылы жаңғыртылатын энергия көздерін дамыту және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту перспективаларын зерделеуге кірісті.

Компанияның қаржылық орнықтылышын сақтай отырып, өз құнын ұлғайту ниеť перспективалы жобаларды қаржыландырудары маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Бұл Компанияның шығыстар деңгейі оның кірісімен етелуі көрек екенін, ағымдағы борыштық жүктеменін, азаюы тиіс екенін білдіреді, ал қосымша борыштық қаражатты пайдалану жоғары табысты жобаларды, ЖЭК дамыту және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту жобаларын, оның ішінде біріктіру мен сатып алу мәмілелерін қаржыландырумен ғана мүмкін болады.

2020 жылды қорытындылай келе, дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шенберінде қойылған міндеттер мен сын-тегеуріндерді жене алатын Компания Басқармасының маңызды жұмысын, сондай-ақ алдыңғы қатарда нақты міндеттерге тап болып, оларды құн сайын шешетін ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің жұмысын атап өткім келеді. Баршаңызға келесі жылы да біздің ортақ және стратегиялық маңызды ісімізде жоғары қарқынды бәсендептепеүін тілеймін.



2020 жылды қорытындылай келе, дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шенберінде қойылған міндеттер мен сын-тегеуріндерді жене алатын Компания Басқармасының маңызды жұмысын, сондай-ақ алдыңғы қатарда нақты міндеттерге тап болып, оларды құн сайын шешетін ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлерінің жұмысын атап өткім келеді.

### **Кристофер Уолтон,**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
терағасы



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

## ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Бұқіл әлем және мұнай-газ саласы үшін 2020 жыл ерекше есте қалады. COVID-19 пандемиясы және соның салдарынан энергия ресурстарына деген сұраныстың төмендеуі, сондай-ақ ОПЕК+ келісімінің шенберінде қабылданған шектеулер негізгі өндірістік қорсеткіштердің төмендеуіне әкеп соқты. Өткен жылдардың орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстың, жинақталған жетістіктері және Компанияның бұқіл командасының үйлестірілген кешенді іс-қимылы бізге орнықтылықты сақтап, осы жылдың негізгі қыындықтарымен құресуге көмектесті. Сонымен қатар, біз COVID-19-ға қарсы жалпы құресте өз үлесімізді қосып, қолымыздан келгенше көмек қөрсете алдық.

### Елдің мұнай-газ саласында көшбасшылық позицияны сақтау

2020 жылдың қорытындылары бойынша мұнай және конденсат өндіру көлемі 21,8 млн тоннаны немесе тәулігіне 445 мың баррельді құрады, бұл негізінен ОПЕК+ келісімі шенберінде өндіруді шектеу бойынша өзіне қабылданған міндеттемелерге байланысты, сондай-ақ жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің, өздігінен төмендеу нәтижесінде өткен жылдан 7,9%-ке кем. ҚМГ пандемияға дейінгі 2020 жылға арналған бастапқы жоспармен салыстырғанда мұнай мен конденсат өндіруді 1,3 млн тонна көлемінде қысқарту бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық орындады.

Өндіру деңгейінің төмендеуімен қатар өндіруде жағымды оқиғалар да бар: біз 2020 жылғы желтоқсанда Ақтөбе облысында Шығыс Өріктау кен орнында екі ұнғыманы тәжірибелік пайдалануға енгіздік. Бірінші фаза сәтті аяқталған және экономикалық конъюнктура қолайлы болған жағдайда Өріктау кен орындары тобының 58 ұнғыманын пайдалануды, сондай-ақ бірқатар өндірістік объектілерді салуды көздейтін екінші фазаны іске асыру мүмкіндігі қаралатын болады. Жобаны толық ауқымды іске асыру жағдайында күтілетін өндіру жыл сайын 1,5 млрд м<sup>3</sup> газ бен 500 мың тонна мұнайға жетуі мүмкін.

Сондай-ақ, қолданыстағы геологиялық-барлау жобалары шенберінде дегі жетістіктерді атап өткім келеді. Биылғы жылдың жағдайында шөгінділерінен Шығыс Бектұрлы учаскесіндегі іздеу ұнғыманын тәулігіне 85

тоннаға дейін дебитпен сұзыз мұнайдың фонтаңдық ағынын алуға мүмкіндік туды. Жете барлау жобаларының арасында "Ембімұнайгаз" АҚ-тың Сағидолла Нұржанов кен орнында тәулігіне 70 тонна дебитпен триас шөгінділерінен сұзыз мұнайдың фонтаңдық ағынын алуды атап өтуге болады.

Мұнайды магистральдық және теніз арқылы тасымалдау көлемі 6,3%-ке төмендей, 73,2 млн тоннаны құрады. Төмендеу "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ-тан 2020 жылғы қантарда мұнайдағы хлорорганикалық қосылыстардың шектен тыс асып кетуінің, анықталуына, ОПЕК+ келісімінің аясында өндірудің төмендеу салдарынан жүк жөнелтушілердің мұнай құбырлары жүйесіне мұнай тапсыру көлемінің төмендеуіне байланысты болды. 2018 жылы басталған Қенқияқ-Атырау мұнай құбыры реверсінің жобасы аясында бірінші іске қосу кешенінің объектілері іске қосылады және екінші іске қосу кешені объектілерінің, құрылышы аяқталды. Барлық жобаны аяқтау 2021 жылдың 2-төксанында жоспарлануда.

Магистральдық газ құбырлары арқылы газ тасымалдау көлемі 16,3%-ке 86,6 млрд м<sup>3</sup>-ге дейін азайды. Төмендеу негізінен транзиттік көлөмдердің және газдың, экспорттық жеткізілмдерінің азаюына байланысты болып отыр. 2020 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры 15 млрд м<sup>3</sup> көлемінде өзінің толық жобалық құатына шықты, ол елдің батыс кен орындарынан онтустік өнірлерді табиғи газбен қамтамасыз етеді және газды экспорттық жеткізуі әртаратаптандырады.

Компанияның қазақстандық және румын зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру көлемі 12,5%-ке азайып, 16,8 млн тоннаны құрады, оның ішінде қазақстандық МӘЗ 11,7 млн тонна мұнай өнімдерін өндірді. Қазақстанның барлық қалаларында карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты 2020 жылы мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне сұраныс тәмендегенің көрсетті, бұл қазақстандық МӘЗ өндірістік қызметіне өсер етті. Тауарбастылықты болдырмау үшін мұнай өндіре және мұнай өнімдерін өндіру көлемдері тәмендептілді, бұл ретте өндіріс тоқтатылған жоқ, МӘЗ жүктемелері сұраныстың қажетті көлеміне сәйкес теңdestірілді.

Қатарынан екі жыл бойы біз көмірсүтек қорларын PRMS<sup>1</sup>. халықаралық стандарттарына сәйкес жарияладап жатырымыз. 2020 жылдың соңында ҚМГ дәлелденген және ықтимал көмірсүтек қорлары (2Р) б.з. 635 млн тоннаны (б.з. 4 894 млн барр) құрады. бұл жетілген кен орындарында өндірудің табиги құлдырауына, сондай-ақ мұнайдың болжамды бағасының тәмендеуіне және айырбастау бағамының құбылмағынына байланысты, өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, 6,1%-ке тәмен.

### Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру

Компанияның күрделі интеграцияланған өндірістік тізбегі бар қызметтінің аукымы, көптеген адамдарды өндірістік қызметке тарта отырып, ҚМГ-нің елеулі экономикалық және әлеуметтік ролі пандемия жағдайында қаржылық және өндірістік сипаттағы елеулі сынақтар тудырыды. Пандемияның теріс салдарын еңсеру мақсатында 2020 және 2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар іске асырылуда, олар Компанияға дағдарыстың өсерін едәүір жөнілдегі түрге, орнықтылық пен болашақ даму өлеуетін сактауға мүмкіндік берді.

Компания эпидемиологиялық жағдайға және мұнай бағасының құлдырауына қарамастан, өзінің барлық бағыттарында өндірістік процестерін үздіксіздігін қамтамасыз етті. Бизнес-процестерді оңтайдандыру шенберінде Корпоративтік орталықта, сондай-ақ ЕТҰ деңгейінде процестерді бюрократиясыздандыру бойынша қосымша шаралар қабылданды. Операциялық тімділікті арттыру мақсатында ұңғымаладың рентабельді емес қоры тоқтатылды.

Өзіндік құн құрамындағы бақыланатын шығындарды оңтайландыруға және тұрақты шығындар үлесін азайтуға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, жоспарлы шығындар 147 млрд теңгеге қысқартылды, оның ішінде күрделі шығындар 103 млрд теңге, операциялық шығындар 27 млрд теңге, әкімшілік шығындар 17 млрд теңге болды.

ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы шоғырландырылған берешегі 341 млн АҚШ долларына тәмендеді. Сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар деңгейінде 1,1 млрд АҚШ долл. астам солаға берешек-тің тәмендеуі қамтамасыз етілді, оның жартысынан көбі Солтүстік Каспий жобасы шенберінде өнімді бөлү туралы келісімде ҚМГ мұдделерін білдіретін «ҚМГ Қашаган Б.В.» компаниясына тиесілі. ҚМГ-нің 907 млн АҚШ долл. соласына өврооблигациялары табысты қайта қаржыландырылды, соның нәтижесінде жақын уақытта берешекті ірі бір жолғы төлеу мәселеі шешілді. Келесі ірі өтөу тек 2025 жылы болады.

Пандемия жағдайында цифрлық трансформация жобалары өз өзектілігін арттырыды. Төрт жоба іске қосылды, олардың ішінде "ABA!" ақпараттық жүйесін енгізу", "Мұнай өндіреу зауыттарында инженерлік модельдегу жүйесін енгізу", "ҚМГ көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру" мен "Сапарларды басқару". Аталған жобаларды енгізуден күтілетін оң нәтиже 72,4 млрд теңгени құрайды.

Қызметкерлер мен олардың отбасыларының деңсаулығы мен қауіпсіздігіне назар аудара отырып, COVID-19 ауруын азайту және оның таралуын, сондай-ақ өндірістік процестерге тигізетін өсерін азайту үшін Компания барлық қажетті шараларды қабылдады, тиісті әдістемелік және директиналық құжаттар өзірленді және енгізілді, арнайы іс-шаралар жоспарлары өзірленді және бекітілді.

### Орнықты даму жөніндегі іс-шараларды іске асыру

Өндірістік және қаржылық мақсаттарға қол жеткізумен қатар, Компания басшылығының алдында ҚМГ-нің құндылдық өміріне тұрақты даму қағидаттарын енгізу және тиісті іс-шараларды іске асыру бойынша маңызды міндеттүр.

Компания үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алауда жағуды қыскарту, су ресурстарын мен өндіріс қалдықтарын басқару, жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру болып табылады. ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластанина байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік төзімділік қағидатын ұстанады. 2015 жылы ҚМГ Дүниежүзілік Банктің, 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі бастамасын қолдады.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бөлігінде біз технологиялық жабдықты жаңғыртуға, энергия үнемдеу технологияларын енгізуге, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыруға, сондай-ақ мәншікті, оның ішінде ілеспе мұнай газын пайдалана отырып, генерация көздерін дамытуға ұмтыламыз.

<sup>1</sup> Ағылш. Petroleum Resources Management System — Мұнай ресурстарын басқару жүйесі.

Біздің парниктік газдар шығарындыларын азайту міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын пайдалы қолдануды және кәдеге жаратуды арттыру, алда жағуды барынша азайту болып табылады. Шікі газды дамыту және қайта өндөу бағдарламаларының орындаған іс-шараларының нәтижесінде ілеспе мұнай газын кәдеге жарату 2020 жылы 98%-ті құрады, ал газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсүтек шикізатының 1 мың тоннасына шаққанда 2,2 тонна деңгейінде болды, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 24%-ке және салалық орташа көрсеткіштен 79%-ке төмен.

Өндірістік объектілерде айналыстағы барлық қалдықтарды, оның ішінде мердігерлік үйімдардың қалдықтарын тұрақты есепке алу және бақылау жүзеге асырылады, олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, жыл сайын жаңадан түзілген, жинақталған және тарихи қалдықтарды қайта өндөу және кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар қаржыландырылады. Осы мақсаттарға 2020 жылғы Компания 13 млрд теңгеден астам қаржы бөлді.

Табиғи көздерден су тартуды азайтуға және азайтуға бағытталған жобалар іске асырылуда. Мысалы, механикалық тазарту құрылыштарын, биологиялық тазарту құрылыштарын, булану аландарын қайта жаңартуды және жете тазарту қондырғысын салуды қамтитын "Тазалық" жобасы. Сондай-ақ, Манғыстау облысының Кендерлі демалыс аймағы ауданында тұщыландыру қондырғыларын салу жобасын азайтуға болады.

Соңғы екі жылда Компанияның еншілес көсіпорындарының еңбек үжымдарының арасында наразылық акциялары немесе ереуілдер болған жоқ. Бұған еңбек үжымдары арасында әлеуметтік тұрактылықты сақтау және ҚМГ өндірістік қатысатын өнірлерде халықтың әлеуметтік өл-ауқатын жақсарту бойынша кешенді жұмыстың арқасында қол жеткізілді.

2020 жылғы қарашада "Самұрық-Казына" АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша ҚМГ компанияларының тобы бойынша әлеуметтік өл-ауқат индексі 2019 жылғы 72%-тен 2020 жылы 74%-ке дейін есті.

Жылдың маңызды жетістігі – еңбек қызметінің байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың болмауы. Бұл нәтижеге Компания тарихында алғаш рет қол жеткізілді. Бұдан басқа, жазатайым оқиғалардың саны айтарлықтай төмендеді, бұл ретте ҚМГ-нің жарақаттылық коэффициенті алғаш рет IOGP салалық орташа көрсеткіштерінен төмен болды.

### Компанияның ел өміріне қосқан үлесі

Ірі салық төлеушісі ретінде Компания 2020 жылы ел бюджетіне 548 млрд теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төледі. Акционерлерге төленген дивидендер мөлшері 82 млрд теңгеге жетті.

Компания өзінің өндірістік және қаржылық тімділігіне деген үмтілісінде жауапты әлеуметтік саясатты жүргізеді. Биыл қызметкерлерге көрсетілген әлеуметтік көмек 21 млрд теңгени құрады. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар аясындағы әлеуметтік инвестициялар 4,5 млрд теңгеден асты. COVID-19 пандемиясымен жалпы құрес аясында Компания өз тарапынан ұлттық деңсаулық сақтау жүйесі мен жергілікті атқаруышы органдарға 6,2 млрд теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті. Компанияның елдің әлеуметтік өміріне жауапты қатынасы болашақта да жалғасатын болады.

Өткен жылды қорытындылай келе, үйлесімді командалық жұмыс пен Компанияның әрбір қызметкерінің, өз ісіне деген адальдығы есебінен қындықтарды сәтті енсеруге қол жеткізілгенін ерекше атап өткім келеді. Барлық қызметкерлерге олардың үлкен енбегі үшін алғысымды білдіремін, бұл тек сынақтан өтүге ғана емес, сонымен қатар болашақта Компанияның одан әрі дамуына мүмкіндік береді.

**Алик Айдарбаев,**

«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ  
Басқармасының төрағасы

# СТРАТЕГИЯ НАРЫҚА ШОЛУ



## МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНДТЕР

### ЖАҢАНДЫҚ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚМГ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ӨСЕРІ

САЛА УШІН  
СЫН-ТЕГЕУРІН

- ◆ COVID-19 пандемиясы және мұнайға деген өлемдік сұраныстың төмендеуіне үзақ мерзімді өсер ету.
- ◆ Мұнай бағасының құбылмалылығы.
- ◆ Үзақ мерзімді перспективада энергетикалық ресурстарды тұтыну құрылымының өзгеруі.
- ◆ Өлемдік газға деген сұраныстың ұзақ мерзімді өсуі, оның ішінде өсудің негізгі драйвері — Қытайдағы газға деген сұраныс. Долгосрочный рост спроса на продукцию нефтегазохимии.


### ЖАҢАНДЫҚ ТРЕНДТЕР



ӨЛЕМДІК ОТЫН-  
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТЕҢГЕРІМ  
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

ТРЕНДКЕ ҚОЙЫЛА-  
ТЫН КОМПАНИЯ  
СТРАТЕГИЯСЫНА  
ҚОЙЫЛАТЫН  
ТАЛАПТАР

- ◆ 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру.
- ◆ Мұнай мен газ жеткізу нарығын кеңейту және әртараптандыру
- ◆ Қазіргі бар бизнес ішіндегі құн тізбегін кеңейту және мұнай-газ химиясының бизнес-сегментін дамыту



- ◆ Цифрлық технологияларды дамыту және қолдану
- ◆ Бизнес-процестерді цифrlандыру және автоматтандыру

- ◆ Инвестициялық қоғамдастықта тұрақты даму мен ESG-дің өсіп жатқан маңыздылығы

- ◆ Мұнай-газ саласындағы "көміртекті бейтараптық" көшу тренді



### ЦИФРЛАНДЫРУ

◆ "Барлау мен өндіруге" және "Өндіреүге" баса назар аудара отырып, цифrlандыруды өндірістегі нақты бизнес-проблемаларды шешуге, сондай-ақ, ҚМГ компанияларының тобында нақты шешімдерді қалыптастыруға шоғырландыру.



### ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG-ФАКТОРЛАР

◆ Орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге интеграциялау



### БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ, КӨМІРТЕКТІ БЕЙТАРАПТЫҚ

◆ ЖЭК секторын дамыту және декарбонизациялау арқылы құн тізбегін кеңейту және әртараптандыру.

## 1. COVID-19 пандемиясы және мұнайға деген әлемдік сұраныстың төмендеуіне үзақ мерзімді әсер ету

2020 жылдың сүйкілік отынды жеткізу және тұтыну балансының динамикасы екі түрлі кезеңмен ұсынылды. Негізгі факторлар – жаһандағы COVID-19 пандемиясы, оның экономикаға әсері және ОПЕК+ үйлестірілген іс-әрекеттері.

2020 жылдың қантардан бастап мамырға дейін мұнайға деген сұраныстың төмендеу қарқыны мұнай өндірісінің төмендеу қарқынынан асып түсті. Қорлардың едәуір өсуі мұнай бағасының төмендеуіне ықпал етті. 2020 жылдың екінші жартысында мұнай тұтынуды қалпына келтіру, ОПЕК+ келісімі аясында өндірісті қысқарту, АҚШ-та шикі мұнай өндіруді төмендету мұнай бағасын қолдады.


АҚШ энергетикалық ақпарат басқармасының (The U.S. Energy Information Administration, EIA) 2021 жылғы 12 қантардағы алдын ала бағалаудың сәйкес 2020 жылдың сүйкілік отынды әлемдік тұтыну, өткен жылмен салыстырылғанда, тәуелгіне 9 млн баррельге төмендеді. Бұл 1980 жылдан басталатын EIA мәліметтері бойынша жыл сайынғы өң, маңызды төмендеу болып табылады.

## 2. Мұнай бағасының құбылмалылығы

2020 жылды орташа есеппен Dated Brent маркалы мұнай бағасы 41,84 АҚШ доллары деңгейінде саудаланып, 2019 жылмен салыстырында, 34,8%-ке төмендегендегі көрсетті, пандемияның әлемдік экономикаға әсерін, карантиндік шектеулердің салдарынан мұнайға деген сұраныстың көрсетті. ОПЕК+ келісімі шенберінде өндіруді қысқарту жөніндегі шаралар және нарықтың елдерде жаппай вакцинациялауға назары 2020 жылдың аяғында және 2021 жылдың басында мұнай бағасына қолдау көрсетті.

**Brent маркалы мұнайдың 2020-2021 жылдардағы бағасы, АҚШ доллары бір баррель үшін**

Пандемия экономикалық өсу мен мұнайға деген сұраныстың басендейті. Бұл алем бойынша Үкіметтер карантин енгізуі жағдаметті. Пандемия салдарынан бағаланған нарықтың шикі мұнаймен жаһанаңы, қанығы.



## 2018–2020 жж. сүйкілік отынды өндіру және тұтыну, тәуелгіне млн барр.



Дереккөз: АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасы

## ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ-нің қалыптасқан өзгерістерге жедел дән қоюы мақсатында 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар әзірленіп, бекітілді, олар Компанияның, өндірістік және кадрлық әлеуетін мүмкіндігінше барынша сақтай отырып, мұнайдың төмен бағасына бейімделуін ғана емес, сонымен қатар ҚМГ дағдарыс аяқталғаннан кейін басталатын ресурстарды, технологиялар мен құзыреттерді жинақтауды да көздейді.

2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар туралы толықырақ ақпарат "COVID-19 әсері және дағдарысқа қарсы шаралар" белгілінде».


### 3. Ұзақ мерзімді перспективада энергетикалық ресурстарды тұтыну құрылымының өзгеруі

Энергияға деген өлемдік сұраныс дамушы елдердегі өмір сүру деңгейінің жақсару салдарынан ұзақ мерзімді перспективада өсүін жалғастырады. Бірақ нарықта көмірсүтекті энергия көздерінің ролінің төмендеуіне және жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) үлесінің артуына байланысты энергияға деген сұраныс құрылымының айтарлықтай өзгеруі күтіледі. Дегенмен, Өлемдік энергетиканың даму болжамындағы British Petroleum (BP) бағалаудың сәйкес, даму сценариінен байланысты 2050 жылға қарай 20-дан 50%-ке дейін өзгеретін үлесі бар энергияға деген сұраныс құрылымында мұнай мен газдың маңызды ролі ондаған жылдар бойы сақталады (Energy Outlook, 2020).

- ◆ Жылдам ауысу сценариий (Rapid) аясында энергия тұтынудан көміртек шығарындылары 2050 жылға қарай шамамен 70%-ке азаяды. Бұл 2100 жылға қарай жаһандық температуралың индустріяға дейінгі деңгеймен салыстырғанда 2°C-тан төмен деңгейге көтерілуіне сәйкес келеді.
- ◆ Net Zero сценариий қоғамдық мінез-құлық пен қалаулардың өзгеруіне негізделген көміртек шығарындыларын жедел азайтуды көздейді. 2050 жылға қарай жаһандық көміртек шығарындылары кем дегенде 95%-ке қысқарады. Бұл температуралың 1,5°C дейін көтерілуін шектеуге сәйкес келеді.
- ◆ "Әдеттегідегі бизнес" (Business-as-usual) сценариий 2020-шы жылдардың ортасындағы көміртек шығарындыларының ен жоғары мөлшерін және 2050 жылы шығарындыларды 2018 жылғы деңгейден 10%-ке төмен болады деп болжайды.

Барлық үш сценарииде энергияға деген жаһандық сұраныстың өсүін толығымен дамушы елдер белгілейді, бұл өл-ауқатың ескенин және энергияға қол жетімділіктің жақсарғанын көрсетеді. Бұл ретте дамыған елдерде энергия тұтынудың төмендеуі күтілуде. Өлемдік энергетиканың даму болжамындағы BP бағалаудың сәйкес, барлық үш сценариий бойынша, 2018 жылғы 58%-пен салыстырғанда, 2050 жылға қарай энергияға деген сұраныстың шамамен 70%-ті экономикасы дамып келе жатқан елдерге тиесілі болады деп күтілуде.

#### Энергия көздері бойынша тұтыну, ЭДЖ (2018–2050Б)




- Мұнай
- Газ
- Көмір
- Атом энергетикасы
- Гидроэнергетика
- ЖЭК

Дереккөз: BP Өлемдік энергетикасының даму болжамы

#### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

2020 жылғы дағдарыс ЖЭК жобалаудың дамыту және декарбонизациялау жолымен көміртек ізін азайту белгігінде өз стратегияларын қайта қаралған мұнай-газ саласы компанияларының энергетикалық ауысын жеделдетті. Еуропалық Одақ әзірлелітін трансшекаралық көміртекті реттеу төтігін ескере отырып (ағылш. Carbon Border Adjustment Mechanism, CBAM) Еуропалық Одаққа импорттаптатын көміртек ізі үлкен өнімге көміртек салығын енгізуі көздейтін "Жасыл мәміле" (Green Deal) бағдарламасы шенберінде ҚМГ ЖЭК және декарбонизациялау жобаларын іске асыру, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларына көміртек бірліктерінің саудасы арқызы ЖЭК дамыту және қоршаған ортаға шығарындыларды азайту перспектиналарын зерделеуге кірісті.

#### Өндірлер бойынша энергия тұтыну, ЭДЖ (2018–2050Б)



- Өзгелері
- Африка
- Өзге де Азия елдері
- Үндістан
- Кытай
- Дамыған елдер

Дереккөз: BP Өлемдік энергетикасының даму болжамы

## 4. Әлемдік газға деген сұраныстың үзак мерзімді өсуі, оның ішінде өсудің негізгі драйвері — Қытайдағы газға деген сұраныс

Газға деген сұранысты Азияның, дамушы елдерінің (Қытай, Үндістан, Азияның, басқа да елдері) экономикалары қолданап отыр. Газ ЖЭК-ке көшу кезеңінде пайдаланылатын отын ретіндеңі позицияда. Қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының виртуалды Бас Ассамблеясында Қытай парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатын қатаиту арқылы 2060 жылға қарай көміртекті-бейтарап тепе-тендікке қол жеткізуге ниет білдірді. Бұл елдің көмірден табиғи газға ауысын тәзедетеді деп күтілуде. Bloomberg мәліметтеріне сәйкес, Қытайда отынды тұтынуда көмірді пайдалану 2009 жылғы 71,6%-тен 2019 жылғы 57,7%-ке дейін төмендеді, ал табиғи газдың үлесі 3,5%-тен 8,1%-ке дейін өсті.

### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ алдында тауарлық газдың жеткілікті көлемінің болуына және газ құбырларының, еткізу қабілетін тиімді пайдалануға көпілдік беретін бастамаларды іске асыру міндепті тұр. Бірінші кезекте бұл одан өрі Қытай бағытында газдың экспорттық көлемін ұлғайту мүмкіндігімен елдің ішкі нарығындағы өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қамтамасыз етеді..


## 5. Мұнай-газ химиясы өніміне сұраныстың үзак мерзімді өсуі

World Oil Outlook 2045 есебінде Мұнай экспорттаушы елдер үйімінен (ОПЕК) бағалаудың сәйкес мұнай-химия секторы болжанатын кезеңде мұнай тұтыну құрылымының сұраныстың ең жоғары өсетін сегментті болып табылады. Сұраныстың болжамды өсуі тәуелгіне 3,7 миллион баррельді құрайды – 2019 жылғы тәуелгіне 13,7 млн барр. бастап, 2045 жылы күтілетін деңгей – тәуелгіне 17,3 млн баррелге дейін. Осы сұраныс өсімінің негізгі бөлігі Азияға, ОПЕК елдеріне және Эыдұ-ға тиесілі болады дег күтілуде. Мұнай-газ химиясының перспективалары негізінен дамушы елдердегі кірістің өсіүін көрсететін пластмассалар мен тоқыма өнімдерінен тұтынушылық сұраныспен қамтамасыз етіледі.

### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ


ҚМГ қазірдің өзінде бензол мен параксиол өндіреді, сондай-ақ, полиэтилен мен полипропилен өндіруді бөлігінде мұнай-газ химиясы жөніндегі жобаларға (KPI, KLPE) қатысады. Мұнай- және газ-химия өнімдерінің басқа түрлерін өндіруді ҚМГ перспективалы жобалар ретінде алдын ала зерделейді.

### Газ өндірісі, импорты, Қытайға экспорты, млрд текше м<sup>3</sup> (2015-2020)



Дереккөз: ҚХР Ұлттық статистика бюросы, ҚХР Бас кеден басқармасы, Bloomberg

### Сегменттер бойынша мұнай тұтыну құрылымы, млн т/б (2019-2045)



Дереккөз: World Oil Outlook 2045 ОПЕК

## 6. Цифрлық технологияларды дамыту және қолдану. Бизнес-процестерді цифрандыру және автоматтандыру

2020 жылы COVID-19 пандемиясы мұнай ұнғымалары мен мұнай өндөрү зауыттарын қашықтан бақылауды қолдау үшін датчиктерді, интернетті, заттарды және бұлтты есептеулерді қолдануды жеделдettі. Bloomberg деректеріне сәйкес көптеген компаниялар мұнай платформалары мен кәсіпорындарының интерактивті үш өлшемді модельдері болып

табылатын цифрлық қос технологияны қолдана бастады, бұл инженерлерге үйден виртуалды қол жеткізуге мүмкіндік береді. Есептөү технологияларын, үлкен деректерді, бұлтты технологияларды және машиналық оқытуды қолдану активдердің өнімділігін онтайландауды және қашықтағы операцияларды орындауды қамтамасыз етеді.

### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Акционерлердің үміттеріне сәйкес және ҚМГ басымдықтарын ескере отырып, цифрандыруды "Барлау және өндіру" және "Өндөре" баса назар аудара отырып, өндірістегі нақты бизнес-проблемаларды шешүге шоғырландыруға, сондай-ақ ҚМГ компанияларының тобында нақты шешімдер пулын қалыптастыруға шешім қабылданды.

Осы көзқарас түрғысынан ҚМГ үшін процестер мен технологияларды таңдау, жобалау және енгізу үшін бірыңғай тәсілдерді белгілейтін "Интеллектуалдық кен орны" бағдарламасының тұжырымдамасы өзірленді. Компанияның бизнес-бағыттарының цифрлық жетілігіне бағалау жүргізілді. Оның негізінде және "төменнен жоғары" тәсілін қолдану арқылы цифрлық технологияларды пайдалана отырып шешүге болатын әрбір еншілес компания үшін нақты бизнес-проблемалар айқындалады.


Тұтастай алғанда, цифрлық технологияларға көшу персоналдың кемелдігін, цифрлық сауаттылық деңгейін және өндірістегі автоматтандыру жүйелерінің дайындығын ескере отырып, кезең-кеңімен жүзеге асырылатын болады.

Толығырақ акпарат "Трансформация және цифрандыру" бөлімінде көрсетілген.

## 7. Инвестициялық қоғамдастықта орнықты даму мен ESG-дің есіп жатқан маңыздылығы. Мұнай-газ саласында көміртекті бейтараптықта көшу тренді

2015 жылғы қыркүйекте 193 елдің көшбасшылары БҰҰ-ның, "Біздің өлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы күн тәртібі" немесе Орнықты даму мақсаттары атты әршіл кешенді бағдарламасын макұлдаады. Bloomberg бағалауы бойынша, шамамен 26 ел 2021 жылдың басындағы жағдай бойынша парниктік газдардың, толық азаюна қол жеткізу мақсаттарын жариялады.

### ESG-ге шоғырландырылған ETF-тегі таза ағындар, млрд АҚШ долл. (2015-2020)



Дереккөз: Bloomberg

Климаттың өзгеруімен күрес инвестициялық стратегияларды өзгертеді. Bloomberg бағалауы бойынша ESG-ге шоғырландырылған ETF-тегі таза ағындар 2015 жылғы 3,3 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда, 2020 жылы 76,8 млрд АҚШ долларын құрады. Ирі мұнай компаниялары ESG-ді ұстануға ұмытылады және шығарындыларды азайту және отынның баламалы түрлерін инвестициялау бойынша әршіл жоспарларын жариялады.

### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ шешімдер қабылдау кезінде ұлттық және жаһандық деңгейлерде "жасыл рельстерге" көшу үрдістерін ескереді және саладағы ұзақ мерзімді табыс ESG саласында жоғары көрсеткіштерді тарап ететінін түсінеді. БҰҰ Жаһандық шартының қатысуышы ретінде ҚМГ орнықты даму қағидаттауына өзінің бейілділігін растиайды, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаға тиетін теріс әсердің алдын алу мәселелеріне, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, орнықты даму мақсаттарын қолдайды. Төртінші жыл қатарынан ҚМГ экологиялық жауапкершілік саласындағы Қазақстанның мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингін басқарады.

ҚМГ орнықты даму саласында ҚМГ рейтингінің ESG жақсарту және ESG төуекел-рейтингін (34,5 балл) басқару және төмендету бойынша міндеттерді орындау бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыруға ниетті. Sustainalytics талдаушылары ҚМГ-дегі ESG-төуекелдерді басқаруды "мықты" деп бағалады.

ЖЭК элементтері ҚМГ обьектілерінде өзін электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өндірісте CO2 шығарындыларын азайту үшін бар. Компания БЭК жобаларын және көміртекті аз қажет ететін технологияларды дамытуға инвестициялау перспективаларын зерделеуде.

Толығырақ акпарат "Орнықты дамуды қамтамасыз ету" бөлімінде көрсетілген.

## ІШКІ ДРАЙВЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ӘСЕРІ

### 2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМЫТУ

Мұнай-газ индустриясы көмірсүтек шикізатының едәуір қорының арқасында Қазақстан экономикасының, негізгі секторы болып табылады. 2020 жылғы 26 наурыздағы есепте S&P бағалалуы бойынша бұл сала Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) шамамен 15%-тін және кеңейтілген Үкімет кірісінің 40%-тін алады. Шикі мұнай және табиғи газ өндіру секторы 2020 жылдың тоғызы айында тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағынының, 39%-тін тартты. Шикі мұнай, табиғи газ бер мұнай өнімдері экспорттының үлесі 2020 жылы Қазақстанның барлық экспорттының 57%-тін құрады.

Соңғы онжылдықтарда өндірістің кеңеюі елдің өлемдік көмірсүтектер нарығындағы орнын едәуір нығайтты. ВР деректеріне сәйкес өлемдік энергетиканың статистикалық шолуында (2020 жылғы маусым) Қазақстан дәлелденген қорлар бойынша өлемде 12-ші орын алады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, Қазақстанда 2020 жылғы 85,7 млн тонна шикі мұнай және газ конденсаты (мұнай — 82,1 млн тонна, газ конденсаты — 3,6 млн тонна) өндірілді, бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 5,4%-ке төмендеді. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, мұнай экспортты 68,5 млн тоннаны құрады. Газ өндіру 2019 жылмен салыстырғанда, 2,3%-ке өсіп, 2020 жылғы 55,1 млрд м<sup>3</sup> болды.

2021 жылғы ақпанның ортасында Энергетика министрлігінің жоспарларына сәйкес Қазақстанда 2021 жылғы мұнай өндіру 83,4 млн тонна деңгейінде күтілуде. Бұл ретте "Тенізшевройл" ЖШС (ТШО) 25,3 млн тонна, Қашағанда — 14,5 млн тонна және Қарашығанақта — 12,1 млн тонна өндіру жоспарланып отыр. Экспортқа шығарылатын мұнай көлемі 2021 жылғы 67,5 млн тонна болады дег күтілуде.


#### Мұнай және газ тасымалдау

Қазақстанда мұнай мен газды тасымалдау және өңдеу бойынша заманауи және әртараптандырылған инфрақұрылым құрылған. Дамыған мұнай және газ тасымалдау инфрақұрылымының болуы өлемдік өткізу нарықтарына шығу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

#### Мұнай және газ өңдеу

Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, 2020 жылдың қорытындыары бойынша мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі 15,8 млн тоннаны құрап, алдыңғы кезеңге қарағанда 7,6%-ке төмендеді. Бензин өндірісі 4,5 млн тоннаны құрады, 2019 жылмен салыстырғанда 1,5%-ке төмендеді, авиакеросин өндірісі 0,4 млн тоннаға дейін төмендеді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 29,9%-ке аз, ал дизель отыны өндірісі 4,6 млн тоннаны құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,4%-ке төмендегендін көрсетеді.


#### 2020 жылы Қазақстандағы газ балансы, млрд м<sup>3</sup>



- Газ өндіру
- Импорт
- Технологиялық қажеттіліктерге және т.б.
- Қабатқа көрі айдау
- Газды сату
- Экспорт (тасымалдау)

Дереккөз: Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

#### Қазақстанда мұнай мен газ конденсатының өндіру құрылымы, % (2020)



Дереккөз: Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

<sup>1</sup> СЭК ТН 2709 — битумды жыныстардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері; СЭК ТН 2711 — мұнай газдары және өзге дегаз төрізді көмірсүтектер; СЭК ТН 2710 — шикі жыныстардан басқа, битумды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері.

## ҚМГ-нің Қазақстанның мұнай-газ индустриясындағы позициясы

ҚМГ қосылған құнды құрғы тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграцияланып, Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы болып табылады.

2020 жылы өндіру деңгейін ескере отырып, мұнай мен конденсатын дәлелденген қорларының (1Р) еселігі 16 жылды құрады, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен шамамен 11 жылға (2019 жылғы нәтижелер бойынша) айтарлықтай жоғары. 2020 жылы өндіру деңгейін ескере отырып, ҚМГ-нің мұнай және конденсат қорларының дәлелденген және жобаланған еселігі (2Р) 22 жылды құрады.


ҚМГ Компанияның ішкі бағалауына сәйкес 2020 жылғы операциялық нәтижелер бойынша Қазақстанда мұнай және конденсат өндіруде көшбасшы орынға ие. 2020 жылы Қазақстанда мұнай және конденсат өндіру сегментіндегі ҚМГ үлесі 25%-ті, ал газ өндіру сегментіндегі ҚМГ үлесі 15%-ті құрады.

2020 жылы ҚМГ мұнай өндіре бойынша 81% деңгейіндегі нарық үлесімен Қазақстандағы төрт ірі мұнай өндіре зауытын бақылайды. ҚМГ Қазақстанның үш негізгі мұнай өндіре зауытын жаңғырту бойынша ірі инвестициялық бағдарламаны іске асырды, бұл мұнай өндіре құаттарын ұлғайтуға және мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға, ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мұнай өнімдерін толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнірлік нарықтарға мұнай өнімдерінің экспорттың көңейтүгө ықпал етті.

Басқаруындағы мұнай-көлік инфрақұрылымы өртараптандырылған және жоғары транзиттік және экспорттық әлеуетке ие. Магистральдық және тенізде мұнай тасымалдауды қоса алғанда, 2020 жылғы нәтижелер бойынша ҚМГ мұнай тасымалдау сегментінде нарық үлесі 56%-ті құрады.


ҚМГ ішкі нарыққа және экспортқа газ сатуды қамтамасыз ететін заманауи және өртараптандырылған газ тасымалдау инфрақұрылымының құрылышын аяқтады. 2020 жылғы нәтижелер бойынша газ тасымалдау сегментіндегі ҚМГ нарығының үлесі 77% деңгейінде бағаланады.

### Қазақстандағы сегменттер бойынша ҚМГ нарығының үлесі, % (2020)




Дереккөздер: Компания бағалауы, Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

## 2019-2020 жылдары дәлелденген мұнай және конденсат қорларының еселігі (1Р)



Дереккөз: Bloomberg

## 2020 жылы Қазақстанда мұнай және конденсат өндіруді бағалау, млн тонна



Дереккөздер: Компания бағалауы, Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОПЕК + КЕЛІСІМІНЕ ҚАТЫСУЫ

2020 жылдың сөүірінде ОПЕК + елдері өндірісті одан өрі біртінде арттыра отырып, мұнай өндіруді қысқарту туралы шешім қабылдады. 2020 жылдың мамыр-маусымында өндірістің қысқаруы 2018 жылғы қазанның деңгейімен салыстырғанда, тәулігіне 9,7 млн баррельді құрады. ОПЕК+ министрлерінің мерзімді кездесулерінде елдер үшін қосымша өндірісті ұлғайту қарастырылады және келісіледі.

Қазақстан Үкіметі ОПЕК + қатысушысы ретінде 2020 жылғы 1 мамырдан бастап мұнай өндірге уақытша шектеулер енгізdi. "Барлау және өндіру жөніндегі операцияларды және көмірсүтектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелерін пайдалануға уақытша шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ҚМГ-нің белгілі бір көң орындары бойынша 2020 жылдың соңына дейін шектеулер енгізілді.

## ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 2 қаңтарда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне қол қойды. Жаңа Экологиялық кодекс ластанудың алдын алу және ірі өнеркәсіптік кесіпорындардың ең озық қолжетімді технологияларды енгізу жөніндегі шараларды көздейтін "ластаушы төлейді және түзетеді" қағидатына негізделеді. Экологиялық кодекс қоршаған ортаға тиетін өсерді бағалаудың жаңа тәсілдерін, қоршаған ортаға эмиссия үшін тәлеме мақыны және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіруді көздейді. Бұл қоршаған ортаның жағдайын едөүір жақсартуға ықпал етеді. Бірінші кезеңде мұнай-газ саласын қоса алғанда, 50 ірі кесіпорын жоспарлы түрде ең озық қолжетімді технологияларға (ОҚТ) кешуді бастайды. 2021 жылғы 1 шілденден бастап Қазақстанда жаңа Экологиялық кодекстің нормалары қолданылатын болады, оны талқылауға ҚМГ 2020 жыл бойы белсенді қатысты.

## ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ОПЕК + шектеулеріне қарамастан операциялық активтерде базалық өндіруді сактап қалуға мүмкіндік болды және мұнайдың төмен бағаларын ескере отырып, рентабельді емес қорды тоқтатуға баса назар аударылды. 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ өндіру көлемі 2019 жылғы 23,6 млн тоннамен салыстырғанда 21,7 млн тоннаны құрады. 2021 жылы мұнай өндіру көлемі ОПЕК+ келісімінің шарттарына байланысты болады.

Толығырақ акпарат  
"Операциялық қызметке шолу"  
бөлімінде.



## ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ жүргізіліп жатқан мемлекеттік экологиялық реформаны қолдайды. Компания өз қызметінің қоршаған ортаға тигізетін өсерін барынша азайту жөніндегі шараларға бірінші кезекте назар аударады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі шеңберінде біздің еншілес және төуелді үйымдар (ЕТҰ) алғашқылардың бірі болып "Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" КЕАҚ сарапшыларымен бірлесіп, өндірістік объектілердің ағымдағы жағдайына талдау жүргізу үшін көшенді технологиялық аудиттер (КТА) өткізуі бастады. КТА қорытындылары бойынша ОҚТ енгізу үшін негіз болатын ең озық қолжетімді технологиялардың салалық анықтамалары өзірленетін болады.

Стратегия 2028 шеңберінде ҚМГ экологиялық жауапкершілікті арттыру бойынша бастамаларды іске асқырады. Компания үшін қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқару, газды алауда жағуды қысқарту, су ресурстарын басқару, Өндіріс қалдықтарын басқару және жерді қалпына келтіру болып табылады.

2020 жылы Директорлар кенесі Экологиялық саясатты бекітті. ҚМГ және оның ЕТҰ басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік тәзімділік қағидатын ұстанады.

Толық акпарат "Орнықты даму аспектілерін басқару"  
бөлімінде.



## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУДЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстанда 15 шөгінді мұнай-газды бассейні бар, олардың бір бөлігі аз зерттелген, бірақ Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі — Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі) бағалауы бойынша жаңа кен орындарын ашуудың жақсы перспективалары бар.

Әзірленіп жатқан геологиялық-барлаудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлінің ресми ақпараттық ресурсына сәйкес ел аумағының геологиялық зерделенуін қамтамасыз етуге, минералдық-шикізат базасының толықтырылуына, жер қойнауын геологиялық зерттеуді ғылыми-зерттеумен қамтамасыз етуге, автоматтандыру мен цифрландыруға, инфрақұрылымды дамытуға және геология саласын кадрлық қамтамасыз етуге, сондай-ақ ел халқының өлеуметтік-экономикалық өл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ақпанның ортасында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 2021-2025 жылдарға арналған геологиялық-барлаудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы ұттық жобаға айналатынын жариялады.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

Қазақстан экономикасы COVID-19 жаһандық пандемиясының ықпалына үшінрады. Мәселең, вирустың таралуын тежеу мақсатында енгізілген карантин мұнай бағасының төмендеуімен және мұнай өндірудің төмендеуімен қатар елдің экономикалық дамуына қысым көрсетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі ерте кезеңде COVID-19 таралуын тежеу бойынша шаралар қабылдады. Халық пен бизнесті мемлекеттік қолдаудың арқасында Қазақстан экономикасы орнықты болып қалды, бұған ЖІӨ құрылымында тауарлар өндірісі секторының, атап айтқанда құрылыс, ақпарат және байланыс, ауыл шаруашылығы, өндеу өнеркәсібі мен білім беру секторының он өсуі дәлел бола алады. 2020 жылы сауда балансының он салдосы, экономиканы кредиттеудің өсуі, өндіруші секторлардағы инвестициялық белсенелілік байқалды.


Карантиндік шаралардың енгізу салдарынан шикізат тауарлары бағасының, сауда белсенділігі мен экономикалық белсенеліліктің төмендеуін көрсете отырып, ЖІӨ 2,6%-ке қыскарды. ЖІӨ-нің қысқаруына тау-кен өндірісі, сауда және көліктің төмендеуі негізгі теріс үлес қости. Тау-кен өнеркәсібіндегі құлдырау мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты. Көліктің қысқаруына жүк айналымы мен жолаушылар айналымы көлемінің төмендеуі ықпал етті. Сауданың теріс серпіні карантиндік шектеулердің сақталуымен және басылған сұраныспен байланысты болып отыр.

Айырбастау бағамының икемділігі сиртқы күйзелістерді сінірді. 2019 жылмен салыстырғанда теңге долларға қатысты 8,0%-ке әлсіреді, бірақ мемлекеттік кәсіпорындардың валюталық түсімнің 50%-тің нарықта сату, 2020 жылдың ақпан-наурызда ҚҰБ тарапынан шетелдік валютаны тіkelей сату сияқты шаралармен қолдау тапты. Айырбастау бағамының төмендеуі инфляцияның өсуіне әкеп соқты. Инфляция КР Ұлттық Банкінің мақсаты диапазонының жоғары шекрасынан жоғары көтеріліп (4-6%), 2019 жылмен салыстырғанда, 2020 жылғы жөлтоқсанда 7,5%-ті құрады. 2020 жылды ҚҰБ компаниялар мен үй шаруашылықтарының өтімділігін қолдау мақсатында монетар-лық саясатты түзеткен болатын. Инфляцияның өсу және теңгенің

## ҚМГ-НИҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ Геология және барлау блогы Қазақстан Республикасының негізгі шөгінді бассейндерінің мұнай-газды жүйелерін талдауды және модельдеуді қоса алғанда, 2021-2025 жылдарға арналған геологиялық-барлаудың мемлекеттік бағдарламасын өзірлеуге белсенеді қатысты.

## Экономика секторлары бойынша өсу, % г/г (2020)



АҚШ долларына қатысты әлсіреу салдарынан ҚҰБ жоспардан тыс базалық мөлшерлемені 2020 жылғы наурыздың ортасында 9,25-тен 12%-ке дейін көтерді. Пандемиядан анағұрлық ұзақ экономикалық әсер бойынша нарықтың жаңартылған үміттерін ескере отырып, ҚҰБ базалық мөлшерлемені 9,5% деңгейіне дейін төмендетіп, экономиканы қолдау мақсатында дәлізді  $+/- 2$  п.т. дейін кеңейте отырып, монетарлық саясатты түзетті. 2020 жылғы 20 шілдеде ҚҰБ базалық мөлшерлемені проценттік дәлізді  $+/- 1,5$  п.т. дейін тарылуымен жылдық 9,0% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады, бұл проинфляциялық тәуекелдердің әлсіреуіне және 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта экономикалық белсенділіктің күтілгеннен едәуір төмендеуіне байланысты болды. 2020 жылғы 14 желтоқсанда ҚҰБ проценттік дәлізді  $+/- 1,0$  п.т. дейін қысқарта отырып, базалық мөлшерлемені жылдық 9,0% деңгейінде сақтап қалды.

### ҚМГ-НІҢ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ өз қызметінде мұнай-газ саласын дамыту бойынша мемлекеттің негізгі стратегиялық мүдделерін іске асыруға бағдарланады. Компания еліміздің стратегиялық құжаттарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталған даму бағдарламаларын жүзеге асырады.

### 2020 жылғы АҚШ долларына шаққандағы Қазақ тәңгесінің бағамы



Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

ҚМГ-нің қолданыстағы 2018-2028 даму стратегиясы құнды құруға және қаржылық орнықтылықты нығайтуға бағытталған.

## МИССИЯ

ҰЛТТЫҚ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМЫТУҒА ҚАТЫСУДАН АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН БАРЫНША  
ПАЙДАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

## КӨЗҚАРАС

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС  
КЕЛЕТИН ЖОҒАРЫ ТИМДІ, ТІГІНЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

1 ҚҰНДЫ ҚҰРУ  
ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ  
ОРНЫҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

2 БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ  
БАСҚАРУ МОДЕЛІН  
ОНТАЙЛАНДЫРУ

3 КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ЖӘНЕ  
ОРНЫҚТЫ ДАМУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК  
ПРАКТИКАЛАРДЫ  
ЕҢГІЗУ

## ҚМГ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

ЕРКІН АҚША АФЫНЫНЫҢ  
ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ  
ҚАЙТАРУ КӨРСЕТКІШІНІҢ  
ӨСҮІ

ОНТАЙЛАЙ БИЗНЕС ЖӘНЕ  
БАСҚАРУ МОДЕЛІ

ЭТИКА, КОМПЛАЕНС,  
КОРПОРАТИВТІК  
МӘДЕНИЕТ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ  
ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖАУАПКЕРШІЛІК

## АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ДИВИДЕНДТЕРДІ ҰЛҒАЙТУ



## ҚМГ-НІҢ 2018-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫң МАҚСАТТЫ БАҒДАРЛАРЫ

### ҚҰНДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

Осы мақсат шеңберінде ҚМГ негізгі қызметке шоғырланады және барлық негізгі сегменттерде органикалық өсуді және операциялық қызметті жақсартуды қамтамасыз етуге үмттылады.

Компания өртүрлі заманауи технологияларды қолдануды жағастырып және кен орындарында цифрландыру жобаларын іске асыра отырып, мұнай өндіру мүмкіндіктерін арттыруға және қолданыстағы активдердегі өндірісті жетілдіруге идетті. Бұдан басқа, ҚМГ көмірсугектер мен мұнай өнімдерін экспорттық, сондай-ақ ішкі нарықтарға жеткізуі ұлғайту үшін мұнай мен газдың ресурстық базасының өсімін қамтамасыз етуге инеттенеді. Сондай-ақ Компания мұнай және газ тасымалдау әлеуетін барынша ашу, экспорттық және транзиттік құрамдас бөлікті ұлғайту үшін өзінің мұнай және газ құбырлары желілерін тиімді пайдалануға бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының аумағында мұнай өндеу зауыттарын жүргізілген жаңғырту есебінен ҚМГ елдің маңызды стратегиялық мақсатына — ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін толық қамтамасыз етуге қол жеткізуі қамтамасыз етті. Сонымен қатар, өндірістік қуаттар мұнай өнімдерінің, бір бөлігін экспортқа жіберуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жаңғырту экологиялық таза отын шығаруға ықпал етті, бұл түпкілікті тұтынушыдан ластаушы заттардың шығарындыларының төмендеуіне өкелді.

Компания инвестициялық жобаларды мұқият іріктеуді және басымдық беруді жүргізеді. Инвестициялауды жоғары тиімді және стратегиялық маңызды жобаларға ғана жүзеге асыру жоспарлануда.

Компания акционерлер үшін кірісті барынша арттыруға назар аудара отырып, капиталды бөлудің ақылға қонымыды саясатын ұстанады. Құнды құру ҚМГ дамуының басым бағыты болып қала береді.

Сондай-ақ ҚМГ алдында жеделдетілген цифрлық трансформация бөлігінде мұнай-газ саласының жаһандық сын-қатерлері тұр. 2020 жылдың қорытындылары бойынша, Трансформация бағдарламасының таза пайдасы жоспарлы мәндерден ~127%-ке асып, 9,3 млрд теңгені құрады.

ҚМГ өзіне pragmatikaлық тәсілді таңдады, оның шеңберінде Компания операциялық тиімділікті, жабдықтың сенімділігін жақсарту, еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің цифрлық дағыларын арттыру үшін "Барлау және өндіру" және "Өндеу" секілді бағыттардағы нақты анық өндірістік міндеттерге бағдарлана-тын болады. 2021 жылы Компания 2020 жылы басталған бастамаларды жағастырады.

2020 жылғы дағдарыстың, әсері ҚМГ қызметіне де айтарлықтай ықпал етті. Компания уақытыны шарапалар ретінде 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шарапаларды жедел өзірлеп, іске асыруға кірісті. Бастамалардың орындалуы жағымсыз әсерді бәсендегітті, Компанияға қаржылық орнықтылықты сақтауға және ЕТҰ қызметін кассалық алшақтықсыз қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2021 жылы шығындарды одан өрі оңтайландыру бөлігінде дағдарысқа қарсы міндеттерді орындау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Компания қарызыңың тенгерімді деңгейін сақтап қалу және өтімділіктің күшті позициясын қамтамасыз ету мақсатында консервативті қаржы саясатын ұстануға тырысады.

ҚМГ-нің "қызыл" кредиттік тәуекел аймағына белгіленуіне байланысты 2020 жылды ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ компаниялар тобының, операциялық тиімділігін арттыруға (EBITDA-ны ұлғайтуға) бағытталған "ҚМГ-ні кредиттік тәуекелдің "жасыл" аймағына шығару жөніндегі іс-шаралар жоспарын", сондай-ақ борышқорлық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды өзірлеп, бекіті. Осы жұмыстардың нәтижесінде Компания ҚМГ компаниялар тобының шоғырландырылған берешегін азайтып, үш халықаралық рейтингтік агенттікten (Moody's, Fitch және S&P) ҚМГ кредиттік рейтингтерінің сақталуын қамтамасыз етті.

## БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ МОДЕЛІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

ҚМГ – негізгі өндірістік құзыреттері еншілес үйімдарда шоғырландырылған ҚМГ компаниялары тобының стратегиялық даму бағытын белгілейтін холдингтік компания.

ҚМГ бизнес-процестердің реинжирирингін және цифрлық трансформация құралдарының көмегімен өндірісті оңтайланыруды қоса алғанда, ҚМГ компаниялар тобы бойынша бизнес-процестерді оңтайланыру жолымен операциялық модельді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асырады. Дағдарысқа қарсы іс-шаралар шенберінде оңтайланыру одан да өзекті бола түсті.

Холдингтің тиімді жұмыс істеуі үшін компания жекешелендіру бағдарламаларын және бейінді емес және стратегиялық емес бизнестен шығу үшін дивестицияларды іске асырады.

ҚМГ Жекешелендіру бағдарламасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 жетекшісінде 1141 қаулысымен бекітілген "Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары" негізінде іске асырады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша 74 активтің 71-үі бойынша іс-шаралар орындалды. Қалған үш активті сату мерзімдерін 2021 жылға ауыстыру экономикасын жаңғыру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиямен келісілді. Негізгі себептер COVID-19 пандемиясы және компанияларды тарату бойынша ұзакқа созылған әкімшілік ресімдер болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 жетекшісінде №908 қаулысымен жаңа "Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары" бекітілді, оның шенберінде 58 компанияны шығару көзделген, оның 27-сі дивестициялар жоспарына енгізілген.

Дивестиция жоспары аясында 58 актив көзделген. Оның ішінде он актив сатылды, 2028 жылға дейін 48 актив бойынша іс-шараларды орындау қалды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК ПРАКТИКАЛАРДЫ ЕҢГІЗУ

Компания өз қызметінің орнықты даму, өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының көлісімділігі қағидаттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін оларды ұстанады. Компания барлық ESG көрсеткіштері мен ESG-дің стратегиялық және орта мерзімді КНК жүйесіндегі интеграцияланған мақсаттары үшін жоғары квартильде болуға тырысады. ҚМГ қызметкерлермен жөніндегі өзінің қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік бағдарлау нормаларына ұмтылады.

2020 жылы бекітілген ҚМГ іскерлік этика кодексі Компанияның корпоративтік құндылықтарын және іскерлік мінезд-құлықтың аса маңызды қағидаттары мен қафидала-рын, сондай-ақ барлық қызметкерлер ұстануға тиіс корпоративтік этика талаптарын белгілейді. Компания қызметінің ашықтығын арттыруға және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтауға бағдарланады. Компания корпоративтік басқару жүйесін одан өрі жетілдіру және барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне сәйкес келу мақсатында өлемдік стандарттардың дамуын қадағалауды жалғастыруға ниетті.

ҚМГ тұрақты даму саласындағы үздік практикалардың енгізу шенберінде алғаш рет халықаралық деңгейде Sustainalytics рейтингтік агенттігінің бағалау рәсімінен өтті. Оның жоғары бағасы корпоративтік басқаруды жетілдірудің тұрақты процесімен қатар қоршаған ортаның жай-куйі мен әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша ҚМГ-нің қазіргі және болашақ үрпақтар алдындағы стратегиялық бейілділігі мен жауапкершілігін растайды.

ҚМГ орнықты дамудың 17 жаһандық мақсатын (ODM) ұстануына қатысты белсенді жұмысын жалғастыруды. 2020 жылы ODM-ды Компанияның бизнес-процестеріне интеграциялау процесі басталды.

Толығырақ ақпарат "Орнықты дамуды қамтамасыз ету" бөлімінде көрсетілген.

## COVID-19 ӘСЕРІ ЖӘНЕ Дағдарысқа қарсы шаралар

### COVID-19 ӘСЕРІ

2020 жылы бүкіл әлем COVID-19 пандемиясының ауқымды сынақтарына тап болды, ол адамдардың денсаулығына, бүкіл елдердің экономикасына және, тұтастай алғанда, қазіргі өмір салтына айтарлықтай әсер етті. Сонымен қатар, вирус пен оның салдарымен жаһандық құрес әлі дә жалғасуда. Салдардың ауқымын қазір обьективті түрде толық бағалау кын, бірақ 2020 жылғы көрсеткіштерді талдай отырып, қаржылық және операциялық көрсеткіштердің айтарлықтай тәмендеғенін анық байқауға болады. Ең бастысы – адам шығыны.

Пандемияның ҚМГ өндірістік көрсеткіштеріне тигзіген теріс әсерінің салдары арасында, 2019 жылмен салыстырғанда, іс жүзіндегі нәтижелердің мынадай өзгерістерін бөліп көрсетуге болады:

- ◆ пандемиядан тұындаған жаһандық сұраныстың тәмендеуіне байланысты мұнай бағасының 34,8%-ке тәмендеуі;
- ◆ мұнай бағасын көтеру және тұрактандыру үшін өндіруді қысқарту туралы үағдаластық бойынша ОПЕК+ келісімі шенберінде, 2020 жылға арналған бастапқы жоспармен салыстырғанда, мұнай және конденсат өндіру көлемін 1,3 млн тоннаға азайту;
- ◆ мұнай өнімдеріне сұраныстың тәмендеуі, соның салдарынан Қазақстан Республикасында және Рұмыниядағы KMG International (бұдан әрі — ҚМГИ) объектілерінде мұнай өндеу көлемі кумулятивті 12,2%-ке қысқарды;
- ◆ Қазақстан Республикасында мұнай өнделірдің тәмендеуі жүк жөнелтушілердің мұнай құбырлары жүйесіне тапсыратын мұнай көлемінің тәмендеу фактіларының бірі болды. Нәтижесінде, ҚМГ мұнай тасымалдау көлемі 2019 жылдың көрсеткішінен 6,3%-ке аз болды;
- ◆ Қытайда газ тұтынудың тәмендеуі ҚМГ газ құбырлары арқылы транзиттік газды Қытай бағытында тасымалдау көлемінің 17%-ке тәмендеу себептерінің бірі болды. Уақытылық қабылданған шараларға қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда, ҚМГ-нің жылдық қаржылық көрсеткіштерінің нашарлағаны байқалады.

Уақытылық қабылданған шараларға қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда, ҚМГ-нің жылдық қаржылық көрсеткіштерінің нашарлағаны байқалады.

Көрсеткіш	2019	2020	Өзгеріс, %
Тұсім, млрд теңге	6 859	4 556	-33,6
ЕВІТДА, млрд теңге	1 963	1 151	-41,3
Таза пайда, млрд теңге	1 158	172	-85,2
Еркін ақша ағыны, млрд теңге	592	88	-85,1

Өкінішке орай, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасында адам шығыны болды. 2020 жылы COVID-19 жұқтырудың 3 623 жағдайы анықталды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- 3 387 адам сауығып кетті;
- 122 қызметкер ауырды;
- өлім жағдайлары – 114 адам (COVID-19 – 11, пневмония – 103).

### Дағдарысқа қарсы шаралар

COVID-19 пандемиясы ҚМГ үшін бірқатар тікелей және жанама қындықтарды туындағы, оларды кешенді және қысқа мерзімде шешу қажет болды. 2014-2015 жылдардағы дағдарысқа қарағанда, Компания қаржылық орнықтылық, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және басқа да жақсартулар бойынша бұрын жүргізілген жоспарлы және құрылымдаған жұмыстың арқасында осы дағдарысқа барынша дайындағанын және қаржылық түрғыдан орнықты келгенін атап ету маңызды. Дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу кезінде ҚМГ-нің қатысу өнірлеріндегі елеулі әлеуметтік жүктелемен қатар, салада мемлекеттің мұддәлөрін білдіретін елдің мұнайгаз саласының флагманы ретінде әрі ескерілді. Дағдарысқа қарсы шаралардың басты мақсаты компанияның өндірістік және адами әлеуетін барынша сақтай отырып, мұнайдың тәмен бағаларына тиімді бейімдеуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл, өз кезегінде, екі аспекттің қамтиды: тұрақты ағымдағы қызметті қамтамасыз ету және дағдарыстан кейінгі даму үшін ресурстарды сақтау және жинақтау. Нәтижесінде ҚМГ дағдарыстың компанияға ықпалын едәүір жұмысартуға мүмкіндік берген бес негізгі бағыт бойынша 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шараларды әзірледі және іске асыруда:

- ◆ операциялық модель;
- ◆ операциялық тиімділік;
- ◆ қаржылық орнықтылық;
- ◆ инвестициялық қызмет;
- ◆ цифровық трансформация.

## 1-шара. Операциялық модель

Операциялық модель шенберінде қабылданған шаралар мынадай бағыттарды қамтиды:

- бизнес-процестерді оңтайландыру;
- ҚМГ Корпоративтік орталығындағы ұйымдық құрылымды өзгерту және персоналды қысқарту;
- өндірістік персоналды бос тұрып қалуға ауыстыру.

### 2020 жылғы нәтижелер

- ◆ Орталық аппарат оңтайландырылды: штат 34%-ке – 729-дан 480 адамға дейін қысқартылды, барлық 22 басқарушы директордың, лауазымдары қысқартылды, департаменттер саны үш есе азайды. Бонустар мен қызметтік автомобилдер алынып тасталды, топ-менеджерлердің жалақысы 30%-ке қысқарды.
- ◆ Кейбір жағдайларда ҚМГ жұмыс көлемі өндірудің төмендеу аясында азайған сервистік компаниялардың қызметкерлеріне мәжбүрлі бос тұру үшін ақы төледі.
- ◆ Қызметкерлерді әлеуметтік жауапкершілікпен босатудың аутплеймент жобасы іске асрырылды. Нәтижесінде қатысуышылардың 25%-ті жоба басталғаннан кейін жарты жыл ішінде жұмысқа орналастырылды; 12%-ті қызмет түрін ауыстырды және жеке ісін (бизнесін) дамытумен айналысып кетті; қатысуышылардың 93%-ті аутплеймент бағдарламасына қанағаттанды.
- ◆ ҚМГ-дегі және ЕТҰ-мен қызметкерлердің оңтайланып тұру, бюрократиясыздандыру мен тиімділігін арттыру шенберінде:

  - сатып алу ресімдерін жүргізуін және шарттар жасасудың жаңа тәртібі енгізілді;
  - ЕТҰ органдарының үлгілік құзыреттері өзірленді. Қазіргі уақытта ЕТҰ үлгілік құзыреттерге сәйкес жарғыларды өзгерту бойынша жұмыс жүргізуде.

## 2-шара. Операциялық тиімділік

Операциялық тиімділікті арттыру шаралары мыналарды білдіреді:

- өндіру көлемін төмендешту, бірінші кезекте, ұнғымалардың рентабельді емес қорын тоқтату есебінен;
- ҚМГ компанияларының бүкіл тобы бойынша мердігерлердің/өнім берушілердің тарифтерін/бағаларын төмендешту және жұмыс көлемін азайту.

### 2020 жылдың қорытындылары

- ◆ COVID-19 пандемиясы кезінде ҚМГ компаниялар тобында өндірістік процестерді тоқтатуға жол берілген жоқ.
- ◆ ҚМГ ОПЕК+ келісімі аясында мұнай өндіру бойынша барлық міндеттемелерді орындаады.

## 3-шара. Қаржылық орнықтылық

ҚМГ қаржылық орнықтылық мақсатында мынадай іс-шаралар өткізеді:

- өзіндік құн құрамында бақыланатын шығындарды оңтайландыру;
- тұрақты шығындар үлесін төмендешту;
- құрдөлі шығындарды оңтайландыру (CAPEX);
- ықтимал кассалық алшактықты жабу қажеттілігін және инвестицияларға қажеттілікті ескере отырып, борыштың жүктемені қолайлы деңгейде ұстау.

### 2020 жылдың қорытындылары

- ◆ Мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғанда, ҚМГ компаниялар тобының 2020 жылғы берешегі 341 млн АҚШ долларына төмендеді. Сондай-ақ бірлескен кәсіпопрындар деңгейінде берешектің 1,1 млрд АҚШ долл. астам сомаға азайғаны байқалады, оның жартысынан көбі «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясына тиесілі.
- ◆ ҚМГ еурооблигациялары 907 млн АҚШ доллары сомасына табысты қайта қаржыландырылды. Осылайша, ірі біржолғы қарызыда төлеу мәселесі шешілді. Келесі ірі өтеу тек 2025 жылы болады.
- ◆ 2017-2019 жылдары берешек деңгейін бақылау және қысқарту, біржолғы ірі өтеулерді үақытылы қайта қаржыландыру, ковенанттар пакетін жақсарту, өтімділікті басқаруды арттыру, шығындарды оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты нығайту бойынша жүргізілген жұмыстың, нәтижесінде Moody's, Fitch және S&P-ден ҚМГ кредиттік рейтингтерін мемлекеттің көмегіне жүгінбей сақтап қалуға мүмкіндік туды.
- ◆ Дағдарысқа қарсы шараларды іске асрыру шенберінде шығыстар 147 млрд теңгеге (құрдөлі шығындар — 103 млрд теңгеге, операциялық шығыстар — 27 млрд теңгеге, әкімшілік шығыстар — 17 млрд теңгеге) қысқартылды.

## 4-шара. Инвестициялық қызмет

Инвестициялық қызмет негізгі екі аспект бойынша оңтайландырылған:

- ◆ активтер дивестициясына арналған тізбе кеңейтілді;
- ◆ инвестициялық жобалар коржынына неғұрлым рентабельді болуына және Компанияның стратегиялық мақсаттарына жауап беретініне қарай басымдық беріледі..

### 2020 жылдың қорытындылары

- ◆ ҚМГ инвестициялық қоржынын рентабельді емес және рентабельділігі төмен жобалар алынып тасталды.
- ◆ Инвестициялық жобаларға күрделі шығындар төмendetілді (дамуға көзделген шығындар 29 млрд теңгеге оңтайландырылды).

## 5-шара. Цифрлық трансформация

Сонымен бірге, жобалардың қоржынында цифрлық трансформация бойынша дағдарысқа қарсы шара басымдықта ие.

### 2020 жылдың қорытындылары

- ◆ 2020 жылы таза пайда бойынша болжам 9,3 млрд теңгениң құрайды, бұл постмониторинг жобалары есебінен жоспардан 127%-ке жоғары: "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ, пен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ біріктіру," Сатып алушты санаттық басқару".
- ◆ Төрт жоба іске қосылды: "ABAI" ақпараттық жүйесін енгізу", "ҚР МӘЗ-де инженерлік модельдегү жүйесін енгізу", "ҚМГ көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру", "Сапарларды басқару". Енгізуден күтілетін нәтиже 72,4 млрд теңгениң құрайды.

## Дағдарысқа қарсы бағдарламаның нәтижелері

Жүргізілген дағдарысқа қарсы шаралардың нәтижесінде, дағдарысқа қарсы шаралар енгізілмеген бастапқы болжаммен салыстырғанда, қаржы көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік туды.

### Дағдарысқа қарсы бағдарламаның нәтижелері, млрд теңге

Көрсеткіш	2020 жылғы бастапқы пессимистік болжам	2020 жылғы дағдарысқа қарсы шаралар (факт)	Өзгеріс
Түсім	2 955	4 556	54,2%
Таза пайда	65	172	164,6%



COVID-19 пандемиясы басталғалы бері сырқаттанушылық пен вирустың, таралуын барынша азайту, сондай-ақ өндірістік процестерге тиетін өсерді азайту мақсатында қажетті кешенде шаралар қабылданып, тиісті әдістемелік және директивалық құжаттар өзірленді және енгізілді, арнайы іс-шаралар жоспарлары өзірленіп, бекітілді. Толығырақ ақпарат "Енбекті қорғау" бөлімінде берілген.

## ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Компания қызметтінің тиімділігін бағалау жүйесі стратегиялық мақсаттар мен табыстың негізгі факторларын қызметтің негізгі көрсеткіштеріне ыдыратуды және оларды жоғарыдан төменге каскадтауды көздейді.

Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі мыналарды қамтиды:

- Компания басшыларына ортақ болып табылатын корпоративтік ҚНК, олардың тізбесі стратегиялық көрсеткіштер мен өзгеретін сыртқы орта жағдайында стратегиялық міндеттерді қайта қаралудан туындағы отырып қалыптастырылады;
- Компанияның нақты басшысының стратегиялық сипаттағы міндеттеріне негізделген функционалдық ҚНК.

ҚМГ Басқармасы мүшелерінің тиімділік көрсеткіштерінің тізбелері мен мақсатты мәндері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Басқарма мүшелерінің 2020 жылға арналған ҚНК тізбесі операциялық және құрдеп шығындарды оңтайландыру бойынша көрсеткіштер және қаржылық орнықтылық көрсеткіштері сияқты дағдарыса қарсы қабылданған шараларды көрсету ескеріле отырып қалыптастырылады, сондай-ақ "ESG-рейтинг" көрсеткішімен толықтырылады. ҚНК мәндері Компанияның шоғырландырылған Бизнес-жоспарының негізгі қаржы-экономикалық және салалық көрсеткіштері мен дивизиондар көрсеткіштерінің негізінде қалыптастырылады.

Басшыларға сыйлыққа беру мақсаттары үшін көрсеткіштердің орындалуын бағалау Компания қызметтінің қорытындылары шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

### 2020 жылғы қызметтің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін орындау

№	Атауы	Өлш. бірл.	2018		2020 <sup>5</sup> орындауға комментарийлер
				2019	
1	ROACE <sup>1</sup>	%	8,1	11,5	2,9
2	Операциялық және құрдеп шығындарды азайту <sup>2</sup>	млрд тенге	Колданылмайды	Колданылмайды	173 Бекітілген мәндерден жоғары дәнгейде орындалды
3	Қарыз/ЕБІТДА <sup>3</sup>	коэф.	2,5	2,1	3,8
4	Корлар (A + B + C1)	млн тонна	668,14	680,66	666 Жоспар дәнгейінде орындалды
5	ESG-рейтинг	рейтинг	Колданылмайды	Колданылмайды	69 Жоспар дәнгейде орындалды
6	ҚМГ компаниялар тобының тауарларындағы, жұмыстарындағы және қызметтеріндегі жергілікті қамту үлесі бойынша мақсатты индикаторларды орындау <sup>4</sup>	%	Колданылмайды	Колданылмайды	125 Жоспар дәнгейінде орындалды

### Басқарма мүшелерінің қорытынды нәтижелілігінде корпоративтік және функционалдық ҚНК үлестерін бөлу

Қызметкердің мәртебесі	Корпоративтік ҚНК, %	Функционалдық ҚНК, %
Басқарма тәрағасы	100	0
Басшы қызметкер (Басқарма тәрағасын есептемегендे)	70	30

1. ROACE = (бір жылдағы пайда + салық төлемдері бойынша түзетілген сыйакы шығындары) / орташа капитал.

2. Көрсеткіш Компанияның 2020 жылға арналған бекітілген Бизнес-жоспарымен салыстырында, бақыланатын операциялық және құрдеп шығындардың төмөндеуін көрсетеді.

3. «Самұрық-Казына» АҚ бекітілген әдістемесіне сәйкес.

4. ҚМГ компаниялар тобының тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі бойынша индикаторларының орындалуын көрсететін композиттік көрсеткіш.

5. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы іс жүзіндегі көрсеткіштердің мәндерін түпкілікті бекітуі 2021 жылдың маусымында күтілуде, осыған байланысты, кестеде көрсетілген мәндер кішкене түзетілуі мүмкін.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ШОЛУ

### КОРЖЫНДЫҚ ЖӘНЕ ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУҒА КӨШУ

ҚМГ даму стратегиясында қойылған стратегиялық мақсаттарға тиімді қол жеткізу мақсатында Компания 2019 жылы инвестицияларды қоржындық басқаруға көшу процесін бастады. 2020 жылы әдіснамалық база әзірленді және қоржындық және жобалық басқару тесілдерін енгізу жөніндегі процесс табысты басталды.

Қоржындық басқару жобаларды саралау арқылы жүзеге асырылады, соның есебінен жоғары тиімді стратегиялық маңызды жобаларға басымдық беріледі. Бұл Компанияның белгіленген қаржы ресурстарын тиімді бөлуге мүмкіндік береді, осылайша бизнес арасында инвестициялар үшін бәсекелестікті арттырады.

Жобалық басқару процесі өлемдік мұнай-газ компанияларының үздік практикаларын қолдана отырып, инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру сапасын арттыруға бағытталған.

Компанияда Stage Gate Process жобаларын іске асырудың кезеңдік процесі және сала көшбасшыларының тәжірибелесіне үқсас Value Assurance Review жобаларын сараптамалық бағалау жүйесінде қосылды. Сонымен қатар, негізгі жобалық рольдер енгізілді, олардың функционалы мен жауапкершілігі бекітілді.

ҚМГ компаниялар тобының 1 мыңнан астам қызметкері жобаларды басқарудың жаңа жүйесінде жұмыс істеу және жобалық басқарудың базалық курсы бойынша оқытылды. Жобалық басқарудың әдістері мен құралдары бойынша оқыту үздіксіз жүргізіледі.

Microsoft Project Server 2019 базасында жобаларды басқарудың ақпараттық жүйесінде қосылды. Ақпараттық жүйеде ҚМГ және ЕТҰ жобаларының тізілімін қалыптастыру жүзеге асырылады.

2021 жылы жобалық басқару одан әрі дамиды, жобалық басқарудың жекелеген пән салалары бойынша әдіснамалық құжаттарды әзірлеу, ҚМГ мен ЕТҰ-да жобалуа офицерін құру, жобалуа персоналышын құзыреттерін одан әрі жетілдіру және оларды сертификаттау жоспарлануда.



### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫНҒА ШОЛУ

2020 жылы COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыс ҚМГ-нің инвестициялық қызметіне айтарлықтай әсер етті. Шекаралардың жабылуымен карантинде енгізу инвестициялық жобалардың бір бөлігін іске асыруды қындастып, олардың орындаулар мерзімін ұзартты. Валюталар бағамының тенгеге есүі жобалар бойынша шығындардың ұлғаюына екеп соқты, бұл кіріс бөлігі бойынша болжамдардың төмендеуімен бірге жобалардың етімділігіне және жаңа жобаларды іске қосу бойынша шешімдер қабылдауға теріс әсер етті.

Мұнай бағасының төмендеуі кезеңінде ҚМГ өзінің тұрақтылығын қолдау үшін барлық бағыттар бойынша дағдарыска қарсы шаралар қабылдады. Нәтижелер бойынша отандық, сондай-ақ шетелдік тәуекелдерді бөлу үшін серікtestердің болуын назарға ала отырып, анағұрлым перспективалы жобаларда жұмыстарды жалғастыру бойынша тиісті шешімдер бекітілді.

Дағдарыска қарсы шараларды қабылдау инвестициялық жобаларды іске асырудың барынша мүкіят әрі ойластырылған көзқарасты талап етті. Әлемдегі көптеген ірі компаниялар сияқты, ҚМГ құрделі шығындарды қысқарту бойынша жұмыстарды жүзеге асырды. 2020 жылы дамуға көзделген құрделі шығындар 29 млрд теңгеге онтайландырылды, ал тұстастай алғанда, 2020-2024 жылдары аталған шығындар бойынша онтайландыру 65 млрд теңге деңгейінде жоспарланды.

### МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Инвестициялық қоржында мұнай мән газды барлау және өндіру жобалары елеулі бөлігін алады. Бұл жобалар тікелей ҚМГ қараждатынан, сондай-ақ тәпе-тен қелісім шарттарында стратегиялық әріптестермен бірлесіп қаржыландырылады. Мысалы, бірқатар теніз жобалары carry-қаржыландыры (Абай, Исадай, Женіс, 1-P-2, Шығыс Бектұрлы) шарттарында іске асырылады, мұнда геологиялық-барлау жұмыстары сатысындағы құрделі салындарды ҚМГ стратегиялық серікtestері ғана көтереді. Қемірсүтек шикізаты анықталған жағдайда ҚМГ әріптестермен бірге жобаларды іске асырудың келесі сатыларында өндіруді қаржыландырады.

Осындағы жобалардың бірі – «Әл-Фарағи» (1-P-2). 2020 жылғы қазанда ҚМГ мен оның стратегиялық серікtestесі «ЛУКОЙЛ» АҚК (бұдан

әрі – ЛУКОЙЛ) "Әл-Фараби" жобасы бойынша келісімге қол қойды, оған сәйкес ҚМГ мен ЛУКОЙЛ жоба бойынша болашақ жер қойнауын пайдалануышының қызметі бойынша құқықтары мен міндеттері белгіленді. Келісім ҚМГ – 50,01%, ЛУКОЙЛ – 49,99% үлестерін бөле отырып бірлескен кәсіпорын құру бойынша ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасу және жоспарланып отырған мәмілениң аяқтау арқылы ҚМГ жер қойнауын пайдалану құқығын алғаннан кейін күшіне енеді.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шенберінде ҚМГ кейбір жобалардан шығу жолымен геологиялық-барлау қоржының оңтайланыруды жүзеге асырды.

2020 жылдың желтоқсанында Ақтөбе облысында "Өріктау" жобасының шенберінде Шығыс Өріктау кен орнында екі ұнғыма тәжірибелік пайдалануға берілді. Осы фазаны іске асыру шенберінде Шығыс Өріктау кен орнының екі ұнғымасын және Орталық Өріктау кен орнының бес ұнғымасын 2021 жылғы желтоқсанда енгізу болжанып отыр. Бірінші фаза сөтті аяқталған және экономикалық конъюнктура қолайлы болған жағдайда, Өріктау кен орындары тобының 58 ұнғымасын пайдалануды, сондай-ақ бірқатар өндірістік объектілерді салуды көздейтін екінші фазаны іске асыру мүмкіндігі қаралатын болады. Өріктау кен орындарының тобы Ақтөбе облысын Мұғалжар ауданында орналасқан және оған Орталық Өріктау, Шығыс Өріктау және Оңтүстік Өріктау кен орындары кіреді. "ҚазМұнайГаз" ҮК АҚ "Өріктау Оперейтинг" ЖШС құрылтайшысы мен жағызы қатысушысы болып табылады.

2020 жылғы қарашада "Қуаты жылына 150 млн м<sup>3</sup> Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын құкіртсіздендіру кондырығысын салу" жобасы бойынша объектілерді пайдалануға енгізу актісіне қол қойылды. Жоба ілеспе мұнай газын 100% кәдеге жарату бағдарламасының шенберінде іске асырылды. Кондырығы Атырау облысының Жылыой ауданындағы Прорва кен орындарының тобында (С.Нұржанов, Б. Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов кен орындары) ілеспе мұнай газын кәдеге жаратуға арналған. Пайдалануға берілгеннен кейін кондырығыда тауарлық газ, тауарлық түйіршіктелген құкірт, тұрақты газ конденсаты өндірілетін болады. Кондырығыны салу кезінде мердігерлік компания 500-ден астам уақытша жұмыс орнын ашты.

ҚМГ Төңіз (20%), Қарашығанақ (10%) және Қашаған (8,44%) ірі мұнай-газ кен орындарын игеретін бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестеріне ие:

- ◆ Төңізде "Болашақ кеңейту жобасы — ТШО сағалық қысымын басқару жобасын" іске асырылып жатыр, ол өндірістік құатты жылына 12 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде ТШО-ның жалпы өндірілу көлемі жылына шамамен 39 млн тонна мұнайды құрайды.
- ◆ Қашағандағы жобалар шикі газды кері айдауды ұлғайту және газды айдау аймағын басқа бұрғылау аралдарына қайта бөлу есебінен мұнай өндіруді ұлғайтуға бағытталған.
- ◆ Қарашығанақтың іске асырылып жатқан жобаларының мақсаты газды дайындау және қабатка кері айдау бойынша жұмыс істеп тұрған жүйелерді кеңейту, жаңа өндіру және айдау ұнғымаларын бұрғылау арқылы сұйық көмірсүтектерді өндіру көлемін жылына 10-11 млн тонна дәнгейінде сақтау болып табылады.

## МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

### Мұнай тасымалдау

Мұнай тасымалдау мұнай өткізу нарықтарына қолжетімділікті қамтамасыз ету тұрғысынан ҚМГ қоржынындағы стратегиялық

манызды бағыт болып табылады.

Транзиттік және экспорттық әлеуеті жоғары өртараптандырылған мұнай тасымалдау жүйесі құрылды.

2020 жылы Компания екі жобаны іске асыру процесінде болды.

- ◆ "Кенқияқ-Атырау" мұнай құбырындағы реверс жобасы. Алғашқы іске қосу кешені пайдалануға қабылданды. 2020 жылғы жалтоқсанда екінші іске қосу кешені объектілерін механикалық аяқтау актісіне қол қойылды.
- ◆ Жоба "Қазақстан-Қытай" мұнай құбырлары жүйесін салу мен дамытудың бір бөлігі болып табылады. Оны пайдалануға беру Павлодар және Шымкент мұнай өндеу зауыттарына (МӘ3) жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде кері бағытта Батыс Қазақстан кен орындарының мұнайын айдауды, сондай-ақ Қытайға экспорттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- ◆ 2019 жылғы шілдеде акционерлермен келісілген Каспий құбыр консорциумының (бұдан әрі – КҚК) мұнай құбыры жүйесінің тар жерлерін жою жобасы. Жоба Төңіз бен Қашағанда мұнай өндірудің күтілетін есімін ескере отырып, қазақстандық учаскедегі "Төңіз-Новороссийск" құбырының қуатын жылына 72,5 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жобаны 2023 жылдың сонына дейін іске асыру жоспарланып отыр.

### Газ тасымалдау және маркетингі

2020 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбырын (бұдан әрі – БШГ) салудың негізгі мақсатына қол жеткізілді – Қазақстан Республикасының батыс кен орындарынан жылына 15 млрд м<sup>3</sup> дейінгі көлемде газ тасымалдауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының оңтүстік өнірлерін табиғи газбен қамтамасыз ету және газды экспортқа жеткізуі өртараптандыру. Осы міндет шенберінде 2020 жылы бірқатар ілеспе жобалар аяқталды:

- ◆ БШГ-да төрт компрессорлық станция салу. 2020 жылдың сөүірінде жоба аясында Ақтөбе облысы Байғанин ауданында ауумағында "Үстірт" соңғы компрессорлық станциясы (КС-1А) пайдалануға берілді. "Үстірт" компрессорлық станциясын іске қосу арқылы БШГ бойындағы компрессорлық станциялар саны төртке дейін жеткізілді. Дәл осы жоба аяқталғаннан кейін, БШГ өткізу қабілеті жылына 15 млрд м<sup>3</sup> дейін жеткізілді. Бұл қысқы шың кезеңінде оңтүстік өнірлерге табиғи газды тұрақты жеткізуі

қамтамасыз етуге және экспорттық газ көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді;

- ◆ "Бозой" жерасты газ қоймасында (ЖГК) газды сақтау қуатын артыру. Жоба "Бозой" ЖГК газ сақтау қуатын 2,2-ден 4 млрд м3-ге дейін арттыруға бағытталған және екі кезеңнен тұрды:

- бірінші кезеңді іске асыру қорытындылары бойынша 2017 жылдың сонында 3 млрд м3 газды сақтау қуатына қол жеткізілді, ЖГК-ға газды айдау мерзімі 270-тен 150 күнге дейін және іріктеу мерзімі 180 күнге дейін қысқарды,
- екінші кезеңді іске асыру бес құрама пунктті қайта жаңартуды, екі жаңа құрама пункт құрылышын және газ сақтау қуатын жылына 4 млрд м3 дейін жеткізуі көзdedі. 2020 жылдың желтоқсанында жоба пайдалануға берілді.

"Бозой" ЖГК БШГ өнгілгеннен кейін Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының тұтынушыларын табиғи газбен қамтамасыз ету жүйесінің маңызды бөлігіне айналды.

"Амангелді көн орындары тобын игеру" жобасы бойынша 2020 жылы "Бархан-Сұлтанқұдық" көн орындарының барлау тобы бойынша жұмыстар жалғастырылды, 2021 жылы сейсмикалық-барлау бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр.

## МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ МАРКЕТИНГІ

KMG International N. V. Қазақстан-Румыния қорының шенберінде мұнай өнімдерін сатудың бөлшек сауда желісін дамыту мақсатында 25 автожанармай құю станциясын (АЖКС) салу жобасын (бірінші кезең) іске асыру жалғасуда. Жоба аясында 25 АЖКС-тың 10-ы пайдалануға берілді, қалғандары 2021 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Сондай-ақ қазақстандық МӘЗ-де қойылған міндеттерді шешуге бағытталған бірқатар жоба іске асырылуда.

"Павлодар мұнай-химия зауыты" ЖШС-да (бұдан әрі – ПМХ3) ERTIS жобасы бойынша техникалық-экономикалық негізделеме (ТЭН) өзірлеу аяқталды, ол құнгұрттену температурасы -28 °C және одан төмен дизель отынының қысқы сұрыптарын шығаруға бағытталған.

Бұдан басқа, әлеуметтік жауапты компания ретінде, сондай-ақ экологиялық ашықтық қағидаттарын ұстану мақсатында 2020 жылы ҚМГ-нің 100%-тік еншілес үйімі – «Атырау мұнай өндеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – АМӘ3) – "Тазалық" жобасының шенберінде зауыттың тазарту құрылыштарын қайта жаңартуға кірісті. Тазарту құрылыштарын жаңғырту үш кезеңде жүргізілетін болады: механикалық тазартудың бірінші желісін жаңғырту және қайта жаңарту – 2019-2022 жылдар, ағынды суларды биологиялық тазартуды қайта жаңарту және булану алқаптарын толық тазалау және қалпына келтіру блогын салу – 2019-2023 жылдар.

Жоба аяқталғаннан кейін зауыттан булану алаңдарына төгінділер тазартылған суды көсіпорынның қайта пайдалануына қайтару есебінен 50%-ке қысқарады, ал Жайық өзенінен су алу 30%-ке қысқарады.

## СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ-нің сервистік жобалары капиталды қажет етпейтін, тез өтелең және негізінен ірі мұнай-газ активтеріне мұнай-сервис қызметтерін дамытуға бағытталған.

## ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

COVID-19 пандемиясынан туындаған жаһандық дағдарыс трансформация мен цифрландыруды ілгерілетуді жеделдettі. Ағымдағы жағдайларда цифрлық технологиялар мұнай-газ секторының алдында жаңа мүмкіндіктер ашады. Мәселен, карантин басталған сәттен бастап цифрлық шешімдер ҚМГ қызметкерлерін тиімділікті жоғалтпай, қашықтықтан жұмыс істеу режиміне тез ауыстыруға мүмкіндік берді.

Цифрлық трансформация – ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының және 2020-2021 жылдарға арналған дағдарыска қарсы шаралардың бір бөлігі. Компания цифрландыруды нақты және ақылаға қонымын түрде жалғастырады, мұнда ол елеулі қаржылық нәтиже береді немесе өндірістік қауіпсіздікті жақсартады. ҚМГ өзінің тиімділігін дәлелдеген тексерілген технологияларды пайдаланатын болады.

Цифрлық трансформацияны іске асырудың жаңа төсілі 2021 жылға арналған келесі басымдықтарда белгілентен:

- ◆ трансформацияның ҚМГ дағдарысқа қарсы жоспарымен және даму стратегиясымен нақты өзара байланысы;
- ◆ "Мұнайды барлау және өндіру", "Өндеу" бағыттарына шоғырландырылған ен, көбі 10 жобаға барынша назар аудару және тікелей қаржылық пайдаға қол жеткізу;
- ◆ еншілес үйімдарды бизнес-проблемаларды сәйкестендіруге белсенді тарту және оларды шешу үшін жобаларға бастамашылық ету;
- ◆ компанияда өзгерістерге ықпал ететін корпоративтік мәдениетті енгізу.

ҚМГ-дегі цифрлық трансформация бағдарламасының жобалары мен іс-шараларының ағымдағы қоржыны 13 жоба мен іс-шарадан түрады және шығыстарды қысқартуға, бизнес-процесстердің ашықтығын арттыруға, тұрақты жақсарту мәдениетін дамытуға және өндірісте цифрлық шешімдерді енгізуға бағытталған.

2020 жылы он жоба мен іс-шара аяқталды немесе операциялық қызметке берілді: ERP жүйесін енгізу, AT шығындарын онтايландыру, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізу, сатып алушын жаңа моделі және үш HR іс-шарасы, деректерді басқару, өндеу және маркетингтегі Lean 6 Sigma, интеллектуалдық көн орны. Олардың барлығы бойынша есепті кезеңде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Осылайша, ҚМГ компаниялар тобында ақпараттық

қауіпсіздікті басқару жүйесін (АҚБЖ) енгізу жобасы шенберінде ҚМГ Корпоративтік орталығында ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесстері жаңартылды және ҚМГ мен еншілес үйымдарда АҚБЖ жұмыс істеуі үшін өдіснамалық база дайындалды. "Компанияның сатып алу қызметін басқару жөніндегі өдіснаманы өзірлеу және диагностиканы жүргізу" іс-шарасы барысында ҚМГ-нің сатып алу қызметін басқару қағидалары өзірленді және бекітілді.

Жаңа тәсілге сәйкес цифрлық трансформация жобаларының қоржынына жаңа жоба – "ABAI АЖ өзірлеу" (ағылш. Advanced Base Artificial Intelligence – "Жетілдірілген жасанды интеллект базасы"). ABAI жүйесінде жасанды интеллектінің қолдана отырып, осы деректерді талдау және оларды жедел визуализациялау, сондай-ақ өндірісті қашықтан режимде үздіксіз басқару мүмкіндігімен ҚМГ мұнай барлау мен өндіру блогының барлық өндірістік деректері біріктіріледі.

2020 жылы ҚМГ-нің көпфункционалды жалпы қызмет көрсету орталығын құру жөніндегі ауқымды жоба қайта жаңғыртылды. Ол бірқатар қолдау функцияларын (персоналды басқару, бухгалтерлік және салықтық есеп, сатып алу, әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету және т.б.) бірыңғай сервис орталығына ауыстыруды көздейді. Бұл корпоративтік орталық пен еншілес үйымдарды айтарлықтай женілдетіп, бейінді өндірістік қызметке шоғырландыруға мүмкіндік береді. Функцияларды стандарттау және автоматтандыру шығындардың қысқаруын қамтамасыз етеді және ашықтықты арттырады.

Бизнес-процессерді трансформациялау және цифрлық технологияларды енгізу адамдарды, олардың ойлауы мен мінез-құлқын өзгертуді талап етеді. Сондықтан қазіргі уақытта іске асырылып жатқан бірнеше қоржындық жобалар жаңа корпоративтік мәдениетті енгізуге, қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыруға және жаңа жағдайларда жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

2020 жылы HR іс-шараларын іске асыру барысында ҚМГ мен еншілес үйымдардың басшылығымен бірқатар стратегиялық сессиялар өткізілді, олардың қорытындылары бойынша корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі жоспар және ҚМГ компаниялары тобында әлеуметтік тұрақтылық индексі мен өндірістік қатынастар денгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары өзірленді. Бұдан



басқа, HR диагностикасының корытындылары бойынша ҚМГ корпоративтік орталығының адами ресурстарды басқару блогының жаңа өтпелі (аралық) үйымдық құрылымы бекітілді, сондай-ақ көрсетілген құрылымдағы процестер мен рольдер сипатталған.

Корпоративтік орталық пен еншілес компаниялардың қызметкерлерін оқыту бойынша ауқымды науқан "ҚМГ-де жобаларды басқару жүйесін енгізу" жобасы шенберінде басталды. Бұл жүйе Stage Gate Process қағидаттарына негізделген (әрбір кезеңде қатан, бақылап, жобаны кезең-кеңемен іске асыру) және ҚМГ компанияларының тобында 2020 жылғы қазаннан бастап жұмыс істей бастады. Ол жобалық қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге және қабылданатын инвестициялық шешімдерді терен негіздеу есебінен рентабельді емес жобаларды болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобаларды іске асыру үшін нақты жауапкершілік белгіленді, жобалау қызметіне қатысушылардың біліктілігіне қойылатын нақты талаптар белгіленді. Жобалық басқармаға ҚМГ қызметкерлері тұрақты негізде оқытылады деп жоспарлануда.

Өндіреу бизнес-бағытында "Компьютерлік тренажерлік кешендерді енгізу арқылы Қазақстан Республикасының МӘЗ өндірістік персоналын даярлау және аттесттатау жүйесін енгізу" жобасы іске асырылып жатыр. Виртуалды тренажерлар операторлардың штаттық және штаттан тыс жағдайларды пысықтауы үшін қолданылады. Сонымен бірге, жас мамандар нақты жұмыс басталғанға дейін өндірістік қондырғылар мен технологиялық процестерді зерттей алады. Бұл жоба – цифрлық жұмысшы тұжырымдамасының элементтерінің, бірі болып табылады. Ол адам факторымен байланысты өндірістегі іркілістерді азайтуға, нәтижесінде қондырғыларды дұрыс және үздіксіз басқару есебінен МӘЗ жұмысының сенімділігін арттыруға көмектеседі.

ҚМГ барлау, өндіру және өндіреу бағытында бірнеше жыл бойы Lean 6 Sigma (LSS) бағдарламасын енгізу жобасын табысты іске асырып келеді. Сондай-ақ ол қызметкерлерді жобалау тәсіліне үйретуге арналған. Бағдарламада қызметкерлерді бизнес-процессерді жетілдіру және көсіпорындардың қызметтің онтайландыру бойынша бастамалар ұсынуға ынталандыру үшін жағдай жасалған. Әдетте, LSS жобалары үлкен инвестицияларды қажет етпейді, бірақ тез экономикалық нәтиже береді. Тұтастай алғанда, Бағдарлама үнемді өндіріс мәдениетін қалыптастыруға және адамдарды өндірісте тұрақты жақсартуды енгізу процесіне тартуға ықпал етеді.



Персоналдың  
сақталуы мен  
қауіпсіздігін бірінші  
орынға қоя отырып,  
Компанияның  
өндірістік қызметінің  
үздіксіздігі  
Қазақстанның мұнай-  
газ компаниясының №1  
мәртебесін растиды.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

## КОРЛАР

DeGolyer&MacNaughton халықаралық төуелсіз консалтингтік компаниясының PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған аудитіне сәйкес ҚМГ-нің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дәлелденген және ықтимал көмірсүтек қорлары (2P) м.б. 635 млн тоннаны (м.б. 4 894 млн барр) құрады. 2019 жылмен салыстырғанда қорлардың 2P деңгейі 6,1%-ке азайды. Қорсеткіштердің төмендеуі негізінен технологиялық себептерге (ескі кен орындарында өндіру нәтижесінде табиғи құлдырауы), сондай-ақ макроэкономикалық себептерге (мұнай бағасының төмендеуі және айырбастау бағамының құбылмалылығы) байланысты.

Дәлелденген қорлардың еселігі (1P) 16 жылды құрайды, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа қорсеткіштен едәуір жоғары – шамамен 11 жыл.

### 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар

Корлар санаты	Көмірсүткөтер, м.б. млн барр.		Көмірсүткөтер, м.б. млн барр.	
	2019	2020	2019	2020
Дәлелденген (1P)	3 860	3 550	499	459
Дәлелденген плюс ықтимал (2P)	5 220	4 894	676	635
Дәлелденген плюс ықтимал плюс болуы мүмкін (3P)	6 089	5 832	790	757

<sup>1.</sup> Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі бағыл үлестер шегерілген-нен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, сондай-ақ (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестерге жататын бағыл қорлардың бөлігі ретінде айқындалады.

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық-барлау және қорлардың өсімін қамтамасыз ету бойынша бұрын әзірленген стратегияны ұстанады

Органикалық және бейорганикалық өсу өсебінен қорларды толықтыру

- ◆ Қолданыстағы көлісімшарттық участеклерде геологиялық-барлауды жүргізу
- ◆ Өндіруші активтерге жете барлауды жүргізу
- ◆ Перспективалық жобаларды бағалау және сатып алу

Геологиялық-барлау жобаларын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестерді тарту

- ◆ Шетелдік инвестицияларды тарту
- ◆ Білім және технологиялар трансфері
- ◆ Тәуекелдерді онтайландыру

Жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру

- ◆ Ағымдағы технологияларды жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу
- ◆ Процестерді цифрландыру
- ◆ Барлау процестерін жобалық басқару жүйесін енгізу

2020 жылы геологиялық-барлау жұмыстарына жұмсалатын шығындар 18 млрд теңгегені (үлестерді есепке алмағанда) құрады, бұл 2019 жылғы шығындардан 29 млрд теңгеге төмен. Бұл ретте бөлінген қаржат өндірудің ағымдағы деңгейін ұстап тұру және орта мерзімді перспективада қорлардың орнын толтыру үшін жеткілікті болып табылады. Шығындардың азауы негізінен COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарысқа қаршы шаралар шенберіндең күрделі салымдарды онтайландырумен байланысты.

2020 жылы көмірсүтек шикізаты қорларының өсімі негізінен "Ембімұнайгаз" АҚ, "Әзенмұнайгаз" АҚ, "Казактүрімұнай" ЖШС мән басқаларының кен орындарын жете барлау және қайта бағалау өсебінен 16 млн тоннаны құрады.

Геологиялық-барлаудың қолданыстағы жобалары бойынша 2020 жылдың маңызды

Оқиғаларының бірі – Шығыс Бектүрлұ ұчаскесіндегі іздестіру ұнғымасынан тәуелгіне 85 тоннаға дейін дебитпен юра шөгінділерінен сусыз мұнайдың бүрқақты ағынын алу.

2020 жылы жұмыс істеп тұрған жобаларды жетеп барлаудың басты оқиғасы "Ембімұнайгаз" АҚ Сағидолла Нұржанов көн орындың, солтүстік-батыс қанаты ауданындағы НСВ-11 ұнғымасынан тәуелгіне 70 тонна көлеміндегі дебитпен триас шөгінділерінен сусыз мұнайдың бүрқақты ағынын алу болды.


Жаңа маңызды көн орындарын табу тұрғысынан Каспий жағалауы өнірі зор әлеуетке ие, Қазақстанның көмірсутек шикізаты қорының, шамамен 90%-ті осы өнірде орналасқан. 2020 жылы ҚМГ қоржыны 15 геологиялық-барлау жобасынан (сегізі – теңізде және жетеуі – құрлықта) тұрды, оның алты жобасы carry-қаржыландыру шарттарында іске асрылып жатыр.

2020 жылы сейсмикалық-барлау деректерін өндедеу және түсіндіру бойынша жұмыс жүргізілді. Жұмыстардың нәтижелері бойынша алты жоба бойынша геологиялық ресурстық әлеует м.б. 2 млрд. тоннадан артық болды, осы жобалар бойынша далалық сейсмикалық-барлау жұмыстары 2019 жылы жүргізілді.

ҚМГ мұнай-газды әлеуетін бағалау және жер қойнауын пайдалану мәніне перспективалы блоктар қоржының дайындау мақсатында тұрақты негізде Қазақстан Республикасының шөгінді бассейндерін кешенді зерттейді. Мәселең, 2020 жылы 15-тен астам жобаның перспективалығына геологиялық бағалау жүргізілді.

Сонымен қатар, Компания шөгінді бассейндердің модельдерін құру және жаңарту жұмыстарын жалғастыруда. Бассейндік модельдеу шенберінде қолда бар барлық тарихи деректерді ескере отырып, блоктардың перспективалығына кешенді талдау жүргізіледі, бұл одан өрі геологиялық-барлау жұмыстары туралы шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді айтартықтай тәмендетеді. 2020 жылы Компания Үстірт-Бозашы, Маңғышлақ және Каспий өнірі шөгінді бассейнінің борттық аймақтарының (Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік) модельдерін жаңартты, сондай-ақ Оңтүстік Торғай мен Шу-Сарысу шөгінді бассейндерінің модельдерін жасады.

2020 жылдың басында ҚМГ мемлекеттің геологиялық-барлау саласындағы ынтымақтастық шенберінде 16 геологиялық-барлау жобасын Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске сәйкес Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына (МЖҚББ) және жетеп аумақты Мемлекеттік жер қойнауын геологиялық-зерттеу тізбесіне (МЖГЗ) енгізу жөніндегі процеске бастамашылық жасады. Алайда, энергия көздерінің, әлемдік бағасының, тәмендеуіне байланысты және Компания өзірлеген дағдарысқа қарынша шаралар аясында жобалар тізбесі оңтайландырылды, нәтижесінде 2020 жылы МЖҚББ-ға жаңа үш жоба кірді.



## СЕРІКТЕСТІК ЖОБАЛАРДЫ КЕҢЕЙТУ

2020 жылы ҚМГ геологиялық-барлау саласында халықаралық мұнай-газ компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту бойынша белсенді жұмысын жағастыруда.

- ◆ Стратегиялық серіктестерді тарту мақсатында барлау жобалары бойынша геологиялық-геофизикалық ақпаратқа қашықтықтан қол жеткізуді ұсыну үшін деректердің виртуалды бөлмесін сөтті іске қосылды. 2020 жыны Chevron, SINOOC, CNPC, BP, Equinor, Eni, ЛУКОЙЛ, "Татнефть" сияқты компанияларға виртуалды деректер бөлмесінде кем дегенде 15 рет қол жеткізді.
- ◆ ҚМГ мен British Petroleum (BP) қолданыстағы активтердің қолда бар технологиялық деректерін бірлесіп зерттеу шенберінде Жамбыл блогының перспективалығына жалпы бағалау жүргізді.
- ◆ Бірлескен өнірлік зерттеу туралы көлісім шенберінде ҚМГ Equinor, "Татнефть" және ЛУКОЙЛ серіктестерімен бірлесіп жұмыс жүргізуі жағастыруда.
- ◆ 2020 жылғы 7 қазанда ҚМГ мен ЛУКОЙЛ "Әл-Фараби" жобасы бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту шенберінде көлісімге қол қойды (бұрынғы I-P-2 жобасы, атаяу 2020 жылғы тамызда


еңгерді). Әл-Фараби участесі Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан. Келесі қадам көмірсүткөтерді барлауға және өндірге келісімшарт жасасуды көздейді.

- ◆ ҚМГ "РН-Эксплорейшн" ЖШК-мен ("Роснефть" "ҮК" АҚК өншілес қоғамы) және Энергетика министрлігімен бірлесіп жер қойнауын пайдалану құқығын беру және Құрманғазы участесінде ынтымақтастық аумақты кеңейте отырып, 2021 жылдан 2026 жылға дейін барлау кезеңін ұзарту бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.
- ◆ 2020 жылы Әріктау кен орнының сейсмикалық деректерін ENI компаниясымен бірлесіп 3D-өндеу жөніндегі пилоттық жоба аяқталды, сондай-ақ Exxon Mobil компаниясымен Қашаған (шығыс) кен орнының сейсмикалық деректерін 3D-қайта өндеу жөніндегі бірлескен жоба аяқталды.

Геологиялық-барлау жұмыстары	2018	2019	2020
2D-сейсмикалық- барлау, қм.	1 000	240	-
3D- сейсмика- лық-барлау, км <sup>2</sup>	1 253	6 928	347
Бұрғыланған ұңғымалар саны, бірл.	55	39	19

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРМЕН ҒЫЛЫ- МИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қорларды барлау жөніндегі  
активтерді бірлесіп бағалау



Біліммен және технологиялармен  
алмасу

Шөгінді бассейндерді зерттеу  
жөніндегі өнірлік жобалар

Бірқатар компаниямен өзара түсіністік  
туралы меморандумдар жасасу



## Өндіру

2020 жылы ҚМГ, бүкіл әлемдегі барлық мұнай-газ компаниялары сияқты, COVID-19 пандемиясынан туындаған жаһандық дағдарысқа, сондай-ақ Қазақстанның ОПЕК+ келісімі бойынша өз міндеттесмелерін орындауды шенберінде өндірудің қысқаруына байланысты мұнай бағасының күрт төмендеудіне тап болды. Сенімділік пен тұрақтылықтың болмауына қарамастан, ҚМГ өндірістік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және бизнесті жүргізуін, жаңа шарттарына бейімделуге қол жеткізdi.

Мұнай мен газ өндіруді ҚМГ-нің операциялық активтері, сондай-ақ ҚМГ-нің қатысу үлестері бар, бірақ өндірістік процеске тартылмаған мегажобалар жүзеге асырады.

ҚМГ Қазақстандағы мұнай мен конденсат өндіру бойынша барлық ірі жобалар: Төңізге, Қарашиғанақ пен Қашағанға, тиісінше, 20, 10 және 8,44%-тік үлестермен қатысады.

ҚМГ әлемдегі ең ірі мұнай алыптары: Chevron Corp, Exxon Mobil Corp, Royal Dutch Shell PLC, Eni SpA, TOTAL SA, Inpex Corp, China National Petroleum Corp (CNPC), ЛУКОЙЛ компанияларымен бірлесіп, мегажобаларда мұнай өндіру бойынша әріптестік ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Өндіруші активтер	ҚМГ үлесі, %
<b>Операциялық активтер</b>	
«Өзенмұнайгаз» АҚ <sup>1</sup>	100
Ембілмұнайгаз» АҚ	100
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ	50
«Қаражанбасмұнай» АҚ	50
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	50
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	33
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	100
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	50
«Амангелді Газ» ЖШС (конденсат)	100
<b>Операциялық емес активтер (мегажобалар)</b>	
«Төңішшевройл» ЖШС	20
«Норт Каспийн Оперейтинг Компани Н.В.»	8,44
«Қарашиғанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.»	10

<sup>1</sup>. Сондай-ақ "ҚазГФЗ" ЖШС (конденсат) кіреді.(конденсат).

## МҰНАЙ ӨНДІРУ

### Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна

	2018	2019	2020
<b>Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі</b>	<b>23 607</b>	<b>23 618</b>	<b>21 752</b>
<b>Операциялық активтер</b>	<b>15 694</b>	<b>15 476</b>	<b>14 113</b>
«Өзенмұнайгаз» АҚ	5 488	5 586	5 347
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 895	2 900	2 601
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)	3 187	3 204	2 977
«Казгермұнай» БҚ» ЖШС (50%)	1 354	1 114	778
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	1 081	1 082	1 001
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)	998	844	661
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)	296	320	295
«Қазактүрікмұнай» ЖШС	376	409	432
«Амангелді Газ» ЖШС (КТГ)	19	17	15
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	0	0	6
<b>Мегажобалар</b>	<b>7 913</b>	<b>8 142</b>	<b>7 639</b>
Теніз	5 724	5 958	5 292
Қашаған	1 094	1 169	1 253
Карашиғанақ	1 095	1 015	1 094

2020 жылы ҚМГ ОПЕК+ форматында мұнай өндіруді қысқарту бойынша Қазақстан Республикасы қол жеткізген уағдаластықтар шеңберінде мұнай және конденсат өндіру көлемін бір жылға бұрын жоспарланған көлемдермен салыстырғанда 1,3 млн тоннанаға қысқартты. Өндірудің жалпы деңгейі 21,8 млн тоннаны немесе тәулеғіне 445 мың баррельді құрады. Бұл өткен жылғы көрсеткіштерден 8%-ке аз. Дегенмен, ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ саласында ұлттық көшбасшы болып қала береді, оның үлесіне өлдегі барлық өндірілетін мұнай мен конденсаттың төрттен бір бөлігі тиесілі.


ҚМГ-нің елеулі өсу өлеуеті бар ҚМГ өндіру активтерінің тенденстірілген қоржыны бар. Мұнай мен конденсат өндіру бойынша операциялық және мегажобалардың үлесі тиісінше 65% (14,1 млн тонна) және 35% (7,6 млн тонна) болды.



ОПЕК+ қысқартуларын ескере отырып өндірудің жоспарлы және нақты деңгейі, мың тонна

Көрсеткіш	2020		
	Өндіру жоспары	ФАКТ	Айырма-шылық
<b>Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі</b>	<b>23 043</b>	<b>21 752</b>	<b>-1 291</b>
Операциялық активтер	14 649	14 113	-536
Мегажобалар	8 394	7 639	-755

### Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна<sup>1</sup>



- «Өзенмұнайгаз» АҚ
- «Ембімұнайгаз» АҚ
- «Манғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)
- «Казгермұнай» БҚ» ЖШС (50%)
- «Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)
- «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)
- «Қазактүрікмұнай» ЖШС
- Карашиғанақ
- Қашаған
- Теніз

ҚМГ халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп өлемдік ауқымдағы жобаларды өзірлейді.

<sup>1</sup> Әрбір актив бойынша баррельдеудің орташа өлшемді жеке коэффициенттеріне жол берілген кезде.

## МЕГАЖОБАЛАР

ҚМГ халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп әлемдік ауқымдағы жобаларды өзірлейді. компаниями.

### ТЕҢІЗ



Қазақстанның мұнай-газ саласының маржаны, әлемде тенденсі жоқ алып мұнай кен орны.

1993 жылдың 2 сәуірінде Қазақстан Республикасы мен Chevron Corp компаниясы арасында "Тенізшевройл" ЖШС жобасы жөніндегі келісімге қол қойылды. 1993 жылы ТШО-ға Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған лицензия 40 жыл мерзімге берді. ТШО қызметтінің негізгі түрі – Атырау облысындағы Теніз және Королевское кен орындарында көмірсүтектерді барлау, өндіру және сату.

Оператор "Тенізшевройл" ЖШС (ТШО) лицензиялық участкенін аумағында жұмыс істейді, оның құрамында қорлары бойынша бірегей алып Теніз кен орны мен ірі Королевское кен орны бар. Теніз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды және әлемдегі ең терен ірі мұнай кен орны болып табылады.

Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары қазіргі заманғы өндірістік объектілерде жүзеге асырылады: кешенді технологиялық желілер (КТЖ – 2020 жылы өндөлген мұнайдың 12,41 млн тоннасы), екінші буын зауыты (ЕБЗ – 2020 жылы өндөлген мұнайдың 14,05 млн тоннасы) және шикі газды айдау (ШГА – 2020 жылы 3,07 млрд м<sup>3</sup>). Бұғынғы таңда ұнғымалар қорына 160 пайдалану ұнғымасы мен 8 газ айдау ұнғымасы кіреді.

### Негізгі индикаторлар

Мұнай өндіру (барлығы)

26 457 мың тонна (төулігіне 576 мың баррель)

ҚМГ үлесіне мұнай өндіру (20%)

5 292 мың тонна (төулігіне 115 мың баррель)

Даму перспектиналары

45,2 млрд АҚШ долл. тұратын БДЖ/СКБЖ іске асыру Теніз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді

2Р мұнай қорларының есөлігі

20 жылдан астам

Ілеспе газды өндіру (барлығы). Көлем Компанияның жеке қажеттіліктері мен газды көрі айдауға арналған газды қамтиды

14,75 млрд м<sup>3</sup>

Иелік ету үлестері

ҚМГ (20%), Chevron (50%), Exxon Mobil (25%), ЛУКОЙЛ (5%)

Оператор

«Тенізшевройл» ЖШС

## «Төнізшевройл» ЖШС-ның өндірістік қызметі

Жыл	Мұнай өндіру, мың тонна	Ілеспе газды өндіру, млн м <sup>3</sup>	Күрғак газ өндірісі, млн м <sup>3</sup>	Сүйытылған көміртекті газ (СКГ) өндірісі, мың.тонна	Күкірт өндіру, мың, тонна	Газ айдау, млн м <sup>3</sup> мың.тонна
2018	28 622	15 625	<b>9 186</b>	<b>1 343</b>	<b>2 574</b>	3 186
2019	29 791	16 290	<b>9 471</b>	<b>1 348</b>	<b>2 589</b>	3 655
2020	26 457	14 748	<b>8 674</b>	<b>1 482</b>	<b>2 451</b>	3 069

2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда мұнай өндіру 11,19%-ке – 26 457 мың тоннаға дейін (КМГ – 5 292 мың тонна үлесін қоса алғанда) төмендеді, бұл ретте газ өндіру 9,47%-ке – 14,75 млрд м3-ге дейін (КМГ – 2,95 млрд м3 үлесін қоса алғанда) төмендеді. Өндіріс деңгейінің төмендеуі негізінен ОПЕК + шенберіндегі келісімдердің орындалуына байланысты болып отыр.

## Болашақ кеңейту жобасы мен Сағалық қысымды басқару жобасын іске асыру барысы

ТШО екі интеграцияланған жоба – Болашақ кеңейту жобасын (БКЖ) және Сағалық қысымды басқару жобасын (СҚБЖ) іске асыруды. Жобаны іске асыру Қазақстан экономикасына елеулі үлес қосуда. Қазақстанда БКЖ/СҚБЖ іске асыру аясында 48 мыңға жуық жұмыс орны ашылды, сонымен қатар БКЖ/СҚБЖ обьектілерін пайдалану үшін 1 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны ұйымдастырылады. Жобаны іске асыру Төніз көн орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

2020 жылғы ақпан-сәуірде БКЖ/СҚБЖ обьектілеріне техникалық инспекция жүргізілді, оның корытындылары бойынша ТШО-ға жобаның құнын оңтайландыру бойынша ұсыныстар және жобаны басқаруды жақсарту бойынша ұсынымдар жіберілді. ТШО растаған жоба бойынша шығындарды қосымша оңтайландыру шамамен 1 млрд АҚШ долларын құрайды.



2020 жылдың корытындылары бойынша БКЖ/СҚБЖ жобасы бойынша шығындар 34,3 млрд АҚШ долларын құрады, жоба бойынша жұмыстардың жалпы прогресі — шамамен 80,6%.

Технологиялық жабдығы бар соңғы модуль 2020 жылғы 28 қазанда Төніз көн орнынан алаңына келді, осылайша жобаның төніз тасымалдарының аяқталуын атап өтті.

## COVID-19

2020 жылдың наурыз-маусымында Төніз ау мағынан 27 мыңға жуық адам демобилизацияланды. 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ТШО персоналды БКЖ/СҚБЖ құрылыш алаңдарына көрі мобилизацияны бастады, ай сайын олардың саны 4,5–5 мың адамға артты. 2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша Төніздегі жұмысшылар саны 34 мың адам болды.

ТШО-да Жедел штаб құрылып, түрлі сценарийлер бойынша тактикалық жоспарлар мен Төніз көн орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары өзірленді. Үздіксіз пайдалануды жалғастыру үшін Төніз көн орнындағы сынни персоналдың тізімі анықталды.

ТШО-ның 1 131 қызметкері қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Атырау облысының әкімдігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қайта тапсыру жоспары дайындалды, қызметкерлер белгілі бір кезең оқшauланғаннан кейін және ПТР-тестінің теріс нәтижесі болған соң өз жұмыс орындарына жіберілді.

ТШО коронавирустық инфекциямен құрес үшін Атырау облысына 8 млн АҚШ доллары мөлшерінде демеушілік көмек көрсетті. Құлсары қаласында 14 млн АҚШ долларына 200 тәсек-орынға арналған модульдік аурухананың құрылышы басталды.

## ҚАШАҒАН



Қашаған алып кен орны соңғы тәрт онжылдықтағы ең ірі кен орны болып табылады. Қашаған – әлемдегі анағұрлым күрделі салалық жобалардың бірі.

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім (СКӨБК) Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында 1997 жылғы 18 қарашада жасалды. Жобаны басқару мердігерлік компаниялардың атынан іс-әрекет жасайтын операциялық компания – "Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В." (NCOC) арқылы жүзеге асырылады.

### "Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В." өндірістік қызметі

Жыл	Мұнай өндіру, мың тонна	Табиғи және ілеспе газды өндіру, млн м <sup>3</sup>	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м <sup>3</sup>
2018	13 219	7 697	1 340	2 235
2019	14 127	8 453	1 323	3 148
2020	15 141	9 152	1 228	3 807

Солтүстік Каспий жобасы – Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын игерудің алғашкы ірі ауқымды жобасы. Ол бес кен орнын қамтиды: Қашаған, Қаламқас-теңіз, Қайран, Ақтоты және Оңтүстік-Батыс Қашаған. Қаламқас-теңіз кен орындары 2020 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының пайдасына қайтарылды.

Қашаған кен орны Атырау қаласынан 75 км жерде шельф аймағында орналасқан, мұнда судың терендігі 3-4 м құрайды, кен орнының коллекторы 4 км астам терендікте жатыр, Қашаған кен орнының коллекторы жоғары қысыммен (700 бардан астам) және күкіртсүтектің (H2S) жоғары шоғырланымымен сипатталады. Бұл жағдайда күкіртті газды жоғары қысыммен кері айдау мұнай берудің артуына әкеледі.

### Негізгі индикаторы

2020 жылы мұнай мен конденсат өндіру (барлығы)

15,141 млн тонна (тәулігіне 328 мың барр.)

ҚМГ үлесіне мұнай мен конденсат өндіру (8,44%)

1 253 мың тонна (тәулігіне 27 мың барр.)

Даму перспектиналары

Бірқатар инвестициялық жобалар мақұлданған және іске асырылған жағдайда Қашағанда мұнай өндіру келесі декада ішінде тәулігіне 700 мың баррельге жетуі мүмкін

2Р мұнай мен конденсат бойынша қорлар еселеі<sup>1</sup>

120 жылдан астам

Табиғи газ өндіру (барлығы)

9,152 млрд м<sup>3</sup>

Иелік ету үлестері

«ҚМГ Қашаған Б.В.» (16,88%), Eni (16,81%), Exxon Mobil (16,81%), Shell (16,81%), TOTAL SA (16,81%), CNPC (8,33%), INPEX North Caspian Sea (7,56%)

Оператор

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC)

Қашаған теңіздеңі қатал экологиялық жағдайларға және жобалау, логистика және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі болып табылады. Солтүстік Каспий субарктикалық климат аясында жылына шамамен бес айға мұзбен жабылады. Бұл өз кезегінде инновациялық техникалық шешімдерді қолдануды талап етеді. ҚМГ шетелдік әріптестермен бірге жобаны табысты іске асыруда және одан әрі өсу әлеуетімен өндірудің тұрақты деңгейіне қол жеткізді.

Қашаған кен орнының орналасу схемасы жерусті және теңіз объектілерінен тұрады. Жерусті құрылыштарына: "Болашак" мұнай мен газ кешенін дайындау қондырығысы (МГКДК) жатады. Теңіз объектілерінің арасында жасанды құрылыштар салынды: "Д" аралындағы пайдалану-технологиялық кешен, "А" аралы, EPC-2, EPC-3 және EPC-4 аралының ерте өндіру орталықтары. Қашаған кен орнында барлығы 40 ұнғыма бұрғыланды, оның 6-уы айдау, ал 34 өндіру ұнғымалары.

<sup>1</sup>. Өндірудің ағымдағы салыстырмалы түрде төмөн деңгейін, бірақ оның өсу әлеуетімен көрсетеді.

Қазіргі уақытта ҚМГ-ге ("ҚазМұнайГаз" Кооперативі У. А. арқылы) "Самұрық-Қазына" АҚ-пен бірлесіп төле-тендік негізде (50%/50%) өз кезеңінде Солтүстік Каспий жобасына қатысу үлесінің 16,88%-тін иелік ететін "ҚМГ Қашаған Б.В." ЖШС жатады. Осылайша, ҚМГ-нің жобадағы жанама иелігі 8,44%-тін құрайды. Бұл ретте ҚМГ 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде Қашағандағы 50% үлесін сатып алу опционына ие.

Солтүстік Каспий жобасы аясында 2020 жылы өндіру көлемі 15,141 млн тонна мұнай мен 9 152 млн м<sup>3</sup> табиги және ілеспе газды құрайды. Қашаған кен орнындағы өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі еткен жылмен салыстыранда 7%-ке – 1 253 мың тонна мұнай мен 758 млн м<sup>3</sup> газға дейін етті. Өндірістін ұлғаюы 2019 жылы сәтті күрделі жәндеу нәтижесінде пайда болды, бұл теніз және жерусті кешендерін пайдалану коэффициентін арттыруға, айдау қорын төрт ұнғымдан алты ұнғымдаға дейін арттыруға және мұнай технологиялық желілерін қосымша ребойлерлер орнатуға мүмкіндік берді. ОПЕК+ аясында қабылданған шектеулерге байланысты 2020 жылы жоспарланған 1 332 мың тонна мұнай өлеуетіне қол жеткізілген жоқ.

Өндірілген мұнай негізінен Еуропаға, Шығыс Азияға және Үндістанға Новороссийск порттары арқылы экспортталады, онда мұнай ККК мұнай құбыры арқылы жеткізіледі. Мұнай бағасының күрт тәмendedeу кезеңінде – 2020 жылғы наурыздан бастап маусымға дейін – СРС Blend мұнай сұрғының өтімділігі тәмендеді және дисконт – бір баррель үшін 10 АҚШ долларына дейін тәмендеді. Сол кезеңде экспорт бағытын негұрлым тиімді бағытта өзгерту, атап айтқанда, FOB шарттарында Усть-Луга порты арқылы өткізу бойынша жедел шаралар қабылданды. Болашақта осындағы жағдайлар туындаған жағдайда Компанияның мұнайды сату үшін баламалы бағыттары бар.

"КазТрансГаз" АҚ (бұдан әрі – ҚТГ) Қашаған кен орнының барлық мердігер компанияларынан газды сатып алу-сатудың бірынғай шартына қол қойған жағыз газ сатып алушы болып табылады.

## Қашаған кен орнының даму перспективалары

1-фаза шенберінде өндірудің орнықты деңгейіне қол жеткізгеннен кейін орта мерзімді перспективада тәулігіне 450 мың барр. мұнай және конденсат өндіру деңгейіне қол жеткізу өлеуеті бар өндіру деңгейін ұлғайту мақсатында екі жоба қаралады.

- ◆ Пакет 1 (Bundle 1).
- ◆ Шикі газды үшінші тарапқа жеткізу жобасы.
- ◆ 2-фаза шенберінде келесі 10 жыл ішінде мұнай мен конденсат өндіру деңгейін 700 мың баррельге дейін арттыруға бағытталған екі бөлек "A" және "B" жобалары қаралады.
- ◆ 2A фазасы.
- ◆ 2B фазасы.

### Пакет 1 (Bundle 1)

Жоба жұмыс істеп тұрған айдау компрессорларын жаңғырту және олардың өнімділігін ұлғайту есебінен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 15-20 мың баррельге (тәулігіне 1,9–2,5 мың тонна) ұлғайту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 1 пакет екі фазада бөлінді: шикі газды айдайтын (ШГА) компрессорларды жаңғырту (2022 жылы іске асыру) және ұнғымаларды айырбастайтын аса жоғары қысымды құбыр жөлісі (2026 жыл). 2020 жылғы шілдеде ШГА компрессорларын жаңғырту бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды, жобаның құны шамамен 207 млн АҚШ долларын құрайды, аяқтау 2022 жылға жоспарланып отыр.

<sup>1</sup> 100% ҚМГ-ге тиесілі, тікелей иелену — 99,7440256%, "ҚМГ Құмкөл" ТК арқылы жанама иелену — 0,2559744%.

## Шикі газды үшінші тарапқа жеткізу жобасы

Жоба құаттылығы жылына 1 млрд м<sup>3</sup> болатын ҚТГ жаңа газ өндіре зауытына (ГӨ3) ілеспе шикі газдың қосымша көлемін жеткізу есебінен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 17-20 мың баррельге (тәулігіне 2,1–2,5 мың тонна) ұлғайту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Газ алу туралы келісім бойынша ҚТГ-мен негізгі мәселелер келісілді. 2020 жылғы жалғақсанда түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды, жоба орындау кезеңіне етті. Жобаны аяқтау 2023 жылға жоспарланып отыр.

### 2A фазасы

Жоба мұнай өндіруді тәулігіне 500 тоннаға дейін арттыруға бағытталған (тәулігіне 63 мың тонна). ҚТГ ГӨ3-де жылына қосымша 2 млрд м<sup>3</sup> шикі газ жеткізу тұжырымда-масы таңдалды. Қазіргі уақытта базаға дейінгі жобалау шенберінде тұжырымдаманы одан әрі техникалық зерделеу және онтайланыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соңғы инвестициялық шешімді 2026 жылы жобаны іске қосу арқылы 2023 жылы қабылдау жоспарлануда.

### 2B фазасы

Жоба мұнай өндіруді деңгейін тәулігіне 700 мың баррельге дейін арттыруға бағытталған (тәулігіне 88 мың тонна). 2020 жылдың 3-тоқсанында ТШО немесе ҚТГ жылына 6 млрд м<sup>3</sup> шикі газ жеткізетін құрлықта жаңа зауыт, мультифа-залы құбыр салу тұжырымдамасы таңдалды. Қазіргі уақытта базаға дейінгі жобалау шен-берінде тұжырымдаманы одан әрі техникалық зерделеу және онтайланыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соңғы инвестициялық шешімді 2030 жылы жобаны іске қосу арқылы 2024 жылы қабылдау жоспарлануда.

## COVID-19

COVID-19 пандемиясымен құрес шенберінде Солтүстік Каспий жобасының операторы өндірістік персоналды қорғау мақсатында вирустың таралуының алдын алу бақылаудың тиімді бағдарламасын іске асыруда және бір мезгілде өндірістік операцияларға әсер етуді азайту және инфекцияның одан әрі таралуы бойынша шаралар қабылдауда.

Барлық санитариялық талаптарға сәйкес карантиндік обьектілерді құру қамтамасыз етілді. Персоналдың ең аз саны белгіленді, 2020 жылғы тамызда 28 және 56 күн вахталар кестесі қабылданды, дербес жұмыс ұчаскелері арасындағы өзара іс-қимылды қысқарту үшін байланыссыз жұмыстың қосымша шаралары және өндірістік алаңдарда жұмыстар басталар алдында бірнеше кезеңде ПТР-тестілеумен 10, 14 күндік карантин қолданысқа енгізілді.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ



**Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі.**

1997 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасы мен Халықаралық консорциум арасында Қараышғанақ мұнай-газ конденсаты кен орны бойынша өнімді бөлү туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) жасалды. Royal Dutch Shell және Eni компаниялары Қараышғанақ жобасының бірлескен операторлары болып табылады, жобаны іске асыру "Қараышғанақ Петролиум Оперейтинг Б.В." (КПО) арқылы жүзеге асырылады.

### «Қараышғанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.» өндірістік қызметі

Жыл	Газ өндіру, млн м <sup>3</sup>	Сұйық көмірсүтектерді өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м <sup>3</sup>
2018	18 913	10 953	8 589
2019	18 615	10 147	8 711
<b>2020</b>	<b>20 214</b>	<b>10 941</b>	<b>10 362</b>

Қараышғанақ мұнай-газ конденсатты кен орны – Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 км<sup>2</sup> астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылы ашылды, ал кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылы басталды.

Қараышғанақ кен орнында Қараышғанақ кен орнындағы өндіру процесінде өзара байланысты және өзара тәуелді технологиялық қондырғылардың бірынғай жүйесі болып табылатын үш негізгі технологиялық объект бар:

- ◆ ҚӘК – кен орнының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Қараышғанақ, өндөу кешені ұнғымалардан түсөтін сұйық

### Негізгі индикаторлар

Сұйық көмірсүтектерді өндіру (тұрақты\*\* )  
(барлығы)

10,9 млн тонна (төулігіне 235 мың барр.)

Сұйық көмірсүтектерді өндіру (тұрақты), ҚМГ үлесіне жатады (10%)

1 094 мың тонна (төулігіне 23 мың барр.)

Даму перспективалары

Кол жеткізілген дәңгейде сұйық көмірсүтектерді өндіру дәңгейлерін қолдау мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру

2Р мұнай және конденсат бойынша қорлардың еселеі

20 жылдан астам

Газ өндіру (барлығы)

20,2 млрд м<sup>3</sup>

Иелік ету үлестері

ҚМГ (10%), ENI (29,25%), Shell (29,25%), Chevron (18,00%), ЛУКОЙЛ (13,5%)

Оператор

Royal Dutch Shell және Eni компаниялары Қараышғанақ кен орындарының бірлескен операторлары болып табылады ("Қараышғанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.")

көмірсүтектерді, сондай-ақ ГКДК 2-ден тасымалданатын бастапқы шикізатты өндейді;

- ◆ ГКДК 2 – кен орындарының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы шикі газды жоғары қысыммен бөледі және қайта айдайды, сондай-ақ экспортқа жіберер алдында тұрақтандыру үшін сұйық көмірсүтектерді ҚКП-ға жібереді;
- ◆ ГКДК 3 – кен орындарының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы экспортқа жіберер алдында сұйық көмірсүтектер мен газды бөледі және ішінара тұрақтандырады.

2020 жылы ұнғымалардың пайдалану қоры үш ұнғымаларға артып, 158 өндіру және 19 айдау ұнғымасына жетті.

2020 жылы Қараышғанақ кен орнында 10 941 мың тонна сұйық көмірсүтек (оның ішінде ҚМГ үлесі – 1 094 мың тонна) және 20 214 млн м<sup>3</sup> газ (оның ішінде ҚМГ үлесі – 2 021 млн

- 1. Сұйық көмірсүтектерді тұрақты баламада бағалау үшін мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне 0,9 аудару коэффициенті пайдаланылады.

м3) өндірілді, бұл бір жыл бұрынғы өндіру деңгейімен салыстырғанда тиісінше 7,8 және 8,6%-ке артық. Ұлғаю негізінен 2019 жылғы қыркүйек-қазанда жоспарлы алдын алу жұмыстарынан кейін КҚК, ГКДК-2, ГКДК-3 өндірістік қондырғылары өнімділігінің жоғары көрсеткіштерімен, сондай-ақ бесінші магистральдық желінің жана газ айдау ұнғымарапын пайдалануға енгізгеннен кейін жазғы кезеңде газ айдаудың ұлғаюна байланысты.

## Қараышғанақ кен орнының даму перспектиналары

Қараышғанақ мұнай-газ конденсат кен орны өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңінде (2М фазасы) орналасқан, оның шенберінде қол жеткізілген деңгейде сұйық көмірсүтектерді өндіру деңгейін ұзарту мақсатында шикі газды дайындау және көрі айдау жөніндегі өндірістік қуаттарды ұлғайтуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобалар (өндіру сөресін ұзарту жобалары мен ҚҚЖ 1-жобасы) іске асырылады.

### Өндіру деңгейін ұзарту жобалары (2М фазасы)

- ◆ Қосымша бесінші айдау құбырын төсөу (5ТL) — қабаттағы қысымды ұстап тұру және ӘБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық көмірсүтектердің қосымша өсімін 2,6 млн тонна көлемінде қамтамасыз ету мақсатында газды айдаудың жылдық көлемін жылына 10 млрд м3 дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.
- ◆ ҚКП (KGDBN) газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау — жоба қабатқа айдау және (немесе) Орынбор газ өндеу зауытына (ОГӘЗ) экспорттау үшін газды дайындау көлемін ұлғайту, сондай-ақ ӘБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық көмірсүтектердің 9,1 млн тонна көлемінде қосымша өсімін қамтамасыз ету мақсатында газды гликольмен кептірудің және жалпы өнімділігі жылына 4,0 млрд м3 болатын газды тәмен температуралы сепарациялаудың жана қондырғыларын енгізуі көздейді.
- ◆ ГКДК 2 (4ICP) газды көрі айдаудың төртінші компрессорын орнату — газды айдаудың жылдық көлемін жылына 10-нан 13 млрд м3 дейін ұлғайту және ӘБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық көмірсүтектердің 6,8 млн тонна көлеміндегі қосымша өсімін қамтамасыз ету жолымен қабаттық қысымды ұстап тұру және сұйық көмірсүтектерді өндіру деңгейлерін ұстап тұру үшін технологиялық құбыры желсін төсөу.
- ◆ Қосымша алтыншы айдау құбырын тарту (6ТL) — кен орнының жана участеклеріне газды қайта бағыттау арқылы айдау жүгіесін оңтайланыруға мүмкіндік береді, бұл ӘБТК қолданылу мерзімінің соңына дейін сұйық көмірсүтектердің 2,2 млн тонна көлемінде қосымша өсүін қамтамасыз етеді.

Бесінші айдау құбыры (5ТL) жобасы 2019 жылғы пайдалануға берілді. KGDBN және 4ICP жобаларын іске қосу 2021 жылдың 4-тоқсанында, ал 6ТL жобасын 2024 жылдың 2-тоқсанында іске қосу жоспарланып отыр.

Өндіру деңгейін ұзарту жобаларын іске асыру пайдалы өсерді барынша арттыруға мүмкіндік береді:

- ◆ газ дайындау бойынша өндірістік қуаттарды ұлғайту;
- ◆ сұйық көмірсүтектердің қосымша көлемін алу;
- ◆ сұйық көмірсүтектерді дайындау бойынша қолданыстағы технологиялық қондырғыларды жаңғыру;
- ◆ резервуардағы қабат қысымының төмөндеу қарқынының азаюы.

### Қараышғанақты кеңейту жобасы (ҚҚЖ)

2М фазасын іске асырганнан кейін мұнай өндіру деңгейін одан әрі кеңейту өндірістік нысандарды кеңейту арқылы жүзеге асырылуы

мүмкін. Бұл кеңейтуді 2025 және 2026 жылдары кезең-кезеңмен жүзеге асыру жоспарланып отыр. ҚҚЖ жобасы мұнайды өндіру деңгейін жылына 10-11 млн тонна ұстап тұру мақсатында газды қабатқа дайындау және көрі айдау бойынша қуаттарды одан әрі ұлғайтуды, яғни газды қабатқа айдаудың бесінші және алтыншы компрессорларын кезең-кезеңмен енгізуі көздейді. Жобаның құны 1,8 млрд АҚШ долларына бағаланып отыр. 2020 жылғы желтоқсанда бесінші компрессор (5ICP) жобасын қаржыландыру туралы түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды, алтыншы компрессор (6ICP) жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешімді кейінірек қабылдау жоспарлануда.

### Операциялық қызметті цифрландыру жобалары

"Цифрлық Қазақстан" инновациялық даму бағдарламасы аясында ҚПО цифрландыру және технологиялық инновация жөніндегі жол картасын өзірледі. Ағымдағы іс-шаралар өндірісті оңтайландыру, ұнғымаалар жұмысының өлшемдерін бақылау, "акылды" зауыт және жобаларды іске асыру кезіндегі цифрлық модификациялар, қағаздың көп қажет ететін процестерді барынша азайту және жұмыс процестерін барынша автоматтандыру, қоймалық есепке алу, мониторингті жетілдіру және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары сияқты салаларды қамтиды.

Кен орнының негізгі өлшемдерін цифрландыру ҚПО-ға деректерді кешенді талдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалана отырып, өнімділіктерді арттыру бойынша уақытылы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Казіргі уақытта жұмыстардың 47%-ті орындалды, жоспарланған аяқталу мерзімі — 2022 жыл.

### COVID-19

COVID-19 пандемиясы басталғаннан бері Қараышғанақ кен орнында дағдарысқа қарсы мынадай шаралар қабылданды:

- ◆ 2022 жылға дейін бұрғылауды тоқтату;
- ◆ станокты пайдаланбай ұнғымалық операциялардың көлемін қысқарту және сини емес ұнғымалық операцияларды 2020 жылдан 2021 жылға ауыстыру;
- ◆ жоспарлы-алдын алу жұмыстарының бір бөлігін 2020 жылдан 2021 жылға ауыстыру;
- ◆ қызметкерлердің қашықтан жұмыс режиміне ауыстыру;
- ◆ ҚПО қызметкерлері мен мердігерлік үйімдар үшін вахтаниң ұзактығын ұлғайту;
- ◆ ҚПО қызметкерлері мен мердігерлік үйімдар үшін ПТР-тестілерді тұрақты өткізу;
- ◆ тұрақты санитариялық өндеу жүргізу және т. б.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРДЕ МҰНАЙ ӨНДІРУ

### ҚМГ үнғымаларының, операциялық активтерінің, бірлік саны

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Жаңа үнғымалар	604	581	518
Ауыспалы үнғымалар қоры,	11 667	12 235	11 961
оның ішінде бос тұрған	495	462	616
Айдау	3 495	3 748	3 338
ҚМГ операциялық активтері бойынша жыл	15 766	16 564	15 817

ҚМГ мұнай-газ саласында бір ғасырдан астам тарихы мән мұрасы бар, өндіретін активтер қоржынына негізін ескі кен орындары кіреді. Осыған байланысты ҚМГ-нің негізгі басымдығы өндіру тиімділігін арттыру болып табылады. ҚМГ өз қызметінде энергия үнемдеу саясатын ұстанады, үздіксіз өндірістік процестерді онтайландаудыраға және жақсартуға, сондай-ақ мұнай өндіру коэффициентін арттыруға үмтүлады.


Бүгінгі таңда компанияның, операциялық активтерінде мұнай өндірудің шамамен 85%-ті негізгі жеті кен орнына тиесілі: Әзен және Қарамандыбас ("Әзенмұнайгаз" АҚ), Қаламқас пен Жетібай ("Манғыстаумұнайгаз" АҚ), С.Нұржанов пен Шығыс Молдабек ("Ембімұнайгаз" АҚ) және Каражанбас ("Қаражанбасмұнай" АҚ).

2020 жылдың 11 желтоқсанында Шығыс Әріктау кен орнында екі үнғыма тәжірибелік пайдалануға берілді. Бірінші кезең табисты аяқталса және экономикалық коньюнктура қолайлы болған жағдайда Әріктау кен орндары тобының 58 үнғымасын пайдалануды, сондай-ақ бірқатар өндірістік объектілерді салуды қөздейтін екінші фазаны іске асыру мүмкіндігі қаралатын болады. Жобаны толық ауқымды іске асыру жағдайында күтілетін өндіру жыл сайын 1,5 млрд м3 газ бен 500 мың тонна мұнайға жетуі мүмкін.


2020 жылы мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 1 363 мың тоннаға азайып, 14 113 мың тонна (немесе тәулігіне 279 мың баррель) құрады. Бұл ескі кен орндарындағы өндіріс деңгейінің табиги төмендеуін және ОПЕК+ келісімі бойынша қол жеткізілген келісімдердің орындауын көрсетеді.

2020 жылы операциялық басқарумен үнғымалардың жалпы қоры 15 817 бірлікті құрады, оның 11 961 бірлігі ауыспалы үнғымалар қорына тиесілі. Мұнай мән конденсатты өндіру көлемінің көп бөлігі үнғымалардың ауыспалы қорынан өндіруге келеді.

### Шығындар лифтингі



### Шығындар лифтингі



## ГАЗ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСІ

2020 жылдың 1-шінде ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру көлемі 3,1%-ке, 8 192 млн м<sup>3</sup>-ге дейін азайды. Бұл ретте 2 463 млн м<sup>3</sup> (30%) операциялық активтердің үлесіне және 5 729 млн м<sup>3</sup> (70%) мегажобалардың үлесіне тиесілі. Көлемдер құрылымындағы негізгі үлестер Теніз бен Қараышғанақ мегажобаларына тиесілі.

### ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>

Операциялық активтер	2018	2019	2020
«Өзенмұнайгаз» АҚ + ҚазГӨЗ*	558	680	751
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ	207	116	161
(«Жетібаймұнайгаз» ӨБ)*	205	184	150
«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС	345	346	326
«Амангелді Газ» ЖШС	173	157	185
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	154	135	152
«Ембімұнайгаз» АҚ	143	163	103
«Қазактүрікмұнай» ЖШС	68	43	49,5
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	0	0	0
Операциялық активтер бойынша барлығы	1 853	1 823	1 877

### Мегажобалар бойынша тауарлық газ өндіру (ҚМГ үлесінде), млн м<sup>3</sup>


Мегапроекты	2018	2019	2020
Теніз	1 837	1 894	1 735
Қараышғанақ	949	911	899
Қашаған	301	293	287
Мегажобалар бойынша барлығы	3 087	3 099	2 921

Газ өндіру бойынша мәндер өндірілген газдың нақты көлемін құрайды, оның ішінде резервуарға және өз қажеттіліктеріне қайта айдау. Газды кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабаттық қысымды ұстап түрү үшін қолданылады.

2020 жылдың 1-шінде ҚМГ тауарлық газ өндірісінің көлемі 4 798 млн м<sup>3</sup> құрады, оның ішінде операциялық активтер есебінен 1 877 млн м<sup>3</sup> және мегажобалар есебінен 2 921 млн м<sup>3</sup>. 2019 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауарлық газ өндірісі жиынтықта 124 млн м<sup>3</sup> немесе 2,5%-ке азайды.

ҚазГӨЗ өзі өндірген шикізатты қайта өндеумен қатар тауарлық газды өз бетінше өндірмейтін ҚМГ-нің басқа операциялық активтерінен алынған шикізат негізінде тауарлық газ өндіреді.

### ҚМГ үлесіндегі активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м<sup>3</sup>



- «Өзенмұнайгаз» АҚ
- «Ембімұнайгаз» АҚ
- «Манғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)
- «Қазгермұнай» БҚ» ЖШС (50%)
- «Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)
- «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)
- «Амангелді Газ» ЖШС (КТГ)
- «Тұрктау Оперейтинг» ЖШС
- Караышғанақ
- Кашаған
- Теніз

\* «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Манғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-тан шикі газ ҚазГӨЗ-ге жеткізіледі. Орынбор газ өндеу зауытына шикі газды жеткізу көлемі.

## МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ҚМГ көмірсүтектерді экспорттық нарыктарға жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымының құрылышын аяқтады. Орта мерзімді перспективада миналар басым болады:

- ◆ ҚМГ мұнай тасымалдау жүйелері бойынша мұнай тасымалдау маршруттарының тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы құрылған қуаттардың жүктемесін арттыру;
- ◆ операциялық шығындарды бақылау.

**ҚМГ-де мұнай тасымалдау екі түрмен – магистральдық құбырлармен және төніз флотымен ұзындыған.**

Көрсеткіш	Магистральдық құбырлармен тасымалдау				Төніз флотымен тасымалдау
Басқарушы компания	ҚазТрансОйл (ҚТО)	Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ)	МұнайТас (МТ)	Каспий құбыр консорциумы (ҚҚҚ)	Қазаңғылым (ҚТКФ)
ҚМГ үлесі	ҚМГ: 90% <sup>1</sup>	ҚТО: 50%	ҚТО: 51%	ҚМГ: 20,75%	ҚМГ: 100%
Негізгі бағыттар	Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар	Қазақстанның мұнай өндірілген зауыты; Өзен-Атырау-Самара; Актау порты; КҚҚ мен Атасу-Алашанькоу жүйелеріне мұнайды аудыстырып тиесу	Атасу-Алашанькоу; Көнкіяқ-Күмкөл	Көнкіяқ-Атырау	Төніз-Новороссийск	Қара төніз; Жерорта төнізі; Каспий төнізі
Жалпы ұзындық, км	5 372	1 759	449	1 510	н/п
Қуат, жылғына млн тонна	17,5 <sup>2</sup> 5,2 <sup>3</sup>	20	6	67	н/п

1. Акциялардың 10%-ті оларды "Халықтық IPO" бағдарламасы шенберінде сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі.  
 2. Атырау-Самара участкесінің қуаты.  
 3. Актау портының қуаты (ҚТО айлақтары, құю).

## ҚҰБЫР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстанның құбыр инфрақұралымы магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор – "ҚазТрансОйл" АҚ-қа, оның екі бірлескен кәсіпорнына ("Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС мен "МұнайТас" СБТК ЖШС), сондай-ақ Каспий құбыр консорциумына тиесілі. Қазақстанның қолданыстағы құбыр инфрақұралымы перспективалы жобалардан мұнай тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуетке ие.

"ҚазТрансОйл" АҚ (КТО) – Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық оператор. Компания жалпы ұзындығы 5 372 км магистральдық мұнай құбырларының тармақтаған желісіне ие, оған Қазақстанның барлық дерлік мұнай көн орындары қосылған. Компания мұнайды Қазақстанның төрт ірі мұнай өндеу зауытына тасымалдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ мұнайды Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдайды, мұнайды ККК мен Атасу-Алашанькоу экспорттық мұнай құбырларына ауыстырып тиеді, мұнайды Ақтау портындағы танкерлерге және теміржол көлігіне тиеді жүзеге асырады. Мұнайды магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдау 36 мұнай айдау станциясымен, 67 мұнай қыздыру пешімен, жалпы көлемі 1,4 млн м3 мұнай сақтауға арналған резервuarлық паркпен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ КТО "Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС, "МұнайТас" СБТК ЖШС, "Карашиғанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.", "Каспий құбыр консорциумы-К" АҚ, "Торғай Петролеум" АҚ және "Магистральдық су құбыры" ЖШС магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызметтер көрсетеді.

"Қазақстан-Қытай құбыры" ЖШС (КҚҚ) Атасу-Алашанькоу (ұзындығы 965 км) және Қенқияқ-Құмкөл (ұзындығы 794 км) мұнай құбырларының иесі болып табылады. КҚҚ қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды Қытай Халық Республикасына (КХР), сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына тасымалдауды жүзеге асырады.

<sup>1</sup>. Осы бағанда көрсетілген кейір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жүргізілген қайта сыйыптауды көрсетеді.

## Түсім

2020 жылғы түсім 4 556 млрд теңгені (11 019 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 33,6%-ке тәмен. Dated Brent мұнай бағасының жылдан жылға 34,8%-ке және ОПЕК+ келісіміне сәйкес жекелеген кен орындарында өндіруді шектеумен байланысты мұнай өткізу көлемінің төмендеуі, сондай-ақ KMG International мұнай өнімдерінің трейдингі және оларды сату көлемінің төмендеуі түсім динамикасына негізгі теріс өсерін тигізді. Түсімнің төмендеуі теңгенің АҚШ долларына шаққанда орташа айырбастау бағамының 8%-ке әлсіреуімен ішінара өтелді.

## Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлесі

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес 2020 жылы 38,3%-ке азайып, 511 млрд теңгені құрады (1 236 млн АҚШ доллары), негізінен, "Төңішшевройл" ЖШС (ТШО), "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ (ММГ) және "КМГ Қашаған Б.В." ЖШС (Қашаған) пайдасының төмендеу нәтижесінде пайда болды. Мұнайдың орташа бағасының құлдырау және өндіру көлемінің төмендеу нәтижесінде, есепті кезеңде ТШО мен ММГ пайдасындағы үлес 58,2 және 79,6%-ке төмендеп, тиісінше, 173 млрд теңге (420 млн АҚШ долл.) және 17 млрд теңгені (41 млн АҚШ долл.) құрады. 2020 жылғы Қашағанның таза шығындағы үлесі 7 млрд теңгені (17 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл ретте қолма-қол ақша ағыны он, болды және 463 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша бухгалтерлік таза заал Ural Group Limited (көмір), "ПетроКазақстан Инк." (ПКИ) және Valsera Holdings B. V. (Валсерса) 10 млрд теңге (25 млн АҚШ доллары), 9 млрд теңге (21 млн АҚШ долл.) және тиісінше ҚМГ үлесіне 6 млрд теңге (15 млн АҚШ долл.) мөлшерінде қалыптасты.

## Өзіндік құн

2019 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде 41,8%-ке азайып, 2 277 млрд теңге (5 507 млн АҚШ долл.) құрады. Төмендеу шикі мұнайды сатып алуға жұмысалатын шығындардың және өндеу үшін мұнай құннының төмендеуіне, сондай-ақ мұнай бағасының төмендеуіне байланысты болды, бұл теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының әлсіреуімен ішінара өтелді. Қайта сату үшін мұнай сатып алу шығындарының сомасы 46,4%-ке, 1 311 млрд теңгеге (3 171 млн АҚШ долл.) дейін төмендеді. Мұнай өндеу құны 50,9%-ке төмендеп, 314 млрд теңгені (758 млн АҚШ доллары) құрады (США). Стоимость нефти для переработки снизилась на 50,9 % и составила 314 млрд тенге (758 млн долл. США).

## Басқа шығыстар

2019 жылмен салыстырғанда, 2020 жылғы өндірістік шығыстар аздап ұлғайып, 741 млрд теңгені (1 792 млн АҚШ долл.) құрады.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 20,5%-ке, 170 млрд теңгеге (412 млн АҚШ долл.) дейін азайды.

2020 жылы табыс салығын есептемегендеге, салықтар, негізінен, ренталық салық, экспорттық кедендей баж және мұнай бағасының төмендеу салдарынан ПҚӘС бойынша шығыстардың төмендеу нәтижесінде 40,7%-ке азайып, 270 млрд теңгені (652 млн АҚШ долл.) құрады.

Жалақы бойынша шығындар жылдан жылға 0,3%-ке өсуін көрсетіп, 427 млрд теңге (1034 млн АҚШ доллары) болды және өндірістік шығыстардың, тасымалдау және сату жөніндегі шығыстардың және жынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

2020 жылғы қаржылық шығындар 298 млрд теңгені (720 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда, 6,3%-ке аз. Төмендеу негізінен ТШО мұнайын аванстасу жөніндегі мәміле шенберіндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуге негізделген.

## Активтердің құнсыздануы

COVID-19 пандемиясына және 2020 жылы экономикаға өсер ету қаупі аясында нарықтық бағаның айтарлықтай өзгеру нәтижесінде мұнай бағасы, мұнай өндеу зауыттарының болжамды маржасы, өндіріс көлемдері, айырбастау бағамы және инфляция бойынша жорамалдар құнсыздану мәніне тестілеу жүргізу кезінде қайта қаралды. 2020 жыл ішінде жынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте KMG International 162 млрд теңге (393 млн АҚШ долл.), «Ембімұнайгаз» АҚ активтерінің 60 млрд теңге (146 млн АҚШ долл.), өздігінен жүретін баржалар Сұңқар, Барыс және Бұркіт 10 млрд теңге (25 млн АҚШ долл.) және өзге де 11 млрд теңге (25 млн АҚШ долл.) мөлшерінде құнсыздануын қоса алғанда, ҚМГ жалпы сомасы 244 млрд теңгеге (589 млн АҚШ доллары) құнсыздануды мойындағы.

## Таза пайда

2019 жылмен салыстырғанда, есепті жылда Компанияның таза пайдасы мұнайдың орташа бағасының төмендеуі, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастарынан компаниялар кірістердегі үлеске жататын түсім мен кірістердің төмендеуі және активтер құнының құнсыздандының мойындау нәтижесінде 85,2%-ке азайып, 172 млрд теңгені (416 млн АҚШ долл.) құрады, бұл табис салығынан басқа, өзіндік құн бойынша шығыстардың және салықтардың төмендеуімен ішінара өтелді.

Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда 273 млрд теңгені (661 млн АҚШ долл.) құрады.

## Күрделі шығындар

2019 жылмен салыстырғанда, 2020 жылы Компанияның күрделі шығындары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылған) 10,1%-ке төмендеп, 454 млрд теңгені (1 098 млн АҚШ доллары) құрады.

"Мұнай мен газды барлау және өндіру" сегментіндегі күрделі шығындардың жылдан жылға 35%-ке, 168 млрд теңгеге дейін (405 млн АҚШ долл.) төмендеуі негізгі әсер етті. 2019 жыл қорытындылары бойынша 444 млрд. теңгемен (1 160 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда, 2020 жылы кассалық әдіс бойынша күрделі шығындар 396 млрд теңгені (959 млн АҚШ долл.) құрады.


## EBITDA құрылымы

Біз сегменттік ақпаратты ХҚЕС негізінде талдаймыз. Сегменттердің пайдасы кіріс пен таза пайда көрсеткіштері негізінде қарастырылады. ҚМГ компаниялар тобының операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымға және басқаруға ие, бұл ретте барлық сегменттер әртүрлі өнім түрлерін ұсынатын және әртүрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, газды өткізу және тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өндеу және өткізу, ҚМГ Корпоративтік орталығының қызметі және өзгелері (мұнай-сервис және өзге де маңызды емес үйімдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін ерекшелейді, өйткені ҚМГ бас компанияның функцияларын орындаиды, сондай-ақ операциялық қызметті (АМӘЗ бен ПМХЗ-да өндеу және шикі мұнайды ішкі және экспорттық нарықтарға одан өрі сатуды) жүзеге асырады.



EBITDA-ның 2020 жылғы сегменттер бойынша өзгеруіне әсер еткен негізгі факторлар:

- ◆ "Мұнай мен газды барлау және өндіру" сегментінде EBITDA мұнай бағасының төмендеу және мұнай өткізу көлемінің төмендеу аясында 1 571 млн АҚШ долларына төмендейді;
- ◆ "Газды сату және тасымалдау" сегментінде EBITDA газды экспортқа сатудан және халықаралық транзит бойынша кірістердің төмендеу салдарынан 343 млн АҚШ долларына төмендегенін көрсетті;
- ◆ "Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өндеу және сату" сегментінде EBITDA 180 млн АҚШ долларына төмендеуі негізінен KMG International бағдарламасын жүзеге асыру көлемінің азауына байланысты болды.

## EBITDA құрылымы



## Кассалық әдісі бойынша күрделі салындар



1. Дәнгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.
2. EBITDA = түсім плус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірісіндегі үлес, нетто, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны, минус өндірістік шығыстар, минус жалпы және өкімшілік шығыстар, минус тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар, табис салығын есептемегендеге, минус салықтар.
3. Түзетілген EBITDA = түсім плус бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендер, минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны, өндірістік шығындар, жалпы және өкімшілік шығындар, тасымалдау және сату шығындары, табис салығын есептемегендеге, минус салықтар.


Сегмент	Өлшем бірлігі	2019	2020	%
Мұнай мен газды барлау және өндіру	млн теңге	962 778	390 221	-59
	млн АҚШ долл.	2 515	944	-62
	EBITDA %-ті	49	34	-15 п.п.
Мұнай тасымалдау	млн теңге	219 204	226 838	3
	млн АҚШ долл.	573	549	-4
	EBITDA %-ті	11	20	9 п.п.
Газды сату және тасымалдау	млн теңге	457 829	352 565	-23
	млн АҚШ долл.	1 196	853	-29
	EBITDA %-ті	23	30	7 п.п.
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өндедү және сату	млн теңге	268 013	214 839	-20
	млн АҚШ долл.	700	520	-26
	EBITDA %-ті	14	19	5 п.п.
Корпоративтік орталық	млн теңге	42 345	-25 077	-159
	млн АҚШ долл.	111	-61	-155
	EBITDA %-ті	2	-2	-4 п.п.
Өзгелері <sup>i</sup>	млн теңге	12 565	-7 959	-163
	млн АҚШ долл.	33	-19	-159
	EBITDA %-ті	1	-1	-2 п.п.
EBITDA	млн теңге	1 962 734	1 151 427	-41
	млн АҚШ долл.	5 126	2 785	-46
	EBITDA %-ті	100	100	0 п.п.



<sup>i</sup> Топішілік айналым ерекшеліктерін білдіретін элиминациялар сомасын қамтиды. Сегментаралық операциялар байланысты және үшінші тараптар үшін колжетімді тарифтер негізінде ұсынылатын белгілі бір реттеліп көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша болуы міндетті емес сегменттер арасында көлісілген шарттарда жасалды.

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, млн теңге**

	2019	2020	Изменение	%
Операциялық қызметтөн алынған таза ақша ағындары	123 801	446 533	322 732	261
<b>Операциялық қызметтөн алынған түзетілген ақша ағындары*</b>	<b>988 251</b>	<b>446 533</b>	<b>-541 718</b>	<b>-55</b>
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	-319 562	-205 611	113 951	-36
Қаржы қызметіндегі пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы	-270 371	-245 227	25 144	-9
Айырбас баламаларының өзгеріүінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері	-14 985	85 341	100 326	-670
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтегі өзгерістер	-279	376	655	-235
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>	<b>-481 396</b>	<b>81 412</b>	<b>562 808</b>	<b>-117</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс, млн АҚШ дол.</b>	<b>-1 257</b>	<b>197</b>	<b>1 454</b>	<b>-116</b>

**Ақша қаражатының қозғалысы, млн АҚШ долл.**

- 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен депозиттер
- Операциялық қызметтөн КДК
- БК мен қауымдастырылған компаниялардан дивидендер
- Қазақстандық вексель бойынша ККК-ден түсімдер
- Кассалық әдіс бойынша күрделі салындар
- Қарыздар бойынша түсімдер мен өтеу, нетто
- Акционерге төленген дивидендер
- Өзгелері
- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен депозиттер

1. Операциялық қызметтөн алынған түзетілген ақша ағыны = ТШО мұнай жеткізу шарты бойынша алдын ала төлемнің таза қозғалысын есептемегендеге, операциялық қызметтөн алынған таза ақша ағындары

2. Дәнгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

## Ақша қаражаты

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткішпен салыстырғанда, шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақша қаражаты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 0,6%-ке аздал ұлғайып, 1 485 млрд теңгені (3 528 млн АҚШ долл.) құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы негізінен операциялық қызметтөн алынған 447 млрд теңге (1 080 млн АҚШ долл.) сомасындағы таза он, ақша ағынымен және айырбас бағамдарының өзгеруінің 85 млрд теңге (206 млн АҚШ долл.) сомасындағы ақша қаражатына және баламаларға өсерімден байланысты. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы 3 859 млн долл. дөңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда, долларлық мәнде шоғырландырылған ақша қаражаты мен оның баламалары 8,6%-ке, 3 528 млн. АҚШ долларына дейін азайды.

## Алынған дивидендер

ҚМГ-нің компаниялар тобы үшін бас компания болып табылады және өзінің еншілес және төуелді ұйымдарынан, БК мен қауымдастырылған компанияларынан дивидендер алады. 2020 және 2019 жылдары Компания, тиісінше, 135 млрд теңге (326 млн АҚШ доллары) және 126 млрд теңге (330 млн АҚШ долл.) мәлшерінде дивидендер алды. 2020 жылы алынған дивидендер "Азия газ құбыры" ЖШС-дан (АГК) 54 млрд теңгені (130 млн АҚШ долл.) құрайды, "Манғыстау Инвестмент Б.В." (МИБВ) – 32 млрд теңгені (78 млн АҚШ доллары).) және "ҚазРосГаз" ЖШС – 15 млрд теңгені (37 млн АҚШ доллары) құрады.

## Төленген дивидендер

«Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес 2020 жылдың мамырында ҚМГ 82 млрд теңге (198 млн АҚШ долл.) сомасында дивидендер, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ 74 млрд теңге (178 млн АҚШ долл.) және ҚР Ұлттық Банкіне 8 млрд теңге (19 млн АҚШ долл.) төледі.

## БК мен қауымдастырылған компаниялардан дивидендер



<sup>1.</sup> Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

**Қаржылық жағдай туралы есеп, млн теңге**

	2020	2019	Өзгеріс	%
<b>Активтер</b>				
Негізгі құралдар	4 369 745	4 484 271	-114 526	-2,6
Ұзақ мерзімді банк салымдары	56 528	52 526	4 002	7,6
Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынатын инвестициялар	6 471 021	5 590 384	880 637	15,8
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	1 279 570	1 314 823	-35 253	-2,7
Қысқа мерзімді банк салымдары	282 472	359 504	-77 032	-21,4
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	1 145 864	1 064 452	81 412	7,6
Өзге де ағымдағы активтер	1 001 569	1 208 351	-206 782	-17,1
Сатуға арналған деп саралған активтер	46 518	7 604	38 914	511,8
<b>Активтер жиыны</b>	<b>14 653 287</b>	<b>14 081 915</b>	<b>571 372</b>	<b>4,1</b>
<b>Активтер жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>34 813</b>	<b>36 807</b>	<b>-1 993</b>	<b>-5,4</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер</b>				
<b>Капитал жиыны</b>	<b>8 636 679</b>	<b>8 196 656</b>	<b>440 023</b>	<b>5,4</b>
<b>Капитал жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>20 519</b>	<b>21 424</b>	<b>-905</b>	<b>-4,2</b>
Ұзақ мерзімді қарыздар	3 716 892	3 584 076	132 816	3,7
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	966 341	862 741	103 600	12,0
Ағымдағы қарыздар	361 556	253 428	108 128	42,7
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	971 819	1 185 014	-213 195	-18,0
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>6 016 608</b>	<b>5 885 259</b>	<b>131 349</b>	<b>2,2</b>
<b>Міндеттемелер жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>14 294</b>	<b>15 383</b>	<b>-1 088</b>	<b>-7,1</b>
<b>Капитал жиыны мен міндеттемелер</b>	<b>14 653 287</b>	<b>14 081 915</b>	<b>571 372</b>	<b>4,1</b>
<b>Капитал жиыны мен міндеттемелер, млн АҚШ долл.</b>	<b>34 813</b>	<b>36 807</b>	<b>-1 993</b>	<b>-5,4</b>

**ҚАРЫЗДЫ БАСҚАРУ**

Компанияның қаржылық міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Борышқорлық қоржын негізінен негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен қалыптастырылады. Тиісінше, туынды қаржы құралдарын пайдалану қажеттілігінсіз валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу өсеріне қол жеткізіледі.

**Жалпы қарыз**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, теңгелік мәнде 6,3%-ке өскенін көрсетіп (долларлық мәнде 3,4%-ке төмендеу), 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жалпы қарыз 4 078 млрд теңгені (9 690 млн АҚШ долл.) құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы көпілдік міндеттемелер ескерілген жалпы қарыз теңгелік мәнде 5,0%-ке үлғайып (долларлық мәнде 4,5%-ке төмендеу) 4 308 млрд теңгені (10 234 млн АҚШ долл.) құрады.

Жалпы берешектің 241 млрд теңгеге үлғаюы негізінен шетелдік валюталардың АҚШ долларымен деноминацияланған облигациялар мен қарыздарға айырбастау бағамының ықпалымен байланысты. Бұл ретте долларлық мәнде қалпы берешек, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 10 030 млн АҚШ доллары дөңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда, 3,4%-ке төмендеп, 2020 жылғы 31 желтоқсанда 9 690 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылдың қаңтарында Атырау мұнай өндөу зауыты ҚДБ-дан The Export-Import Bank of China-дан жаңа өндөу обьектілерін қаржыландыруға алынған валюталық қарызды қайта қаржыландыру үшін 46 млрд теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз алды. 2020 жылдың мамырында ҚТГ жалпы сомасы 43,68 млн АҚШ долларын құрайтын облигациялардың номиналды құны бойынша мерзімін бұрын ішінәра өтеуін жүргізді (18 млрд теңге), ақшалай қаражатпен 41 млн АҚШ

<sup>1</sup> Бейнеу-Шымкент газ құбыры" (БШГ) 227 млрд теңге (540 млн АҚШ доллары) сомасындағы синдиқатталған қарыз бойынша көпілдік міндеттемелердің номиналды сомасын, "Астана Газ ҚМГ" АҚ 1,9 млрд. теңге (4,4 млн. АҚШ долл.) сомасындағы қарызы бойынша көпілдікті міндеттемелерді және 62 млрд. теңге (148 млн. АҚШ) сомасындағы жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

долл. мөлшеріндегі дисконтық баға бойынша соманы төледі (17 млрд теңге).

2020 жылдың қазанында Компания бір мезгілде 906,6 млн АҚШ доллары сомасына (392 млрд теңгеге тең) еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеумен және 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 3,5%-тік купон мөлшерлемесімен және 2033 жылы өтеу мерзімінен 750 млн АҚШ доллары сомасына (322 млрд теңгеге баламалы) еурооблигациялар шығарды. Халықаралық инвесторлар тарапынан айтарлықтай сұраныс "ҚазМұнайГаз" тарихындағы АҚШ долларындағы ең төмен кірістілікті белгілеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, соңғы шығарылымның кірістілігі транзакция көзінде өтеу мерзімі 10 жылдан асатын еурооблигациялардың жаңа шығарылымдары үшін ТМД елдері эмитенттерінің арасында ең төмен болып табылады.


#### Нәтижесінде:

- ◆ ҚМГ сыртқы қарыздарын өтеу кестесін тегістелді;
- ◆ қазіргі уақытта Компанияда 2025 жылға дейін біржолғы ірі сыртқы өтеу телемдер жоқ;
- ◆ борышқорлық жүктеме анағұрлым ұзақ мерзімді қарыз алу басым болатын бақыланатын деңгейде болады;
- ◆ ҚМГ үшін қарыз алудың орташа алынған құны төмендетілді;
- ◆ ковенант пакеті жақсартылды.

### Таза қарыз

ҚМГ-нің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза берешегі 2 594 млрд теңгені (6 162 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткіштен 9,9%-ке жоғары (долларлық мәнде 0,2%-ке төмендеу).

#### Номинал бойынша қарызды өтеу кестесі, млн АҚШ долл.



#### Жалпы қарыздың өзгеруі, млн АҚШ долл.



Негізгі қарызды  
өтеу және алу

- 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек
- Облигациялар
- Қарыздар
- KMGI
- НК «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, АМӘЗ
- КТГ
- Өзгелері<sup>2</sup>
- 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек
- Облигациялар
- Қарыздар

#### Таза қарыз, млн АҚШ долл.



<sup>1</sup>. Дәнгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

<sup>2</sup>. Өзгелері валютаны қайта есептеді, бағамдық айырмадан түсетін пайданы/залаалды, сыйакы есептеді, сыйақыларды капиталдан-дыруды, басқа еншілес үйымдардың негізгі берешегін өтеуді және ұлғайтуды қамтыды.

<sup>3</sup>. KMG International несиелік желілерін, овердрафттарын және аванс беру бойынша міндеттемелерін қамтывайды

Компания өндірістік персоналды ел үшін қызын үақытта қысқартпады және өзіне алған барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындады. Сонымен қатар, Компания қызметкерлер мен олардың отбасыларының денсаулығы мен қауіпсіздігіне бағытталған және COVID-19 таралуын барынша азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.



# ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТА- МАСЫЗ ЕТУ



Компания орнықты дамуға және ESG факторларының компания қызметіне интеграциялануына ерекше көніл бөледі. Компанияның 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында ҚМГ орнықты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. 2020 жылға қарай ҚМГ Директорлар кеңесі корпоративтік ҚНК – ESG-рейтингін шекті 60 балл мән деңгейінде бекітті.



2020 жылы ҚМГ Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігінің 100-ден 69 балл деңгейінде бағалаудан сәтті өтті. ESG-рейтингінің құрамадас бөлігінде ҚМГ келесі бағаларды алды: экологиялық құрамушы 69, әлеуметтік – 70, корпоративтік басқару — 67 деңгейінде.

Сонымен қатар, ҚМГ 34,5 балл деңгейінде ESG-тәуекел-рейтингісін алды, бұл басқарылмайтын ESG-тәуекелінің жоғары деңгейін көрсетеді. Компания тәуекел деңгейі бойынша бес санаттың төртіншісіне кірді. Sustainalytics талдаушылары ҚМГ-дегі ESG-тәуекелдерді басқаруды "мықты" дәп бағалады. Бұл ретте тәуекелдерге бастапқы ұшырағыштық "жоғары" дәп бағаланды. ҚМГ рейтингінің жоғары мәні негізінен менеджмент бақылай алмайтын салалық тәуекелдермен байланысты.

ҚМГ үшін негізгі ESG сын-тегеуріндері операциялық қызметтен көміртек шығарындылары және Компания өнімін пайдаланудан



шығарындылар, сондай-ақ қызметті жүргізу өнірлеріндегі қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынастар болып табылады.

ҚМГ орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процесстерге, операциялық қызметке енгізу және интеграциялау бойынша өзінің бағыттылығын төмөндетпей, БҮҰ Жаһандық шартының он қағидатын және орнықты дамудың 17 жаһандық мақсатын (ОДМ) ұстануына қатысты белсенді жұмысын жалғастыруда. 2020 жылы ОДМ-ды Компанияның бизнес-процесстеріне интеграциялау процесі басталды. 2025 жылға дейінгі алты басым ОДМ айқындалды, мақсаттардың негізгі кіші тапсырмалары белгіленді.

ҚМГ ESG-тәуекел-рейтингісімен Sustainalytics рейтингтік агенттігінің веб-сайтында танысуға болады:  
<https://www.sustainalytics.com/esg-ratings/>.

2019 жылғы орнықты даму туралы есеппен Компанияның веб-сайтында танысуға болады:  
[https://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe\\_razvitiie/reports/](https://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe_razvitiie/reports/).

Сондай-ақ Компанияның орнықты даму туралы жыл сайынды есеп 6810 прогресс туралы хабарлама болып табылады:  
<https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810>.

<sup>1</sup> ESG тәуекелдерінің рейтингі Компанияның, экономикалық құны ESG факторларына байланысты тәуекелге үшырау дәрежесін елшейді. факторлары ESG.

Орнықты даму мақсаттары	Басым міндеттер	КМГ салымы
	<p>3.6. 2020 жылға қарай бүкіл өлемде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен жаракат санын екі есе азайту</p> <p>3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржы тәуекелдерінен қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуі және барлығына негізгі қауіпсіз, тімді, сапалы және әрзан дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуі қамтамасыз ету</p> <p>3.9. 2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың, ауданын, судың және топырақтың ластану мен улану салдарынан өлім мен аурудың санын едәуір қысқарту</p>	<p>Компанияда көлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған "Сапарларды басқару" жобасы іске асырылуда. КМГ компаниялар тобында жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті және Жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат езектенедірліді және бекітілді.</p> <p>Көптеген жылдар бойы КМГ қызметкерлері денсаулықты медициналық сақтандырумен қамтывылды. Қызметкерлердің тегін медициналық тексеру және вакцинациялау тұрақты негізде жүргізіледі.</p> <p>Өндірістік обьектілерде еңбек жағдайын жақсарту және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру жүргізілуде.</p> <p>"Сауықтыруға 10 қадам" бастамасының және зардап шеккен қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті үйімдестіруға, медициналық пункттерді жарақтан-дышура және шұғыл медициналық дең кою жоспарының мазмұнына бірыңғай талаптарды белгілейтін шұғыл медициналық көмекті үйімдестіру бойынша Стандарттың іске асырылуын бақылау және оған мониторинг жүзеге асырылады.</p> <p>Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ресімдер мен бастамаларды тұрақты түрде қайта қараша және жақсарту жүргізілуде.</p> <p>Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы және ұстанушылығы кодексі енгізілуде және іске асырылада.</p> <p>Салдары жоқ оқиғалар бойынша есептілік бағдарламасы (Near Miss) іске асырылада.</p> <p>"Қорғау" картасы қолданылады, ол қауіпті жағдайды / қауіпті мінез-кұлқыты / қауіпті іс-әрекетті / қауіпті факторды анықтауда және олар туралы хабарлар етуге бағытталған жұмыстарды үйімдестіру тәртібін айқындаиды.</p> <p><b>Толығырақ ақпарат "Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау" және "ДС, ӨК және КОК" бөлімдерінде</b></p>
	<p>7.1. 2030 жылға қарай арзан, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауда жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету</p>	<p>2017 жылдан бастап КМГ-де КМГ-нің еншілес және төуелді үйімдарының, оның ішінде бірлесіп бақыланатын үйімдары мен бірлескен кәсіпорындарының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған жол картасы қолданылуда.</p> <p>Энергия үнемдеу жөніндегі Жол картасының мақсаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ жоғары басшылықтың жауапкершілігін арттыру, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі үшін жауапты басшыларға энергия тиімділігі бойынша ҚНК енгізу;</li> <li>◆ энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ энергия үнемдеу іс-шараларын жүргізуін, энергетикалық тиімділігін арттыру есебінен төлем жүктемесін азайту.</li> </ul> <p>КМГ компаниялар тобынан, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамыту-дың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке, оның ішінде ИМГ пайдалана отырып, генерациялау көздерін дамыту.</p> <p>2017-2020 жылдары энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 263 іс-шара орындалды.</p> <p>2019-2020 жылдары КМГ кәсіпорындарында энергетикалық аудит жүргізілді, энергетикалық аудиттердің нәтижелері бойынша келесі бес жылда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды енгізу ұсынылатын болады.</p>
	<p>7.b. 2030 жылға қарай дамушы өлдерде, атап айтқанда неғұрлым төмен дамыған өлдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және төңізге шыға алмастын дамушы өлдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және орнықты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту</p>	<p>КМГ Компанияның өндірістік активтеріне жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) элементтерін енгізу мүмкіндіктерін зерделеуде.</p> <p><b>Толығырақ ақпарат "ДС, ӨК және КОК" бөлімінде.</b></p>

**Орнықты даму  
мақсаттары**

**Басым міндеттер**

**ҚМГ салымы**



Үдайы, жан-жақты  
және орнықты  
экономикалық  
есуге, тоłyқ және  
өнімді жұмыспен  
қамтуға және  
барлығына  
лайықты жұмыс  
істеуге  
жәрдемдесу

8.5. 2030 жылға қарай бар-  
лық өйелдер мен ерлер, оның  
ішінде жастар мен мүгедек-  
тер үшін тоłyқ және өнімді  
жұмыспен қамтуды және лай-  
ықты жұмысты және құндылығы  
бірдей еңбек үшін тен, ақы  
төлеуді қамтамасыз ету

8.6. 2020 жылға қарай жұмыс  
істемейтін, оқымайтын және  
кәсіби дағдыларға ие болмай-  
тын жастардың үлесін едәүір  
қысқарту

8.8. Еңбек құқықтарын қорғау  
және еңбекші көшіп-конушы-  
ларды қоса алғанда, бар-  
лық еңбекшілер, әсіресе  
көшіп-конушы өйелдер мен  
тұрақты жұмыспен қамты-  
маған адамдар үшін сенімді  
және қауіпсіз жұмыс жағдай-  
ларын қамтамасыз етуге  
жәрдемдесу

Қызметкерлерді үздіксіз оқыту және қызметкерлердің қанағаттануышылығы мен  
өнімділігін арттыру "Әзірлеу инженері", "Көсіби шебер" және т. б. техникалық құзы-  
реттерді дамыту бағдарламасын қоса алғанда, әрқашан ҚМГ-нің басты назарында  
болады.

Компания корпоративтік мәдениет деңгейін жақсарту және әлеуметтік тұрақтылық  
пен өндірістік қатынастар деңгейін арттыру бойынша жоспарларды іске асырады.

ҚМГ компаниялар тобында жас мамандарды ротациялаудың "Жас Өркен" бағдар-  
ламасы қолданылып жатыр. Оның мақсаты – Қазақстанның дарынды жастарын  
дамыту.

Дарынды жастарды ақпараттық технологиялар мен цифрландыру бағытында  
дамыту мақсатында 2018 жылы "Цифрлық жаз" бағдарламасы іске қосылды, оның  
міндеті – жас мамандарды цифрландыру жобаларына тарту.

ҚМГ ЕТҰ қызметкерлерін әлеуметтік колдау олардың ұжымдық шарттарында және  
әлеуметтік колдау көрсету қағидаларында белгіленеді. ҚМГ компаниялар тобының  
барлық кәсіпорындары бойынша әлеуметтік колдау түрлері мен нормаларын біріз-  
дендіру мақсатында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік колдау көрсетудің үлгілік  
қағидалары қабылданады.

Еңбекті корғауды басқарудың бірыңғай жүйесі бойынша үздік тәжірибелер бел-  
сенді енгізілуде.

Толығырақ ақпарат "Персоналды дамыту" және "ДС, ӨК және ҚОК" бөлімдерінде.



Берік  
инфрақұрылым  
кұру, барлығын  
қамтитын және  
тұрақты инду-  
стрияландыру  
мен инноваци-  
ларға  
жәрдемдесу

9.1. Экономикалық даму мен  
адамдардың әл-ауқатын  
қолдау мақсатында, бар-  
шага арнаған арзан және  
төн құқылы колжетімділікті  
қамтамасыз етуге ерекше  
назар аудара отырып,  
өнірлік және трансшека-  
ральк инфрақұрылымды  
қоса алғанда, салапы,  
сенімді, орнықты және берік  
инфрақұрылымды дамыту

9.b. Дамуши елдердегі отан-  
дық технологиялар сала-  
сындағы әзірлемелерді,  
зерттеулер мен инноваци-  
ларды, оның ішінде өнер-  
кәсіпті әртаратандыруға  
және шикізат салаларында  
қосылған құнды ұлғайтуға  
қолайлы саяси ахуал жасау  
арқылы колдау

ҚМГ қызметкерлердің, еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту үшін өндірістік (база,  
шеберханалар және т.б.) және өндірістік өмес мақсаттағы (жатақхана, асхана)  
объектілердің құрылышын және күрделі жөндеуді жүргізеді. Бұл ретте қатысу өнір-  
лерінде инфрақұрылымды дамытуға манызды көніл белінеді.

ҚМГ цифрлық трансформация бағдарламасы ғылыми зерттеулерді көнектігүе,  
өнеркәсіптік секторлардың технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді.  
ҚМГ ғылыми зерттеулерге және осы саладағы жергілікті әлеуетті арттыруға комакты  
каражат инвестициялайды. Өнеркәсіптік әртаратандыруды қамтамасыз ету үшін  
отандық технологиялық қуаттарды дамыту елдегі климаттық жағдайға да он әсер  
етеді.

Толығырақ ақпарат "Персоналды дамыту", "Цифрлық трансформация"  
бөлімдерінде.

Орнықты даму мақсаттары	Басым міндеттер	КМГ салымы
 <p><b>13</b> КЛИМАТТЫҢ ӨЗЕРГЕУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КУРСЕС</p> <p>Климаттың, өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес бойынша шұғыл шарапалар қабылдау</p>	<p>13.2. Климаттың өзгеруіне дең кою шарапалың ұлттық деңгейдегі саясатқа, стратегияларға және жоспарлауда енгізу</p>	<p>КМГ шығарындыларды азайту, энергия тиімді инвестициялар бағдарламасын құру, оның прогрессін бағалау және басқа өлемдік компаниялармен озық тәжірибе алмасу арқылы климаттық тәуекелдерді басқаруға ұмытылады.</p> <p>Компанияда шығарындыларды басқару саясаты бекітілді. Негізгі сегіз қағидаттан тұратын саясат, олардың алтасы климаттың өзгеруіне тікеleй қатысты, тұракты алауды тоғызымен тоқтатуға бағытталған.</p>
 <p><b>15</b> ҚУРЛЫҚТЫҢ ЖҮЙЕСІН САҚТАУ</p> <p>Қурлыштың, экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлеліттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату мен көрі бұры және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату</p>	<p>13.3. Білім беруді, ақпарат таратуды және адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеру еткілігін жұмысарту және салдарын өлсірету, оларға бейімделу және өрте алдын алу бойынша мүмкіндіктерін жақсарту</p>	<p>2020 жылғы тамызда КМГ Рұмынія мен Грузияда ЕТҰ-ны қоса алғанда, барлық КМГ активтері бойынша парниктік газдардың тікеleй және жағама шығарындыларының көлемі туралы деректерді қамтитын CDP Климаттық сауланамасы шенберінде 2019 жылғы парниктік газдар шығарындылары бойынша есеп жариялады.</p> <p>КМГ Қазақстан Республикасының су ресурстарын сақтауға өз үлесін қосуға ииетті екенін ресми түрде мәлімдеді. 2020 жылды су ресурстарын басқару жөніндегі деректер 2019 жылдың корытындысы бойынша су қауіпсіздік жөніндегі сауланама шенберінде CDP алаңында жарияланды.</p>
		<p><b>Толығырақ акпарат "ДС, ӨК және КОК" бөлімінде.</b></p> <p>КМГ ластаушы заттардың төгінділерін азайтуға және табиги көздерден су ауды азайтуға бағытталған жобалар іске асырылада:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ АМӘ3 "Тазалық" ластаушы заттардың төгінділерін қысқарту және суды үнемдеу жөніндегі жоба;</li> <li>◆ КБМ тұщыландыру зауытының құрылышы.</li> </ul> <p>Суды қайта пайдалану және айналмалы сүмен жабдықтау бойынша іс-шашаралар жүргізілді. Тарихи мұнай қалдықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ мұнаймен ластаңған жерлерді қалпына келтіру жобаларын іске асыру.</p> <p>Катысатын өнірлерде биоэртурлілікті колдана бойынша басым салалар айқындалды.</p> <p>Жануарлар мен есімдіктер әлеміне ықтимал теріс әсерді азайту бойынша іс-шашаралар жүргізілді.</p> <p><b>Толығырақ акпарат "ДС, ӨК және КОК" бөлімінде.</b></p>

2021 жылғы орнықты даму саласындағы бастамаларды бекіту және іске асыру бойынша мақсатты жұмыс жоспарлануда. Бастамалар орнықты даму саласындағы нәтижелілікті жоспарлы жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Орнықты даму саласындағы басқару жүйесін қалыптастыруды жағаластыра отырып, 2020 жылғы КМГ Директорлар кеңесі КМГ компанияларының тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылықты бекітті. Осы Басшылық орнықты дамудың

элементтері мен қағидаттарын енгізуге, сондай-ақ Компанияда орнықты даму жөніндегі іс-шашаралардың тиімділігін жүйелі бағалауда мүмкіндік береді. Орнықты даму жүйесін қалыптастырумен қатар орнықты даму мәдениетін арттыруға үлкен көніл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін тұрақты негізде орнықты даму бойынша оқу курстары өткізіледі.

КМГ мұдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, өз қызметтінің ашықтығы мен айқындығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмытылады. Жыл сайын GRI халықаралық стандарттарына сәйкес орнықты даму туралы есепте Компания жұмысының барлық елеулі аспекттері туралы акпарат ашылады. Бұл қызметтің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспекттері арасындағы тепе-тәндікті сақтауға мүмкіндік береді.



Компанияның веб-сайтында 2019 жылғы орнықты даму туралы есеппен танысуға болады: <https://www.kmg.kz/rus/usloichivoe Razvitiye/reports/>.

Сондай-ақ Компанияның орнықты даму туралы жыл сайынғы есеп БҰҰ Жаһандық шартты шенберіндегі прогресс туралы хабарлама болып табылады: <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810>.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ (ДС, ӨК ЖӘНЕ ҚОҚ)

### ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

#### Корпоративтік басқарудың заманауи жүйесі және орнықты даму қағидаттарына адалдық

КМГ коршаган ортандың жай-куйі және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша қазіргі және болашақ үрпақтар алдындағы өзінің бейілділігі мен жауапкершілігін мойындаиды.

#### Негізгі көрсеткіштер

##### Әлеуметтік көрсеткіштер

Көрсеткіші	2018	2019	2020
Жұмыс үақытын жоғалтумен байланысты жазатайым жағдайлардың коэффициенті (LTIR)	0,32	0,31	0,22
Өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)	0,65	1,28	0,00
Өлім жағдайларының саны	1	2	0

##### Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2018	2019	2020
1 мың тонна КСШ өндіруге шаққандағы NOx, шығарындылары	0,20	0,21	0,22
1 мың тонна КСШ өндіруге шаққандағы SOx, 1 мың тонна КСШ өндіруге шаққандағы	0,25	0,20	0,23
1 мың тонна КСШ өндіруге шаққандағы ИМГ жағу қарқындылығы	6,00	2,95	2,2

#### Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу



Дүниежүзілік банктің "2030 жылға қарай ілесе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтатқаны үшін" атты бастамасы



БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы 17 мақсатының бастамасы



#### CDP Климаттық бағдарламасы



Метан деңгейін төмендету бойынша жаһандық бастама

#### Caspian Environmental Protection Initiative – CEPI



International Association of Oil & Gas Producers


# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ (ДС, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ)

Компанияда Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO 14 000 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының, талаптарына сәйкес, үздік әлемдік практикалар мен тәсілдерді, ұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастырының (IOGP) ұсынымдарын пайдалана отырып әзірленген денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаган ортанды қорғау бойынша менеджмент жүйесі (МЖ) жұмыс істейді. Бұл жүйе көшбасшылық, мақсатқа қол жеткізу, тәуекелдерді басқару және үнемі жетілдіру сияқты іргелі қағидаттарға негізделетін негізгі 10 элементті қамтиды.

2006 жылдан бастап ҚМГ-де ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 (ИБЖ) талаптарына сәйкес сапа, қоршаган ортанды қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында интеграцияланған басқару жүйесі енгізілді. Энергия тұтынудың елеулі деңгейі бар ETI ISO 50001 стандартына сәйкес келу мәніне сертификатталған. ИБЖ тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растайды.

ҚМГ менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздік менеджменті жүйесін ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келу мәніне сертификаттау бойынша жұмысты бастады. Сертификат 2021 жылдың 1-тоқсанында қабылданады деп күтілуде.

## ДС, ӨҚ және ҚОҚ менеджменті жүйесінің құрылымы және ең үздік салалық практикаларды енгізу



1. ЕҚОҚ - еңбекті және қоршаган ортанды қорғау

ету және пандемияға қарсы іс-қимыл саласындағы көптеген тәсілдерін ең үздік практика ретінде қабылдады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында, егжей-тегжейілі ақпараттық есептер – ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚБЕҚОҚД-да ай сайын қаралады. 2020 жылы ҚБЕҚОҚД отырыстарында келесі негізгі тақырыптар бес отырыста егжей-тегжейілі талқыланды:

- ◆ ілеспе мұнай газының пайдалы пайдаланылуын арттыру;
- ◆ экологиялық рейтинг нәтижелері;
- ◆ биоәртүрлілікті сақтау;
- ◆ су ресурстарын басқару;
- ◆ климаттың өзгеруі туралы мәселе.

Тоқсан сайынғы негізде экологиялық тәуекелдерді, климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, ӘК, ЕжҚОҚ саласындағы тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі. ҚМГ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үнәмі талдайды, мұнай-газ саласындағы жетекші халықаралық қауымдастықтардың (IOGP, IPIECA, CDP) үкісес көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді, өндірістік объектілердің аудиттерін жүзеге асырады. Компания экологиялық аспектілерге және экологиялық тәуекелдерді бағалауға баса назар аударады. Қаздеп отырған қызметтің қоршаған ортаға тигизетін әсерін бағалау жобалары өзірленеді, қоғамдық тыңдаулар өткізіледі және табиғатты қорғау іс-шаралары іске асырылады.

2020 жылы ҚМГ-де ӘК, ЕжҚОҚ басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ үздік халықаралық салалық практикаларды енгізу бойынша біршама жұмыс атқарылды. Соның аясында бірқатар корпоративтік құжаттар өзірленіп, бекітілді. Сондай-ақ ҚМГ Стратегиясының басымдықтарына сәйкес ӘК, ЕжҚОҚ жөніндегі саясат, ӘК және ЕК бойынша жекелеген саясаттарға және Экологиялық саясатқа бөлінді, олармен ҚМГ корпоративтік сайтында танысуға болады.

ӘК, ЕжҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру. 2020 жылы келесі корпоративтік құжаттар өзірленеді, өзектендірілді және бекітілді:

- ◆ ҚМГ компаниялар тобында ӘК, ЕжҚОҚ саласындағы тәуекелдер бойынша коммуникация және хабардарлық жоспары;
- ◆ "ҚМГ компаниялар тобындағы еңбекті қорғауды басқарудың бірынғай жүйесі" корпоративтік стандарты;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында ӘК, ЕжҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобы үшін "Қорғау" картасын қолдану регламенті;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында ӘК, ЕжҚОҚ саласындағы құзыреттердің қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт;;
- ◆ "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты;
- ◆ "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ экологиялық саясаты;
- ◆ "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты;
- ◆ "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ алкоголь, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың аналогтарына қатысты саясат;
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында жерусті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті;
- "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығы.
- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығы



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

### 2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

SOx  
шығарындыларының  
қарқындылығы

**0,23**  
(IOGP — 0,20)

NOx  
шығарындыларының  
қарқындылығы

**0,22**  
(IOGP — 0,32)

Ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағу  
қарқындылығы

**2,2**  
(IOGP — 10,6)

ІМГ пайдалану  
коэффициенті

**98%**

Тарихи қалдықтар мен мұнаймен  
ластанған жерді өндеде:

**558,4 мың тонна**

(жоспар — 558,4 мың тонна)

Энергия тұтынуды азайту (2019  
жылмен салыстырғанда)

**14%**

CDP климаттық рейтингі:

**«C»**

#### Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің 1 мың тонна м.б.

Жыл	SOx шығарындыларының қарқындылығы	NOx шығарындыларының қарқындылығы	ІМГ жағу қарқындылығы	ІМГ кәдеге жарату деңгейі, %
2016	0,39	0,24	12	86
2017	0,32	0,25	11	85
2018	0,25	0,20	6	93
2019	0,20	0,21	2,95	97
<b>2020</b>	<b>0,23</b>	<b>0,22</b>	<b>2,2</b>	<b>98</b>



1. Компанияның баспасөз релиздерінде бұрын жарияланған көрсеткіштер алдын ала деректер бойынша есептелген.
2. Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастырының (IOGP) 2019 жылғы қол жетімді көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).
3. IOGP-дің 2019 жылғы қол жетімді көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).

ӘК, ЕжқОҚ мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар Компанияның даму стратегиясымен тікеleй байланысты. ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. Компания үшін қоршаган ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды алауда жағуды қыскарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару, жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру болып табылады.

Стратегия басымдықтарына сәйкес ӘК, ЕжқОҚ жөніндегі саясат 2020 жылғы Директорлар кеңесі бекіткен ӘК және ЕК жөніндегі және Экологиялық саясат болып, жеке-жеке саясатқа бөлінді. ҚМГ мен оның ЕТҰ басшылығы қоршаган ортандың ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын үстанады.

2015 жылды ҚМГ Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату жөніндегі бастамасын қолдады. Жоғарыда аталған бастаманы іске асыру шенберінде 2019 жылды ҚМГ-дегі шығарындыларды басқару саясаты бекітілді. Негізгі серіз қағидаттан тұратын саясат, олардың алтасуы климаттың, өзгерүіне тікеleй қатысты, тұрақты алауды толығымен тоқтатуға бағытталған.

2020 жылы алғаш рет ҚМГ компаниялары тобының енбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау менеджмент жүйесі жөніндегі басшылығының бөлігі болып табылатын қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі корпоративтік стандарт әзірленді және Басқарма шешімімен мақұлданды. Стандарт көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау процесінің корпоративтік қағидаттарын айқындауды, ҚМГ компаниялары тобының, ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлері мен мердігерлерінің, оның ішінде қызметті техникалық құжаттаманы және қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарын әзірлеумен, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды үйімдастырумен және жүргізумен, сондай-ақ әмиссияларға рұқсат алушмен байланысты жобалау үйімдарының қызметтің регламенттейді.

Экологиялық көрсеткіштерді жақсарту бойынша, сондай-ақ осы саладағы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚМГ Ресейдің WWF, Ұлттық рейтингтік агенттік және Creon Group тәуелсіз сарапшыларының бағалау нәтижелері бойынша төртінші жыл қатарынан Қазақстан Республикасының мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпараттарының ашықтығы рейтингінде бірінші орын алады.

Рейтинг әдістемесі корпоративтік практикада сыналды және екінші жыл қатарынан "Интергаз Орталық Азия" АҚ басқарған ҚМГ ЕТҰ арасында ішкі рейтинг жүргізілде, сондай-ақ көшбасшылар үштігіне "Ембімұнайгаз" АҚ мен "КазТрансОйл" АҚ кірді.

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жағастырады, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мұдделі тараптармен диалог жүргізеді, сол арқылы Компанияның экологиялық саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындауды.

Баку қаласында 2020 жылы 14 қыркүйекте "КазМұнайГаз" ҰК АҚ, Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor Apsheron AS және TOTAL E&P Absheron B. V. арасында өзара түсініктік туралы меморандумға қол

қойылды. Бастаманың негізгі мақсаттары қоршаған ортаны қорғау және аймақта жұмыс істейтін халықаралық мұнай компанияларын бірлесіп зерттеу үшін алғашқы платформа құру болып жарияланды.

Қатысушы компаниялардың қызметті Каспий өнірінің экологиялық орнықтылығына қатер төндіретін климаттың өзгеруі проблемасын шешу және қоршаған ортаға парниктік газдар мен зиянды заттар шығарындыларының, алдын алу мақсатында бірлескен белсенді құш-жігерге бағытталатын болады. Бұдан басқа, CEPI шенберіндегі ынтымақтастық қоршаған ортаны қорғау саласындағы озық әдістерді, стандарттар мен технологияларды зерттеуді және қолдауды, климаттың өзгеруіне карсы күрес бойынша бірлескен профилактикалық шарапаларды әзірлеуді және іске асыруды, ақпараттық-ағартушылық және насиҳаттық науқандарды үйімдастыруды, енірдегі мұдделі тұлғаларды және реттеуші органдарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысуға тартуды және т. б. көздейді.



## ҚМГ-ДЕПІ "ЖАСЫЛ КЕҢСЕ" ҚАҒИДАТТАРЫ

"Жасыл кеңсе" қағидаттары барлық ресурстарды үнемді тұтынудан және қоршаған ортага қамқорлық көрсетуден тұрады. ҚМГ "Жасыл кеңсе" талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде, олар жұмыс жағдайын үнемі жақсарту, жайлылық, еңбек өнімділігін арттыру, дизайн және сәулет, көгалдандыру, тұрғын ортаның сапасы, демалыс үшін мүмкіндіктер іс-шарааларын қамтиды.

Бұғынгі таңда келесі іс-шараалар енгізілді:

- ◆ қағаз, пластик, әйнек және металл қалдықтарын бөлек жинауға арналған кабинеттерде, дәліздерде, фойеде, паркингте экоурана орнату;
- ◆ әр айдың қорытындысы бойынша қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі бейнеролікті лифттерде, "Изумрудный" бизнес-орталығының фойесінде орнатылған дисплейлерде жарықтандыру»;
- ◆ жұмыс күнінің соңына қарай қызметкерлердің мониторларында компьютерлер мен техниканы ажырату қажеттілігі туралы қалқымағын тереңе;
- ◆ ағаш сақтау қажеттілігі туралы ұрандар бар жапсырма, басып шығару көлемін азайту, екіжақты және ак-қара басып шығаруды пайдалану, құпия ақпараты жоқ жобалардың артында бейресми құжаттарды басып шығару;
- ◆ Қызметкерлердің ағзасын дербес компьютерлердің зиянды әсерінен қорғау мақсатында дербес компьютерден бес минут үзіліс жасау мен сағат 11 және 16.30-да жаттығу жасау қажеттілігі туралы қалқымағын тереңе;
- ◆ 10:00 және 15:00 сағатта қызметкерлердің мониторларында қалқымағын ескеरту тереңесі "Бетперде тағызыз. Әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз. Колыңызды жиі жуып, зарарсыздандырыңыз»;
- ◆ ҚМГ қызметкерлері үшін "Экология" тақырыбында 2021 жылға арналған күнтізбе жобасы әзірленді;
- ◆ хабардараптық және ақпараттылықтартыру бойынша науқан өткізіледі, "Жасыл кеңсе" тұжырымдамасы бойынша плакаттарды, брошуруларды, бейне және презентацияларды ішкі тарату жүргізіледі;
- ◆ "Жасыл кеңсе" шенберінде 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ корпоративтік орталығының ғимаратында 920 кг макулатура (оның ішінде ҚМГ — 561 кг), 844 кг пластик (ҚМГ — 555 кг), 32 кг әйнек және 45 кг полиэтилен жиналды, бұл сегіз ағашты кесуден сақтауға, 16 870 л суды, 844 кВт электр энергиясын үнемдеуге



- және СО<sub>2</sub> шығарындыларын 1 434 кг-ға қысқартуға мүмкіндік берді.
- ◆ жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жөнінде "Кіріспе нұсқаулық" бағдарламасына кеңседе қалдықтарды бөлек жинауға арналған экоураналар бойынша слайдтар және т.б. қосылды.

### МАКУЛАТУРА ТАПСЫРУДАН САҚТАЛҒАН ПЛАНЕТА РЕСУРСТАРЫ



**8** ағаш

кесуден сақтанды

Су үнемдеу,  
**16 870** ʌ

**844** кВт

Электр энергиясын  
үнемдеу

**1 434** кг.

СО<sub>2</sub> шығарындыларын  
қысқарту



## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

- ◆ Тарихи ластану, сондай-ақ қоршаған ортаға тиетін өсөр көздерін жою (бос тұрған үнғымалар, ағынды су жинақтағыштары, полигондар мен өзге де өндірістік объектілер).
- ◆ Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, мысалы, отын мазутын отын/табиғи газға ауыстыру (технологиялық пештердегі отын ретінде), жаңа буын қосындыларын пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды ауыстыру, газ өндеу бойынша өндірістік қуаттарды кеңейту, газ өндеу бойынша қондырылар салу және т. б.
- ◆ Ластағыш заттарды тастылындыларын қысқарту: «Газалық» жобасы: АМӘЗ ағынды су тазарту құрылыштарын жаңғырту және «Тұхлая балқа» буландыру алқаптары қалпына келтіру.
- ◆ "Жасыл кенсе" қағидаттарын енгізу және экологиялық мәдениет пен хабардарлықты арттыру.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ МӘСЕЛЕЛЕРИ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ



Персонал манызды актив болып табылады, сондыктan да ҚМГ компаниялар тобында ӨК, ЕжКОК мәселеleрін оқытудағы қажеттілік сұранысқа ие болып қала береді. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселеleрі бойынша оқу өтіп жатыр.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының 100 172 қызметкерін оқытуға 671 341 мың тенге жұмысалды. Оның ішінде ӨК, ЕжКОК бағыттары бойынша келесі негізгі бизнес-бағыттар бойынша: "Өндіру" – 255 728 мың тенге, "Тасымалдау" – 161 670 мың тенге, "Өндеу" – 44 039 мың тенге, "Сервис" – 182 341 мың тенге, ҚМГ Корпоративтік орталығы – 27 565 мың тенге.

### Қызметкерлердің оқу шығыстары

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Оқудан өткен қызметкерлер саны	114 971	130 615	100 172
Сома, мың тенге	1 097 877	1 179 877	671 341

### Негізгі бизнес-бағыттар бойынша ЕК, ӨК және ҚОӘБ бойынша оқу

Бизнес-бағыт	Қызметкерлер саны	Сомасы, мың тенге
Өндіру	36 263	255 728
Тасымалдау	23 840	161 670
Өндеу	7 599	44 039
Сервис	31 686	182 341
ҚМГ корпоративтік орталығы	784	27 565

ҚМГ компанияларының тобында енгізілген жеке алты оқу-курс комбинатының/орталығының базасында «70/20/10 – жұмыс орнында/іштей/сырттай оқу» деген оқу моделі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселеleрі бойынша оқу өтіп жатыр.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-та (Жанаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ-та (Ақтау қ.), «Интергаз Орталық Азия» АҚ-та (Атырау қ., Шымкент қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) мен «Oil Services Company» ЖШС-да (Ақтау қ.) жеке оқу-курс комбинаты/орталықтары бар.

Қазіргі бар оқытушылар құрамынан басқа, орталықтарға персоналды оқыту және олардың біліктілігін арттыру үшін орталықтарға желілік басшылар және үлкен өндірістік өтілі бар өндірістік персонал арасынан жоғары біліктілігі бар мамандар да тартылады.

Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік пен ішкі тренерлік бағдарламалары іске асырылып жатыр, мастер-кластар мен тренингтер, үздік қызметкерлер арасында өр түрлі конкурстар өткізіледі, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіру және персоналдың, өз кәсібінде ең үздік болуға үмтүлсызын ынталандыруға мүмкіндік береді.

### ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ БаҒДАРЛАМАЛАРЫ

ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын жалғастыруда. Корпоративтік орталық энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинаиды және талдайды, прогресті қадағалайды және жаксарту үшін мүмкіндіктерді сәйкестендіреді, өткен кезеңмен және саланың үқсас компанияларының көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 "Энергетикалық менеджмент жүйесі" халықаралық стандартының өдіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша үздік жалпыға танылған халықаралық практика болып табылады.



## Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының көрсеткіштерін орындау

2020 жылы барлығы 156,6 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстар (2019 жылға қарағанда 14%-ке аз), оның ішінде электр энергиясы – 13,2 млн ГДж, жылу энергиясы – 4,2 млн, мотор отыны – 1,5 млн, қазандық-пеш отыны – 137,7 млн ГДж тұтынды. Энергия тұтыну көлемі үш бизнес бағыт арасында бөлінген: "Мұнай және газ өндіру", "Мұнай және газ тасымалдау" және "Мұнай және газ өндеу".

2019 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуі газ тасымалдау көлемінің қысқарады, сондай-ақ пандемияға байланысты КСШ өндірудің төмендеуімен байланысты. 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша меншікті өндірілетін энергия көлемі 406,0 млн кВт электр энергиясын және 4 096 мың Гкал жылу энергиясын құрады.

Инновациялық технологияларды қолдану және ЖЭК пайдалану мұнай-газ саласындағы салыстырмалы түрде жаңа, бірақ соған қарамастан перспективалы бағыт болып табылады.


ҚТГ-де, атап айтқанда еншілес үйімділдер – АГП мен ИОА-да енгізілген ЖЭК өткен жылдары тиімді жұмыс істеді: жану жүйесі және DLE шығарындыларының деңгейі төмен газ айдайтын агрегаттар (ГАА); реактивті құдатты (электр желілерінің реактивті өлшемдерін) етеуге арналған өтемдік құрылғылар; Waterkotte үлгісіндегі геотермалдық жылу сорғылары; монокристалды күн панельдері (батареялар); термоэлектр генераторлар (Closed Cycle Vapor Turbogenerator) және блок кешенді электр станциялары (Capstone), дербес режимде жұмыс істейтін; энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі (ЭРЕАКЖ), энергия үнемдейтін жарық беретін жарық көздерін қолдану.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылғы энергия көздері бойынша бөлінген генерациялайтын (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі:

- ◆ геотермалдық (жылу) энергиясын жылу сорғыларымен өндіру – 625,8 Гкал;
- ◆ күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – сафатына 111 352 кВт;
- ◆ электр энергиясын өндіру термоэнергия генераторларымен (ТЭГ – Ренкин циклы) – сафатына 1 154 510 кВт.

2020 жылы аумақтағы көшөлдерді жарықтандыру үшін ПКОП-тың күн панельдерімен электр энергиясын өндіруі сафатына 211 мың кВт құрады.

## Тұрларі бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %



16	Қазандық-пеш отыны
0	Бензин
4	От жағатын мазут
1	Дизельдік отын
0	Сүйытылған газ
3	Жылу энергиясы
9	Электр энергиясы
0	Мұнай
10	Бензинді газ
40	Табиғи газ
17	ІМГ

## Энергия сыйымдылығы

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша көмірсүткөтерді өндіру бағыты бойынша орташа энергия тұтыну өндірілген КСС тоннасына 2,2 ГДж құрады, бұл Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастырының (IOGP) көрсеткішінен 46%-ке жоғары, ол 2018 жылы өндірілген көмірсүткөтердің тоннасына шаққанда 1,5 ГДж болды. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын нақты тұтынудың артуы, ең алдымен, ескі кен орындарында өндірістің сулануының артуымен байланысты, өйткені өндірілетін сүйектіктың нақты тығыздығы және, тиісінше, өндірудің механикаландырылған өдістеріне тұтынудатын энергия артады.

ҚМГ компаниялары тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңартыру, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіруді және тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті, оның ішінде ИМГ пайдалана отырып, генерация көздерін дамыту.

2020 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 55 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың жылдық жоспарлы үнемдеуі 0,9 млн ГДж құрады, табиғи нысанда – 6,9 млн кВт электр энергиясы, 10,3 мың тонна отын газы, 11 803 мың м3 табиғи газ.



## КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

### Басқару

ҚМГ-нің үзақ мерзімді даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттар белгіленді:

- ◆ парниктік газдар шығарындыларын басқару;
- ◆ ілеспе мұнай газын тұрақты алауда жағуды қыскарту;
- ◆ өндірілген өнім көлеміне шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру.

ҚМГ мемлекет қабылдаған декарбонизация бағытын қолдайды.

Климаттың өзгеруі мәселелері стратегиялық деңгейде бақыланады: Директорлар кеңесі, ҚМГ Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны корғау және орнықты даму комитеті.

2020 жылы ЕКЕКОҚОДК отырыстарында келесі негізгі тақырыптар егжей-тегжейлі талқыланды:

- ◆ ілеспе мұнай газының пайдалы қолданылуын арттыру;
- ◆ су ресурстарын басқару;
- ◆ климаттың өзгеруі мәселелері.

### Тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс өсер етуі мүмкін ықтимал тәуекел оқиғаларын үақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған. Осы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Тәуекелдер жөніндегі есеп Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылады.

### Ақпаратты ашу

Қатарынан екі жыл көміртек белгілері есептелеуде. 2020 жылғы тамызда ҚМГ CDP (Carbon Disclosure Project) Климаттық сауалнамасы шенберінде парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді, парниктік газдар шығарындыларын басқару мәселелерін, Румыния мен Грузиядағы халықаралық активтерді қоса алғанда, ҚМГ-нің барлық активтері бойынша негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қамтитын 2019 жылғы парниктік газдар шығарындылары жөніндегі есепті жариялады.

Есепке көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>), азот оксиді (N<sub>2</sub>O) кіреді. Осы есепке сәйкес 2019 жылдың нәтижелері бойынша көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 9,7 млн тоннаны (2018 жылы – 9,3 млн тонна) құрады. Шығарындылардың ұлғаюы газ тасымалдау көлемінің есүіне және жаңа көздердің қосылуына байланысты. Метан мен азот шала тотығының мәндерін CO<sub>2</sub> эквивалентінің тоннасына ауыстыру кезінде шығарындылардың жаһандық коэффициенттерінің ағындағы мәндері пайдаланылады (метан – 28, азоттың шала тотығы – 256).

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жөніндегі деректер әрбір ЕТҰ бойынша аккредителген тәуелсіз ұйымдардың қорытындыларымен расталған. 2020 жылға арналған ақпарат CDP есебінде 2021 жылдың 3-тоқсанында ашылады. Ақпаратты ашу кезінде ҚМГ дәйектілік және салыстырмалылық қағидатын ұстанады, ақпаратты толық ашуды арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік аясын кеңейту бойынша жұмысты үздіксіз жүргізеді.

Атмосфералық ауаны корғау туралы толығырақ ақпарат Орнықты даму туралы есепте.



Атмосфералық ауаны корғау туралы толығырақ ақпарат Орнықты даму туралы есепте.

1. CDP – 2002 жылдан бастап инвесторлардың атынан көміртек шығарындылары мен климаттың өзгеруі туралы ақпарат жинаитын тәуелсіз коммерциялық емес үйім. Әлемдегі ең ірі экономикаларды ұсынатын мындаған үйімдар өздерінің көміртек шығарындыларын есепке алады және CDP көмегімен экологиялық сипаттағы ақпаратты ашады. Компанияларға олар ұсынған есептерді бағалау нәтижелері бойынша берілетін CDP Климаттық рейтингтерін жетекші ақпараттық-талдау агенттіктері (Thomson Reuters, Google Finance) қаржылық ақпаратпен бірге жариялады және активтер мен оларға байланысты тәуекелді бағалау кезінде инвесторлар ескереді.
2. Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты сілтемелер бойынша қолжетімді ҚМГ-нің жарияланған есептерінен алға болады: ҚМГ компаниялар тобындағы парниктік газдар шығарындылары бойынша 2019 жылғы есеп, CDP Климаттық сауалнамасы.



## Ілеспе мұнай газын ұтымды пайдалану

Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша біздің маңызды міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын (ІМГ) пайдалы пайдалануды және кәдеге жаратуды арттыру, алауда жағуды барынша азайту болып табылады. Шикі газды дамыту және қайта өндөу бағдарламаларының орындалған іс-шараларының нәтижесінде жылу және электр энергиясын өндіру үшін ИМГ өз қажеттіліктеріне пайдалану артты.

Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату 2020 жылы 98%-ті құрады, газды жағу көрсеткіші өндірілген КСС 1 мың тоннасына 2,2 тонна деңгейінде (2018 жылы – 6, 2019 жылы – 2,95), бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 24%-ке және IOGP орташа салалық көрсеткішінен 79%-ке төмен.

### Шикі газды алауда жағу көлемі

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020
Шикі газды алауда жағудың жалпы көлемі, млн м <sup>3</sup>	315,8	148,9	80,2	57,6
Шикі газды пайдалы пайдалану деңгейі, %	85	93	97	98
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген 1 мың тонна КСШ-ға шаққанда	11	6	2,95	2,2

Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайтуға тырысады. 2015 жылы КМГ Дүниежүзілік Банктің "2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық кәдеге жарату" бастамасын қолдады. Осы бастама шенберінде шикі газды жағу көлемдері бойынша есептілік жыл сайынғы негізде тапсырылады.



Нақтырақ ақпарат Орнықты даму туралы есепте.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

КМГ компаниялары тобының өндірістік объектілерінде айналымдағы барлық қалдықтарды, оның ішінде мердігерлік ұтымдардың қалдықтарын тұрақты есепке алу және бақылау жүзеге асырылады, олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, жыл сайын жаңадан түзілген, жинақталған және тарихи қалдықтарды өндөу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар қаржыландырылады. 2020 жылы Компания осы мақсаттарға 13 млрд теңgedен астам қаржы жұмсады.

Коршаған ортаның, сапасын жақсартудың, өзекті қажеттілігін ескере отырып және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету максатында КМГ жинақталған қалдықтардың, көлемін азайту, тарихи қалдықтарды жою және мұнаймен ластанған аумактарды тазарту жөніндегі жобаларды іске асырады.

Мұнай-газ өндіру активтерінде құрамында мұнайы бар қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жабдықталған полигондар бар. ӨМГ-де бес полигон, КБМ-де – жинақталған қалдықтары бар бір полигон болды, 2016-2019 жылдар аралығында аталған полигондар тазартылып, қалдықтар кәдеге жаратылды. ММГ құрамында мұнайы бар қалдықтармен 10 полигон болды, бүгінгі таңда барлық полигондар тазартылып, жойылды, соңғы полигон 2020 жылы жойылды.

Қазіргі уақытта ӨМГ, ММГ және КБМ жаңадан пайда болған қалдықтары оларды полигондарда орналастырмай, бөгде мамандандырылған кесіпорындарға кәдеге жаратуға тапсырылады.

ҚТО Өзен-Атырау-Самара магистральдық мұнай құбыры участекерінде бұзылған жерлерді қалпына келтіруді жүргізеді. 10 жыл ішінде 20,07 га жер қалпына келтірілді. 2021 жылы осы мұнай құбырының 984-985 км екінші участекінде төрт гектар жерді қалпына келтіру жоспарлануда. Тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіруге 4,5 млрд теңге инвестицияланды. Қалпына келтірілген жерлер шаруашылық айналымға енгізу үшін жергілікті атқарушы органдарға қайтарылады. 2019 жылы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен КМГ арасында қалдықтарды кәдеге жарату және

мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жөніндегі жұмыстарды орындау міндеттемесімен 2024 жылға дейін (қоса алғанда) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның периметріне ММГ, ӨМГ және ҚБМ кірді. 2019 жылы келісімшарттық аумақтарға түгендеу жүргізілді, оның шенберінде қалдықтардың сипаттамалары мен олардың көлемдері айқындалды, осының негізінде 2020 жылы мемлекеттік органдармен мұнаймен ластанған аумақтарды қалпына келтірудің тиісті жобалары өзірленді және келісілді. Жобалар шенберінде мұнайы бар қалдықтарды қедеге жаратудың қауіпсіз және тиімді технологиялары іріктеліп, ұсынылды, мұнаймен ластанған аумақтарды қалпына келтіру кестесі жасалды.

2020 жылы меморандум бойынша міндеттемелерді орындау шенберінде ӨМГ және ММГ обьектілерінде 558 419 тонна тарихи қалдықтар қедеге жаратылды, оларды орналастыру орындарының участеклері қалпына келтірілді. Меморандум бойынша жұмыстарды 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Толығырақ акпарат Орнықты даму туралы  
есепте.



## Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

### Мұнай-газ активтері

Занамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша ҚМГ негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және әрбір кен орнындағы жер участеклерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерді атқарады. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнімсіз ұнғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды бөлшектеу және келісімшарттық аумақты қалпына келтіру, сондай-ақ өндірістік участекдерді пайдаланудан шығару және қоршаған ортаны ластау жөніндегі міндеттемелер сияқты қызметті түпкілікті тоқтату жөніндегі іс-қимылдар жатады.

Компания активтердің шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке есептейді. Міндеттеме сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік берешегі бойынша қазақстандық нарыққа тән төуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді төуекелсіз проценттік мөлшерлемелерді пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтөу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

2020 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания мұнай-газ активтерін жою міндеттемелеріне арналған резервінің баланстық құны 66 млрд теңгені құрады (2019 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 54 млрд теңге) (толығырақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте 25-ескертпеде).

### Магистральдық мұнай құбырлары және газ құбырлары

2012 жылды 4 шілдеде күшіне енген "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ҚМГ-нің екі еншілес үйімі – "ҚазТрансОЙЛ" АҚ пен "ҚазТрансГаз" АҚ-тың еншілес үйімі болып табылатын "Интергаз Орталық Азия" АҚ-тың пайдалану аяқталғаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемеге арналған резерв ҚМГ есептеген бөлшектеу және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу құны негізінде бағаланады. 2020 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобы резервінің баланстық құны Компанияның құбырларын жою және жерлерді қалпына келтіру бойынша міндеттемесі бойынша 114 млрд теңгені құрады (2019 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 100 млрд теңге) (толығырақ акпарат шоғырландырылған қаржы есептілігінің 25-ескертпесінде).

(толығырақ акпарат  
шоғырландырылған қаржы есептілігінің  
25-ескертпесінде).

## Экологиялық оңалту

ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға капиталдандырылады немесе оларға жатқызылады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауы үшін қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың ең үздік бағалауын білдіреді. 2020 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экологиялық міндеттемелер бойынша резервтің баланстық құны 65 млрд теңгені құрады (2019 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 60 млрд теңге).

(толығырақ акпарат шоғырландырылған  
қаржы есептілігінің 25-ескертпесінде)



## СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Компанияның негізгі қызметін су құнды әрі тапшы табиғи ресурс болып табылатын Орталық Азия өнірінде жүзеге асыратындығына байланысты ҚМГ қоғам мен қоршаған орта алдындағы өз жауапкершілігін сезінеді және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтылады.

ҚМГ 2019 жылды 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Су ресурстарын сақтауға үлес қосу ниеті туралы ресми мәлімдеді. ҚМГ бас директорларына арналған енбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі форум шенберінде Басқарма тәрағасы А.С. Айдарбаев су ресурстарын ұтымды басқаруға бейілділік туралы Жеке мәлімдемеге (ҚМГ-нің, сегіз су қағидаты) қол қойды. Бұл бастаманы ҚМГ ЕТҰ бірінші басшылары қолдап, өз компанияларының атынан осындағы міндеттемелерге қол қойды. Кол қойылған міндеттеме жөніндегі мәлімдемелер ҚМГ компаниялар тобының ресми сайтында орналасылады.

Стандарт су ресурстарын пайдалану бөлігінде ҚМГ-нің басты қағидаттарын – сегіз су қағидатын постулаттайтыны, ҚМГ ЕТҰ-да СРБ-ға көзқарасты жүйелейді, сондай-ақ

Компанияның басшылары мен қызметкерлерінің тұщы суды сақтау мәселесіне бейілділігін арттыруға көмектеседі.

Табиғи көздерден су тартуды азайтуға және азайтуға бағытталған жобалар іске асрылуда.

### «Атырау МӘЗ» ЖШС

Қазіргі уақытта АМӘЗ жүзеге асыратын негізгі табиғат қорғау іс-шараларының бірі меканикалық тазарту құрылыштарын қайта жаңартуды, биологиялық тазарту құрылыштарын қайта жаңартуды және соңына дейін тазалау қондырығысын салуды, булану алаңдарын қайта жаңартуды қамтитын "Тазалық" жобасы болып табылады.

Тазарту қондырығыларын жаңарту ағынды суларды тазартудың көп сатылы жүйесін қолдану арқылы Жайық өзенінен су алуды азайтуға көмектеседі. Бұл сарқынды сулардан ластаушы заттардың 99%-ке дейін жоюға мүмкіндік береді, демек, суды қайта пайдалануды бірнеше рет ұлғайтуға және тазартылған сарқынды сулардың 50%-ке дейін өндіріске қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл жоба булану алаңдарын пайдалануды тоқтатуға, Атырау қаласының жерасты суларына, флорасына, фаунасына және атмосфералық ауасына өсерін болдырмауға мүмкіндік береді. Жобаны аяқтау 2023 жылдың соңына жоспарланған. Жайық өзенінен су алу 38%-ке қысқарады.

### Маңғыстау облысының Қендірлі демалыс аймағы ауданында тұщыландыру қондырығыларын салу

"Өзенмұнайгаз" АҚ пен "КМГ Инжинииринг" ЖШС Жанаөзен қаласының әкімдігімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Қол қойылған құжат Казақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Мамин мырзаның 2019 жылғы 18 қыркүйектегі хаттамалық тапсырымасына сәйкес "КМГ Инжинииринг" ЖШС өзірлейтін өлеуметтік жоба ретінде тұщыландыру зауытын салу бойынша техникалық-экономикалық негізделемені қайта мамандандыруды қөздейді. Тұщыландыру зауытын ҚМГ қаражаты есебінен Маңғыстау облысының Қендірлі демалыс аймағы ауданында салу жоспарлануда. Болжамды құаты тәуелігіне 50 мың м3 суды құрайды.

### «Қаражанбасмұнай» АҚ

Қаражанбас көн орны ауданында тұщы су көздерінің болмауына және Компанияның айдау өдісімен мұнай қабатына әсер етудің жылу өдісі ретінде қолданылатын бу өндіру үшін үлкен көлемдегі су қажеттілігіне байланысты "Қаражанбасмұнай" АҚ су тапшылығы проблемасына тап болды. Соның салдарынан мұнай өндірудің азаю қаупі және осыған байланысты шығындар туындағы.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап Қазақстанның Маңғыстау облысындағы "Қаражанбасмұнай" АҚ тұщыландыру зауытының құрылыш-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар аяқталу сатысында. Қабат суын тұщыландыру зауыты қабаттық су өндөуге және кәдеге жаратуға және қабатқа бу айдау өдісімен Қаражанбас көн орны қабаттарының мұнай беруін арттыру максатында техникалық сұмен жабдықтауға арналған.

Бұл зауыт Компания үшін үлкен маңызға ие, өйткені бу шығару үшін суды тұщыландыру мүмкіндігімен қатар, ілеспе суды ұтымды пайдалану мәселелері шешіледі. Бұл қабат қысымын ұстап тұру саласында көн орнын игеру мүмкіндігін жақсартуға мүмкіндік береді.

2020 жылы CDP есептілігі кеңейтілді, алғаш рет су ресурстарын басқару жөніндегі деректер 2019 жылдың корытындылары бойынша Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шенберінде CDP алаңында жарияланды.

Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты ҚМГ-нің жарияланған есептерінен алуға болады, олар келесі сілтеме бойынша қолжетімді: CDP 2019 жылғы су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнамасы CDP



ҚМГ-де су пайдалану және іске асрылып жатқан жобалар туралы анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат  
Орнықты даму туралы есепте.

Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты ҚМГ-нің жарияланған есептерінен алуға болады, олар келесі сілтеме бойынша қолжетімді: CDP 2019 жылғы су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнамасы CDP



## Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты бейілділігіне негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға бағытталған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына (ЖКО) байланысты шығындар мен залалдарға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Компания ұлттық заңнамалардан басқа, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді.

ЕК және ӨК негізгі көрсеткіштері	Әлш. бірл.	2019	2020	Ауытқу	%
Жазатайым оқиғалар	Жағдай	41	30	-11	-27
Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер	Адам	48	32	-16	-33
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	44	15	-29	-66
Әрттер	Оқиға	10	6	-4	-40

### Жазатайым оқиғалар мен өлім жағдайларының коэффициенті

Көрсеткіш	2016	2017	2018	2019	2020	IOGP <sup>1</sup>
Жұмыс уақыты жоғалған жазатайым оқиғалардың коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,49	0,42	0,32	0,31	0,22	0,24
Өлім жағдайларының коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	4,5	3,25	0,65	1,28	0,0	0,46

<sup>1</sup> 2019 жылғы қол жетілді IOGP көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>).

## 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы Компания үшін басым болып табылады, сондықтан ҚМГ ешқашан жазатайым оқиғаларды нольдік деңгейге дейін төмендегуте, яғни 100% қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған мақсат бойынша жұмыс істеді токтапайды. Соңғы бес жылда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер айтарлықтай жақсарды. Біздін қызметкерлер өздерін, әріптерлерін және айналадағыларды қорғау үшін қауіпсіз еңбек жағдайлары жасалатынын және ең жоғары стандарттар енгізілетінін атап өтеді. Бірақ біз үмтүлатын мақсаттар өлі де бар.

2020 жылы еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған бірде-бір жазатайым оқиға тіркелген жок. Бұл нәтижеге ҚМГ тарихында алғаш рет қол жеткізілді. Сондай-ақ, ҚМГ 2018 жылы Халықаралық мұнай және газ өндірушілердің қауымдастырына (IOGP) кірген сәтten бастап ҚМГ компаниялар тобының жаражаттану және ЖКО коэффициенттері бойынша көрсеткіштері IOGP көрсеткіштерінен төмен.

2020 жылдың қорытындылары бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар өткен жылмен салыстырғанда 27%-ке төмендеді (2019 жылы 41-ден 2020 жылы 30-ға дейін), зардап шеккен қызметкерлердің саны 33%-ке азайды (2019 жылы 48-ден 2020 жылы 32-ға дейін).

ЖКО саны 66%-ке қысқарды (2019 жылы 44 оқиғадан 2020 жылы 15-ке дейін), өрт саны 40%-ке азайды (2019 жылы 10 жағдайдан 2020 жылы 6-ға дейін).

## Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару

2020 жылы ҚМГ ірі апatty оқиғалардың (технологиялық аварияларды, инциденттерді және апattардың) алдын алу және оларды болжырmaу үшін өндірістік процестердің қауіпсіздігін арттыру бойынша жұмысты бастады. Осы мақсатта Компанияда ҚМГ обьектілеріндегі өндірістік процесстердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт бекітілді. Стандарт Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге (IOGP, OSHA) сәйкес активтер мен технологиялық жабдықтардың тұтастырын, қауіпсіз операциялық ережелерді, нормалар мен ресімдерді қолдау, Технологиялық төуекелдерді анықтау және олардың алдын алу мен жұмсарту бойынша тиісті шараларды қолдану үшін бірыңғай талаптар мен тиімді тәсілдерді белгілейді.

## ӨК, ЕжҚОК бағыттарын цифрландыру

- Сонымен қатар, көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру, қауіпсіз жүргізу мәдениетін және бірыңғай орталықтандырылған цифрлық платформаны құру мақсатында "Сапарларды басқару" жобасы қолға алынды. "Ембімұнайгаз" АҚ пилоттық түрде іске қосылды.

Мақсаты – үздік халықаралық практикалар, заманауи цифрлық шешімдер және процестерді автоматтандыру негізінде қауіпсіз жүргізу мәдениетін құру арқылы көлік қауіпсіздігін арттыру. Жоба барлық жерусті көлік операцияларына қатысты жол жүру қауіпсіздігін басқаруға қойылатын талаптарды біріздендіруге, негізі өлшемдерге орталықтандырылған бақылауды ұйымдастыруға және талдамалық есептер мен корпоративтік көрсеткіштерді енгізу арқылы автокөлікті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

"Сапарларды басқару" жобасы бойынша келесі қадамдар:

- 2021 жылдың соңына дейін "Ембімұнайгаз" АҚ жалға алынған автокөлік құралдарының бірыңғай мониторинг жүйесіне қосу;
- 2022 жылы жобалық шешімді басқа ЕТҰ-ға көбейту.

- Қоршаған ортаны қорғау саласында "Экологиялық мониторинг әдіснамасын өзірлеу" жобасы басталды. Оның мақсаты – ашықтықты, жеделдікті арттыру, ҚМГ компаниялар тобы бойынша табиғат қорғау қызметін есепке алу, талдау, бақылау және басқару жөніндегі процестерді орындау кезінде қателерді барынша азайту. Өндіруші ұйымдағы пилоттық жоба мысалында ақпараттық жүйенің демонстрациясы ұсынылды. 2021 жылы жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізе отырып, ҚМГ компаниялар тобында экологиялық мониторингті автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толық ауқымды енгізу жоспарлануда.

## HSE KMG ӨК, ЕжҚОК бойынша ақпараттық жүйені жаңғырту.

HSE KMG ӨК, ЕжҚОК бойынша ақпараттық жүйе келесі модульдерден тұрады:

- "Есептілік" – HSE қызметтің бағыты бойынша есептілік нысандарын қалыптастыруға арналған;
- "Бақылау" – ұйымыс және жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық бақылаулары үшін;
- "Іс-шаралар" – ішкі тексерулерді жоспарлау, сондай-ақ іс-шаралардың орындаудың бақылау үшін;
- "Корғау" – қауіпті жағдай / мінез-құлық / іс-қимыл / қауіпті жағдай / фактор туралы анықтау және ақпараттандыру үшін, сондай-ақ енбек қауіпсіздігі және енбекті корғау жүйесін жетілдіру үшін;
- "ӨК, ЕжҚОК жай-күйін талдау" – сауалнама жүргізу және ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің өтініштерін жинау үшін;
- "Есепке алу және тергеп-тексеру" – оқиғалардың барлық түрлерін есепке алу, сондай-ақ оқиғалар бойынша тергеп-тексеруді жүргізу үшін;
- "Ішкі бақылау және мониторинг" – комиссиялық аудит жүргізу, бұзушылықтарды анықтау үшін;
- "Талдау" – ӨК, ЕжҚОК саласында талдау жүргізу, сондай-ақ шоғырландырылған деректерді автоматты режимде визуализациялау үшін. 2021 жылы ҚМГ компанияларының барлық тобы бойынша HSE KMG жүйесін енгізу жоспарлануда.

Өндіріс мәдениетін жақсарту және ӨК, ЕжҚОК мәселелерін насиҳаттау жөніндегі жұмыстар

- Ұнғымаларды жерасты және құрделі жөндеу кезінде болған оқиғаларға талдау жүргізілді және ұнғымаларды жөндеу кезінде түсіру-көтеру операциялары кезінде өндірістік процестердің

қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі іс-шара-лар жоспары өзірленді.

- ETҰ және Корпоративтік орталық бойынша апта сайын ӨК, ЕжҚОК саласындағы, өндірістік жарақаттанудың, авариялардың, коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша 68 брошюра, жаднама тарату, ETҰ мамандарымен тұрақты өзара іс-қимыл жасау және кенес беру.
- Келесі тақырыптар бойынша бейнероликтер өзірленді және таратылды:

- Ұнғымаларды құрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде түсіру-көтеру операцияларын жүргізумен байланысты оқиғалар мысалында алынған сабактар;
- орын алған ЖКО мысалында алынған сабактар;
- ҚМГ-дегі Төтенше және дағдарысты жағдайларды басқару жүйесі және оқиғалардың барлық түрлеріне дән қою (технологиялық авариялар, өрттер, кибершабуылдар, жеткізілімдегі іркілістер, қаржылық дағдарыстар);
- жұмыс орнындағы өндірістік гимнастика.

- ETҰ-ның ӨК, ЕжҚОК талаптарына сәйкес келу мәніне аудит жүргізілді, оның ішінде коронавирустық инфекцияның екінші толқынына дайындық бойынша жақсарту бойынша тиісті ұсынылдар берілді.
- ҚМГ компаниялар тобының мердігер үйімдерінде ӨК, ЕжҚОК саласындағы тәуекелдерді бағалауды, талдауды және төмендетуді жүргізу мақсатында токсан сайынғы негізде ҚМГ Директорлар кенесіне мердігерлік үйімдар жол берген бұзушылықтарға, оның ішінде ӨК, ЕжҚОК саласында оларға ұсынылған айыппұл санкцияларына қатысты есеп жасалды.
- Қызметкерлердің дәнсаулығы мен мұлкіне зиян келтіру және өрттердің туындау тәуекелін төмендету мақсатында ETҰ-да өртке қарсы, жылтыу жүйелеріне, электрмен жабдықтау жүйелеріне, өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарына және өндірістік процестердің ерекшеліктерін ескере отырып, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес технологиялық жабдықты пайдалану кезінде нормалар мен қағидаларды сақтау және орындау тексерілді.
- Сондай-ақ, мердігерлік үйімдарға ұсыныстар беріліп, тексерулер жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі бойынша құжаттар пакеті өзірленді (кестелер, жоспарлар, тексеру актісі, жедел өрт сөндіру жоспары, нұсқаулықтар және т.б.). Кестелерге сәйкес участекерде көшпекі өрт техникасымен және қызметкерлерді тарта отырып, өрт-тактикалық сабактар жүргізіледі.

Бірқатар профилактикалық техникалық іс-шара өткізілді:

- ◆ қүзет-өрт сигнализациясының, өрт сөндірудің автоматты қондырыларының жабдықтарына және адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу. Мақсаты – пайдалану құжаттамасында және техникалық қызмет көрсетудің үлгілік технологиялық процестерінде айқындаған, олардың техникалық жай-күйінің алдын алу және бақылау және тән ақаулықтарды жою бойынша жұмыстарды мерзімді жүргізу жолымен оларды пайдалану процесінде құрылыштардың жұмысқа қабілетті жай-күйін ұстап тұру;
- ◆ өрт-техникалық тексеру;
- ◆ алғашқы өрт сөндіру және сумен жабдықтау құралдарын тексеру және т. б.

ҚМГ Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесін жедел хабардар ету бойынша берілген тапсырманы орындау үшін ЕҚОҚ саласындағы өрт пен елеулі инциденттер туралы жедел хабарлама жіберіледі.

Тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін тікелей және түпкілікті себептері, материалдық залалдың, мөлшері көрсетілген тергеп-тексеру актісін қоса алғанда, тиісті материалдар, оқыс оқиғаға жол берген жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың көшірмелері, сондай-ақ тергеп-тексеру корытындылары бойынша енгізілген өзгерістер туралы құжаттар және осындағы оқиғалардың қайталаудына жол бермеу жөніндегі құжаттар ҚМГ Директорлар кеңесіне жіберіледі




## Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы

Қазақстан Республикасы заннамасының, және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес компанияяда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. ҚМГ өндірістік процеске қарамастан, өз қызметкерлерінің, денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.


2020 жылы ЕТҰ қызметкерлерінің ауруларына байланысты 287 075 енбекке жарамсыздық күні тіркелді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда, 124 922 күнге немесе 43%-ке артық. ЕТҰ қызметкерлері арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының саны 2019 жылмен салыстырғанда бес жағдайға немесе 38%-ке азайды.

Басқаруды жақсарту және тиімділігін арттыру үшін Компанияда медициналық пункцитерді қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару, шұғыл медициналық дең қоюды үйымдастыру бойынша сәйкестікті бағалау құралдарын және деңсаулық сақтау мен еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесін қамтитын деңсаулық сақтау және

## Жарақаттанумен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының, саны



## Ауруы бойынша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны



еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінің жұмыс істейді.

Компанияның деңсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесінің негізгі мақсаттары:

- ◆ Қызметкерлердің деңсаулығын сақтау және жақсарту үшін өндірістік процестер үйымдастыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу;
- ◆ еңбек гигиенасы мен эргономиканы, жұмыс орындарындағы өндірістік санитарияны жетілдіру арқылы тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) анықтау және азайту;
- ◆ Қызметкерлердің деңсаулығына қауіп-қатерді бағалауға және оларды азайтуға негізделген алдын алу шараларын қолдану;
- ◆ жұмыс және жұмыстарындағы қызметкерлердің салуатты өмір салтына жәрдемдесу және көтермелегү.

Компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы басқару жүйесін енгізуді бақылау және оны жақсарту жөніндегі іс-шараларды өзірлеу жылына екі рет (өр жарты жыл сайын) жүргізіледі.

Компанияда тұрақты негізде еңбек жағдайларын жақсарту және өндірістік объектілерде көсіптік аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар кешені іске асырылады.

ҚМГ-нің жүрек-қан тамырлары ауруларымен байланысты қызметкерлер арасында өлімнің, алдын алуға және төмendetуге бағытталған "Инфаркт пен инсультің алдын алу" науқаны жағасуда. "Сауықтыруға 10 қадам" бастамасының және Компанияда шұғыл медициналық көмекті үйімдастыру бойынша стандарттың іске асырылуына бақылау және мониторинг жүргізіледі, ол зардал шеккен қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті үйімдастыруға, медициналық пункттерді жарактандыруға және шұғыл медициналық деңқою жоспарының мазмұнына бірынғай талаптарды белгілейді.

2020 жылы ҚМГ корпоративтік орталығының 55 қызметкөрін зардал шеккендеге алғашқы көмек көрсету дағдыларын менгерді.

Компания қызметкерлерін медициналық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру мақсатында (медициналық қызмет көрсету және медициналық сақтандыру) компаниядағы қызметкерлердің денсаулығын басқару тұжырымдамасының жобасы және оны кезең-кезеңмен іске асыру бойынша 2021-2023 жылдарға арналған жол картасы өзірленді:

- ◆ Жұмыс тобын құру;
- ◆ "Алғашқы көмек көрсету алгоритмі" брошуросын өзірлеу;
- ◆ жұмыс орнында өндірістік гимнастика бойынша бейнеролик шығару;
- ◆ коронавирустық инфекцияның алдын алу және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына жауп қайтаруға дайындықты қамтамасыз ету бойынша ЕТҰ-ға хаттар жіберу;
- ◆ "Медикер" ЖШС-мен бірлесіп, Корпоративтік орталық қызметкерлері үшін коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары бойынша презентациялар өткізу;
- ◆ онда ЕТҰ және корпоративтік орталық бойынша апта сайын коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша брошюралар, жаднамалар мен бейнероликтер тарату, ЕТҰ мамандарымен тұрақты өзара іс-қимыл жасау және кенес беруді қарастыру;
- ◆ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетімен өзара іс-қимыл жасау;
- ◆ Корпоративтік орталық қызметкерлері үшін ПТР-тестілеуді үйімдастыру және үйлестіру;
- ◆ коронавирустық инфекцияның екінші толқынына дайындық бойынша ЕТҰ аудитін жүргізу (ММГ, ҚТО (МНУ), сервистік компаниялар – ОСК, ОТК, ОКК) және ұсынылдар беру.

## **COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу бойынша атқарылған жұмыс және қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат**

Пандемия басталғалы Компания COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу және болдырмай шараларын қабылдады.

Коронавирустық инфекцияның алғашқы толқыны кезінде жағдай шиеленіскеnde тіркелген жағдайлардың ең көп саны батыс аймақтарға тиесілі болды.

Бұл жағдайлар қызметкерлердің көпшілігі өз қызметін вахта-лық өдіспен жүзеге асыратын көсіпорындарда шоғырлануына

байланысты туындағы. Талаптарға сәйкес, олар вахтаға дейін және одан кейін ПТР тестерін тапсыруы керек, сондықтан адамдар вахтамен және бригадалармен жұмыс істейтін көмірсугектерді өндірістін компаниялардан айырмашылығы виrustың анықталу саны жоғары болды.

Тіркелген жағдайлардың, оның ішінде өлім жағдайларының шыны шілде айының басында болды.

Сыркіттептін шының өсуі және жаңа жағдайлардың тіркелуі елдегі төтенше жағдайдың аяқталуынан (2020 жылғы 11 мамыр) туындағы.

Пандемия басталысымен ауруды азайту және коронавирустық инфекцияның таралуын азайту, сондай-ақ өндірістік процесстерге әсерді азайту мақсатында бірқатар кешендең шаралар қабылданды, әдістемелік және директивалық құжаттар өзірленіп, енгізілді, келесі іс-шаралар жоспары өзірленді және бекітілді:

- ◆ коронавирустық инфекцияның пандемиясына қарсы әрекет ету алгоритмі;
- ◆ COVID-19 коронавирустық инфекциясы ауруының енүіне және одан әрі таралуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;
- ◆ карантиндік шектеу шараларын кезең-кезеңімен жөнілдету және коронавирустық инфекцияның жаңа толқынына дайындық;
- ◆ қызметкерлер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ◆ ұжымдық жауапкершілікті арттыру және қатаң карантин енгізілгенге дейін ең пессимистік сценарийді ескере отырып, еңбек ұжымдары мен көсіпорындарда виrustың жаппай ершүінің, алдын алу және азайту бойынша үақытылы және тиімді шаралар қабылдау жөніндегі іс-шараларды орындау.

Компания коронавирустық инфекцияны таратпау бойынша қүшейтудің үш кезеңін іске асырды және оларды орындауды жалғастыруда, онда бірінші кезеңде – карантинге дейінгі іс-шаралар орындалды; екінші кезеңде – карантиндік режимдердің талаптары орындалуы жағасуда; үшінші кезеңде – ауру ошақтары пайдада болған кезде инфекцияға жол бермеу жөніндегі іс-шаралар қүшейтілді.

Іс-шаралар жоспарын одан әрі орындау мақсатында Коронавирустық инфекцияны анықтау және оның таралу кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері іске қосылды, оған сәйкес эпидемияға қарсы шаралар кешені және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жүзеге асырылады, оның ішінде:

- ◆ карантин режимін енгізілді;

- ◆ қызметкерлерді жаппай төстілеу өткізілді;
- ◆ өндіріске жұмылдырылған қызметкерлер саны азайды;
- ◆ сыйнарлы емес жұмыс түрлері тоқтатылды (бұргылау, ұңғымаларды игеру, ұңғымаларды жөндеу);
- ◆ қызметтік іссапарлар шектелді және бұқаралық іс-шараларға тыйым салынды, сондай-ақ басқару жүйесі қашықтан форматқа ауыстырылды;
- ◆ ауысымдық персоналдың вахтасы ұзартылды (7 күннен 14 күнге дейін және 14 күннен 28 күнге дейін);
- ◆ өндіріс пен жобалардан сини емес қызметкерлер жұмыстан босатылды, ал кен орындарындағы жұмысшылар саны өндірістік операциялардың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болатын ең төменгі деңгейге дейін төмендетілді.

Қазіргі уақытта ҚМГ компаниялар тобының, барлық обьектілерінде профилактикалық іс-шаралар кешенін жүргізу және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим жалғасуда. Барлық қызметкерлер, соның ішінде қашықтан жұмыс істейтіндер санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптарды қатаң сақтау туралы нұсқау алды. Сондай-ақ тұрақты негізде нұсқаулықтар мен жаднамалар таратылады.

Әкімшілік персонал барынша қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстырылды (50-ден 100%-ке дейін). Тәуекел тобына кіретін және сини емес персонал еңбек демалысын беру немесе қашықтықтан жұмыс іsteуді үйімдастыру мүмкіндігі (өндірістік процестер) болмаған кезде "жай тұруға" жіберілді.

Қайта вахталау алдында мердігерлермен бірге барлық ауысымдық персоналдың коронавирустық инфекциясына зертханалық тексеру жүргізілді.

Жұмыс процесіне қатыспайтын және басқа қызметкерлермен байланыспайтын резервтік бригадалар құрылды. Резервтік персонал негізгі персонал арасында жұқтыру және оны карантинге ауыстыру жағдайлары анықталған кезде жұмысқа тартылады.

Вахтаға жаңадан түсетін персоналды (не қашықтықтан жұмыс істегеннен кейін немесе еңбек демалысынан өз жұмыс орындарына оралған персоналды) жіберу кезінде коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары және пандемия жағдайында сақтық шаралары (гигиеналық шаралар, антисептиктерді қолдану, маскаларды пайдалану, қашықтықта сақтау), сондай-ақ өзге де қауіпсіздік техникасы

### **Әкімшілік персонал барынша қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстырылды (50-ден 100%-ке дейін).**

қағидаларын сақтау туралы нұсқама жүргізіледі.

Сондай-ақ, коронавирустық инфекцияның алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды сақтау мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, алдын алу шаралары бойынша постерлер мен ұсыныстар тарату, санитариялық-гигиеналық және дезинфекциялық жұмыстарды жүргізу тұрақты негізде жүзеге асырылады.

ҚМГ мен ЕТҰ-да әлеуметтік қашықтықты сақтау, міндетті маска режимі және қолды антисептикермен өңдеу қамтамасыз етіледі, ауысым алдындағы медициналық тексеру жүргізіледі. Жұмыс алдында, жұмыс күні ішінде және жұмыстан шықкан кезде дene температурасы өлшенеді.

Құдік туындаған немесе ауырып қалғандар анықталған жағдайдары іс-қимыл алгоритмдері әзірленді және енгізілді. Барлық қызметкерлерге коронавирустық инфекция белгілерінің алғашқы белгілері, тест нәтижелері, сондай-ақ көрсетілген фактілерді жасыру, тест нәтижелерін бұрнамалау және карантиндік режимдердің бұзылуы үшін жауапкершілік туралы хабарламамен дереу ескертілді.

Вахталық кенттерде немесе басқа да арнаіы бөлінген орындарда коронавирустық инфекцияның симптомсыз тасымалдаушыларын карантинге орналастыру үйімдастырылды.

Адамдарды қорғау және үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өңдеу үшін қажетті материалдарды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жедел жүзеге асырылады.

ЕТҰ-да коронавирустық инфекцияның жайкүйі мен таралу серпініне мониторинг пен бақылау жүргізетін жедел штабтар жұмыс істейді. Штабтар жергілікті атқарушы органдармен және үекілетті мемлекеттік қызметтермен тұрақты байланыста болады.

ҚМГ корпоративтік орталығының дағдарыстық жағдайларды басқару командасы ағымдағы жағдайды тұрақты бақылауда ұстайды және тәулік бойы мониторингті жүзеге асырады. Сондай-ақ жүйелі түрде және қажет болған жағдайда қашықтан форматта компаниялардың жедел штабарының басшыларын жағдай туралы, оның өндіріске әсері және қызметкерлер арасында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы тыңдау жүргізіледі. Кенестердің корытындылары бойынша шешімдер қабылданады және

коронавирустық инфекцияны таратпау жөнінде қажетті шаралар қабылдауда ұсынылмадар беріледі.

Сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы жергілікті мемлекеттік органдар мен медициналық мекемелерге 6,2 млрд теңгеден астам сомаға көмек көрсетті. Атап айтқанда, медициналық жабдықтар (ӘЖЖ аппараттары) және ілеспе материалдар, жедел медициналық жәрдем автомобилдері, жеке қорғаныс құралдары сатып алынды және қосымша тәсек-орындарды үйімдастыруға жәрдем көрсетілді.

Қазіргі уақытта қабылданған шараларды ескерсек, жағдай тұрақты және эпидемиологиялық жағдайға сәйкес бизнес-процестердің үздіксіздігі мен басымдылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ сирткі үйімдармен шарттық міндеттемелерді орындау жоспарларына қажетті түзету жүргізілуде.

Коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу және аурудың алдын алу мақсатында тиісті іс-шараларды іске асыру жалғасуда, оның ішінде:

- ◆ коронавирустық инфекцияның таралу қаупін азайту бойынша бұрын енгізілген алгоритмдерді (бірінші толқынның тәжірибесін ескере отырып түзетілген) сақтау және эпидемияға қарсы режимді, қүшетілген санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және өзге де белгіленген санитариялық талаптарды сақтау;
- ◆ сиңи бизнес-процестердің оларды қалпына келтіру нұсқаларымен, сондай-ақ сиңи персоналдың, жеткізушілердің, материалдар мен жабдықтардың тізімі анықталды;
- ◆ үздіксіз қызметті қамтамасыз ету және сиңи бизнес-процестерді авариялық қалпына келтіру бойынша жоспарлар өзірленді;
- ◆ алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметтерінің дайындығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде, сондай-ақ қажет болған жағдайда зертханалық тексеруді ұлғайту және коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауды үйімдастыру мәселелері пысықталды;

### **ҚМГ корпоративтік орталығының, дағдарыстық жағдайлардың басқару командасы ағымдағы жағдайды тұрақты бақылауда ұстайды және тәулік бойы мониторингті жүзеге асырады.**

- ◆ жеке қорғаныс құралдарының (медициналық бетперделер, респираторлар, биялайлар), мөлшерлегіштердің, анти-септиктік мән дезинфекциялық ерітінділердің, сондай-ақ өмірді сақтау және денсаулықты сақтау үшін ең аз қажетті тіршілікті қамтамасыз ету мүлкінің резервтері қалыптастырылды;
- ◆ вахталық жұмыстың ұлғайтылған режимі сақталады, сондай-ақ қызметкерлер арасында өзін-өзі бақылау және санитариялық нормаларды, сақтық шараларын (эпидқадағалау) және әлеуметтік қашықтықты сақтау бойынша ақпараттық-түсінідіру жұмысы қүшетілді;
- ◆ эпидемиологиялық жағдай нашарлаған кезде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді үздіксіз жеткізу және жедел сатып алу пысықталды;
- ◆ коронавирустық инфекцияның таралуы бойынша ахуалдың тұрақты мониторинг жүзеге асырылады және профилактикалық және карантиндік шараларды іске асыру, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай нашарлаған кезде бірлесіп ден қою бойынша мемлекеттік және мердігерлік медициналық қызметтердің өзара іс-кимылды үйімдастырылды.

Осы мақсатта мердігерлік медициналық мекемелермен бірлесіп ресурстарды тиімді пайдалану жөнінде шаралар қабылданды, оның ішінде:

- ◆ білікті медициналық қызметкерлерді нығайту;
- ◆ жеке қорған құралдарының, дәрілік заттардың және бірінші кезекте қажетті медициналық бұйымдардың төмендетілмелейтін резервін ұстau;
- ◆ қажетті медициналық жабдықтарды сатып алу;
- ◆ алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметтерін және ақпараттандыру және қашықтықтан көнеш беру жөніндегі колл-орталықтарды нығайту;
- ◆ инфекциялық емес сипаттағы басқа ауру қызметкерлер үшін жоспарлы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру;
- ◆ коронавирустық инфекцияға қарсы іс-кимыл бойынша қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша бірлескен жоспарлар өзірленді.



## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚМГ стратегиясы мен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінде қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға, катысу өнірлерін дамытуға қатысуға, әлеуметтік әріптестік пен адами капиталды дамытуға, ҚМГ компаниялары тобының еңбек үжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеге, персоналдың тартылу деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік мақсаттары көрсетілген.

ҚМГ компаниялары тобындағы әлеуметтік жауапкершілік мақсаттарына еңбек үжымдарымен тен құқықты үжымдық келіссөздер, жергілікті атқарушы органдармен, кесіподактармен тығыз өзара іс-кимыл жасау, ҚМГ компаниялары тобындағы жұмыс берушілер мен еңбек үжымдары арасында ішкі коммуникациялар жүйесін құру арқылы қол жеткізіледі.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметтін реттейтін халықаралық стандартар мен шарттарды сақтайды, акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін, ұзақ мерзімді кезенде ұзақ мерзімді құнның өсіу және тұрақты дамуы үшін өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019	2020
ҚМГ компаниялар тобындағы нақты саны (шоғырландыру)	Қызметкер	68 757	66 110	61 587	60 173
ҚМГ компаниялар тобындағы нақты саны (ЕТҰ және ББҰ 50 және одан астам %)	Қызметкер	83 360	79 441	74 956	73 066

және салауатты еңбек жағдайларына, олардың Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың, жұмысының, сапасы мен тиімділігін ашық және сындарлы талқылауға құқылы. Компания ұлттық, нәсілдік, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси наымдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітүге жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік пен объективтілік қағидаттарын қолдайды, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін онтайлы жағдайлар жасайды және ҚМГ қызметтіне өркімнің, үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық деңгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

2020 жылы ҚМГ-нің орнықты даму саласындағы қызметтін Sustainalytics рейтингтік агенттігі алғаш рет халықаралық деңгейде бағалады. Рейтингтің әлеуметтік құрамдас бөлігі 70 баллға бағаланды, бұл компанияның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін көрсетеді (әлемдегі сала бойынша 119 компанияның ішінде 36-шы позициясы).

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

ҚМГ компаниялар тобы (шоғырландыру) жұмыс істейтін өнірлерде 60 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. 2020 жылдың соңына қарай қызметкерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 60 173 құрады, оның ішінде штаттық қызметкерлер – 57 073 адам, аутстаффинг – 3 100 адам.



Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
ерлер	%	81	82	81
әйелдер	%	19	18	19
Өндірістік персонал	%	91	91	92
Әкімшілік-басқарушылық персонал	%	9	9	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	61	58	60
◆ ерлер	%	81	80	80
◆ әйелдер	%	19	20	20
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	24	27	28
◆ ерлер	%	82	82	82
◆ әйелдер	%	18	18	18
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	15	14	12
◆ ерлер	%	83	85	83
◆ әйелдер	%	17	15	17
2020 жылы ашылған жұмыс орындары	Бірлік	926	385	961
Орта тізімдік саннын	%	1,3	0,6	1,6
Еңбек қатынастары тоқтатылған	қызметкерлер	8 281	4 512	3 513
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	9	11	11
◆ ерлер	%	83	83,5	82
◆ әйелдер	%	17	16,5	18
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	11	7	6

Компания қызметтінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 81%-ті, әйелдердің үлесі – 19%-ті құрайды. Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%-ті, әкімшілік-басқарушылық персоналның үлесі 8%-ті құрайды.

Жас санаты бойынша жұмыскерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топ – 60% көрсетілген, бұл ретте ерлердің үлесі 80%-ті, әйелдердің үлесі 20%-ті құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлер саны персоналдың жалпы санының, 28%-тін құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 82%, әйелдердің үлесі – 18%.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының, 12%-тін құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 83%, әйелдердің үлесі – 17%.

2020 жылы ашылған жұмыс орындарының саны 961 бірлікті немесе орташа тізімдік санын, 1,6%-тін құрайды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны 3 513 адамды құрады.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамға кіретін қызметкерлердің үлесі – қызметкерлердің жалпы санының 11%, оның ішінде әйелдер – 18% (2019 жылы – 16,5%), ерлер – 82% (2019 жылы – 83,5%).

ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылы ағымдылық коэффициенті 6%-ті құрады (2019 жылы – 7%).

## COVID-19 пандемиясына байланысты іс-шаралар

COVID-19 пандемиясымен және мұнай бағасының жаһандық құлдырауымен байланысты дағдарысқа қарсы шаралар шенберінде ҚМГ корпоративтік орталығының жаңа үйимдік құрылымы бекітілді:

- ◆ стратегиялық міндеттерді шешуге корпоративтік орталық құштерінің шоғырлануы;
- ◆ бизнес-процесстерді айтарлықтай оңтайдыру, қайталанатын функцияларды алып тастау;
- ◆ орталық аппарат штатын 34%-ке оңтайдандыру;
- ◆ басқарушы директорлар лауазымын қысқарту, департаменттер санын үш есе – 60-тан 20-ға дейін қысқарту;
- ◆ бонустардан, сыйлықтардан және қызметтік автомобилдерден бас тарту, топ-менеджерлердің жалақысын 30%-ке қысқарту.

Аталған іс-шаралар еңбекақы төлеу қорын шамамен 5 млрд теңге көлемінде үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Өндірістік қызметкерлер қысқарған жок, олардың жалақысы өзгерген жок.

COVID-19 таралуына жол бермеу және өндірістік процестердің үздіксіздігін қолдау мақсатында ҚМГ дағдарыстық жағдайларды басқару командасы мынадай негізгі қадамдарды қөздейтін іс-қимыл алгоритмдерін өзірледі:

- ◆ Қызметкерлерді еңбек демалысина жіберу;
- ◆ қашықтықтан жұмыс істеуге көшу;
- ◆ ауысымдық персонал вахтасының ұзақтығын кемінде 28 күнге ұлғайту;
- ◆ еңбек демалысын беру немесе қашықтықтан жұмыс істеуді үйімдастыру мүмкіндігі (өндірістік процестер) болмаған кезде тәуекел тобына кіретін персонал және өндірістік процеске қатыспайтын персонал айлық жалақының 70%-тін төлей отырып, бос тұрып қалуға жіберіледі (сөүір мен желтоқсан аралығындағы кезеңде амалсыз бос тұрып қалуға жіберілген қызметкерлерге төлемдер шамамен 9,5 млрд теңгени құрады);
- ◆ негізгі өндірістік обьектілерде (ӨМГ, ҚазГӨЗ, АМӘЗ, ҚТО) вахталақ жұмыс режиміне көшу.

Пандемияның, бүкіл кезеңінде ҚМГ компаниялар тобы бойынша ЕТҰ қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның алдын алуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 4,4 млрд теңге жұмсалды.

Сондай-ақ пандемия кезінде үлттық деңсаулық сақтау жүйесі мен жергілікті атқарушы органдардың демеушілік көмегі аясында коронавирустық инфекциямен құресу үшін қажетті медициналық жабдықтар мен басқа да тауарларды сатып алуға 6,2 млрд теңге жұмсалды.

## ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ БАСЫМДЫҚТАРЫ

### Студенттермен және жас мамандармен жұмыс

Еліміздің әртүрлі жоғары оқу орындары студенттерінің өндірістік және диплом алдындағы практикадан өтуі шенберінде ҚМГ 2020 жылғы 1-тоқсанда өтініш білдірген 27 студентті қабылдады. COVID-19-ға байланысты шектеулер енгізілгеннен кейін студенттерді практикаға қабылдау тоқтатылды.

2018-2020 жылдар аралығында ҚМГ компаниялар тобы бойынша жас мамандарды ротациялаудың "Жас Өркен" бағдарламасы қолданылды. Оның міндегі – Қазақстанның дарынды жастарын дамыту. "Жас Өркен" бағдарламасы бойынша 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша жобаның 15-ке жуық қатысушысы тағымдамаға қабылданды. Тағымдама қорытындылары бойынша "Жас Өркен" бағдарламасының екі түлегі жұмысқа қабылданды.

Дарынды жастарды ақпараттық технологиялар мен цифрландыру бағытында дамыту мақсатында 2018 жылы "Цифрлық жаз" бағдарламасы іске қосылды. Оның міндегі – жас мамандарды цифрландыру жобаларына тарту.

"Цифрлық жаз" бағдарламасы бойынша жазғы тағымдамаға ҚМГ компаниялар тобы бойынша жобаның 10-ға жуық қатысушысы



қабылданды. Тағымдама қорытындысы бойынша екі жас мамандармен жұмысқа қабылданды.

### Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары

Пандемияға байланысты 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін оқыту және дамыту барынша қашықтықтан және онлайн форматқа ауыстырылды.

Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында міндегі оқыту 2020 жылы әкімшілік-басқару персоналы үшін толығымен онлайн форматта, ал өндірістік обьектілерге жетекшілік ететін құрылымдық білімшелерді оқыту вебинарлар мен онлайн курстар форматында жүргізілді.

Сонымен қатар, 2020 жылы Корпоративтік орталық пен ҚМГ компаниялар тобының ЕТҰ қызметкерлерінің техникалық құзыреттерін дамытуға ерекше көніл бөлінеді.

2019 жылы басталған "Өзірлеу жөніндегі инженер" техникалық құзыреттерді дамыту бағдарламасы 2020 жылы аяқталды. Оның шенберінде кен орындарын игеру білімшелерінің 24 басшысы мен бас маманы үшін оқытудың алты модулі іске асырылды; өндіруші компаниялардың өзекті міндеттерін шешу бойынша бес жоба өзірленді.

ҚМГ "Геология" бағыты бойынша мамандардың көсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту мақсатында "ҚМГ Инжиниринг" ЖШС-мен бірлесіп "Бас геолог" бағдарламасы іске кости. Аталған бағдарламаға ҚМГ компаниялар тобының 24 ЕТҰ геологиялық блогының 24 маманы қатысты. Бағдарлама аясында осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жобаларды өзірлеу қарастырылды.

ҚМГ мен "Татнефть" КАҚ (бұдан әрі – Татнефть) персоналды дамыту саласындағы белсенді ынтымақтастырының нәтижелерінің бірі "Көсіби шебер" бағдарламасы болып табылады. Аталған оқыту бағдарламасы "Өзенмұнайгаз" АҚ қызметкерлерінің ұңғылардың өндірү және жөндеу технологиясы, қауіпсіздік техникасы, экономика, үнемді өндіріс саласындағы білімдерін жетілдіруге, сондай-ақ жеке іскерлік құзыреттері мен менеджмент дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, жаңа уақыттың сын-қатерлерін және цифрландырудың маңыздылығын ескере отырып, бағдарламаға цифрландыру және жасанды интеллект жөніндегі курс енгізілді. Бағдарлама "Татнефть – кадрлар даярлау орталығы" мен "ҚМГ Инжиниринг" ЖШС-ның білікті сарапшы-тәлімгерлерін тарта отырып іске асырылады.

### Аутплейсмент – персоналды әлеуметтік жауапты босату жөніндегі бағдарлама.

2020 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен ҚМГ орталық аппаратының жаңа құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы саны бекітілді.

ҚМГ-нің дағдарысқа қарсы стратегиясына сәйкес қалыптастырылған ҚМГ-нің жаңартылған құрылымы ҚМГ орталық аппараты персоналының жалпы санын 34%-ке төмөндетуді көзdedі.

ҚМГ құрылымындағы осы өзгерістерді ескере отырып, әлеуметтік жауапты жұмыс беруші ретінде ҚМГ беделіне жағымсыз факторлардың өсерін жұмсарут жөнінде бастамалар қабылданды және

аутплейсмент – персоналды әлеуметтік жауапты түрдө босату бағдарламасы әзірленді.

Аутплейсмент бағдарламасы – бұл жұмыс беруші қызметкерлерді жұмыстан босату кезінде қабылдайтын шаралар кешені, бұл бұрынғы қызметкердің дағдарыс кезеңін тез және женіл етуіне және жақын арада басқа жұмыс табуға көмектеседі.

Аутплейсмент бағдарламасы шенберінде босатылған әрбір қызметкермен HR-қызметтінің жеке коммуникациялары өткізілді.

Бірінші кезең – персоналмен жұмыс – жаңа мүмкіндіктерді:

- ◆ психоэмоционалдық жағдайды қалпына келтіру үшін әр сараланған қызметкерлер тобымен вебинарлар өткізу;
- ◆ психологпен өтетін "Күш біздің ішімізде" туралы жеке сессиялар;
- ◆ жеке коуч-сессиялар арқылы іздеу.

Екінші кезең – жұмыстан босатылған қызметкерлерді сүйемелдеу және ілгерілетудің жеке стратегияларын өзірлеу:

- ◆ Қазақстандағы еңбек нарығын талдау, қазіргі сұранысқа ие мамандықтар мен құзыреттердің (кәсіптер атласы, өзекті құзыреттер) картасын дайындау;
- ◆ еңбек нарығының мүмкіндіктері мен тәуекелдерін ұсыну үшін әр сараланған қызметкерлер тобымен вебинарлар өткізу;
- ◆ рекрутингтік сүйемелдеу. Қызметкерлердің түйіндемесін мансаптық сайттарда, рекрутингтік агенттіктерде және (немесе) жұмыс берушілердің сайттарында тіркеу және орналастыру.

Бағдарламаға жұмыстан босатылған 161 қызметкер қатысты. Бағдарлама онлайн режимде іске асырылады. Жұмыстан босатылған қызметкерлердің 93%-ті аутплейсмент бағдарламасына қанағаттаңуышылық білдірді, сондай-ақ жоба ашылған сәттен бастап қызметкерлердің 30%-ті жұмысқа орналастырылды, сондай-ақ қызмет түрін ауыстырған және өз ісін ашумен айналысты.

## Әлеуметтік тұрақтылық

ҚМГ компаниялар тобында кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша көшенді жұмыс жүргізілуде, оның нәтижелері – қызметкерлердің өкілдерімен сындарлы диалогтың болуы және түрлі наразылық акцияларының, болмауы.

Бірыңғай әлеуметтік саясат түрлі төтіктердің енгізу арқылы іске асырылады, олардың ішінде ЕТҰ-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін



<sup>1.</sup> Әлеуметтік тұрақтылық индексі – жұмысшылардың көnlіl-күйін, олардың әлеуметтік тыныштығын және наразылық көnlіl-күйінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік зерттеу. Сондай-ақ нақты кәсіпорындар бойынша индекс қызметкерлерді толғандыратын проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

арттыру жөніндегі жоспарлы іс-шаралар, әлеуметтік тұрақтылық индексін зерттеу, ішкі коммуникацияларды белсенді пайдалану, мердігерлік үйымдармен жұмыс және әлеуметтік жауапкершілік және т. б.

Кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ еншілес және төуелді үйымдарында әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Көрсетілген жоспарды өзірлеу кезінде "Самұрық-Қазына" АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы (бұдан әрі – ФІКО) ҚМГ-нің барлық ірі ЕТҰ-да жүргізетін әлеуметтік тұрақтылық индексін зерттеу нәтижелері пайдаланылады.

ҚМГ кәсіпорындарында әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы мынадай көрсеткіштер бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізеді:

- ◆ тартылу индексі;
- ◆ әлеуметтік әл-ауқат индексі;
- ◆ әлеуметтік тыныштық индексі.

Осы үш компоненттің интеграциясы ҚМГ компаниялар тобындағы жалпы көріністі көруге мүмкіндік береді. 2020 жылғы әлеуметтік сауалнама нәтижелері барлық үш компонент бойынша көрсеткіштердің жиынтықта өскенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша ҚМГ-нің 2020 жылғы әлеуметтік тұрақтылығының жалпы көрсеткіші 86%-тің құрады, бұл жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

ҚМГ компаниялар тобының өндірістік персоналын тарту индексі 32 тармаққа ұлғайып, 88%-тің құрады (2019 жылы – 56%), осылайша 2013-2020 жылдары ең жоғары белгіге қол жеткізді және мәндердің қолайлы шәкілінде орналасты.

Есепті жылды ҚМГ-дегі әлеуметтік әл-ауқат индексі 74%-тің құрады, осылайша тұрақты деңгейге сәйкес келеді. Деректерге сәйкес, респонденттердің 93%-тің болашаққа қатысты оптимистік болжамдарды ұстанады. Қызметкерлердің көпшілігі (93%) тұратын елді мекенде өздерін жайлай сөзінеді және 65% ай сайынғы жалакы деңгейі өз отбасын асырау үшін жеткілікті екенін атап өтті.

ҚМГ-дегі әлеуметтік тыныштық көрсеткіші қолайлы деп бағаланады және 89%-тің құрайды (2019 жылы – 59%). Сұрағандардың көпшілігінде қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынастарда шиеленістер болған жок (88%).

## Ішкі коммуникациялардың бірынғай жүйесі

ҚМГ компаниялар тобында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ еншілес және тәуелді үйымдарындағы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында бірынғай ішкі коммуникациялар жүйесінің регламенті қолданылады.

Ішкі коммуникациялар жүйесінің міндеттері ЕТҰ-да жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникациялардың тиімді тетіктерін құру және қолдау, ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы қызметкерлерді үақытылы хабардар ету, үйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, ЕТҰ-дағы енбек үйымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал өлшемдерін қадағалау болып табылады.

Ішкі коммуникациялардың негізгі түрлері:

- ◆ бірінші басшының енбек үйымымен жоспарлы есептік кездесуі (жылына екі рет өткізіледі);
- ◆ жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелерді талқылау мақсатында көсіпорын басшылығының көсіподактармен, енбек үйымымен жоспардан тыс кездесулері;
- ◆ корпоративтік ақпараттық сайт, газет;
- ◆ бейне жарнамаларға арналған монитор; қызметкерлердің ұсыныстарына арналған жәшік;
- ◆ үйымды шоғырландыру: көсіби конкурстар, спорттық іс-шаралар, корпоративтік мерекелер және т. б.

Осы регламентте әрбір қызметкердің сұрақтармен жүргіну және үақытылы жауап алу мүмкіндігі көзделген.

## Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

ҚМГ ЕТҰ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау олардың ұжымдық шарттарында және әлеуметтік қолдау көрсету қафидаларында айқындалады. ҚМГ компаниялар тобының барлық көсіпорындары бойынша әлеуметтік қолдаудың түрлері мен нормаларын біріздендіру мақсатында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік қафидалары қабылданды.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша барлық ұжымдық шарттарға сәйкес әлеуметтік қолдау 35 түрі бойынша көрсетіледі, бұл ретте ҚМГ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік пакеттің қомақты үлесін жыл сайынғы енбек демалысына сауықтыруға арналған материалдық көмек және қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеңдерін ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру құрайды.

Бүгінгі таңда ұжымдық шарттардың барлық талаптары көсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайына қарамастан ҚМГ-нің барлық көсіпорындарында толық көлемде сақталуда.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға жұмсалған шығындар, жұмыс істемелітін зейнеткерлерге әлеуметтік көмекті қоса алғанда, шамамен 21 млрд теңгені құрады.

### Көрсеткіш

%-пен

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеңдерін медициналық сақтандыру	28
1 қыркүйекке дейін бала туу / жүктілік және босану / бала күтімі бойынша демалысқа / мектепке дейінгі балалар мекемелеріне ақы төлеуге / қызметкерлердің балаларын оқытуға / мектеп көрек-жараптарын сатып алуға байланысты материалдық көмек	25
Емдеуге / операцияға жұмсалған шығындар ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып түсken жағдайда медициналық емдеуге / операцияға ақы төлеуге материалдық көмек / интернационалист-жауынгерлерге (ауғандықтарға) / Чернобыль апатын жоюға қатысушыларға / женілдік шарттары негізінде енбекке үақытша жарамсызық бойынша жәрдемақы	14
Зейнеткерлерге материалдық көмек	
Қызметкерлердің демалуы / түрғын үй жағдайларын жақсарту	8
Көп балалы және табысы төмөн отбасыларға / аса мұқтаж қызметкерлерге /	6
қызметкердің / қызметкердің отбасы мүшелеңдерінің қайтыс болуына байланысты / жерлеуді үйымдастыруға / жалпы енбекке қабілеттілігінен айрылуына, мүгедектік алына байланысты мүгедектерге, жұбайы (зайыбы), бала көзінен мүгедек балалары (1, 2 және 3-топтар) бар жұмыскерлерге материалдық көмек	7

## ЕТҰ-ның мердігерлік үйымдармен өзара іс-қимылы қезіндегі қызмет жөніндегі регламент

Мердігерлік үйымдардың қызметкерлері үшін енбек қатынастары саласында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ЕТҰ-ның ҚМГ обьектілерінде қызметтің жүзеге асыратын мердігер үйымдармен өзара іс-қимылы қезіндегі қызмет жөніндегі Регламент қабылданды.

Регламенттің негізгі ережелері мен міндеттерін түсіндіру мақсатында ЕТҰ және мердігер компаниялардың басшылығымен онлайн кеңес өткізілді. Қазіргі үақытта ЕТҰ-да осы бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде.

Көрсетілген жұмыс шенберінде апта сайын ЕТҰ обьектілерінде жұмыс істейтін, саны 50 адамнан асатын мердігерлік, сондай-ақ қосалқы мердігерлік үйымдардағы адам саны мен әлеуметтік шиеленістің мониторингі жүзеге асырылады.

## Жалпы корпоративтік іс-шаралар

ҚМГ компаниялар тобы бойынша жыл сайын Спартакиада және "Ұздік маман" көсіби шеберлік конкурсы сияқты корпоративтік іс-шаралар өткізіледі. Аталған іс-шаралар салауатты өмір салтын насиҳаттаудан және көсіби шеберлікті арттырудан басқа, ҚМГ компаниялар тобының ішінде еңбек ұжымдарын шоғырландырудың құралы болып табылады.

Мерекелік іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп тұрады, еншілес көсіпорындар қызметкерлерінің күшімен концепттік бағдарлама үйімдастырылады.

Алайда, COVID-19 пандемиясы кезінде ешқандай бұқаралық шаралар өткізілген жок.

## Қатысу өнірлерін дамыту

Сонымен қатар, ҚМГ жер қойнауын пайдаланушы ретінде қатысу өнірлерінің дамуына өз үлесін қосады және негізгі мұдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды.

Өнірлердің дамуына жәрдемдесу мақсатында ҚМГ әлеуметтік-экономикалық даму, өнірлерді газдандыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумдар мен бас келісімдер жасасу арқылы жергілікті басқару органдарымен белсенді түрде өзара іс-кимыл жасайды, яғни жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шенберінде ҚМГ көсіпорындары өндірістік қызметті өнірлерді дамытуға белгілі бір ақшалай қаражат беледі, халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетеді. Компаниялар қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктеріне қарай бөледі.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шенберінде әлеуметтік инвестициялар көлемі 4,5 млрд теңgedен асты.

## Демеушілік және қайырымдылық

"Самұрық-Қазына" АҚ қайырымдылық саясатына сәйкес Қордың компаниялар тобының барлық қайырымдылық қызметті Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры жүзеге асырады. Қызметтің басым бағыттары адамдарға, әлеуметтік және медициналық сектордагы қоғамдастықтарға көмек көрсету, медиа және мәдени қоғамдастықты дамыту, адами әлеуетті дамыту, еңбек қатынастарын, ұлтаратық қатынастарды нығайту, қоғамның орнықты дамуына инвестициялар салу, өнірлік бизнес-бастамаларды қолдау болып табылады.

Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ҚМГ кіретін "Самұрық-Қазына" АҚ-тың, барлық компаниялар тобынан халық үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалар мен бағдарламаларды іске асырады.

Сонымен қатар, 2020 жылғы пандемия кезеңінде ҚМГ еншілес ұйымдары COVID-19 таралуына байланысты жағдайда шетте қала алмады: осыған байланысты демеушілік көмек шенберінде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен жергілікті атқарушы органдарға коронавирустық инфекциямен құрсусы үшін қажетті медициналық жабдықтар мен басқа да тауарларды сатып алу үшін шамамен 6,2 млрд теңге аударылды.



## ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

### САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келуге үмтىла отырып, тиімді сатып алу қызметін қамтамасыз ету стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін ҚМГ қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адаптациялық және контрагенттер үшін тен мүмкіндіктер беру болып табылады. Сонымен қатар, ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыруға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шенберінде отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компанияларында сатып алу қызметін басқару үш құжат негізінде жүзеге асырылады:

- ◆ Қордың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №161 шешімімен бекітілген "Самұрық-Қазына" үлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп). Тәртіп сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алу қызметін басқарудың жалпы тәртібін, сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың, және сатып алу жөніндегі Қор операторының, құзыретін, сатып алу қызметі процестеріне қойылатын негізгі талаптарды, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін белгілеуді, бір көзден сатып алуды, бәсекелі келіссөздер мен холдингішлік кооперация жүргізу арқылы тендерді қолдану үшін негіздерді айқындауды.
- ◆ Қор Басқармасының 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №31/19 шешімімен бекітілген "Самұрық-Қазына" үлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алу қызметін басқару стандарты (бұдан әрі – Стандарт). Сатып алу қызметін басқару стандарты сатып алу санаттарын басқару, сатып алуды жоспарлау, жеткізушилдерді басқару және таңдау, жеткізу шарттары мен тауарлық-материалдық құндылықтардың қорларын басқару бойынша сатып алу қызметінің процестерін нақтылайды.
- ◆ Тәртіптің 4-бабының 4-тармағына сәйкес, Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйымдары және Қордың бірінші деңгейдегі еншілес үйымдарына елу және одан да көп проценті тіке-лей немесе жанама тиесілі үйымдар үшін өзірленген және бекітілген "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйымдардың сатып алу қызметін басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) (ҚМГ Басқармасының 2020 жылғы 26 наурыздығы №11 шешімі). Қағидалар мүдделі тұлғалардың жауапкершілік аймағын айқындауда отырып, сатып алу қызметін нақтылауға, экономикалық әсерді және кросс-функционалдық өзара іс-кимылды барынша арттыру мүддесінде сатып алу іс-шараларын аралас процестермен интеграциялауға, сондай-ақ бизнес-процессерді жүргізу үшін мерзімдерді айқындауда бағытталған.

2020 жылдың 1 қантаридан бастап "Самұрық-Қазына" үлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандығы №550-IV Занының, 19-бабының, 2-тармағына сәйкес "Самұрық-Қазына" үлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Кор, "Самұрық-Қазына" АҚ) өзірлеген және сатып алудың тиімділігін арттыру және ашықтығын қамтамасыз ету үшін бірқатар бастамаларды іске асыруға бағытталған сатып алудың жаңа моделі енгізілді.

ҚМГ компаниялары тобының сатып алу рәсімдеріндегі ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедегісіз қол жеткізуді (жекелеген жағдайларды, бірінші кезекте мемлекеттік құпиямен байланысты жағдайларды қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін мүмкіндіктердің тәндігін қамтамасыз ететін "Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі" (бұдан әрі – ЭСАЖ) порталы қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық рәсімдерін автоматтандыруға және стандарттауға (жоспарлау процесінен бастап шарттарды басқаруға дейін), міндеттерді орындау кезінде уақытты қысқартуға және адам факторының әсер ету дәрежесін өлсіретуге мүмкіндік береді. Электрондық сатып алу нарыққа қол жеткізуді жөнілдедеті және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктиң өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығыстардың төмөндеуіне ықпал етеді.

Сауда-саттыққа қатысуға шақыру мен шарттар жасасу талаптары туралы ақпаратты қоса алғанда, сатып алу рәсімдері мен сатып алуда арналған келісімшарттарға қатысты сатып алу туралы ақпаратты жария таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелес сатып алуда қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген қағидалар немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда сатып алу нәтижелеріне шағым жасауды қоса алғанда, тиімді ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етеді.

## САТЫП АЛУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚӨЛЕМІ

Есепті кезеңде орындаған шарттар бойынша жеткізілген тауарлардың, жұмыстардың, және көрсетілетін қызметтердің жалпы сомасы (жылдық және үзақ мерзімді сатып алуды ескере отырып) 1 826 млрд теңгені құрады, оның 82%-ті жергілікті қамту үлесіне жатады.

Откен жылмен салыстырғанда сатып алудың жалпы сомасы 2020 жылдың басында мұнай құнының күрт төмендеуіне байланысты 14%-ке төмендеді, бұл кейіннен ҚМГ өндіруші еншілес кәсіпорындары бюджеттерінің азауына әкелді. Коронавирустық пандемияға орай қалыптастан жағдайға байланысты көптеген көлісімшарттар 2021 жылға қалдырылды.

Жергілікті қамту үлесінің үлғаюы Қордың 2020 жылды отандық тауар өндірушілерді қолдау жылы деп жариялауына байланысты, осыған орай ҚМГ Басқарма тәрағасы 2020 жылға арналған отандық тауар өндірушілерді қолдау жоспарын бекітті.

ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру болып табылады. Осыған байланысты ҚМГ және еншілес және тәуелді қоғамдардың (ЕТҰ) басшы қызметкерлерінің жауапкершілігі, оның ішінде басшылар қызметінің негізгі көрсеткіштері (КНК) картасында мақсатты индикаторды белгілеу арқылы көзделген.

Бәсекелестік сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрату және бәсекелестік келіссөздер арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша жылдық сатып алу жоспарымен жасалған шарттар бойынша бәсекелестік сатып алу сомасы 420 млрд теңгегін құрады. Сонымен қатар, соңғы үш жылда бәсекелі сатып алу үлесі кем дегендे 46%-ке үлғайды, бұл ҚМГ-нің, адал бәсекелестікі және орнықты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге үмтілісін айғақтайды.

Бәсекелес нарықты дамыту үмтілісінің қарамастан, холдингішілік коопeração шенберінде және (немесе) бір көзден сатып алу жүзеге асырылатын бәсекеге қабілетсіз сатып алу үлесі айтарлықтай басым.

### Жеткізілген тауарлар, жасалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер, млрд теңге

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Жиыны	
	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %
2018	824	77	1 604	80	2 428	79
2019	473 <sup>1</sup>	63 <sup>1</sup>	1 659	83	2 132	81
2020	472 <sup>1</sup>	71 <sup>1</sup>	1 354	86	1 826	82

### Бәсекелі сатып аулар, млрд теңге<sup>2</sup>

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Жиыны	
	Сома	Үлес, %	Сома	Үлес, %	Сома	Үлес, %
2018	137	7	375	19	511	26
2019	169	12	326	23	495	36
2020	168	15	252	23	420	38

<sup>1</sup>. Мұнай мен газ ескерілмеген.

<sup>2</sup>. Бәсекелі сатып алуға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрату және бәсекелі келіссөздер арқылы сатып алу жатады.

## Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеу


Сатып алу қызметі саласындағы халықаралық практика әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу тетігінің кеңінен дамуын көрсетеді. Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін тұрақты жетілдіру ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі болып табылады.

Алдын ала біліктілік іріктеу (АБІ) — әлеуетті өнім берушілерді Стандартқа сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі түрлісінан бағалау процесі, ол сауалнама жүргізу және аудит арқылы жүзеге асырылады.

Мыналар АБІ негізгі мақсаттары болып табылады:

1. белгіленген біліктілік критерийлері бойынша өнім берушілерді бағалаудың қарапайым, ашық және тиімді процесін үйімдастыру;
2. нақты жергілікті өндірушілерді қолдау;
3. сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (ТЖҚ) сапасын арттыру;
4. еткізу мерзімдерін қысқарту және сатып алу рәсімдерін оңайлату.

### АБІ рәсімі<sup>2</sup>



<sup>1</sup>. Қор Басқармасының 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №31/19 шешімімен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық өл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп проценті мемшік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі үйімдердің сатып алу қызметін басқару стандарты.

<sup>2</sup>. \* Әлеуетті өнім берушілерден ақпарат жинау жүргізілгеннен кейін және барлық әлеуетті өнім берушілер АБІ рәсімінің кезеңдерінен өткеннен кейін АБІ-нің қалыптастырылған тізбесі.

## Санаттық сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін өзірлеу процесі болып табылады.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың, және қызметтердің, бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар дәнгейі жоғары, сыни, үнемдеу және басқару өлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттық басқару санаттық сатып алу стратегиясын өзірлеу және бекіту жолымен егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу өлеуетін артыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қыска мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың онтайлы тәсілін анықтайды. Санаттық сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттың басқару тәсілдері, жеткізушилерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептөү және іске асыру жоспары болуы керек.

Санаттық басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің өртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара өрекеттесу арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едөүір төмөндөтеді. Жеткізудің бұл өдісі тиімді, ейткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушилермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналады қамтиды:

- ◆ сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттау және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- ◆ басым санаттар бойынша санаттық сатып алу стратегияларын өзірлеу (өзектендіру) және бекіту;
- ◆ санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру;
- ◆ санаттық сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- ◆ жеткізушилерді дамыту.

### 2017-2020 жылдардағы санаттық сатып алу көлемі мен пайдасы

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020
Санаттық сатып алу көлемі, млн теңге	231,88	13 948,38	41 531,68	36 986,76
Санаттық сатып алуды басқару пайдасы, млн теңге	85,07	1 565,01	4 101,81	6 856,57

2020 жылы санаттық сатып алу көлемі 36 986,76 млн теңгені құрады. Бұл ретте осы өдісті қолдану басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде 6 856,57 млн теңге сомасында экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берді, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 67%-ке жоғары.

## ТҮРАКТЫ САТЫП АЛУҒА БЕЙІЛДІЛІК

ҚМГ-нің орнықты даму саласындағы қағидаттары заңдылық пен ашықтық, шарттар талаптарын сақтау, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне тәзбеушілік негізінде контрагенттермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруда, сондай-ақ факторларды: үздік баға, сапа және шарттар, контрагенттің іскерлік беделі негізінде контрагенттерді іріктеуде көрініс тапты.

Бұл ретте ҚМГ, өз кезегінде, контрагенттерге қолданыстағы заңна-маның талаптарын сақтау, қызметкерлерге әділ қарым-қатынас жасау, балалар енбегін пайдаланбау, қауіпсіз енбек жағдайларын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және этикалық мінезд-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстану бойынша қарсы міндеттемелер ұсынады.

Бұл шарттар ҚМГ-нің контрагенттермен енбек құқықтарын сақтау және Қазақстан Республикасы азаматтарының қолайлы енбек жағдайын жасау, балалардың құқықтарын қорғау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында жасасатын шарттарының талаптарына енгізілген. ҚМГ-нің пікірінше, бұл шаралар ҚМГ-мен ынтымақтасатын компаниялардың, заңсыз қызмет ету жағдайларының санын азайтуда көмектеседі.

Тауарларды сатып алу кезінде ҚМГ сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаттарын беру туралы өлеуettі жеткізушилөрге қойылатын талаптарды да белгілейді.

## Импорт алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддәлериң білдіретін Компания ретінде ҚМГ офтейк-шарттар жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шенберінде импорт алмастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты жаңа өндірісте басташы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ "Самұрық-Қазына" АҚ тобының, компанияларында сұранысқа ие өнім шығару мақсатында технологиялық қайта жарактандыру болып табылады.

Офтейк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуінде кейінге қалдыру шартымен импорт алмастыру жобаларын іске асыруды көздейді.

2020 жылдың қорытындылары бойынша Қордың, барлық қоржынды компаниюлары арасында жасалған офтейк-шарттардың саны мән сомасы бойынша ҚМГ жетекші орынға ие (жалпы сомасы 13,6 млрд теңгеге 40 офтейк-шарт және екі меморандум).



### Сатып алушағы импорттық тауарлар

Жыл	Сома, млрд тенге	Қазақстанда шығарылған СТ-KZ сертификатынсыз жеткізілген тауарлардың үлесі, %
2018	173	21
2019	104	22
2020	94	20

Сатып алушағы импорттық тауарлардың үлесі 94 млрд теңгени құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,6%-ке төмен.

КМГ-нің сатып алу қызметін регламенттейтін құжаттар тізбесі:

1. "Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 шілдедегі шешімімен, №161 хаттама, бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйімдардың сатып алушағы жүзеге асыру тәртіби;
2. "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2019 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен, №31/19 хаттама, бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйімдардың сатып алушағы жүзеге асыру стандарты;
3. "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқармасының 2020 жылғы 30 шілдедегі шешімімен, № 31 хаттама, бекітілген "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-та тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушағы жоспарлау, өткізуді үйімдастыру қағидалары;
4. "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасы тәрағасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №140-Б бұйрығымен бекітілген сатып алушағы жүргізуі қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені пайдалану және техникалық іркілістер туындаған жағдайдағы іс-қимыл тәртібі мәселелері жөніндегі есептілікті жасау және ұсыну тәртібі туралы нұсқаулық;
5. "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Электрондық дүкен арқылы сатып алушағы жүзеге асыру (№34/20 хаттама);
6. "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасы тәрағасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №140-Б бұйрығымен бекітілген тауарлардың маркетингтік бағаларын белгілеу қағидалары;
7. "Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 23 желтоқсандығы шешімімен, №166 хаттама, бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі үйімдардың сатып алушағы жүзеге асыруын бақылау қағидалары;
8. "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқармасының 2020 жылғы 26 наурыздағы шешімімен, №11 хаттама, бекітілген "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі үйімдардың сатып алушағы жүзеге асыру қағидалары.

1. Қазақстанда шығарылған сертификатсыз жеткізілген тауарлардың үлесі есепті кезеңде жеткізілген импорттық тауарлардың үлесі болып табылады



182.120° has joined Аудиовызов 6760@92.46.112.29

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Биылғы жылы біз орнықты даму саласындағы өткен жылдардың он нәтижелерін сақтап қана қоймай, бұл үшін аса қолайсыз жағдайларға қарамастан, осы салада елеулі прогрессе қол жеткіздік. Корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу Компанияның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады

**Кристофер Уолтон,**  
«ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ-нің корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметтің басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына» АҚ пен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма мен мұдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдарының құзыреттері ҚМГ Жарғысында нақты бөлініп, бекітілген.

## ҚМГ-нің корпоративтік басқару құрылымы



<sup>1</sup>. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы тұлғасында.

<sup>2</sup>. 2021 жылғы сөүірде ҚМГ Басқармасының мүшесі Кайрат Қаматайұлы Шеріпбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі мұнадарды қамтиды:

- ◆ жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- ◆ басқару органдары – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Директорлар кеңесі;
- ◆ атқарушы орган – Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма;
- ◆ ішкі аудит қызметі – Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, «Ұлттық өл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының (бұдан әрі – ҚМГ компаниялар тобы) қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын орталықтандырылған орган және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беру;
- ◆ Өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындастырып, Компанияның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдарының мүшесі болып табылмайтын, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындастырып және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін, өз құзыреті шеғінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы;
- ◆ Директорлар кеңесіне есеп беретін комплаенс қызметі, оның қызметі сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-кимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, Қазақстан Республикасының ішкі саясаттарына және заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдайлар жасауға бағытталған;
- ◆ Омбудсмен – ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындастырып тұлға, оның ролі оған жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және енбек дауларын, жанжалдарды, өлеуметтік-енбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерінің іскерлік этика қафидаттарын сақтауға жәрдем көрсету болып табылады.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мұдделі тараптар: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания орналасқан өнірлер түрғындарының құқықтары мен заңды мұдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттары ескеріліп, үнәмі жетілдіріледі.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

Даму стратегиясын қалыптастыратын және іске асыратын өндірістік процестерді басқарудың дивизиондық құрылымы арқылы ЕТҰ-ның операциялық қызметіне белсенді тартылған корпоративтік орталық ретінде Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сәйкес келуге ұмытлады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестік пен ашықтық – бұл өлеуетті инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейхолдерлердің сенімін ынғайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмendetуғе, оның құнының өсуіне және өл-ауқатының артуына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың, аса маңызды факторлары.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының, 2015 жылы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген ҚМГ корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс) ҚМГ корпоративтік басқару практикасын құру және жақсарту негізделетін негізгі құжат болып табылады. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып көле жатқан корпоративтік басқару практикасы ескерілген «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі құжаттарына, «Самұрық-Қазына» АҚ трансформация бағдарламасына сәйкес өзірленді.

Кодексте Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қафидаттар бекітілген. Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет Кодекс ережелерінің ҚМГ-ге енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады.

Кодекстің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы жыл сайын кодексті Comply or explain («Сақта немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, Компанияның оның қафидаттары мен ережелерін сақтауы түрғысынан талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталуда. Оның жекелеген ережелерінің ішінәра сақталмау жағдайлары сақтамау себептерін түсіндіре отырып, Кодексті сақтау туралы есепте көрсетілген. ҚМГ-нің 2020 жылы Кодекстің қафидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеппен жылдық Есепке қосыншада танысуга болады.

<sup>1</sup> ҚМГ-нің корпоративтік басқару кодексі сайтта орналасқан: [http://www.kmg.kz/rus/kompaniya/vnutrennie\\_dokumenty/](http://www.kmg.kz/rus/kompaniya/vnutrennie_dokumenty/)

Тәуелсіз консультант 2018 жылы жүргізген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізу нәтижелері бойынша дауыс беретін акцияларының кем дегенде 50%-ті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі занда тұлғалардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау өдістемесі (бұдан өрі – Өдістеме) негізінде, ҚМГ-ге «ВВ» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингісі берілді, бұл Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерінде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкестігін және бұл ретте жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігін жеткілікті расталмауын білдіреді.

Компания 2019 және 2020 жылдарды корпоративтік басқарудың көрсетілген диагностикасының қорытындылары бойынша тәуелсіз консультант ұсынған ұсынымдарды жоспарлы және кешенді түрде іске асыруға арнады. Тәуелсіз консультанттың ұсынымдары Корпоративтік хатшы Өдістемеге сәйкес әзірлеген ҚМГ Директорлар Кеңесі бекіткен ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2020 жылдарға арналған ежей-тегжейлі жоспарға (бұдан өрі – Корпоративтік басқару жөніндегі жоспар) енгізілді. Корпоративтік басқару жөніндегі жоспар 500-ден астам іс-шарарадан тұрады және Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, орнықты даму, акционерлердің құқықтары және ашықтық сияқты корпоративтік басқару құрауыштарын қамтиды. Корпоративтік хатшы мониторингті жүзеге асырады және Корпоративтік басқару жөніндегі жоспар іс-шараларының іске асырылу барысы туралы есептерді Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің қарauына тұрақты түрде қалыптастырады және ұсынады. Есептерді қарau қорытындылары бойынша Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінен кері байланысты корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне тартылған ҚМГ Басқарма төрағасына және ҚМГ функционалдық блоктарының басшыларына жеткізеді. Корпоративтік басқару жөніндегі жоспарды іске асыру шенберінде 2020 жыл ішінде Компания бірқатар бастамаларды табысты іске асыруды.

Директорлар кеңесі мен атқарушы органдың тиімділігі, тәуекелдерді басқару және орнықты даму сияқты бағыттар бойынша барынша

ілгерілеуге қол жеткізілді. Алдын ала бағалау бойынша жүргілген жұмыс Компанияның корпоративтік басқару рейтингін «ВВ» деңгейіне дейін көтеруі тиіс, бұл ҚМГ даму стратегиясына салынған рейтинг деңгейінің мақсатты мәндеріне сәйкес келеді. Корпоративтік басқару рейтингінің бұл деңгейі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерінде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келуін және жүйенің тиімді жұмыс істейтіндігін жеткілікті расталғанын білдіреді. Тәуелсіз консультанттың бағалауы бойынша «ВВ» рейтингінің деңгейі Компанияның IPO-ға шығуы үшін онтайлы болып табылады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингісі» ҚНК-нің өршіл мәндеріне қол жеткізуіндегі негізгі кезеңдері белгіленді. Бұл ҚМГ негізгі акционері, Директорлар кеңесі, Компанияның Аудит және менеджмент комитеті тарапынан корпоративтік басқаруға көп назар аударылатынын көрсетеді. Компанияның тиісті рейтингінің бере отырып, ҚМГ корпоративтік басқаруының ең жақын тәуелсіз диагностикасы 2021 жылға жоспарланған. Осы тәуелсіз диагностиканың нәтижелерін ескере отырып, Компания ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін одан өрі жақсарту және Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясында көзделген корпоративтік басқару рейтингінің деңгейлеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жаңа іс-шаралар жоспарын қалыптастыратын болады.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворум мен Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, Компания анағұрлым маңызды мәселелер бойынша шешімдердің іштей отырыстарда қабылдануына, Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің шешімдер қабылдауға қатысуына ұмтылады және шешімдерді дайындау мен келісу үшін олардың Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің, пікірі ескеріліп, қабылдануы үшін барлық ықтимал күш-жігерді жұмысайды.

Өзгелерден басқа, Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, өлеуетті сатып алу мәселелері және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер (оның ішінде ҚМГ облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары туралы), жасалуына мүдделілік бар мәмілелер мен мәмілелер сомасы бойынша, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша елеулі мәмілелер жасасу туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды, жер қойнауын пайдалануға арналған көлісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы, ҚМГ мен ҚМГ-нің еншілес ұйымдарының қатысуымен инвестициялық жобаларды келісу туралы шарттар (көлісімдер) жасасуды жүзеге асырады, Компанияның корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бакылауды жүзеге асырады.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және ұтымдылық пен тиімділік қағидаттарына сүйене отырып, жыл сайын өзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарай алады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар саны бөлігінде Кодекс талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының, 50%-тін құрайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама), үш тәуелсіз директорды қоса алғанда, жеті адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды. Тәуелсіз директор Директорлар Кеңесінің төрағасы болып табылады.

2017 жылы Директорлар кеңесінің құрамы тоғыз адамнан тұратын «Самұрық-Қазына» АҚ болып белгіленді. Уақыт өте келе құрамы қысқарып, 2019 жылдың басында Директорлар кеңесі жеті мүшеден тұрды. 2019 жылы тағы екі мүшесі сайланды. Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамының өкілеттік мерзімі 2020 жылғы 28 маусымда аяқталды. Директорлар кеңесінің жаңа құрамы «Самұрық-Қазына» АҚ-пен 2020 жылғы 17 тамызда жеті адам санында белгіленді.

Сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен (№8/2020 хаттама) Директорлар кеңесінің Аудит; Тағайындау және сыйақылар; Стратегия және қоржынды басқару; Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаган ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттерінің жаңа құрамдары сайланды, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің Қаржы комитеті таратылды.


Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және өзге де нормативтік құжаттарда айқындалады, акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидаттарды іздеу мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және көсіпқойлық қағидаттарымен негізделген.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылағандардың ішінен сайланады, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар лауазымдық функцияларды орындау және Компанияның үзак

## 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрылымы

	Бірінші тоқсан	Екінші тоқсан	Үшінші тоқсан	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Өкілеңтіктер мерзімі аяқталды
<b>Тәуелсіз директорлар</b>											
Уолтон Кристофер Джон, Төраға	●	●	●				●	●	●	■	
Холланд Филип Малcolm							●			●	
Миллер Тимоти Глен							●			●	
Уайт Стивен Джеймс					●	●	●			●	маусым
Дайер Филип Джон						●	●			●	маусым
Виана Палья да Силва Луис Мария							●			●	маусым
<b>«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері</b>											
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы		●	●	●	●	●	●	●	●	●	
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы						●	●			●	
Эспина Энтони							●			●	
Гриюал Балжит Каур		●	●	●	●	●	●	●	●	●	маусым
<b>Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)</b>											
Айдарбаев Алик Серікұлы						●	●			●	

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МУШЕЛЕРІНІҢ ОРТАША ЖАСЫ



мерзімді құны мен орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімге, дағыларға және тәжірибеге ие болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №35/16 шешімімен бекітілген компаниялардың директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес ірітеледі.

Директорлар кеңесінің өкілеңтік мерзімі үш жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелеңі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаруа кезінде қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (бұл жағдайда тәуелсіз директорлар үшін Компания барлық мүдделі тараптарға осындағы қажеттілікті ашатын егжей-тегжейлі және сенімді негіздеме дайындалатын болады).

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ (2020 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА)**

Директорлар кеңесінің әртүрлі бағыттар бойынша құрылымы көсіби білім мен дағдылар түркісінан құрамның тенгерімділігімен сипатталады.



## 2014 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1957 жылғы 19 маусым.

### Білімі:

- ◆ Батыс Австралия Университеті, өнер бакалавры (саясаттану);
- ◆ Батыс Австралия Университеті, іскерлік өкімшіліктендеру магистрі (MBA), қаржы;
- ◆ Корольдік Аэронавигациялық қоғамның құрметті мүшесі;
- ◆ Директорлар институтының құрметті мүшесі.

### Жұмыс тәжірибесі

Сонымен қатар, Крис Уолтон Компанияның Директорлар кеңесінің тәрағасы болып табылады, сондай-ақ ол Ұлыбританияның Сұнгур қайықтарын жеткізу агенттігінде Аудит тәрағасы мен Корольдік әскери-тенз флоты үшін Кеме жасау жөніндеі стратегиялық кеңестің (The Royal Navy's National Shipbuilding Strategy Client Board) атқарушы емес мүшесінің қызметтерін қоса атқарды. Сонымен бірге, ол Лондондағы Қайырымдылық қордың Ерікті азаматтары гильдиясының қамқоршысы болып табылады.

Бұрын Asia Resource Minerals Plc («Азия минералдық ресурстар») көмір өндіру компаниясы, Goldenport Shipmanagement Ltd операторлық холдингі, Lothian муниципальдық автобус компаниясы секілді орындарда басқарма тәрағасы болды. Сонымен бірге, ол Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясында аға тәуелсіз директоры, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-тағы аудит жөніндегі комитеттің тәрағасы мен Ұлыбританияның Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің атқарушы емес мүшесі лауазымдарында жұмыс істеді. 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін Англия Банкінің (SE England & Anglia) Өнірлік экономикалық консультативтік кеңесінің мүшесі болды.

EasyJet Plc қаржы директорының лауазымында жұмыс істеді, онда компанияның IPO-сын табысты басқарды. Qantas, Air New Zealand, Australia Post пен Australian Airlines ірі австралиялық авиакомпанияларында жоғары қаржы және коммерциялық лауазымдарды атқарды. Австралиялық қарулы қүштерінің резервінде қызмет етті.

Директорлар институтының және Корольдік Аэронавигациялық қоғамының құрметті мүшесі болып табылады.

### Қоса атқаратын жұмысы:

The Guild of Freemen of the City of London – директор (қайырымдылық басқармасы);

Guild of Freemen of the City of London's Charity – қамқоршы;

Submarine Delivery Agency (a government department) — атқарушы емес директор;

National Shipbuilding Strategy Client Board – тәуелсіз мүше.

ҚМГ не оның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жок.

## 2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1963 жылғы 19 мамыр.

### Білімі:

- ◆ В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы — «мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы және оны кешенді механикаландыру».

### Жұмыс тәжірибесі

1985 жылдан бастап 1995 жылға дейінгі кезеңде «Жетібаймұнай» МГӘБ-те оператор-технолог, одан кейін «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӘБ қабаттық қысымды қолдау цехы бастығының орынбасары, қабаттық қысымды қолдау участкесінің бастығы, мұнай және газ өндіру цехының бастығы, «Оңтқазмұнайгаз» ГАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, ҚМГ-нің барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі бірінші вице-министр, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы тәрағасының орынбасары лауазымдағында жұмыс істеді.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Айдарбаев А.С.**

Мұнай-газ саласы

## 2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1954 жылғы 25 желтоқсан.

### Білімі:

- ◆ Лиц университет (Ұлыбритания), азаматтық құрылым саласындағы ғылым бакалавры;
- ◆ Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия / құрылымысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі.

### Жұмыс тәжірибесі

1976 жылы Лиц университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін әлемнің түрлі өлдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-та қосылды. 2004 жылы Shell-de Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады. 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес бөлімшесінде даунстрим (downstream) жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды. 2010 жылы Қазақстандағы екінші сатыдағы Қашаған жобасының директоры болып тағайындалды. Одан әрі Әл-Қараана Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды. 2013 жылдан бастап жобаларды басқару жөніндегі тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді.

Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің тәрағасы, сондай-ақ EnQuest PLC компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің тәрағасы болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Холланд Ф.М.**

Мұнай-газ саласы,  
жобаларды бағалау,  
денсаулық сақтау  
және қауіпсіздік



## 2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1947 жылғы 14 қазан.

### Білімі:

- ◆ И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен инженері»;
- ◆ И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының, аспирантурасы;
- ◆ техникалық ғылымдар кандидаты;
- ◆ техникалық ғылымдар докторы;
- ◆ Қазақстан Республикасының Ұлттық және Халықаралық инженерлік академияларының, академигі.

### Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдарда «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспийманыгеология» аумақтық басқармасында, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында, Қазақстан Республикасының Президенті аппаратының өнеркәсіп бөлімінде және Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінде жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда КР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ бас басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлік орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлік орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» АҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстандық мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлік бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» ЖАҚ, «Мұнай мен газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ пен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндірү» АҚ Директорлар кеңесінің тәрағасы, KAZENERGY қауымдастырының үйлестіру кеңесінің тәрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, Атырау мұнай және газ университетінің Директорлар кеңесінің тәрағасы, «ҚМГИ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі (төуелсіз директор) лауазымдарында жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 9655 жай акцияларына иелік етеді.

## 2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1970 жылғы 31 қазан.

### Білімі:

- ◆ Стэнфорд Университеті, Жоғары бизнес мектебі, Stanford Executive Program (SEP);
- ◆ Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (Duke University's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама), Executive MBA, іскерлік әкімшіліктендері (басқарушы кадрларға арналған) магистрі;
- ◆ Ресей Федерациясы Президенттің жаңындағы Ресейлік халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, экономика магистрі;
- ◆ Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектордағы қаржы кафедрасы, бағыты – «экономика», «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- ◆ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандығы – «механик, қолданбалы математика».

### Жұмыс тәжірибесі

Әртүрлі жылдарда «ТасСат» ЖШС директоры, «КазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» ЖАҚ клиринг департаментінің менеджері, бастыры, Нұр-Сұлтан қ. Өкілдігінің экономика жөніндегі вице-президенті, басқарушы директоры, «КазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» АҚ жобаларды басқару департаментінің бастыры, «Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (KEGOC) қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті болып жұмыс істеді.

«Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (KEGOC) бірінші вице-президенті, «KEGOC» АҚ бойынша топтың директор-жетекшісі, «Самұрық» қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі АҚ электр-энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, Қазақстандық электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы» АҚ (KEGOC) басқармасының төрағасы, бірінші вице-президенті, президенті, «Самұрық-Казына» АҚ басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ басқармасының төрағасы, «KAZENERGY» Қазақстандық мұнай-газжәне энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастырыбы» ЗТБ төрағасының орынбасары, «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару дирекциясының басшысы болды.

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ пен «Казатомөнеркәсібі» ҰАҚ» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастырының Директорлар кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік энергетикалық одақтың (WEC) Қазақстандық ұлттық комитетінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастырыңың кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастырының энергетикалық саланы дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы Энергетика комитетінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі, «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ жаңындағы Энергетикалық және электр-техникалық машина жасау комитеті төрағасының лауазымдарында жұмыс істеді.

2021 жылдың 29 наурызында «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындалды.

Энергетика саласындағы жұмысы үшін Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастырынан «ТМД енбегі сіңген энергетигі» деген құрметті атақ алды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарын, акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Сәтқалиев А.М.**

Мұнай-газ саласы,  
жекешелендіру,  
стратегия,  
корпоративтік қаржы



## 2019 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1948 жылғы 27 маусым.

### Білімі:

- ◆ Оңтүстік Квинсленд университеті, бизнес бакалавры;
- ◆ Цифрлық трансформация мен инновациялық көшбасшылықтағы атқарушы магистр.

### Жұмыс тәжірибесі

Қызметтің 1969 жылы Австралияда компьютерлік бағдарламашы ретінде бастады. 1971 жылы ен ірі кеме жасаушыға бизнес-қосымша өзірлеп, компьютерлік жүйелер талдаушысы болып жұмыс істеген Гонконгқа қайтып келді. 1973 жылы Arthur Andersen & Co. Компаниясында аудитор ретінде жұмыс істей бастады, ал 1982 жылы ол әріптеске дейін өсті. Клиенттері арасында – Гонконгтың ірі банктері, сақтандыру компаниялары, қорларды басқару компаниялары мен Үкіметі. Осы уақытта, халықаралық банктерге стратегиялық АТ-жоспарлар өзірлеуде және банк жүйелерін енгізуде көмек көрсетуден басқа, ол, кем деғенде, Гонконг тұрғындарының жалпы санынан (7,5 миллион адам) 3 млн адам тұрган Гонконгтың Тұрғын үй шаруашылығы басқармасына тұргын үй бойынша деректер базасын өзірледі. 1977 жылы – Гонконг компьютерлік қоғамдастырының президенті.

1986 жылы Deloitte компаниясында консалтинг үшін жауап беретін әріптес ретінде жұмысқа кірісті. Deloitte компаниясында жұмыс істегендегі, Гонконг Үкіметіне ұзак іссапарға жіберілді, онда ол Гонконг қор биржасы үшін клиринг және есеп жүргізу-дін, орталық жүйесін өзірледі.

1991 жылы өзінің бағалы қағаздар саудасы мен инвестициялық консультация бойынша бизнесінің негізін қалады. 2005 жылы ол Гонконг Бағалы қағаздар қауымдастырының тәрағасы болды және қазіргі уақытта Қауымдастықтың тұрақты құрметті президентті болып табылады. 2012 жылы ол Қазақстанның ен ірі банктерінің ондығына кірген АСҚ Банкін сатып алу мәселелері бойынша консультация берді, ал 2013 жылдың мамырында АСҚ Банкі Басқармасының тәрағасы болды. 2019 жылғы сөүірде ол Басқарма тәрағасының постынан кетті. 2014 жылдың шілдесінен бастап 2017 жылдың мамырына дейін ол Бірыңғай зейнетқаза жинақтау қорының (БЖЗК) – Қазақстанның орталық жинақ қорының тәуелсіз директоры болды.

Гонконгтың дипломы бар бухгалтерлер институтының ғылыми қызметкері, Австралияның дипломы бар бухгалтерлер институтының мүшесі және Гонконг директорлар институтының мүшесі болып табылады.

### Қоса атқаратын қызметі:

- ◆ Amber Hill Financial Holdings Limited, Target Insurance (Holdings) Limited (Гонконг қор биржасында тіркелген) директорлар кеңесінің атқарушы емес тәуелсіз мүшесі).

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

## 2020 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1959 жылғы 13 қараша.

### Білімі:

- ♦ Техас технологиялық университеті (Лаббок, Техас, АҚШ), машина жасау саласындағы ғылым бакалавры.

### Жұмыс тәжірибесі

2000 жылдан бастап Saudi Arabian Texaco, Inc. (бейтарап аймақ — Кувейт), Texaco Exploration and Production президентінің көмекшісі болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін Chevron корпорациясының бөлімшелерінде әртүрлі лауазымдарды атқарды: басқару жөніндегі демеуші (Сан-Рамон, Калифорния, АҚШ), Бразилия бойынша елдік менеджер (Рио-де-Жанейро, Бразилия), Шығыс Калимантан бағыты бойынша аға вице-президент (Баликпапан, Индонезия).

2010 жылы «Тенізшевройл» ЖШС (Атырау, Қазақстан) бас директоры болып тағайындалды және осы лауазымда бес жыл жұмыс істеді. 2015 жылдан бастап «Шеврон» корпорациясына «Еуразия» бизнес-бөлімшесінің басқарушы директоры (Алматы, Қазақстан) лауазымына оралды. 2018 жыны «Шеврон» компаниясындағы жұмысын аяқтағаннан кейін «Шеврон» корпорациясының «Еуразия» бизнес бөлімшесі бойынша операциялық компания президентінің кеңесшісі болды (Фриско, Техас, АҚШ).

2019 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — Integrated Global Services (IGS) атқарушы директоры (Қазақстан Республикасы) және жаһандық операциялар жөніндегі аға кеңесші (Ричмонд, Вирджиния, АҚШ).

### Өзге де қызмет түрлері / лауазымдар:

- ♦ Қазақстандағы Америка сауда палатасының директорлар кеңесінің құрамына кірді (2010-2018 жылдар);
- ♦ ValvTechnologies, Inc. директорлар кеңесінің құрамына кіреді (Хьюстон, Техас) – 2019 жылдан бастап, PSI-Clough бірлескен кәсіпорны (Алматы, Қазақстан) – 2020 жылдан бастап;
- ♦ әр жылдары шақырылған дәріскер болды: KAZENERGY шенбеберінде мұнай-газ саласындағы мансап бойынша мастер-класс, Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебі, Нархоз университеті, Техас А&М университетінің Mays School of Business, Қазақстан-Британ техникалық университеті.

ҚМГ не оның өншілес және (немесе) төуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, өншілес және (немесе) төуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жок.



**Miller T.G.**

Мұнай-газ саласы, тәуекел-менеджмент, денсаулық сақтау және қауіпсіздік

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

Комитеттер қимасында:

- Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет (СҚБК): 5 отырыс, 84 сұрақ;
- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет (ТжСК): 12 отырыс, 88 сұрақ;
- Аудит жөніндегі комитет (АК): 9 отырыс, 108 сұрақ;
- Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаган ортанды қорғау және орнықты даму комитеті (ЕҚЕҚОКОДК): 4 отырыс, 40 сұрақ;
- Қаржы комитеті (КК): 3 отырыс, 23 сұрақ.

2020 жылы Директорлар кеңесі КМГ даму стратегиясын өзектен-діру, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және орнықты даму проблематикасы, корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері, менеджмент қызметтің негізгі көрсеткіштерін өзірлеу, цифровлық трансформация мәселелері, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен өл-ауқаты мәселелеріне ерекше назар аударды.


2020 жылы  
Директорлар кеңесі

**16** отырыс


еткізіп, онда

**317** мәселе қаралды

### Отырыстар саны



### Қаралған мәселелер саны



## 2020 жылдың Директорлар кеңесі қарған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	Стратегиялық мәселелер	Корпоративтік басқару мәселелері	Мемлілелер жасасу мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі</li> <li>◆ ҚМГ еңбекті және коршаган ортаны қорғау жөніндегі ақпараты</li> <li>◆ COVID-19 туралы ақпарат</li> <li>◆ ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері жөніндегі есеп</li> <li>◆ ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат</li> <li>◆ ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы есеп</li> <li>◆ ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері</li> <li>◆ ҚМГ-нің IPO-ға шығуға дайындық мәселесі бойынша ағымдағы мәртебесі туралы ақпарат</li> <li>◆ Deloitte жедел желісіне түсken өтініштер туралы есеп</li> <li>◆ ҚМГ Басқармасы шешім қабылдаған, жасалуына мұдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есеп</li> <li>◆ Тәуекелдер бойынша токсан сайныны есеп</li> <li>◆ ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерін/тапсырмаларын орындау туралы есеп</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ҚМГ-нің 2020-2024 жылдарға арналған түзетілген шоғырландырылған даму жоспарын бекіту</li> <li>◆ ҚМГ дағдарысқа қарсы стратегиясын әзірлеу</li> <li>◆ ҚМГ қызметінің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту</li> <li>◆ ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту</li> <li>◆ Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері</li> <li>◆ Келісімшарттық аумақтарды немесе олардың бөліктерін белгіленген тәртіппен мемлекетке қайтаруды көлісу</li> <li>◆ Басшы қызметкерлер жұмысының негізгі мотивациялық көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту</li> <li>◆ ҚМГ мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2019 жылдың қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесі қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелері</li> <li>◆ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту</li> <li>◆ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына өзгерістер енгізу</li> <li>◆ «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-та корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы тұрақты есептерді бекіту</li> <li>◆ «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-та корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспарға өзгерістер мен толықтуруларды бекіту</li> <li>◆ Акционерлердің «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-тың және оның лауазымды тұлғаларының 2019 жылғы іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары</li> <li>◆ ҚМГ-нің 2019 жылғы жылдық есебін бекіту</li> <li>◆ 2019 жылғы ҚМГ-нің орнықты дамуы туралы есепті бекіту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Жасалуына мұдделілік бар мәмілелерді жасасу</li> <li>◆ Ірі мәмілелер жасасу</li> </ul>

Еншілес және тәуелді үйімдардың мәселелері	Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	Кадрлық және сыйақы	Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері
<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ЕТҰ байқау кеңестерінің басшыларын, мүшелеңдерін сайлау, олардың өкілеттіктерін тоқтату</li> <li>◆ ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер енгізу</li> <li>◆ ЕТҰ қызметінің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін көлісу</li> <li>◆ ЕТҰ-дағы қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ҚМГ ішкі құжаттарын бекіту және олардың күшін жоюға қою</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ҚМГ қызметкерлерінің штат санын бекіту</li> <li>◆ ҚМГ Басқарма мүшелеңдерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқармасының мүшелеңдеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін, енбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу</li> <li>◆ ҚМГ-нің 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясатын іске асыру барысы туралы</li> <li>◆ 2019 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ басшы қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін белгілеу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Корпоративтік хатшы қызметінің, комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің, есептері</li> <li>◆ Комплаенс қызметінің, ішкі аудит қызметінің, омбудсменнің жұмыс жоспарларын бекіту;</li> <li>◆ Корпоративтік хатшы қызметінің, ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, омбудсменнің кадрлық мәселелері</li> <li>◆ Ишкі аудит қызметі жұмысының стратегиясын бекіту</li> </ul>

## 2020 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯ

2020 жылғы 20 қарашада Стратегиялық сессия (Компанияның Даму стратегиясы бойынша Директорлар кеңесінің жеке отырысы) өткізілді, оның барысында өзгерген сыртқы орта мен дағдарысқа қарсы шараларды ескере отырып, 2018 жылы бекітілген ҚМГ-нің, 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыруға байланысты мәселелер қаралды. ҚМГ-нің Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшеслері арасында ең өзекті тақырыптар бойынша сындарлы пікірталас өтті. Атап айтқанда, ҚМГ-нің қолданыстағы Даму стратегиясы, ағымдағы құн тізбегі, ҚМГ қызметтің тиімділігін артыру және трансформациясы, активтер қоржыны және бизнесті ықтимал әртараптандыру, ҚМГ-нің перспективалық және орнықты дамы мәселелері қозғалды.

## КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ИСКЕ АСЫРЫЛАУЫН БАҚЫЛАУ

ҚМГ-нің стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақытылы түзету шараларын қабылдау мақсатында Директорлар кеңесі қызметтің негізгі өзгерістері бойынша ҚМГ Басқарма тәрағасының, есебін, еңбекті және қоршаған ортанды қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есепті, жасалуына мүдделілік бар, олар бойынша Басқарма шешім қабылдаған мәмілелер туралы есепті, стратегияны, ҚНК-ны және инвестициялық жобаларды орындау мәртебесіне шолуды, ҚМГ-нің шоғырландырылған Даму жоспарын іске асыру туралы есепті, тәуекелдер жөніндегі есепті, Директорлар кеңесі комитеттері тәрағаларының есептерін, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің жұмысы туралы есептерді түрақты түрде тыңдайды.

Директорлар кеңесінің Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитетті әрбір отырыста ірі мұнай-газ жобаларын (Кашаган, Қараышғанак, Теніз көн орындарында) іске асыру, трансформация, жекешелендіру туралы есептерді қарайды және талқылады.

## 2020 жылғы Директорлар кеңесі мүшесерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі

	2020 жылдағы отырыстар <sup>1</sup>					
	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет	Каржы комитеті	Еңбек қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортанды қорғау және орнықты дамы комитеті
Уолтон Кристофер Джон	16/16	3/3	12/12	5/5	3/3	4/4
Уайт Стивен Джеймс <sup>2</sup>	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Дайер Филип Джон <sup>2</sup>	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Виана Палья да Силва Луис Мария <sup>2</sup>	7/7	6/6	8/8	3/3	3/3	2/2
Грюал Балжит Каур <sup>2</sup>	7/7	–	–	3/3	3/3	–
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	16/16	–	8/8	5/5	–	4/4
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	16/16	–	–	–	–	–
Эспина Энтони	16/16	–	12/12	5/5	3/3	–
Айдарбаев Алик Серікұлы	16/16	–	–	–	–	–
Холланд Филип Малкольм <sup>3</sup>	9/9	3/3	4/4	2/2	–	–
Миллер Тимоти Глен <sup>3</sup>	9/9	3/3	–	2/2	–	2/2

<sup>1</sup> Бірінші цифр Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатыса алғатын отырыстардың жалпы санын көрсетеді.

<sup>2</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін 2020 жылғы 28 маусымда тоқтатты.

<sup>3</sup> ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі 2020 жылғы 17 тамызда сайланды.

## Директорлар кеңесінің тәрағасы мен оның ролі

Директорлар кеңесінің тәрағасы

Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауп береді, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларының, толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесінің мүшеслері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивті диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің тәрағасы болып табылады.

## Тәуелсіз директорлар мен олардың ролі

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық критерийлеріне, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру қағидаларына және Кодекске сәйкес келеді.

Ен үздік халықаралық практикаларды ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сәйкес келуіне ұмтылады және директордың тәуелсіздігін нашарлата алатын немесе нашарлatty деп көрінетін өзге мән-жайлардың жоқ екенін мәлімдейді. Директорлар кеңесінің жұмысында Директорлар кеңесінің комитеттерінде

көпшілікті құрайтын және олардың тәрағалары болып табылатын тәуелсіз директорларға маңызыда роль бөлінген.

### **Директорлар кеңесінде сабактастықты жоспарлау, лауазымға кіру және біліктілікті арттыру**

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің сабактастығын қамтамасыз ету саясаты мен сабактастық жоспарын өзірледі, бұл ретте Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысы шенберінде Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды ескере отырып, осы құжаттарды қайта қарастыру туралы шешім қабылданды.

КМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен КМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қолданылады. 2020 жылғы маусымда Бағдарлама Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияның функционалдық блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің тәрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтінен мониторинг жүргізеді. 2020 жыл ішінде Бағдарламаға сәйкес лауазымға енгізу рәсімінен КМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Ф.М. Холланд және А. Г. Миллер өтті, олар сұрау салу бойынша КМГ функционалдық блоктарының басшыларымен кездесулер үйімдастырыды. Директорлар кеңесінің тәрағасы К.Д. Уолтон сондай-ақ Бағдарламаның өтүйн үйімдастыру мәселелерін талқылау мақсатында Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерімен конференц-қонырау өткізді.

Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынады, олар туралы акпарат Компанияның веб-сайтында орналастырылады.

### **ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ**

Кодекске сәйкес, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процестің шенберінде, жыл сайын бағалануы тиіс. Осы процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте, бағалау, тәуелсіз көсіпкөй үйім тартылып, үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Тәуелсіз консультант компаниясын тарта отырып, жеке тәуелсіз бағалау 2017 жылы жүргізілді, оның нәтижелері КМГ Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру кезінде пайдаланылды. Сондай-ақ, 2018 жылы тәуелсіз консультантты тарта отырып, Әдістеме негізінде КМГ корпоративтік басқаруының тәуелсіз диагностикасы жүргізілді, өзгелерден басқа, оған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау кірді.

Директорлар кеңесінің қызметін келесі тәуелсіз бағалау 2021 жылға жоспарлағын отыр. Бұл ретте, 2020 жылы Кодекс талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалауды 2019 жылдың қорытындылары бойынша сауалнама жүргізу арқылы жүргізілді. Өзін-өзі бағалауда арналған сауалнаманы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің тәрағалары бірлесіп өзірледі. Сауалнама екі бөлімнен тұрды – «Құрам және процестер», «Мінез-құлыш және іс-әрекеттер» және 30 сұрак. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды. Бұдан әрі нәтижелер Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылады және талқылауды, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшыға қатысты. Талқылау шенберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдау көрсетілді және төрт баллдан (ән, жоғары бес баллдан) (бұдан әрі – жетілдіруге арналған салалар) төмен бағаланған дағдылар мен құзыреттер көрсеткіштері қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің жетілдіруге арналған салаларға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспарына (бұдан әрі – КБЖЕЖ) тиісті толықтырулар өзірленді және бекітілді. 2020 жылғы 8 жетекшілік сандарда Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында 2020 жылғы Қызмет қорытындылары бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы мәселе қаралды, оның шенберінде Корпоративтік хатшы 2019 жылғы өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша КБЖЕЖ-ның іс-шараларын іске асыру мәртебесі туралы акпарат берді.

2021 жылғы 1-тоқсанда Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының өзін-өзі бағалау тәсілімен бағалау процесі аяқталды, оның нәтижелері 2021 жылғы 9 ақпан-дағы Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында қаралды (№1/2020 хаттама). Осыны ескере отырып, Директорлар кеңесі оның қызметіндегі жақсартуларды одан әрі талқылауды жүргізетін болады.

<sup>1</sup> [https://www.kmg.kz/rus/kompaniya/korporativnoe\\_upravlenie/treningi\\_chlenov\\_soveta\\_direkt/](https://www.kmg.kz/rus/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/treningi_chlenov_soveta_direkt/)

## КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті ҚМГ мен акционерлердін, акционерлер мен Директорлар кеңесінің, ішкі аудит қызметінін, ҚМГ Басқармасы мен өзге де органдарының, ҚМГ мен оның негізгі еншілес және тәуелді үйымдарының, арасындағы жүйелі коммуникациялардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің тарапынан корпоративтік шешімдердің уақытылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесі мүшелерінін қызметі мен ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері үшін кеңесшінің ролін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асыруына мониторинг жүргізуде қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-де корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесі үшін жауп береді. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін Компания қызметкері болып табылады.

### **АЗАМАТТЫРЫ:**

Қазақстан Республикасы

### **ТУҒАН КҮНІ:**

1980 жылғы 22 қаңтар.

### **БІЛІМІ:**

- ◆ Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «Халықаралық құқық»;
- ◆ Ресей Федерациясы Президентінің жаңындағы Ресейлік халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Скерлік әкімшіліктендері шебері» бағдарламасы (MVA), мамандығы – «менеджмент»;
- ◆ сертификаттаған Корпоративтік хатшы; корпоративтік хатшылар үшін корпоративтік басқару саласындағы сертификаттаған тренер; «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті ЖМ тренері.

### **ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ**

2001 жылдан бастап 2007 жылға дейін Атырау облысындағы Төңіз көн орнында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін «Қазақстанның даму банкі» АҚ-та; 2012-2014 жылдарда ҚМГ мен «ҚазТрансГаз» АҚ-та әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы болып табылады.

2019 жылғы 1 ақпаннан бастап, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы тәралқасының жаңындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды, ал 2019 жылғы 16 желтоқсаннан бастап «Ұлттық корпоративтік хатшылар бірлестігі» қауымдастырының (Ресей Федерациясы) құрамына кірді.



**Шеріпов Д.В.**

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесінің мүшелері комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды егжей-тегжейлі қарастауға және талдауға шоғырланады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мұдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Комитеттер тиісті шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар төрағалары болып табылады.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
<b>Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар өзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-әрекет жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ даму стратегиясы мен инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің, басым бағыттары;</li> <li>◆ ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру;</li> <li>◆ ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметтің тиісті жоспарлауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ ҚМГ трансформациясына мониторинг жүргізу.</li> </ul>
<b>Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар өзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Директорлар кеңесі мен Басқарманың, сабактастырын жоспарлау;</li> <li>◆ Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының, және өзге де қызметкерлердің, қызметтің тұрақты және обьективті бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ тиімді кадр саясатын, еңбекакы және сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің көсіби дамуын қамтамасыз ету.</li> </ul>
<b>Аудит жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар өзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін орнату;</li> <li>◆ ішкі бақылау және төуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;</li> <li>◆ сыртқы және ішкі аудит процесін бақылау;</li> <li>◆ Компанияның жылдық және тоқсандық қаржылық есебін тексеру;</li> <li>◆ комплаенстың сақталуын бақылау.</li> </ul>
<b>Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаган ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет</b>	<p>Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсынымдар өзірлеу және ұсыну арқылы көмек көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ еңбек қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаган ортаны қорғауды қамтамасыз ету;</li> <li>◆ стратегиялық жоспарлау мен ҚМГ әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу;</li> <li>◆ жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар шенберінде ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары;</li> <li>◆ ҚМГ экологиялық тиімділігінің мониторингі.</li> </ul>

## ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

### ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫң МӘЛІМДЕМЕСІ



2020 жылы Комитеттің қызметі пандемияны және оның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатына өсерін ескере отырып, тиімді кадр саясатын қамтамасыз етуге, сабактастықты, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін жоспарлауға, әлеуметтік қолдауға бағытталған. Комитет «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ CEO-1 лауазымына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын бекітті, оның шенберінде Комитет CEO-1 лауазымына тағайындау бойынша бірнеше рет ұсыным берді. Бұдан басқа, Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің сабактастық мәселелеріне және тұтастай алғанда Компаниядағы сабактастық әдіснамасын талқылауға, сондай-ақ пандемияның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлері санының қысқаруына тиетін өсерге назар аударылды. Комитет құрылымды қайта құру, Компанияның корпоративтік орталығындағы қызметкерлер санын қысқарту және еңбекақы мен сыйақы төлеу, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ беделдік тәуекелдерін азайту мәселелерін талқылау кезінде Компания менеджментімен белсенді өзара іс-қимыл жасады.

Тағайындау және сыйақы комитеті туралы ережеге сәйкес Комитет әлеуметтік проблемаларды, оның ішінде өнірлердегі әлеуметтік шиеленіс жағдайларын, жұмыссыздық пен Компанияның әлеуметтік қолдау проблемаларын шешу бойынша ұсынымдарды тыңдайды және өзірлейді. Комитет әлеуметтік жауапкершілік пен тартымдылыққа назар аудара отырып, Жаңаөзен қаласындағы жағдайды, жұмыспен қамту мәселелерін, сондай-ақ оларды шешу үшін ұсынылған жолдар талқылады.

Сонымен қатар, Комитет Компанияның корпоративтік құндылықтарын қайта қаруға және айқындауға, сондай-ақ ҚМГ іскерлік этика кодексіне өзгерістер өнгізуге назар аударды.

2018 жылы алғаш рет Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерінің матрицасы өзірленді және бекітілді, олар оны Директорлар кеңесі құрамындағы дағдылар мен құзыреттер балансын сақтау мақсатында толтырады. 2020 жылғы жетекшілік санда Комитетте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің оны толтыруын ескере отырып, матрица бойынша жиынтық акпарат қаралды. Талқылау қорытындылары бойынша тәуелсіз директорды іздеу бойынша жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды, сондай-ақ оны іздеу бойынша құзыреттілік пен критерийлерге қойылатын талаптар өзірленді.

#### **Холланд Филип Мальколм**

Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор

## ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2020 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ◆ ҚМГ Басқармасының құрамы туралы.
- ◆ ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы.
- ◆ ҚМГ орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы санын бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ басшы қызметкерлері жұмысының 2021 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ-нің ағымдағы қажеттіліктерін және оның ұзак мерзімді даму стратегиясын ескере отырып, ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар үшін дағдылар, білім және тәжірибе бейінін айқындау туралы.
- ◆ Жаңаөзен қаласындағы жұмыспен қамту жағдайы туралы ақпарат.
- ◆ ҚМГ омбudsменін тағайындау және оның өкілеттік мерзімін анықтау туралы.
- ◆ Корпоративтік құндылықтарды анықтау және ҚМГ іскерлік этика кодексіне өзгерістер енгізу туралы.
- ◆ ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020 жылға арналған оқыту жоспары мен даму бағдарламаларын бекіту туралы.
- ◆ Директорлар кеңестерінің құрамына квазимемлекеттік сектордың әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындарын азаматтық қоғам өкілдерін қосуға қатысты.
- ◆ ҚМГ еншілес және тәуелді үйымдарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және бірінші басшыларын тағайындау туралы.
- ◆ ҚМГ еншілес және тәуелді үйымдарының байқау кеңестерінің / директорлар кеңестерінің мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
- ◆ Директорлар кеңесі, ҚМГ Басқармасы мүшелерінің сабактастық жоспары туралы.
- ◆ ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалаудың қатысты.
- ◆ ҚМГ CEO-1 лауазымына кандидаттарды іздеу және іріктеу қафидарын бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ компаниялар тобы заңды тұлғаларының атқарушы органдары басшыларын тағайындауды (сайлауды) келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін негізгі лауазымдар тізбесіне сәйкес лауазымға тағайындауды келісу қафидарын бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ еншілес және тәуелді үйымдары мамандарының техникалық құзыреттерін дамыту бойынша жобаларды орындау мәртебесі.
- ◆ ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамын және сыйақысын қайта қарастыру бойынша ұсыныстар енгізуге қатысты.
- ◆ ҚМГ Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының, мөлшерін белгілеу туралы.
- ◆ 2020 жылы ҚМГ-нің 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясатын іске асыру барысы туралы.

**Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамына (2020 жылғы 31 жетекшісінде 31 жағдай бойынша) мыналар кіреді:**

1. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет тәрағасы;
2. Уолтон Кристофер Джон – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
3. Эспина Энтони – 2019 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі.

2020 жылы  
Тағайындау  
және сыйақылар  
жөніндегі  
комитеттің

**12** отырысы

өткізіліп, онда

**88** мәселе  
қаралды

**Комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы**

Отырыстың нөмірі мен күні	Комитет мүшесі						
	Палья Л.М.	Дайер Ф.Д.	Уолтон К.Д.	Уайт С.Д.	Қарабалин ყ.С.	Эспина Э.	Холланд Ф.М.
1/2020 20.01.2020	+	+	+	+	+	+	+
2/2020 03.02.2020	+	+	+	+	+	+	+
3/2020 12.02.2020	+	+	+	+	+	+	+
4/2020 04.03.2020	+	+	+	+	+	+	+
5/2020 31.03.2020	+	+	+	+	+	+	+
6/2020 25.04.2020	+	+	+	+	+	+	+
7/2020 29.04.2020	+	+	+	+	+	+	+
8/2020 02.06.2020	+	+	+	+	+	+	+
9/2020 16.09.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+
10/2020 06.10.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+
11/2020 04.11.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+
12/2020 08.12.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+
Катысу үлесі, %	100	100	100	100	100	100	100

## СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚОРЖЫНДЫ БАСҚАРУ КОМИТЕТИ

### СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚОРЖЫНДЫ БАСҚАРУ КОМИТЕТИ ТӨРАҒАСЫНЫң МӘЛІМДЕМЕСІ



2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

Бұдан басқа, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

Бұдан басқа, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2020 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

2019 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2019 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

2019 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау. 2019 жылдың ортасынан бастап, Комитеттің миссияның негізгі мақсаты - өзінен көп тұрғыдан жаһандық стратегияның орталық позициясын сақтау.

#### **Холланд Филип Малкольм**

Стратегия және қоржынды басқару  
комитетінің төрағасы,  
тәуелсіз директор

## СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ҚОРЖЫНДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2020 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ◆ ҚМГ-нің газ жөніндегі стратегиясы.
- ◆ «ҚазТрансГаз» АҚ тобының 2020-2030 жылдарға арналған стратегиялық қаржылық моделі туралы.
- ◆ ҚМГ-де инвестицияларды қоржындық басқаруды енгізу туралы.
- ◆ ҚМГ-де жобалық басқаруды енгізу туралы.
- ◆ «Тенізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасының қымбаттауын бағалау жөніндегі ақпарат.
- ◆ HSB Solomon Associates LLC компаниясының ҚМГ мұнай өндөу зауыттарының, 2018 операциялық жыл ішіндегі негізгі көрсеткіштерінің, бәсекелестік талдауы бойынша бенчмаркингтік зерттеу нәтижелері туралы.
- ◆ Сатып алу мәселелері, оның ішінде сатып алудың жаңа моделі, Қаратон-Сарықамыс (тұзасты) жобасы бойынша сатып алу проблемалары және т. б.
- ◆ Мұнай және газ бойынша құн тізбегін талдау нәтижесінде қабылданған іс-шаралар бағдарламасы (табысы төмен салаларды жақсарту жөніндегі іс-шаралар, мұнай/газ басымдылығы).
- ◆ Ескі кен орындарын пайдалану тиімділігін арттыру мәртебесі.
- ◆ ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі стратегиясын іске асyrу жөніндегі есеп.
- ◆ «Қашаған» кен орнында газ өндөу зауытын салу және ҚМГ компаниялар тобы үшін әсері туралы.
- ◆ Мұнай бағасының құлдырауын, пандемияның әсерін және мұнай нарығы үлесінә жаһандық қарсы тұруды ескере отырып, ҚМГ даму жоспарына ұсыныстар жобалары.
- ◆ Газ (қытайлық пен ресейлік) тапшылышы және оны іріктеу.
- ◆ Мұнай және газ бойынша форс-мажорлық жағдайларды шешудің коммерциялық нұсқалары.
- ◆ «ҚазТрансГаз» АҚ-ты «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына беру туралы.
- ◆ Қазақстан Республикасының Мұнай және мұнай өнімдері нарығы туралы ақпарат.
- ◆ ҚМГ мұнай өнімдерін сатып алу-сату шарттарын жасасу туралы.
- ◆ ҚМГ мұнай сатып алу туралы шарттар жасасуды келісу туралы.
- ◆ Келісімшарттық аумақтарды мемлекетке қайтару туралы.

### Комитет мүшеслерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысусы

Комитет мүшесі	Отырыстың, нөмірі мен күні					
	1/2020 11-12.02.2020	2/2020 31.03.2020	3/2020 03.06.2020	4/2020 07.10.2020	5/2020 07.12.2020	Катысу үлесі, %
Уайт С.Д.	+	+	+	Құрамнан шығарылды		100
Үолтон К.Д.	+	+	+	+	+	100
Дайер Ф.А.	+	+	+	Құрамнан шығарылды		100
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	100
Грюал Б.К.	+	+	+	Құрамнан шығарылды		100
Палья Л.М.	+	+	+	Құрамнан шығарылды		100
Эспина Э.	+	+	+	+	+	100
Холланд Ф.М.				+	+	100
Миллер Т.Г.				+	+	100

## Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеттің, құрамына (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мыналар кіреді:

1. Холланд Филип Малcolm – 2020 жылдың, қыркүйегінен бастап Комитет тәрағасы;
2. Үолтон Кристофер Джон – 2017 жылдың, тамызынан бастап Комитет мүшесі;
3. Карабалин Ұзакбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың, тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Миллер Тимоти Глен – 2020 жылдың, қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
5. Эспина Энтони – 2019 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі.

2020 жылғы Стратегия және қоржынды басқару комитеттің,

**5 отырысы**

өткізіліп, онда

**84 мәселе қаралды**

## АУДИТ ЖӘНІНДЕГІ КОМИТЕТ

### АУДИТ ЖӘНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫң МӘЛІМДЕМЕСІ



Комитет негізгі функционалдық бағыттар бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысына және Компания қызметіне мониторингті, сондай-ақ басшылықтың есептілігі мен негізгі шешімдерін қарауды және қажет болған жағдайда қарсылықтарды дайындауды жалғастырды. Комитеттің қызметі Кодексте, аудит жәніндегі комитет туралы ережеде және ҚМГ Директорлар кенесінің шешімдерінде жазылған күтулер мен функционалдық міндеттер тізбесіне сәйкес келді.

Θз кезегінде, Комитет бухгалтерлік есеп саласындағы маңызды мәселелер мен шешімдерді көрсететін басшылық пен сыртқы аудитордың есептеріне ерекше назар аударды. Тоқсан сайынғы негізде ұсынылатын ақпарат бізге ҚМГ қаржылық есептілігінің анықтық, тәнгерімділік және анықтық дәрежесі туралы пәндік пікірталас жүргізуға көмектеседі.

2020 жылы ҚМГ жылдық есебін дайындау және бекіту өдөйір жеделдетілді. Жылдық есеп 2020 жылдың сөүірінде бекітілді, ал бұрын есеп есептіден кейінгі жылдың шілде-тамызында бекітілді. Есепті кезеңде Аудит жәніндегі комитеттің бастамасы бойынша Ernst & Young ЖШС консалтингтік фирмасы ҚМГ компаниялар тобы бойынша ішкі бақылау мен жалақы есептеу жүйесін тестіледі.

Мен Комитеттің, барлық мүшелеріне қосқан үлестері үшін алғыс айтқым келеді. Олардың тәжірибесі Аудит жәніндегі комитетке ҚМГ-нің тиімді қызметін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

#### **Уолтон Кристофер Джон**

Аудит жәніндегі комитет төрағасы,  
тәуелсіз директор

## АУДИТ ЖӘНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2020 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ◆ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебін алдын ала бекіту туралы.
- ◆ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ-нің жеке жылдық қаржылық есептілігін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ-нің жеке қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебін алдын ала бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы тұрақты есептерді бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ қызметтінің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспарын қараша туралы.
- ◆ ҚМГ ішкі аудит қызметтінің 2019 жылғы қызметі туралы есеп.
- ◆ ҚМГ ішкі аудит қызметтінің 2020-2022 жылдарға арналған стратегиясын бекітуге қатысты.
- ◆ Deloitte жедел желісіне және сенім телефонына келіп түскен өтініштер туралы тоқсандық есептер.
- ◆ ҚМГ-нің 2019 жылдық есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- ◆ ҚМГ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің штаттық кестесін, қызметкерлердің, лауазымдық жалақыларының схемасын бекіту туралы.
- ◆ Консалтингтік қызметтерді мақұлдау. Мысалы, 2019 жылғы ішкі аудит қызметі (IAK) ҚМГ еншілес компаниясы – «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – ЕМГ) мұнайды есепке алу процесіне аудит жүргізді. ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеттің тапсынмасы бойынша аудит нәтижелерін қарағаннан кейін ішкі аудит қызметі ЕМГ мұнайдын есепке алу мәселелерін тексеру бойынша фorenзик консультациялық қызметтерін сатып алуды жүзеге асыруды. «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС консультантты ЕМГ мұнайдын есепке алу процесі аудиттің нәтижелері бойынша IAK есебінде көрсетілген сәйкесіздіктерді растады және көрсетілген процесте қосымша сәйкесіздіктер мен тәуекелдер анықталды. ҚМГ консультанттының есебін қараша нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою бойынша бірқатар шаралар қабылданды.
- ◆ ҚМГ тәуекел-аппетиті туралы өтінішті, тәуекелдер тіркелімін және ҚМГ Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ҚМГ тәуекелдер картасын, ҚМГ тәуекелдеріне төзімділік деңгейлерін және ҚМГ-нің 2021 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштері тіркелімін бекіту туралы.
- ◆ ҚМГ ішкі аудит қызметтінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы.
- ◆ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспардың іс-шараларын іске асыру мәртебесі туралы есеп (тұрақты тұрде).
- ◆ Ішкі аудит қызметтін (IAK) тәуелсіз бағалау мәселесі.

2020 жылғы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес ҚМГ ішкі аудит қызметтіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізілді. Үлкен төрттіктің бірі – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС ашық тендердің женімпазы болып танылды. Ішкі аудит қызметі жұмысының ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық тәжірибелерге, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқа да қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша стандарттардың талаптарына сәйкестігі 100%-ті құрады. Осылайша, ішкі аудит қызметтінің жұмысы стандарттардың талаптарына тоłyқ сәйкес келеді деп танылды.

IA-СМ жетілу моделін бағалауға сәйкес алты компоненттің төртеуіне қатысты ен жоғары оңтайландырылған бесінші деңгей тағайындалады:

- ◆ адами ресурстарды басқару;
- ◆ ішкі аудит практикасы;
- ◆ өзара қарым-қатынас және мәдениет;
- ◆ корпоративтік құрылым.

## Аудит жөніндегі комитеттің, құрамына (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мыналар кіреді:

1. Уолтон Кристофер Джон – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет тәрағасы;
2. Миллер Тимоти Глен – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
3. Холланд Филип Малcolm – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі.

2020 жылғы Аудит жөніндегі комитеттің

## 9 отырысы

өткізілді және онда

## 108 мәселе қаралды

**Комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы**

Отырыстың нөмірі мен күні	Комитет мүшесі					
	Дайер Ф.Д.	Палья А.М.	Уайт С.Д.	Уолтон К.Д.	Холланд Ф.М.	Миллер Т.Г.
1/20 11.02.2020	+	+	+			
2/20 03.03.2020	+	+	+			
3/20 01.04.2020	+	+	+			
4/20 27.05.2020	+	+	+			
5/20 02.06.2020	+	+	+			
6/20 29.06.2020	+	+	+			
7/20 06.10.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+	+
8/20 19.11.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+	+
9/20 08.12.2020	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	+	+	+
Катысу үлесі, %	100	100	100	100	100	100

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТИ

**ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ  
ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТИ ТӨРАҒАСЫНЫң,  
МӘЛІМДЕМЕСІ**



Комитет өз қызметін 2019 жылы Компанияның дәнсаулық, қоршаган орта қауіпсіздігі және орнықты даму мақсаттарына бейілділігі шенберінде бастады.

Есепті жылы Комитет төрт отырыс өткізді, онда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаган ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), ESG аспектілерін стратегиялық басқару (Environmental, Social, Governance – экология мәселелері, әлеуметтік мәселелер, корпоративтік басқару мәселелері), сондай-ақ орнықты даму саласындағы есептілік туралы 40 мәселе қаралды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аудару аясында Комитет біздің әр көсіпорында, сондай-ақ мердігер үйымдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету көрсеткіштері мен әдістерін терең зерттеді. 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобында еңбек қызметін жүзеге асыруға байланысты бірде-бір өлім оқиғасы тіркелмегенін атап өткім келеді. Есепті жылы Комитеттің ұснымы бойынша Директорлар көңесі ҚМГ-нің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік үйымдарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартты бекітті. Қазіргі уақытта оны өндірістегі тиісті инциденттердің санын азайту үшін ҚМГ компаниялар тобына енгізу жүзеге асырылада. Жүргізлген жан-жақты талдау менеджменттің қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту үшін қалай шарапалар қолданатыны және бүкіл бизнес аясында қауіпсіздік мәдениетін қалай жақсартуға болатындығы туралы түсінік берді.

Комитет ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ (deep dive questions) бойынша негізгі мәселелерді отырыстарда егжей-тегжейлі қаралу практикасын енгізді. 2020 жылы климаттың, өзгеруіне (парниктік газдар шығарындыларына), Carbon Disclosure Project (CDP), Water Disclosure Project (WDP) есептілігіне, ҚМГ компаниялар тобында ілеспе мұнай газының пайдалы қолданылуын арттыруға, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік үйымдарды басқаруға және ҚМГ экологиялық рейтингісіне байланысты мәселелер қаралды.

Сонымен бірге, Комитет COVID-19 бойынша ҚМГ-дегі жағдай және ҚМГ компаниялар тобында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмая бойынша қабылданып жатқан шарапалар туралы есептерді үнемі тыңдаپ отырды.

Өткен жылдың маңызды фокустарының бірі орнықты даму мәселелері бойынша есептіліктे ашықтыққа ұмтылу болды. Компания орнықты даму туралы есеп ҚМГ 2019 жылғы жылдық есептер мен орнықты даму туралы есептер конкурсында «Орнықты даму туралы үздік есеп» номинациясында екінші орын алды. Кодекске және ҚМГ-нің даму стратегиясына сәйкес ұзак мерзімді орнықты даму ҚМГ-нің негізгі стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінің бірі болып табылады, ол «Самұрық-Қазына» АҚ-тың көзқарасына, Қазақстан Республикасының даму стратегиясына және өлемдік инвестициялық қоғамдастықтың құн тәртібіне сәйкес келеді.

Есепті жылда Комитет ҚМГ үшін орнықты дамудың алты басым мақсатын көлісті:

- ◆ салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамдар үшін өл-ауқатқа ықпал ету;
- ◆ арзан, сенімді, орнықты және заманауи энергия көздеріне жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- ◆ үдемелі, жан-жақты қамтылатын және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу;
- ◆ тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу;
- ◆ климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау;
- ◆ құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, орманды ұтымды пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері қайтару және биоалуантүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.

Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іс жүзінде іске асыруға 2021-ші және одан кейінгі жылдар арналады.

Директорлар көңесі экология және қоршаған ортаны қорғау, Компания қызметкерлері мен мердігерлерінің оның барлық өндірістік обьектілеріндегі өмірі мен денсаулығы, кадрлық өлеуетті дамыту мәселелерінің, жоғары басымдылығын және осы мәселелердің еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетіне беру арқылы орнықты даму саласындағы жалпыға танылған жаһандық мақсаттарға бейілділікті растайды.

Біздің 2021 жылға арналған құн тәртібіміз, 2020 жылғы сияқты, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму жүйесін енгізу секілді негізгі тақырыптарға шоғырланатын болады. Сондай-ақ, біз ESG рейтингінің компоненттерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастырамыз.

### **Миллер Тимоти Глен**

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің тәрағасы, тәуелсіз директор

## 2020 ЖЫЛЫ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ◆ Климаттың өзгеруі туралы мәселелер (парниктік газдар шығарындылары, CDP (Carbon Disclosure Project), WDP (Water Disclosure Project) есептілірі.
- ◆ ESG (Environmental, Social, Governance) ҚМГ рейтингі.
- ◆ Біріккен Үлттар Үйімінің ҚМГ үшін орнықты даму саласындағы басым мақсаттарының тізбесін келісі.
- ◆ ҚМГ еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер.
- ◆ ҚМГ-дегі COVID-19 бойынша жағдай туралы есептер және ҚМГ компаниялар тобында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау бойынша қабылданып жатқан шаралар.
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында ілеспе мұнай газын пайдалы қолдануды арттыру.
- ◆ ҚМГ компаниялар тобынің экологиялық рейтингісі.
- ◆ Үқимтал қауіпсіздік қатерлерін тіркеу, қызметкерлердің өмірі мен дәнсаулығы үшін жоғары қауіпті оқиғалардың алдын алу.
- ◆ ҚМГ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мердігерлік үйімдерді басқару.
- ◆ ҚМГ мен оның, бизнес-бірліктерінде орнықты даму жүйесін енгізу және орнықты даму қаидаттарын негізгі бизнес-процестерге енгізу.
- ◆ Тұрақты дамуды өнгізумен байланысты Компанияның жекелеген басшылары үшін КНК (қызметтің негізгі көрсеткіштерін) белгілеу.
- ◆ Өттіл жағдайларын, жол-көлік оқиғалары мен қауіпсіздік инциденттерін зерттеу және алдын алу, болған инциденттер үшін басшыларды жаупкершілікке тарту.
- ◆ ҚМГ компанияларының тобында жүргізілетін әлеуметтік саясат, ҚМГ кәсіпорындарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және ҚМГ компаниялары тобынің, әлеуметтік жаупкершілігі мәселелері.
- ◆ ҚМГ ішкі аудит қызметі 2019 жылы жүргізген ҚМГ компаниялар тобындағы қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша анонимді сауалнама нәтижелері.
- ◆ Этикалық рәсімдер мен қаидаттар бойынша дағылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған ҚМГ қызметкерлері үшін өткізілген оқыту.

## Комитет мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы

Отырыстың нөмірі мен күні	Комитет мүшесі					
	Миллер Т.Г.	Уолтон К.Д.	Қарабалин Ұ.С.	Дайер Ф.Д.	Уайт С.Д.	Палья А.М.
1/2020 11.02.2020		+	+	+	+	+
2/2020 02.04.2020		+	+	+	+	+
3/2020 05.10.2020	+	+	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды
4/2020 07.12.2020	+	+	+	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды	Құрамнан шығарылды
Катысу үлесі, %	100	100	100	100	100	100

**Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің, құрамына (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) мыналар кіреді:**

1. Миллер Тимоти Глен – 2020 жылғы қыркүйектен бастап Комитет төрағасы;
2. Уолтон Кристофер Джон – 2018 жылғы желтоқсаннан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сұлейменұлы – 2019 жылғы мамырдан бастап Комитет мүшесі.

## 2020 жылғы Комитет келесі құжаттарды қарап, мақұлдады:

- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» корпоративтік стандарты»;
- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт»;
- ◆ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылық».

2020 жылғы Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің

**4 отырысы**

өткізіліп, онда

**40 мәселе қаралды**

## ҚАРЖЫ КОМИТЕТИ

Комитет ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен таратылды

### ҚАРЖЫ КОМИТЕТИ 2020 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ◆ Қаржылық орнықтылық мәселелері (әр отырыста).
- ◆ COVID-19 пандемиясының, мұнай бағасының, төмендеуінін, валюта бағамының тұрақсыздығының және т.б. ҚМГ қызметтінің, 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштеріне әсері.
- ◆ ҚМГ-ні 2020 жылға арналған кредиттік тәуекелдің қызыл аймағына белгілеу.
- ◆ Қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша есеп (әрбір отырыста).
- ◆ ҚМГ-нің IPO-ға шығуы мүмкіндігі туралы мәселелерді қараяу.
- ◆ ҚМГ контрагент-банктеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттердің сақталуы жөніндегі есептерді қараяу.

**2020 жылғы 3 қыркүйекке дейін Қаржы комитетінің құрамына:**

1. Уолтон Кристофер Джон – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет тәрағасы;
2. Уайт Стивен Джеймс – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
3. Грюал Балжит Каур – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Дајер Филип Джон – 2018 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі;
5. Виана Палья да Силва Луис Мария – 2019 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
6. Эспина Энтони – 2019 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі болып кірді.

Көрсетілген кезеңге дейін 2020 жылғы қаржы комитеттің

**3** отырысы

өткізіліп, онда

**23** мәселе қаралды

**Комитет мүшелерінің, 2020 жылғы отырыстарға қатысуы  
(Комитет 2020 жылғы 3 қыркүйекте таратылған сәтке дейін)**

Отырыстың нөмірі мен күні	Комитет мүшесі					
	Уолтон К.Д.	Уайт С.Д.	Дајер Ф.Д.	Грюал Б.К.	Палья А.М.	Эспина Э.
1/2020 12.02.2020	+	+	+	+	+	+
2/2020 01.04.2020	+	+	+	+	+	+
3/2020 03.06.2020	+	+	+	+	+	+
Қатысу үлесі %	100	100	100	100	100	100

# БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Алқалы атқарушы орган ретінде «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Басқармасы даму стратегиясын, ҚМГ шоғырландырылған даму жоспарын іске асыруға жауапты, олардың орындалуы үшін жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын Директорлар кеңесіне ҚМГ Даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есептерді ұсынады. Басқарманың қызметі «Ұлттық өл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Занында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Занында регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының, заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚМГ басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған ҚМГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындастырын (сайлайтын) Басқарма тәрағасы басқарады. Өз кезегінде Басқарманың қалған мүшелеірін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелері мыналар болып табылады:

- ◆ ҚМГ даму стратегиясын іске асыру;
- ◆ бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, ҚМГ-нің ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ◆ ҚМГ мен ЕТҰ-ның орнықты дамуы жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма тәрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады. Басқарма құрамына 2021 жылғы 18 наурыздағы жағдай бойынша ҚМГ-нің негізгі сегіз басшысы кіреді. Басқарма отырыстары күндізінде және сырттай нысанда өтеді және қажеттілігінә қарай шақырылады.

2020 жылғы Басқарма құрамында келесі өзгерістер болды:

- ◆ 2020 жылғы ақпанда ҚМГ Басқарма мүшесі – Есен Қайыржанұлы Қайыржанның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- ◆ 2020 жылғы ақпанда, тұтастай алғанда, Басқарма құрамына ҚМГ Басқармасы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне – Дастан Елемесұлы Абдулғафаров және Мәлік Оралұлы Сөүлебай салланды;
- ◆ 2020 жылдың мамырында ҚМГ Басқармасының мүшесі – Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- ◆ 2020 жылғы қазанда ҚМГ Басқарма мүшесі – Дағулетжан Кеңесұлы Хасановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2021 жылғы қантардан бастап сәуірге дейін Басқарманың құрамында келесі өзгерістер болды:

- ◆ 2021 жылғы сәуірде ҚМГ Басқармасының мүшесі Қайрат Каматайұлы Шәріпбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды

2020 жылы 55 отырыс өткізілді, 655 шешім, оның ішінде 651 (99,4%) — іштей отырыстарда қаралды және қабылданды. Басқарма Директорлар кеңесінің қаруына 149 мәселе шығарды, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- ◆ жаңа жер қойнауын пайдалану туралы келісімдер жасасу және инвестициялық жобаларды келісу;
- ◆ бейінді емес активтерден шығу;
- ◆ Даму стратегиясы мен жоспарын іске асыру;
- ◆ қаржыландыру шарттарын жақсарту;
- ◆ төуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер және орнықты даму туралы есеп.

Оның ішінде, Басқарма есепті жылы 12 есепті, оның ішінде төуекелдер; олар бойынша шешімдерді Басқарма қабылдаған мүдделі мәмілелер; 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру; орнықты даму бойынша есептерді макұлдады және Директорлар кеңесінің қаруына жіберді. Сондай-ақ, жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы Директорлар кеңесінің қаруына 25 мәселе ұсынылды.

ЕТҰ акционерлерінің жалпы жиналысының айрышка құзыретіне жататын өкілеттіктер шенберінде Басқарма:

- ◆ Акционердің ретінде – 19 шешім;
- ◆ Қатысушы / жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушы ретінде – 104 шешім;
- ◆ барлық дауыс беретін акцияларға иелік ететін жалғыз акционер ретінде – 55 шешім;
- ◆ барлық қатысу үлестеріне иелік ететін жалғыз қатысушы / құрылтайшы – 184 шешім қабылдады.

## Отырыстар саны, бір.



## Қаралған мәселелер саны, бір.



**2020 ЖЫЛДЫН СОҢЫНДАҒЫ БАСҚАРМАНЫН ҚҰРАМЫ****Айдарбаев А.С.**

Басқарма тәрағасы

**Марабаев Ж. Н.**

Басқарма тәрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары

**Шеріпбаев Қ. Қ.**

Басқарма тәрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары

**Қарабаев Д. С.**

Басқарма тәрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

**Тиесов Д. С.**

Басқарма тәрағасының мұнай өндеу және мұнайдын химия жөніндегі орынбасары

**Берлібаев Д. А.**

Басқарма тәрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары

**Абдулғафаров Д. Е.**

Басқарма тәрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары

**Сәулебай М.О.**

Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры



## Басқармасының тәрағасы



Толығырақ ақпарат «Директорлар  
кеңесінің құрамы» бөлімінде  
көрсетілген

**Айдарбаев А.С.**

Басқарма  
тәрағасы



## 2016 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1963 жылғы 16 тамыз.

### Білімі:

- ◆ Қазақ ауыл шаруашылығы институты;
- ◆ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
- ◆ саяси ғылымдар кандидаты.

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1985 жылы ауыл шаруашылығы саласында агроном болып бастаған. 1991 жылдан бастап 1999 жылға дейін «Көктем» ЖШС, «Шын-Асыл» АҚ, «Жетісу» ЖШС басшы лауазымдарда жұмыс істеді. Эр жылдары Тараз қаласы әкімінің орынбасары, «Дәүір» ЖАҚ бірінші вице-президенті, «Кітап» баспа үйінің президенті, «Данко» АҚ директорлар кеңесінің тәрағасы қызметтерін атқарған.

2001 жылы газ және газбен жабдықтау саласында жұмыс істей бастады. «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ, газ тасымалдау және маркетингі департаментінің директоры, бас директорының маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. Эр жылдары «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының кеңесшісі, маркетинг жөніндегі орынбасары, бірінші вице-президенттің кеңесшісі, одан кейін «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ коммерция жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма тәрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары лауазымдарын атқарды.

2015 жылғы 11 желтоқсаннан бастап «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәрағасы болып табылады.

КМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), КМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

## 2019 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1962 жылғы 9 тамыз.

### Білімі:

- ◆ И. М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен ісі»;
- ◆ Мәскеу мемлекеттік басқару университеті.

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1984 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ техникалық бөлімінің бастығы болып бастады. Эр жылдары «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызметінің директоры, Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінде көмірсүтек шикізаты және мұнай-химия бөлімінің бастығы, бөлім бастығының орынбасары, бас инженері, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінде теңіз жұмыстары басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

«ҚазақстанКаспийШельф» АҚ вице-президенті және бас директоры, «Қазақойл» ҰК ЖАҚ инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директоры, коммерциялық директоры, газ жобалары жөніндегі вице-президенті, вице-президенті, «Қазақстан Халық Банкі» ЖАҚ төрағасының орынбасары және басқарма мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК бас директорының орынбасары, «Қараашығанақ Петролиум Оперейтинг» өнімді бөлу туралы келісім (ӨБК) бойынша жобалардағы үлестерді басқару жөніндегі өкілетті органның төрағасы лауазымдарын атқарған, «ҚазМұнайГаз «Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз «Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы болды.

2006-2008 жылдары – KAZENERGY қауымдастырының үйлестіру кеңесінің төрағасы. 2008 жылдан бастап 2019 жылға дейін – «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) басқарушы директорының орынбасары.

КМГ не оның өншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жағама). КМГ, өншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Марабаев Ж. Н.**

Басқарма  
төрағасының барлау  
және өндіру жөніндегі  
орынбасары



**Қарабаев Д. С.**  
Басқарма  
төрағасының  
экономика және  
қаржы жөніндегі  
орынбасары

## 2016 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

### Түған күні:

1978 жылғы 11 маусым.

### Білімі:

- ◆ Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы – «халықаралық экономикалық қатынастар»;
- ◆ Texas A&M университеті, қаржы саласындағы ғылымдар магистрі;
- ◆ CFA халықаралық көсіби сертификатының иегері.

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 2001 жылды «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ-та кредиттік талдаушы болып бастады. 2003 жылды банкте кредиттік басқарма бастығы болып тағайындалды.

2004 жылдан бастап — «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-та басқарушы директор болды. 2007 жылдан бастап 2016 жылға дейін «Қазақстанның Халық банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды. 2016 жылғы қыркүйекке дейін McKinsey & Company Inc. компаниясында жобаның төлімгері болды. 2017 жылдан бастап, Лондондық қор биржасында листингтелген «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі төрағасы болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Тиесов Д. С.**  
Басқарма  
төрағасының мұнай-  
өндеу және мұнай-  
химия жөніндегі  
орынбасары

## 2016 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

### Түған күні:

1970 жылғы 6 желтоқсан.

### Білімі:

- ◆ Сафри Өтебаев атындағы Атырау мұнай және институты, мамандығы – «инженер-технолор»;
- ◆ С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, мамандығы – «зангер».

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 1994 жылды «Манас» МП менеджері, одан кейін «Бата» ЖШС-да менеджер және «Абыз» ЖШС-да атқарушы директор болды. Әртүрлі жылдарда «Атырау мұнай өндеу зауыты» ААҚ («АМӘЗ» ААҚ) бірінші вице-президентінің көмекшісі, директорлар кеңесінің, хатшысы, «Қазақойл» ҰМК ЖАҚ-та бас менеджер, «АМӘЗ» ААҚ қайта жаңарту жобасын басқару тобының бас менеджерінің орынбасары, АМӘЗ жобаны басқару департаментінің ағымдағы қызметті бақылау секторын менгеруші, ағымдағы қызметті корпоративтік басқару және мониторинг секторының бас маманы, мұнай, газ өндеу және мұнай-химия департаменті директорының орынбасары, ал одан кейін «КазМұнайГаз» ҮК ЖАҚ мұнай-химияны дамыту департаменті директорының орынбасары, «АМӘЗ» ЖШС курделі құрылымын басқармасының бастығы, салынатын көсіпорын дирекциясының бас директоры, қаржы директоры болып жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда «КазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «КазМұнайГаз» ҮК АҚ Басқарма төрағасының өндеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары, мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма төрағасының, мұнай өндеу және маркетингі жөніндегі орынбасары, «КазМұнайГаз – өндеу және маркетинг» АҚ бас директоры, «КазМұнайГаз» ҮК АҚ аға вице-президенті, мұнай тасымалдау, өндеу және маркетингі жөніндегі атқарушы вице-президенті болып жұмыс істеді.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

## 2019 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1968 жылғы 21 желтоқсан.

### Білімі:

◆ Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, мамандығы – «зангер».

### Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметтін 1991-1994 жж. ҚазКСР Ғылым академиясында кіші ғылым қызметкері болып бастады, одан кейін «Барикон» кәсіпорнының заң, бөлімінің, заң, консультанты, одан кейін бастығы болып жұмыс істеді. Әртүрлі жылдарда Қазақстан Республикасының, Экономика министрлігінің жаһындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің жобаларды бағалау басқармасының бас маманы, шетелдік инвестициялар басқармасы бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорттық-импорттық банкінің (Эксимбанк) заң, департаменттің құқықтық сараптама басқармасының бастығы, ал одан кейін заң, департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін ҚМГ компанияларының тобында жұмыс істеп жатыр. «ҚазТрансОйл», ҰМТК» ЖАҚ инвестициялық жобалар департаментінің бастығы, корпоративтік қаржыландыру департаментінің бастығы, қаржы жөніндегі атқарушы директоры, экономика және қаржы жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеді. Әртүрлі жылдарда «ҚазТрансГаз» ЖАҚ вице-президентінің, бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, бірінші вице-президенті, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директорының орынбасары, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ қорпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры, «Қазтенізкөлікфлоты» ҰТКК ЖАҚ бас директоры болып жұмыс істеді. 2005-2007 жылдар кезеңінде — «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры болды.

Әртүрлі жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және өндөу жөніндегі вице-президенті, «ҚазМұнайГаз – өндөу және маркетинг» АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының Корпоративтік орталық жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жағама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Берлібаев Д. А.**

Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары

**Абдулғафаров Д. Е.**

Басқарма  
тәрағасының  
стратегия,  
инвестициялар  
және бизнесі  
дамыту жөніндегі  
орынбасары

## 2020 жылғы ақпанның бастап Басқарманың құрамына кіреді.

### Түған күні:

1974 жылғы 16 желтоқсан.

### Білімі:

- ◆ О.А. Жаутыков атындағы республикалық физикалық-математикалық мектеп;
- ◆ Қазақстандық құқық және халықаралық қатынастар институты, мамандығы – «халықаралық құқық, заңгер»;
- ◆ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясы, мамандығы – «халықаралық экономика және құқық»;
- ◆ ENI Корпоративтік университеті (Милан қ., Италия) мұнай бизнесі магистрі;
- ◆ Мәскеулік СКОЛКОВО басқару мектебі, мамандығы – «қаржы және инвестициялар», Executive MBA.

### Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компанияларының тобындағы жұмыс тәжірибесі 18 жылдан астам, оның ішінде, 14 жыл – басшы лауазымдарда.

Әртүрлі жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайТеніз» ТМК» АҚ-та халықаралық көлісімшарттар департаментінің заңгері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа төніз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, жобаларды басқару тобының жетекшісі, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ бас директорының кеңесшісі, бизнесі дамыту жөніндегі басқарушы директоры, бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді.

ҚМГ не оның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.

## 2020 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

### Тұған күні:

1975 жылғы 7 мамыр.

### Білімі:

- ◆ О.А. Жаутыков атындағы республикалық физикалық-математикалық мектеп;
- ◆ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы – «Экономист»;
- ◆ Қазақ еңбек жөне әлеуметтік қатынастар академиясы, мамандығы – «зангер»;
- ◆ И.М. Губкин атындағы Ресейлік мемлекеттік мұнай және газ университеті, Іскерлік әкімшіліктендеру магистрі (үздік).

### Жұмыс тәжірибесі

Жалпы жұмыс тәжірибесі 25 жыл.

Еңбек қызметін 1995 жылдың наурыз айында, 2000 жылға дейін банк саласында: «Қазпочтабанк» департаментінің жетекші экономисі, директорының орынбасары, Альфа банкте аға бухгалтер-бақылаушы, «Транс Азия Сауда банкі» ААҚ-та басқармасынан, бастыры болып жұмыс істеді.

2000-2005 жж. прокуратура органдарында: Астана қ. Алматы ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры, Қазақстан Республикасының Бас прокурор орынбасарының көмекшісі, Астана қ. прокуратурасынын, Орталық өнірлік көлік прокуратурасының басқарма бастыры болып жұмыс істеді. «Прокуратура үздігі» омырауға тағатын белгісі, 2005 жылдың 10 қараша айында үздігінде тапсырып, судьялар резервіне кірді.

2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін «Қазақстандық Ипотека компаниясы» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінде басқарма бастыры болды.

2006 жылдың 1 қараша айында «ҚазТрансГаз» АҚ активтерді басқару департаментінің директоры болып тағайындалды. 2007-2009 жж. – «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ бас директоры; 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін «ҚазМұнайГаз – өндеу маркетинг» АҚ-та бас директордың кеңесшісі, құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; 2011 жылдан бастап 2016 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өдіру» АҚ-та құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор – басқарма мүшесі, аппарат басшысы – Басқарма мүшесі; 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін «Қаражанбасмұнай» АҚ-та сыртқы жөне корпоративтік байланыс жөніндегі вице-президент; 2018 жылдан бастап 2019 жылға дейін «Самұрық-Энерго» АҚ-та төуекелдер жөне құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор – басқарма мүшесі болып жұмыс істеді.

2019 жылғы мамырдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры, 2020 жылғы ақпандан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының құрамына сайланды.

ҚМГ не оның өншілес және (немесе) тәуелді үйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жағама), ҚМГ, өншілес және (немесе) тәуелді үйымдардың акцияларымен мәмілелер жасаған жоқ.



**Сәулебай М.О.**

Құқықтық қамтамасыз  
ету департаментінің  
директоры

# СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҰШЕЛЕРІНІҢ, СЫЙАҚЫСЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен Директорлар кеңесінің мұшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін көздейтін «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қаридарлар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мұшесінің міндеттері, Компания қызметтінің ауқымы, ұзак мерзімді мақсаттары мен міндеттері назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады.

### ҚМГ Директорлар кеңесі мұшелерінің 2018-2020 жылдар кезеңіндегі жынытық сыйақысы

Директорлар кеңесінің мұшелері	2018	2019	2020
Директорлар кеңесі мұшелерінің жынытық сыйақысы доллармен берілген	884 292	1 418 097	819 020
Директорлар кеңесі мұшелерінің жынытық сыйақысы, теңгемен берілген	56 053 998	18 559 956	15 799 427

## БАСҚАРМА МҰШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының адами ресурстарды басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқарма мұшелері қызметтінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындаиды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мұшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды құрылған жөндеңдестірілген мотивациялық ҚНК карталарында көрсетілген стратегиялық жөнде басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚНК картасы корпоративтік жөнде функционалдық ҚНК-ден тұрады.

Сыйақы сыйақының тіркелген белгілі мән ҚМГ жұмысының нәтижелеріне және қызметкердің түпкілікті нәтижеге қосқан жеке (өз) үлесіне байланысты ауыспалы белгілітің ақылаға қонымды және негізделген арақатынасы қамтамасыз етілетіндей белгіленеді.

Сыйақының тиімді жөнде ашық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселе-ләрді алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетті құрылды.

Сыйақы жүйесін қалыптастыру және ҚМГ Басқарма мұшелеріне сыйақының нақты мөлшерін айқындау кезінде төленетін сыйақы деңгейі Компания үшін қажетті құзыреті мен біліктілігі бар тұлғаларды тарту, ынталандыру және ұстап қалу үшін жеткілікті болуы тиіс деп болжанады.

2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Басқарма мұшелері сыйақысының жынытық мөлшері 317 527 424,77 теңгені құрады, бұл «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ Директорлар кеңесінің, 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Басқарма мұшелеріне (басым қызметкерлерге) енбекақы төлеу қафидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтерінің, қызметкерлеріне енбекақы төлеу қафидаларына сәйкес 2020 жылы Басқарма құрамында болған кезеңде ҚМГ Басқармасының мұшелеріне ақшалай нысанды төленген жалақылар мен ынталандырудың, барлық түрлөрінің жынытық мөлшерін қамтиды.

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ



Кодекске сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу үшін өз жауапкершілігін сезетінін мәлімдейді және жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда әділ, теңдестірілген және түсінікті деп санайды, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- ◆ ХКЕС-ке сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржылық-шарашылық қызметтінің, нәтижелері, компанияның еншілес кәсіпорындарымен теңгерімі туралы шынайы және сенімді көрініс береді;
- ◆ Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шарашылық қызметтінің, дамуы мен көрсеткіштері және қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктердің сипаттамасын қамтиды.

Кодекске сәйкес Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздік фактісін анықтады және Уолтон Кристофер Джон, Холланд Филип Малcolm және Миллер Тимоти Глен тәуелсіз сипатта және шешім қабылдауда тәуелсіз деп есептейді.

Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қандай да бір қатынастар немесе жағдайлар жок екенін анықтады.

# КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар компания мен мүдделі тараптардың, мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды көліссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындаи жанжалдарды барынша толық және жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылын нақты үйлестіруді көздейді.

Директорлар кеңесінің тәрағасы Корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік жанжалдарды қарайды. Егер корпоративтік жанжалға Директорлар кеңесінің тәрағасы тартылса, мұндай жағдайларды тағайындау және сыйақы комитеті қарайды.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (IAK) ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді және ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне жетекшілік етеді. IAK өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ ішкі құжаттарын және ішкі аудиттің халықаралық көсіптік стандарттарын басшылыққа алады.

IAK-тың негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ-ларын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және обьективті ақпарат беру болып табылады.

Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, ішкі аудит қызметі мынадай міндеттерді орындаиды:

- ◆ қолданылатын ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- ◆ ҚМГ мен оның ЕТҰ-дағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, обьективтілігін бағалау және оның негізінде қаржылық есептілікті жасау;
- ◆ ҚМГ және оның ЕТҰ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- ◆ Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалар мен операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет ережелерінің сақталуын бақылау.

IAK аудиттерінің нәтижелері бойынша компания қызметтің жетілдіруге бағытталған ұсынымдар береді, ұсынымдарды орындау жөніндегі шаралардың өзірленуі мен іске асырылуына мониторингті және бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

## ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

IAK өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, IAK жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережені және ҚМГ ішкі аудитін үйымдастыру жөніндегі басшылықты басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің жылдық Жоспары ҚМГ-ның негізгі тәуекелдерін, аудит процесінің, барлық көзендерін және басшылықтың сұрау салуларын ескере отырып өзірленеді және аудит жөніндегі комитет пен басшылықтың арнайы сұрау салулары негізінде туэтіледі.

Аудит жөніндегі Комитет IAK қызметтің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібиілікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Бұл мәселелер IAK есептеріне енгізіледі және аудит жөніндегі комитет тоқсан сайынғы негізде қарайды. Есептерде ішкі аудит қызметтің оқыту мен біліктілікті арттыруға арналған бөлімшө бюджетін орындау шенберінде сертификаттау және тренингтерден/семинарлардан ету сияқты түрлі міндеттерді орындауы көрсетіледі.

IAK қызметкерлерінің кәсібиілік ҚМГ ішкі аудит қызметтің тиімділігінің, кепілі болып табылады, сондықтан оқыту және біліктілікті арттыру процесіне маңызды рөл беріледі.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыста-рында ішкі аудиттің мынадай мәселелері қаралады:

- ◆ жылдық есеп IAK;
- ◆ IAK тоқсандық есептері, оның ішінде жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша елеулі қорытындылар, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарын орындау мониторингі;
- ◆ жылдық аудиторлық жоспар және оған толықтырулар;
- ◆ IAK басшысы мен қызметкерлері қызметтің негізгі көрсеткіштері картасының нақты мәндері;
- ◆ IAK стратегиялық жоспары;
- ◆ IAK бюджеті;
- ◆ кадр мәселелері IAK.

## СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

IAK тұрақты негізде сыртқы аудитормен жұмыс істеуге тартылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрылымдық бөлімшелері арасында, сондай-ақ аудит жөніндегі комитет мүшелері арасында сыртқы аудитордың жұмысын бағалау бойынша сауалнама жүргізілді. Бағалау сауалнамалардың нәтижелері бойынша және аудит жөніндегі комитет мүшелерінің және жоғары басшылықтың мүдделі өкілдерінің қатысуымен жеке талқылау қорытындылары бойынша жүргізілді. Осы бағалаудың нәтижелері аудит жөніндегі комитеттің отырысында талқыланып, сыртқы аудитордың назарына жеткізілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі аудит қызметтінің жұмыс сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес аудиттөлең тарап әрбір жүргізілген аудиттөн кейін IAK жұмысын бағалай отырып, сауалнаманы толтырады. Осы бағалаудың нәтижелері шоғырланады және Аудит жөніндегі комитет мақұлдайтын IAK жылдық есебіне енгізіледі.

2020 жылы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес ішкі аудит қызметтіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізілді. Үлкен төрттік-тің бірі – «КПМГ Такс әнд Эдвайзори» ЖШС ашық тендердің женілмазы болып танылды, онымен IAK қызметтінің тиімділігіне сырттай бағалау жүргізу бойынша қызмет көрсетуге шарт жасалды.

IAK қызметтінің ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық практикаларға, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқа да қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша IAK стандарттар талаптарына сәйкестігі 100%-ті құрады. Осылайша, ҚМГ ішкі аудит қызметтінің жұмысы стандарттар талаптарына толығымен сәйкес келеді деп танылды.

## КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТИ

COVID-19 пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарыстың басталуымен этика мәселелері бұрынғыдан да өзекті бола түсті, өйткені этика комплаенс бағдарламасының маңызды мәселелерінің бірі ретінде комплаенс мәдениеті – қызметкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттің Компанияда қабылданған нормалар мен талаптарға сәйкес келу мәдениетін қалыптастырады.

Компанияның комплаенс-функциясы үшін 2020 жыл ерекше стресс-тест болды, оның шенберінде комплаенс-тәуекелдерді басқару процестерін қадағалау мен бақылауды жедел жүзеге асыру және үздік практикалар түрғысынан экстремалды режимге бейімделу дәрежесі бағаланды.

Өлеуметтік өзара іс-қимылды шектеу комплаенс қызметіне ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасында сарайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі үйімдастырышылық-практикалық шараларды жаңырту шенберінде қалыптасан жағдайларда тиімді жұмысты үйімдастыру тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік берді, әрі Компанияның цифровық мүмкіндіктері мен қызметкерлердің дағдыларының айтарлықтай ескенін, оның ішінде оқу тренингтерінің жоспарлы бағдарламасын еткізу нысанының бейімделуіне қатысты болды. ҚМГ барлық қызметкерлерін этика мәселелері бойынша оқыту электрондық форматта жүргізілді.

Компания ішіндегі қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау корпоративтік саясаттар мен рәсімдердің бейімделуіне, жедел және қашықтан

жұмыс істеу жағдайында қағидалардың, өзгеруін ескере отырып, оларды онайлатуға, қызметкерлерге Компанияның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер және жедел желінің жұмыс істейтінін еске салуды қоса алғанда, ақпараттық тарату арқылы корпоративтік коммуникацияның ролін қүштейтуге ықпал етті. Бұл танысу қамтуының 100%-тіне қол жеткізуге мүмкіндік берді және «Самұрық-Казына» ҰӘҚ» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы өкімшілікtenдіретін жедел желі мүмкіндітерін пайдалануға қызметкерлер мен өзге де адамдарды тартудың өсүіне ықпал етті. Жедел желі Компания мен оның қызметкерлерінің комплаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауын бақылаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Оған үш ессе өсken өтініштер серпіні дәлел. 2020 жылы жедел желіге 118 өтініш келіп түсті (2019 жылы – 42 өтініш). Барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралып, тиісті шаралар қабылданып, өтініш берушілерге хабарланды. Өтініштердің басым бөлігі (52) кадр мәселелеріне қатысты болды: еңбек жанжалдары, әдепсіз мінездікілік, еңбек жағдайларының тенсіздігі, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және т.б. өтініштерді талдауды ескере отырып, комплаенс қызметті ұсынылдық және алдын алу сипатындағы шараларды өзірледі. Осылайша, қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс істеуге қатысуына байланысты қызметкерлердің қызметтік тәртіпті, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларын және ішкі құжаттарды сақтауын сапалы бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды пысықтау, іскерлік этика мәселелері бойынша оқытуға ерекше назар аудару және оны орта буын басшыларымен өткізу ұсынылды. Қызметкерлерді қамтамасыз ету бөлімшелеріне қызметкерлердің, еңбек жағдайларына наразылықтың тамырлануын болдырмау үшін ұжымдардағы моральдық-психологиялық климатты зерттеу ұсынылды. Комплаенс қызметтіне жүгінген әрбір қызметкерді тыңдау біздің міндеттіміз болып қала береді.

Қалыптасан жағдайлар комплаенс қызметтін реттеу мен этика тоғысында жаңа тәсілдерді өзірлеуді талап етті. Мәселең, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қолдау және Компания қызметкерлері арасындағы кез келген бұзушылықтарға нольдік тәсімділікті орнықтыру мақсатында үздік әлемдік практикаға сәйкес ҚМГ іскерлік этика кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Оnda «сұрап – жауап» секциясы пайдалы, үғымдық аппарат жетілдірілді және көңейтілді, ҚМГ корпоративтік құндылықтары өзектендірілді, сыйлықтарға лимиттер, комплаенс мәселелері бойынша байланыс арналары қосылды. Кодекстің форматы

«Самұрық-Қазына» АҚ Кодексіне және комплаенс мәселелері бойынша маманданған халықаралық аудиторлық компаниялардың ұсынымдарына сәйкес көлтірілген. Сондай-ақ қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мұddeлдер қақтығысын декларациялау рөсімі енгізілді.

Пандемия кезіндегі бейімдеу комплаенстың «жоғарыдағы үлгі» деген негізгі қағидағына да әсер етті. 2020 жылғы жетекшілікке бизнес жүргізуінде жоғары этикалық стандарттарын ілгерілету және сыйбайлардың жемқорлықты көз көріністе қабылдамау шенберінде ҚМГ Басқарма тәрағасы мен ЕТҰ бірінші басшыларының қатысуымен кеңейтілген онлайн-көнеш өткізілді. Кеңесте ҚМГ комплаенс қызметінің және ЕТҰ-ның осы бағытта атқарылған жұмысы турали есептері қаралды, контрагенттерді тексеру бөлігінде корпоративтік барлаудың өзектілігі, Компанияның әртүрлі бизнес-процессерінде бұзушылықтарды анықтаудың тиімді құралы ретінде деректер талдаудың колдану мүмкіндігі бойынша мәселелері талқыланды, сондай-ақ қашықтықтан жұмыс істегендегі алайқық тәуекелдерінің алдын алу және азайту жөніндегі шаралар айтылды, бұл жоғары басшылық пен комплаенс қызметі арасындағы комплаенс және этика мәселелері бойынша өтінді өзара іс-қымыл жасауға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұдан басқа, 2021 жылға арналған одан алғы жұмыс жоспарлары, сондай-ақ акционердің ЕТҰ-ның осы бағытта жүргізіп жатқан жұмысынан үміттері айтылады.

Парасаттылық тиісті корпоративтік басқарудың бүкіл жүйесінің іргетасы және Компания мұddeлдерінің жеке мұddeлдерден басымдығын қорғау мен қамтамасыз етуде кепілгер болып табылады. Комплаенс қызметі қарамағындағы адамдардың сыйбайлардың жемқорлық бұзушылықтары үшін, сондай-ақ сыйбайлардың жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін басшылардың дербес жаупкершілігін жариялау бойынша жұмысты жағастырады.

## ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТИ

Омбудсмен қызметінің (бұдан әрі — омбудсмен) негізгі функцияларының бірі: ертерек даулар мен жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу; жүйелі сипатқа ие және шешімді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың қаруына шығару; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру жөніндегі ұсыныстар беру арқылы ҚМГ рейтингі мен имиджін артыру болып табылады. ҚМГ Іскерлік этика кодексінде ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де тиесілілігі, әлеуметтік шығу тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі және басқа да мән-жайлар негізінде біреуге қатысты кем-сітушілікке жол бермеу, сондай-ақ жекелеген қызметкерлердің көрсетілген белгілер негізінде қандай да бір артықшылықтар беру туралы қағидаттары нақты жазылған. Өз қызметін іске асыру кезінде ҚМГ омбудсмені Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚМГ ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Омбудсменнің қызметі туралы есептер тұрақты негізде ҚМГ Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің қаруына ұсынылады.

2020 жылы ҚМГ іскерлік этика кодексінің талаптарымен, омбудсменнің функцияларымен және міндеттерімен танысу мақсатында ҚМГ, ЕТҰ блоктарының басшылығымен, кәсіподактардың және ЕТҰ келісім комиссияларының өкілдерімен, кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, заң қызметтерінің қызметкерлерімен, ЕТҰ инженерлік-техникалық қызметкерлерімен кездесулер үйімдестірылды.

ҚМГ омбудсмені COVID-19 пандемиясына байланысты карантин кезеңінде даулар мен жанжалдарды шешу мақсатында көптеген іс-шаралар өткізді:


- ◆ ұйымшылдыққа, түсіністікке және жаупкершілікке шақыратын ҚМГ қызметкерлеріне үндеу жолданды;
- ◆ омбудсменнің этикалық нормаларды түсіндіру жөніндегі үндеуі-бейнеролик шығарылды;
- ◆ «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне «Кәсіби шебер» модульдік бағдарламасының ҚМГ корпоративтік құндылықтары бойынша тренинг өткізілді;
- ◆ жанжалды жағдайлардың туындау тәуекелін төмендету мақсатында ҚМГ қызметкерлеріне зерделеу және жедел қолдану үшін Іскерлік этика кодексінде этикалық нормалары бойынша жаднама өзірленді және жіберілді;
- ◆ ҚМГ қызметкерлерін оқыту және ШКСБ-ны іске асыру шенберінде құндызға оку бағдарламасының негізінде электрондық форматта «Барлық қызметкерлер үшін іскерлік этика кодексін зерделеу бағдарламасы» курсы өзірленді. Бұл курс бейімдеу курсы аясында жаңадан қабылданған қызметкерлерді зерттеу үшін, сондай-ақ жаңа қызметкерлерді құндылықтармен және ішкі этика нормаларымен таныстыру үшін қол жетімді болды;
- ◆ жанжалды жағдайларды болдырмау мақсатында омбудсмен адами ресурстарды басқару департаментіне құрылымды оңтайландырумен байланысты қызметкерлерді қысқарту кезінде жәрдем көрсетті.

Есепті кезеңде омбудсменнің атына 44 өтініш келіп түсті, оның ішінде:

- ◆ 32 — алдын ала қаралғаннан кейін кураторларға жіберілді;
- ◆ 12 — омбудсмен қарады.

Келіп түсken өтініштер бастапқы кезеңде туындаған проблемалық мәселелерді реттеу бойынша барынша мүмкін болатын шараларды қабылдай отырып, ұсынымдық сипаттағы, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мұddeлдерді қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданып қаралды. Нәтижесінде сот және басқа да мемлекеттік органдарға қайталанған шағымдар, өтініштер жіберілген жоқ.

### Омбудсмен қызметіне өтініштер



## ТӘҮЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Компаниядағы тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге өсеп ететін тәуекел оқиғаларының туындауының алдын алуға және туындаған кезде олардың өсөрін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылығын қолдана процесінің, ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ бизнесті жүргізу мен Компанияны басқарудың негізгі процесстеріне тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) біріктірді. ТБКЖ Компания құнының өсуі, оның табистылығы мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансына қол жеткізуге бағытталған. ТБКЖ барлық манызды тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақытылы және барабар шаралар қабылдауда бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады. ҚМГ бен оның ЕТҰ ТБКЖ жөніндегі саясатың әрекеті Компания қызметінің, барлық түрлеріне қолданылады.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясаты Компанияның сайтында колжетімді.



## ТӘҮЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІ

ТБКЖ ҚМГ қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару үшін дәйекті және нақты құрылым ретінде қызмет етуге арналған. Компанияда тәуекелдерді басқарудың сатылы процесі және басқарудың барлық деңгейлерінде, жоғары деңгейден (ҚМГ) желілік деңгейге дейін (ЕТҰ өндірістік құрылымдық бөлімшелері) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі қалыптастыраны. Әрбір лауазымды тұлға шешім қабылдауда кезінде тәуекелдердің лайықты түрде қаралуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдер тәуекел туындаған кезде пайда болу ықтималдығы мен өсөрін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады.

### ТБКЖ-НЫҢ ЖҰМЫС ИСТЕУІ ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫН БАСҚАРУДЫҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРИНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТІ ПРОЦЕСТИ ҚАМТАМАСЫ ЗЕТЕДІ:

1. мақсат қою (стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау мақсаттарын байланыстыру);
2. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру (ҚМГ компаниялар тобы қызметінің, барлық түрлерінің, бизнес-процестерінің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс өсеп етуі мүмкін тәуекелдердің өсөріне ұшырауын айқындау);
3. тәуекелдерді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау (бағалау тәуекелдердің/тәуекел-факторлардың КНК-ға қол жеткізуге өсеп ету дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі; өндірістік/өндірістік емес тәуекелдер және оларға сәйкес тәуекел-факторлар олардың туындау ықтималдығы (іске асу ықтималдығы) және өсеп ету дәрежесі (әлеуettі залал) бойынша талданады);
4. тәуекелдерді басқару (теріс салдардың, және (немесе) тәуекелдердің туындау ықтималдығын және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторларды азайтуға немесе ҚМГ компаниялар тобы қызметінің тәуекелдеріне байланысты залалдар туындаған кезде қаржылық өтеу алуға мүмкіндік беретін шараларды өзірлеу және іске асыру процесі);
5. мониторинг және есептілік (тәуекелдер өлшемдерінің өзгеру серпінін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар мен бақылау рәсімдерін іске асыру тиімділігін бақылау; мониторингті ҚМГ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі жузеге асырады, Директорлар кеңесінің қаруына ҚМГ ЕТҰ өтеу ескеріліп шоғырландырылған тәуекелдер жөніндегі есеп тоқсан сайын шығарылады);
6. ақпараттандыру және коммуникация (тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы дұрыс және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, тәуекелдерге дән қою жөніндегі өдістер мен құралдар туралы хабардар болу деңгейін арттырады; тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін белгіленген нысандада және мерзімде айқындалады, тіркеleді және үсынылады);
7. ішкі орта құры (тәуекелдерді басқару процесінің жоғарыда баяндалған компоненттерін іске асыру тиісті «жоғары деңгейдегі тонды», тәуекелдер туралы, тәуекелдер/тәуекел-факторлар иелерінің жауапкершілігі, тәуекелдерді белсенді басқару және уақытылы есептілік туралы хабардар болудың жоғары деңгейін белгілеуге негізделген ҚМГ компаниялары тобында тәуекел-мәдениеттің дамуына ықпал етеді). ҚМГ тиімді корпоративтік басқаруға ықпал ететін, сәйкестендіру, бағалау, басқару және тәуекелдер бойынша есептілік үшін міндеттерді, өкілдіктерді және жауапкершілікті тиісінше бөлуді қамтамасыз ететін ТБКЖ-ның барабар үйимдық құрылымын құруға үмтүлады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына кемінде жылына бір рет мынадай құжаттар ұсынылады:

- ◆ Компанияның тәуекел-аппетиті бойынша ұсыныстар;
- ◆ шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімі;
- ◆ Тәуекелдер картасы;
- ◆ Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- ◆ Тәуекелдерге төзімділік деңгейлері;
- ◆ Негізгі тәуекел көрсеткіштерінің (НТК) тіркелімі.

Бұдан басқа, ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын тәуекелдер бойынша есеп (ҚМГ ЕТҰ жабылуын ескере отырып шоғырландырылған) шығарылады, ол тиісті түрде толық көлемде қаралады және талқыланады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйелерін Директорлар кеңесі белгілеген қағидаттар мен тәсілдерге сәйкес келтіру үшін тиісті шараларды қабылдайды.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

ТБКЖ жетілдіру және ҚМГ компаниялар тобында тәуекел-мәдениетті жақсарту жөніндегі қызмет ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған егжей-тегжейлі жоспар шенберінде іске асырылады. Осы жоспар тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) және ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) саласында Компанияның мақсаттарына қол жеткізуі қамтамасыз етуге ықпал ететін негізгі іс-шараларды белгілейді.

Компания ТБКЖ үнемі жетілдіріп отырады және тәуекелдерді басқарудың нормативтік-әдістемелік базасын үнемі жақсартып отырады. Компания ТБКЖ-ны үздіксіз дамыту мен жетілдіруге бейілді.

2020 жылы ҚМГ COVID-19 пандемиясы тәуекелдерінің Компанияның қызметтіне тигізетін өсеріне жан-жақты талдау жүргізді. Талдау мен қабылданатын шаралар ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынылды. Компания тәуекел-бағытталған мәдениетті дамытуды жалғастыруды. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қашықтан жұмыс істеу форматына көшүге байланысты, тәуекелдерді басқару дағдыларын жақсарту үшін, ҚМГ қызметкерлерге арналған онлайн-оку өткізді.

2021 жылы және кейінгі кезеңде тәуекелдерді басқаруда жоспарланған жақсартуларға келсек, Компания жобалауды басқару, ақпараттық қауіпсіздік шенберінде тәуекелдерді басқару, орнықты даму, комплаенс, стратегия мен ҚНК бөлігінде кросс-функционалдық өзара іс-әрекет жасауға инетті. ҚМГ ТБКЖ-ны үнемі жетілдіреді, ТБКЖ саясаты мен Тәуекелдерді басқару процесін үйімдастыру бойынша үлгі қағидаларды, нормативтік және әдістемелік құжаттарды өзектендіреді.

## ТӘУЕКЕЛ-АППЕТИТ

Компанияның тәуекел-аппетиті Компания өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізе алатын тәуекелді ұстап қалудың өзіндік деңгейін сипаттайтыды. Ресурстарды бөлуге, процестерді үйімдастыруға және үйім ішінде тәуекелді оқиғаларға тиімді мониторинг жүргізу және ден қою үшін қажетті инфрақұрылымды құруға өсер етеді.

## ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен Компанияның 2021 жылға арналған тәуекел-аппетиті туралы өтініштен жекелеген үзінді көшірмелер

### Қаржы қызметі

- ◆ Кредиторлар орнатқан көвеннанттарды сақтау.
- ◆ ЕТҰ-дан Компанияның пайdasына жоспарланған дивидендтік ағынның 10%-тен астам төмендеуіне жол бермеу (мұнайдың нарықтық бағасының айтарлықтай төмендеу өсерін қоспағанда).
- ◆ Компанияның кредиттік рейтингінің нашарлауына жол бермеу (КР елдік рейтингінің нашарлау өсерін қоспағанда).

### Операциялық қызмет

- ◆ Беделге, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікке, өнбекті қорғауға және қоршаган ортага байланысты жағымсыз оқиғаларға жол берілмейді.
- ◆ Қатысатын өнірлерде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.
- ◆ Санкциялар туралы заңдарды бұзуға әкеleтін транзакцияларға тыйым салу;
- ◆ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне / кибер-тәуекелдерге қатысты Компания:

  - ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жұмысы бұзылған жағдайда сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
  - ақпараттық ресурстардың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және жабдықтардың тұтастырын бұзуға жол бермейді;
  - құпия ақпараттың жоғалуына немесе басқада рұқсатсыз ашылуына жол бермейді.

- ◆ Сыбайлас жемқорлықтың және іскерлік этиканың бұзылуының кез келген көріністеріне жол берілмейді.

### Инвестициялық қызмет

- ◆ «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық саясатының талаптарын сақтау.
- ◆ Инвестициялық жобаларды қаржыландыруды негізінен меншікті қаражат есебінен жүзеге асыру, қарыз қаражатын тарту кезінде Компаниялар тобының қаржылық тұрақтылығының нашарлауына жол бермей.
- ◆ Стратегиялық әріптестермен бірлесіп, негізінен кәрри-қаржыландыру шарттарында жер қойнауын пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруды жүргізу.

## КОРПОРАТИВТІК САҚТАНДЫРУ

ҚМГ компаниялар тобындағы сақтандыру тәуекелдерді бақылауды және қаржыны басқаруды қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Сақтандыру ҚМГ мен акционерлердің мүліктік мұдделерін өндірістік қызметте, оның ішінде сыртқы факторлардың салдарынан туындаштын күтпеген шығындардан қорғайды.

Сақтандыру функциясы сақтандыру қорғауды үйімдастырудың бірыңғай корпоративтік стандартын сақтау мақсатында орталықтандырылған. Бұл үздіксіз сақтандыру етелімін басқарудағы кешенді тәсілге кепілдік береді.

ҚМГ-нің корпоративтік сақтандыру бағдарламасы сақтандырудың мынадай негізгі түрлерін қамтиды:

- ◆ Компанияның негізгі өндірістік активтерін сақтандыру;
- ◆ үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;
- ◆ әнергетикалық тәуекелдерді сақтандыру.


Қайта сақтандыруға Standard & Poor's шәкілі бойынша «A» тәмен болмайтын кредиттік рейтингі бар қайта сақтандыру компаниялары қабылданады. Мұнай-газ саласының ен үздік деген практикалары ескеріледі, бұл Компанияға сақтандыру мен сақтандырылатын тәуекелдерді басқарудың ен тиімдішарттарына қол жеткізуге жәрдемдеседі.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (ІБЖ)

IAK ТБКЖ ажырамас бөлігі болып табылады. IAK COSO моделін қолданады және өзара байланысты бес компоненттен тұрады: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау ресімдері, ақпарат және коммуникациялар, мониторинг. IAK ҚМГ-нің негізгі үш саладағы мақсатына қол жеткізуде ақылға қонымыды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- ◆ операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- ◆ тольқы және сенімді қаржы есептілігін дайындау;
- ◆ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

## COSO моделі: ИБЖ компоненттері



ҚМГ-де ішкі бақылау жүйесінің саясаты бекітілді, онда ИБЖ-нің мақсатары, жұмыс істеу қағидаттары мен компоненттері белгіленген. Ишкі бақылау жүйесінің саясатын іске асыру мақсатында ішкі бақылау жүйесінің регламенті бекітілді, онда өкілеттіктер мен жауапкершілік, жұмыс істеу тәртібі, үйімдік құрылым мен нәтижелілік өлшемдері белгіленген.

2020 жылы ИБЖ бойынша ішкі құжаттар бизнес қажеттіліктерін ескере отырып өзектендірілді. Олар тәуекелдерді анықтау мен бағалаудың егжей-тегжейлі сипаттамасын, бизнес-процессегі ішкі бақылаудың жетілділігін бағалау шкаласы мен критерийлерін, тәуекел мәдениетін арттыруды, ИБЖ жетілділін бағалауды, ИБЖ субъектілері арасындағы өзара әрекеттесуді қосады.

Жыл сайын ҚМГ-де бизнес-процестердің, сыртқы және ішкі аудиторлардың ұсынымдары негізінде құнтізбелік жоспар-кесте бекітіледі. Құнтізбелік жоспар-кестеде бизнес-процестерді формальдау және бақылау ресімдерінің дизайнын тестілеу (талдау) мерзімдері көрсетіледі. Формальдау қолданыстағы блок-схемаларды және бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицаарын өзірлеуден және өзектендіруден тұрады. Бақылау ресімдерінің дизайннын тестілеу (талдау) негізінде оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленеді. Үкіс ажырылғанда, 1-ден 3-ке дейінгі жылдарда 100% жауапкершілік көрсетіледі. 1-ден 3-ке дейінгі жылдарда 100% жауапкершілік көрсетіледі.

Жыл сайын ҚМГ және ЕТҰ қызметкерлері үшін ИБЖ бөлігінде көзdesулер мен оқыту бағдарламалары үйімдастырылады, қатысуышылар тренингтерден өтеді, тәжірибелерімен бөліседі, проблемалар мен оларды шешу жолдарын талқылайды.

Ішкі бақылау процесінің негізгі субъектілерінің иерархия деңгейлері, рөлдері мен өкілеттіктері түрфысынан ішкі бақылау жүйесінің моделі:

- ◆ 1-денгей «Үйімдастырушылық-функционалдық» – ішкі бақылау жүйесін үйімдастырумен, оның қатысуышыларының өзара әрекеттесу тәртібімен және «жоғарыдан үлгімен» байланысты;
- ◆ 2-денгей» Корпоративтік бақылау – «ҚМГ немесе құрылымдық белгіліштер деңгейінде белгіленетін және ҚМГ мақсатарына қол жеткізуге ықпал ететін басқару тетіктерін іске асырумен байланысты, Компания қызметтіне тән тәуекелдерге тікелей немесе жаңама әсер етे отырып, жалпы бақылау ортасына және бақылау ресімдерінің тиімділігі мен санына әсер ету есебінен ішкі бақылау жүйесін анағұрлым тиімді құрылымдауға мүмкіндік береді. Корпоративтік деңгейдегі бақылау ҚМГ-ге тұластай алғанда, әрбір бизнес-процеске әсер етеді және сенімділіктің, негізгі сипаттамалары мен критерийлеріне, ұмтылуы қажет кемелдену деңгейіне сәйкестікі бақылаумен байланысты. Мұнайдағы сипаттамалар, өлшемдер мен кемелдену деңгейлері ҚМГ саясатында, ҚМГ ұзақ мерзімді даму бағдарламасында және ҚМГ-нің басқа да тұжырымдамалық-нормативтік құжаттарында бекітілген;
- ◆ 3-денгей «Процестік бақылау» – бизнес-процестерге және қызметкерлердің ағымдағы қызметтіне интеграцияланған және жалпы ҚМГ бақылау ортасына әсер етпейтін бақылау ресімдерін орындаумен байланысты.

## НЕГІЗГІ ТӘҮЕКЕЛДЕР

ҚМГ өз қызметін үнемі өзгеріп тұратын ортада жүргізеді. Уақыт өте келе кейбір қауіптер дамуы мүмкін және ішкі және сыртқы факторларға қарай ықтимал әсер мен ықтималдық өзгеруі мүмкін. ҚМГ стратегияны іске асыруға әсер ете алатын негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді басқарады, қадағалайды және олар туралы хабарлайды.

Есепті кезеңде кейбір тәуекелдер іске асырылды, бірақ тәуекелдерді митигациялау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардың теріс әсері басқарылды және барынша азайтылды.

### Компанияның негізгі тәуекелдері

<b>Трена (бір жылдағы)</b>	<b>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</b>	<b>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылда- натын шаралар</b>
	<p><b>Өндірудың көлемінің, төмендеудең қаупи</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Негізгі операциялық тәуекел ескі кен орында- рында өндірудың көлемінің төмендеудеуі;</li> <li>◆ Өлемдік энергия нарықтарындағы қолайсыз жағдайға (пандемияға байланысты), сон- дай-ақ ОПЕК+ келісімі шенберіндегі мін- деттемелерге байланысты мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне орай өндірістің төмендеудеуі.</li> </ul> <p style="text-align: right;"><b>Толығырақ ақпарат «Барлау» белгілінде</b></p>	<p>Жетілген кен орындарында өндірудың дөнгейін ұстап тұру мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ұнғымалардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайту жөнін- дегі іс-шаралар, ұнғымаларға жерасты және күрделі жөндеуді үақытылы орындау, сондай-ақ геологи- ялық-техникалық іс-шаралар;</li> <li>◆ ескірген жабдықтарды жаңырыту бағдарламаларын іске асыру;</li> <li>◆ ескі кен орындарында өндірудың дөнгейін ұстап тұру үшін жаңа технологияларды енгізу.</li> </ul> <p>Өндіруші активтерді өртараптандыру бойынша жұмы- стар жүргізілуде.</p> <p>Шығыстауды қысқарту және онтайландыру, бұрын жоспарланған іс-шараларды, жоспарлы көрсет- кіштерді қайта қараша бойынша сценарийлерді қараша (өндірудың рентабельділігін ескере отырып) жүргізіледі. ОПЕК+ елдерімен мұнай өндіруді ұжымдық қысқарту туралы келісім мәселелерінде Казақстан Республикасының үекілетті органдарымен жедел өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.</p>
	<p><b>Өндірістік жаражаттылық тәуекелі</b></p> <p>Кызметкерлердің еңбекті қорғау, өндірістік тәртіпті бұзған саласында белгіленген қағида- ларды сақтамауы қызметкерлердің өміріне қауіп-көтердің тәнү мен денсаулығына зиян кел- тиру көзі болып табылады</p>	<p>Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау мақса- тында Компания үйімдестірушілық-техникалық шара- ларды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ жұмыстауды қауіпсіз жүргізу, өндірістік жаражаттану мен көсіптік аурулардың алдын алу;</li> <li>◆ оқуды және білімді тексеруді үақытылы жүргізу;</li> <li>◆ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау;</li> <li>◆ еңбекті механикаландырудың жаңа технологиялары мен құралдарын енгізу;</li> <li>◆ өндірістік обьектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік дөн- гейін арттыру.</li> </ul> <p>«Қорғау» картасын пайдалану арқылы Near Miss сал- дарсыз оқиғалар бойынша есептілік бағдарламасы іске асырылада.</p> <p>Келесі Корпоративтік стандарттар бекітілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ҚМГ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнер- кәсіптік қауіпсіздік және қоршаган ортанды қорғау саласындағы мердігерлік үйімдермен өзара әре- кеттесу бойынша;</li> <li>◆ ҚМГ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнер- кәсіптік қауіпсіздік және қоршаган ортанды қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету;</li> <li>◆ ҚМГ компаниялар тобындағы Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы.</li> </ul>

<sup>1</sup> «Қорғау» картасын қолдану қауіпті шартты, қауіпті мінезд-құлықты, қауіпті әрекетті, қауіпті жағдайды, қауіпті факторды, сондай-ақ жақсы практика мен ұсыныстарды (бастамаларды) анықтауға және олар туралы ақпараттандыруға бағытталған.

<p>Трена (бір жылдағы)</p>	<p>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</p> <p><b>Өндірістік объектілердегі апарттық жағдайлар-дын, техногендік апарттар тәуекелі</b></p> <p>Компанияның өндірістік қызметі ықтимал қаупіт болып табылады. Авариялық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілердегі техногендік апарттар салдарынан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупіт бар</p>	<p>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар</p>
		<p>Өндірістік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания мыналарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жәндеуді үақытылы жүргізу қамтамасыз ету;</li> <li>◆ қайта жаңартуды, жаңғыртуды үақытылы жүргізу;</li> <li>◆ әлеуетті-қауіпті факторларды анықтау және диагностиканы үақытылы жүргізу, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізу;</li> <li>◆ операциялық персоналдың техникалық деңгейі мен біліктілігін арттыру.</li> </ul> <p>Компания кезең-кезеңмен қорғаудын, күзетудің, және физикалық қауіпсіздікте заманауи инженерлік-техникалық құралдарын енгізеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің, азаттық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру шарттарын, сондай-ақ міндетті экологиялық сактандыру шарттарын жыл сайын жасасады. Бұдан басқа, жыл сайын сактандыру жағдайының басталу нәтижесінде мүлікті залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалу немесе бүліну тәуекелінен) ерікті сактандыру шарттары жасалады.</p>
	<p><b>Коршаған ортаға және климаттың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері</b></p> <p>Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекеліне және экологиялық заңнама талаптарын сактамағаны үшін міндеттемелерді қатаандату тәуекеліне, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге үшінші арттырылған ортаға жағдайының өзгеруіне және климаттың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдерге</p> <p style="text-align: center;"><b>Толығырақ ақпарат</b> <b>«Орнықты дамуды қамтамасыз ету» бөлімінде</b></p>	<p>Коршаған ортасы қорғаудың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері</p> <p>Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекеліне және экологиялық заңнама талаптарын сактамағаны үшін міндеттемелерді қатаандату тәуекеліне, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге үшінші арттырылған ортаға жағдайының өзгеруіне және климаттың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдерге</p> <p style="text-align: center;"><b>Толығырақ ақпарат</b> <b>«Орнықты дамуды қамтамасыз ету» бөлімінде</b></p> <p>Коршаған ортасы қорғаудың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері</p> <p>Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекеліне және климаттың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері</p> <p>Коршаған ортасы қорғаудың өзгеруіне теріс әсер ету тәуекелдері</p> <p>Компания қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекелдері</p> <p>Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелді азайту шенберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2020 жылғы тамызда CDP (Carbon Disclosure Project) алаңында Компанияның 2019 жылғы парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары бойынша климаттық сауалнама үақытылы орналастырылды;</li> <li>◆ 2018-2020 жылдарға арналған парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің үлттық жоспарындағы квоталар тапшылығы мен профицитінің, болжамды балансы есептеледі.</li> </ul>

<p><b>Трена (бір жылдағы)</b></p>	<p>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</p> <p><b>Газ тапшылығының, тәуекелі</b> Газ экспорттың көлемі ішкі газ тұтынудың, ұлғаюы салдарынан, оның ішінде ішкі нарықта газ-химия жобаларын енгізуі, өндіру деңгейін үстап тұру үшін газды кері айдауга байланысты газ өндірісінің төмөндеуін және (немесе) газ өндіреу жөніндегі қуаттардың жетіспеушілігін, сондай-ақ газ өндіреу жөніндегі ресурстық база-ның, жеткілікіз дамығандығын ескере отырып азаюы мүмкін</p> <p><b>Геологиялық тәуекел</b> Жаңа барлау жобаларын іске асыру өрқашан геологиялық құрылымның белгісіздігімен байланысты геологиялық тәуекелдермен байланысты (көмірсутек кен орындарын анықтамау, мұнайдың, (газдың) алынатын қорларын растамау немесе тәмен бағалау)</p>	<p>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар</p> <p>Компания IMG өндіреу бойынша қуаттарды кеңейту, газды кері айдауды қысқарту және кен орындарында IMG жағу жолымен тауарлық газдың ресурстық базасын ұлғайту бойынша біркатарап жобаларды іске асыруды қарастырады. Жаңа перспективалы кен орындарын игеру, сондай-ақ қазіргі бар кен орындарында газ өндіруді арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.</p>
	<p><b>Қатысу өнірлеріндегі әлеуметтік жағдай</b> Компания санкцияланбаған ереуілдер қаупіне үшіншірайды</p>	<p>Компания мұналадарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ жұмыстар ауданы және жақын мандағы ұқсас кен орындары бойынша геологиялық-геофизикалық деректер базасын жинау, талдау, қорыту және толықтыру;</li> <li>◆ көмірсутектерді іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістерін жоспарлау, деректерді зерттеудін, өндіреу мен интерпретациялаудың тиімді әдістерін қолдану;</li> <li>◆ 2D- және 3D-сейсмикалық-барлауды жүргізу;</li> <li>◆ халықаралық компаниялармен (Equionor, LOKOIL, BP) бірлескен өнірлік зерттеулер, озық технологияларды қолдана отырып және шетелдік компаниялардын, (Eni) тәжірибелісін тарта отырып, өндіреу жөніндегі пилоттық жобалар;</li> <li>◆ сапалы талдау және заманауи геохимиялық және литологиялық талдау әдістемелерін қолдану негізінде өнір мен кен орындарының седиментациялық, геологиялық және бассейндік модельдерін құру;</li> <li>◆ жаңа кен орындарын бірлесіп барлау және игеру үшін, оның ішінде геологиялық тәуекелдердің қаржылық өсерін төмөндету үшін сарғу-қаржыланыру шарттарында стратегиялық әріптестерді тарту</li> </ul>
	<p><b>Өтімділік және қаржылық орнықтылық тәуекелдері</b> Компания үшін негізгі тәуекелдердің болуы өтімділік пен қаржылық тұрақтылықпен байланысты тәуекелдер болып табылады</p> <p style="text-align: right;">Толығырақ ақпарат «Стратегиялық басымдықтар» бөлімінде</p>	<p>Алеуметтік тәуекелдерді төмөндету үшін Компанияда мұнадай іс-шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ басшылықтың, енбек ұжымдары және кәсіподактар өкілдерімен тікеlei есептік кездесулерін қоса алғанда, енбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі;</li> <li>◆ ҚМГ обьектілерінде қызметті жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен ЕТҰ-ның өзара іс-қимыл регламенті енгізілуде (мердігерлік ұйымдар қызметкерлері үшін енбек қатынастары саласында белгіленген кепіндіктерді сақтау мақсатында);</li> <li>◆ ішкі коммуникацияларың, бірыңғай жүйесі іске асырылады және қолдау тапты, Компанияның барлық кәсіпорындарында басшылықтың ұжымдармен әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылау және шешімдердің нұсқаларын бірлесіп өзірлеу үшін міндетті кездесулері өткізіледі;</li> <li>◆ жас қызметкерлердің белсенді өмірлік ұстанылын қалыптастыруды, жастардың кәсіпорындарың, әлеуметтік және өндірістік өміріне тартудың көздейтін бірыңғай жастар саясатының жүйесі құрылады;</li> <li>◆ қатысу өнірлерінде жүйелі тұрде сауалнамалар, талдау және қанагаттану мониторингі жүргізіледі.</li> </ul> <p>Алеуметтік тұрақтылық рейтингін зерттеу нәтижелері бойынша алаңдататын аймақтарды барынша азайту және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленуде</p>
	<p><b>Сонымен қатар, осы тәуекелдерді енсеру үшін, борышқорық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығына жол бермеу жөніндегі іс-шаралармен қатар, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, күрделі шығындардың нақты басымдығына, қаржылық тәртіпті сақтауға, Компанияның активтері мен жобаларының коржындарын ұтымды етуге, жобаларды коржындық басқаруға көшүгे баса назар аударды</b></p>	

<p>Трена (бір жылдағы)</p> 	<p>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</p> <p><b>Комплаенс-тәуекелдер</b></p> <p>Жеке пайда мен мұліктік мұдделерді, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін, алуға бағытталған сыйбайлар жемқорлық сипатындағы қасақана іс-әрекеттер. Қаржылық заладың, мөлшеріне карамастан, кез келген сыйбайлар жемқорлық белгілерінің фактілері Компанияның қызметінде мұлдем қолайсыз болып табылады.</p>	<p>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар</p> <p>Компания ішкі бақылау жүйесін енгізу және күшету, үшінші тұлғалар тарарапынан, сондай-ақ Компания қызметкерлері тарарапынан заңсыз және жосықсыз әрекеттердің алдын алудын, бірыңғай саясатын белгілеу, қызметкерлер тарарапынан заңға қарама-қайшы және жосықсыз әрекеттер жасау фактілері бойынша ішкі тергеулер жүргізу тәртібін белгілеу бойынша дәйекті жұмыс жүргізеді.</p> <p>Компания жетекші өлемдік тәжірибелі, сондай-ақ міндеттемелерді ескере отырып, саясат пен стандарттарды қабылдады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ ішкі және комплаенс-бақылау жүйелерін жетілдіру және күшету бойынша;</li> <li>◆ сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу;</li> <li>◆ сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;</li> <li>◆ сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлер арасында ықтимал бұзушылықтар мен шаралар туралы алдын алу іс-шараларын және түсіндіру жұмыстарын жүргізу;</li> <li>◆ шешімдер қабылдау ресімдерінің есептілігін және ашықтығын қамтамасыз ететін үйымдастыру;</li> <li>◆ іске кірлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;</li> <li>◆ сыйбайлар жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша семинарлар мен тренингтер үйымдастыру;</li> <li>◆ сыйбайлар жемқорлық факторларын анықтауға арналған ішкі құжаттардың жобаларын сараптау;</li> <li>◆ мұдделер қақтығысын болдырmaу;</li> <li>◆ Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне есеп бере отырып, жедел желіге келіп түсken өтініштерді өндөу;</li> </ul>
	<p><b>Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы</b></p> <p>Компания энергия көздері бағасының құбылмалылық тәуекелінебейім.</p> <p>Толығырақ акпарат «Нарықты шолу» және «COVID-19 әсері және дағдарысқа қарсы шаралар» бөлімдерінде</p>	<p>Каржы жағдайын тұрақтандыру мақсатында Компания 2021 жылдың соңына дейін мұнай-газ саласында қалыптасқан дағдарыстың салдарын жою бойынша шараларды қарастыратын дағдарысқа қарсы стратегияны өзірледі. 2020 жыл ішінде мынадай іс-шаралар іске асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ жаңартылған макроөлшемдермен, шығыстардың қысқартумен және оңтайланырумен ҚМГ-ның түзетілген даму жоспары бекітілді;</li> <li>◆ 2020 жылға арналған инвестициялық жобалар коржыны оңтайланырылды, жобалық басқару жүйесін енгізілуде;</li> <li>◆ сыйлықақылар мен бонустар алынып тасталды, бизнес-процесстерді оңтайланыру жүргізілді;</li> <li>◆ Дағдарысқа қарсы тұжырымдаманы, сондай-ақ басшы қызметкерлердің мотивациялық КНК картасын және олардың 2020 жылға арналған мақсатты мәндерін цифрландыруды ескере отырып, қызметтін, негізгі корпоративтік көрсеткіштері (КНК) бекітілді;</li> <li>◆ ҚМГ орталық аппаратының саны оңтайланырылды;</li> <li>◆ басқару деңгейлерін қысқартпа отырып, үйымдастыру мүмкілім бекітілді, топ-менеджерлер мен басшы қызметкерлердің жалақысын төмендетуді ескере отырып, жалақы жүйесі қайта қаралды;</li> <li>◆ қосымша теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді/тәуекел факторларын көздейтін тәуекел-менеджмент бағдарламасы бекітілді.</li> </ul> <p>Компания тұрақты негізде баға серпініне, мұнай мен мұнай өнімдеріне деген сұраныска мониторинг пен талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ. Мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуінен қорғау үшін қаржы құралдарын сатып алу ықтималдығы болуы мүмкін. ОПЕК+ келісімі, ішкі нарықты тұрақтандыру және мұнай өнімдерінің экспорттың ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының, үекілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындау үшін ішкі резервтері бар</p>

<p><b>Трена (бір жылдағы)</b></p> 	<p><b>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</b></p> <p><b>Елдік тәуекел пен санкциялар тәуекелі</b></p> <p>Компания шет мемлекеттерде операцияларды жүзеге асырады. Реципиент елдің экономикалық және саяси жағдайларындағы кез келген елеулі теріс өзгерістер Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін. Кейбір өлдерге қатысты санкциялар, соның ішінде салалық санкциялар Компанияның қызметіне әсер етуі және перспективалық жобаларға әсер етуі мүмкін</p> 	<p><b>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылдантын шаралар</b></p> <p>Компания реципиент елді (экономикалық, саяси, стратегиялық, әлеуметтік және өзге тараптардан) талдау негізінде елдік лимиттерді белгілеу арқылы елдік тәуекелдер деңгейін шектейді.</p> <p>Компания экономикалық санкциялардың Компанияның қызметіне әсерін және ықтимал жауп шараларын талдады. Ресейлік үйімдармен бірлескен жобалар / маңызды транзакциялар қарастырылды, ықтимал операциялық және қаржылық тәуекелдер зерттелді.</p> <p>Компанияның перспективалық жобаларына нақты әсер ете алатын санкциялардың ықтимал көнеюін ескере отырып, Компания теріс әсер мен салдарды азайту үшін қолданыстағы санкцияларға мониторингті жүзеге асырады. Тәуекелдерді төмendetу мақсатында Компания санкциялық режимді қүшейткен жағдайда жобалардан шығу немесе оларды дербес іске асыру тетіктерін көздейді</p> <p><b>Кибертәуекелдер</b></p> <p>Қашықтан жұмыс істеу, қашықтан қосу және Компаниядағы өндірістік және цифрландырудың басқарушылық процестерге тиетін әсердің қүшөю жағдайларына Компанияның акпараттық-коммуникациялық жүйесінің тұтастығын, қолжетімділігі мен құпиялышығын бұзу мақсатында оның жария етілу ықтималдығы артады</p> 
<p><b>Беделдік тәуекел</b></p> 	<p>Компания іскерлік беделге және инвесторлармен, контрагенттермен, серіктестермен және басқа да мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасқа әсер ететін беделдік тәуекелге үшінрайды</p>	<p>Компания келесі шараларды іске асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ сыртқы және ішкі қауіп-қатерлердің автоматтандырылған мониторингін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық жүйені қорғауға бағытталған үйімдастырушылық-практикалық іс-шараларды бақылауды қамтамасыз ету үшін акпараттық қауіпсіздікі мамандандырылған аппараттық-бағдарламалық құралдары енгізілуде;</li> <li>◆ жүйенің сыртқы шабуылдарға осалдығын тестілеу, акпараттық технологиялар инфрақұрылымының қауіпсіздігін талдау, желілік компоненттердің аудиті, операциялық жүйелердің қауіпсіздігін үақытылы бақылау, бұзушылықтарды анықтау және бұғаттау тұрақты негізде жүргізіледі;</li> <li>◆ Компанияның акпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің (АҚМЖ) қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін колдау жүргізіледі;</li> <li>◆ Компанияның акпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімшелерінде АҚБЖ үшін жауптыларды оқыту;</li> <li>◆ кибергигиена қағидаларын сақтау</li> </ul> <p>Компания БАҚ-тағы жарияланылғандарды, брифингтер, баспасөз конференцияларын үйімдастыруды,</p> <p>Компания қызметінің түрлі аспекттерін жарияладп-көрсету және мүдделі тараптардың хабардар болуын артыру мақсатында басшылықтың сөз сөйлеуін қоса алғанда, осы тәуекелді басқару жөніндегі шаралар кешенін жүргізеді. Құн сайын Компания қызметі туралы жарияланылғандарға мониторинг және БАҚ пен әлеуметтік желілердегі расталмаған акпаратқа (қауесеттерге) жедел ден қою жүргізіледі.</p> <p>2020 жылы жүртшылықты ҚМГ қызметі туралы үақытылы хабардар ету және жағымсыз жарияланылғандардың алдын алу мақсатында Дағдарысқа қарсы шараларды акпараттық сүйемелдеу жөніндегі коммуникациялық жоспар өзірленді және іске асырылды. Байланыс жоспары аясында басшылықтың дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру, көсіпорындарда COVID-19-бен құрессу және оны таратпау бойынша қабылданған шаралар бойынша Компания қатысатын өнірлерге жұмыс сапарлары үйімдастырылды. Баспасөз хабарламалары жарияланып, тиісті брифингтер өткізілді, аталған іс-шаралар БАҚ-та (теледидарда, газеттерде, интернет-басылымдарда, корпоративтік сайттарда) көнінен жарияланды.</p> <p>Компанияда жедел желі жұмыс істейді, сондай-ақ шағымдар мен наразылықтардың себептерін жою мақсатында оларға жедел ден қою жөніндегі процесс үйімдастырылды</p>

<p><b>Трена (бір жылдағы)</b></p> 	<p>Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы</p> <p><b>Валюталық тәуекел</b> Валюталық тәуекел – валюта бағамдарының ауытқуына байланысты Компанияның қаржы көрсеткіштерінің ықтимал қолайсыз өзгеруі</p> <p><b>Салықтық тәуекел</b> Салық заңнамасының өзгеруі және оны әркелкі түсіндіру тәуекелдері, сондай-ақ салық ауыртпалығының ұлғаюы мен салық женілдіктерін қолдану құқығынан айрылу тәуекелдері сақталуда</p> <p><b>Екінші деңгейдегі банктердің проценттік мөлшерлемелерінің және өтімділігінің өзгеру тәуекелі</b> Әлемдік проценттік мөлшерлемелердің өсүі мен банк секторының қаржылық орнықтылығының әлсіреуі қарыз алу құнына және уақытша бос ақша қаражатын орналастыруға теріс әсер етуі мүмкін.</p> <p><b>Инвестициялық (жобалық) тәуекелдер</b> Компания сыртқы және ішкі факторларға байланысты елеулі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін көмірсүтектерді барлау, өндіру, тасымалдау және қайта өндөу саласындағы бірқатар жобаларды іске асырады. Мұндай тәуекелдердің іске асуы жобаларды іске асырудың табыстылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін</p> <p><b>Колданылатын заңнаманың өзгеру тәуекелі, сондай-ақ сот талап-арыздары мен төрелік талқылаулар тәуекелі</b> Компания қызметтің нәтижелеріне қолданылатын заңнамадағы өзгерістер, оның ішінде жер койнауын пайдалану саласындағы нормалдау, салықтық, валюталық, кедендей реттеу және т. б., сондай-ақ соттардың Компания тартылған сот және төрелік даулар бойынша теріс шешімдер қабылдау тәуекелі әсер етуі мүмкін</p>  	<p>Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар</p> <p>Түсім мен міндеттемелердің валюталық құрылымын ескере отырып, Компания өз қызметтінде валюталық тәуекелге де ұшырайды. Осы тәуекелді басқару стратегиясы табиғи (экономикалық) хеджирлеуді қолдану мүмкіндігін ескеретін кешенді тәсілді пайдалануды қөздейді. Шетелдік валютада номиналданған активтер мен міндеттемелердің арақатынасы қамтамасыз етіледі, түсім валюталық тәуекелдің әсерін ескере отырып есептеледі</p> <p>Компания салық заңнамасының өзгерістеріне тұрақты мониторинг жүргізеді, олардың Компания қызметтіне ықтимал әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды, құқық қолдану практикасының үрдістерін бақылайды, өз қызметтінде заңнаманың өзгерістерін ескереді. Компания мамандары салық заңнамасы саласындағы заң жобаларын өзірлеу бойынша әртүрлі жұмыс топтарына үнемі қатысады; салықтық тәуекелдерді азайту мақсатында Компания салықтық әкімшіледірү процестерін жақсартады, салықтық аудиттер жүргізеді</p> <p>Осы тәуекелдерді барынша азайту үшін Компания қазынашылық қоржының берілген өлшемдерінде қаржы құралдарына орналастыруды әртаратандыруды және ҚМГ компаниялар тобы бойынша ақша қаражатының орналастырылуына тұрақты мониторингті жүзеге асырады. ҚМГ кірісінің негізгі бөлігі АҚШ долларымен генерацияланады, ал негізгі қарыз алу кезі халықаралық кредиттөү нарығы болып табылады. Осы себептер бойынша ҚМГ борышқорлық қоржының басым бөлігі АҚШ долларымен номиналданған. Осы несиелердің бір бөлігіне қызмет көрсету бойынша пайыздық мөлшерлеме банкарлық несие ставкаларына негізделген, мөлшерлемелердің өсүі Компанияның қарызына қызмет көрсетудің қылмбаттауына әкеп соғуы мүмкін</p> <p>Компания қажет болған жағдайда жобаларды іске асыру жөніндегі жоспарларға уақытылы өзгерістерді енгізе отырып, қатысу өнірлерінде жобаларды іске асыру мәртебесіне тұрақты мониторинг жүргізеді. Жобалардың мерзімдеріне, бюджеттіне және сапасына әсер ете алатын тәуекелдер туындаған жағдайда іс-шаралар мүдделі тараптармен келіссөздер жүргізуді, операциялық шығындарды қысқартуды, инвестициялық бағдарламаны оңтайландыруды және т. б. қамтуы мүмкін.</p> <p>Компания заңнаманың өзгерістеріне тұрақты мониторинг жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобы үйымдарының қызметтіне олардың әсер ету дәрежесін бағалайды және болжайды. Компания заңнаманың әртүрлі салаларындағы заң, жобаларын өзірлеу және талқылау жөніндегі жұмыс топтарына үнемі қатысады. Компания сот және құқық қолдану практикасының мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады, қызметті жүзеге асыру процесінде туындағын құқықтық мәселе-лар мен дауларды шешу кезінде үздік тәжірибелі белсенді түрде қолданады</p>
---	--	---

Трена (бір жылдағы)	Тәуекелдер мен ықтимал салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылда- натын шаралар
	<p><b>Пандемия тәуекелі (COVID-19)</b></p> <p>COVID-19 індегі қызметкерлер мен олардың отбасы мүшеселерінің, деңсаулығына теріс әсер етті, еңбекке уақытша жарамсыздық пен өлімге әкелді, бүкіл адамзатқа азап пен шектеулер әкелді, бүкіл әлемде сұраныс пен өндірістің, негізгі факторларына әсер етіп, экономикалық күйзелісті тұдырыды</p> <p style="color: orange;">Толығырақ акпарат «Нарықты шолу» және «COVID-19 әсері және дағдарысқа қарсы шаралар» бөлімдерінде</p>	<p>Компания COVID-19 пандемиясымен байланысты жағымсыз қауіп факторларын азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдады, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ COVID-19/пневмонияның таралуы бойынша эпидемиологиялық жағдайдың түрліктері мониторингі;</li> <li>◆ қызметкерлердің жүріп-тұруы бойынша шектеү шараларын (іссапарлар, конференциялар, оқыту), әлеуметтік алыста шараларын енгізу, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру;</li> <li>◆ байланыстарды азайту үшін қызметкерлердің тұруына, тамақтануына, тасымалдауға және қайта вахталауға ерекше режим енгізу;</li> <li>◆ обьектілерде және кеңселерде (мердігерлік үйімдерды қоса алғанда) санитариялық-дезинфекциялық, маскалық режимді қатаң сақтау, термометрияны жүзеге асыру және рұқсат беру кезінде қызметкерлердің симптомдарының болуына пікір-терім жүргізу;</li> <li>◆ жедел штабтар мен дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі команданың жұмысын жаңдандыру, мемлекеттік органдармен және медициналық асистенттермен өзара іс-кимыл жасау;;</li> <li>◆ ахуал нашарлаған жағдайда ҚМГ мен оның ЕТҰ қызметінің өзірлігін және үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бекітілген алгоритмдерге сәйкес іс-шаралар кешенін іске асыру;</li> <li>◆ маусымдық грипп ауруына қарсы вакцинациялау және алғашқы медициналық-санитариялық көмек қызметтерінің дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қажет болған жағдайда зертханалық тексеруді ұлғайту және COVID-19 вакцинациясын ұйымдастыру мәселелерін пысықтау;</li> <li>◆ жеке корғану құралдарының (медициналық маскалар, респираторлар, биялайлар), мөлшерле-гіштердің, антисептистер мен дезинфекциялық ерітінділердің, сондай-ақ әмір және деңсаулық сақтау үшін ең аз қажетті тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету мүлкінін, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың резервтерін жасау.</li> </ul> <p>Пандемияның жаңа ошактарына дайындық, аурулардың алдын алу және COVID-19 таралуының алдын алу мақсатында Компания келесі іс-шараларды жүзеге асыруды жағластыруда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ COVID-19 таралу қаупін азайту бойынша бұрын енгізілген алгоритмдерді (бірінші толқынның тәжірибесін ескере отырып түзетілген) сақтау және эпидемияға қарсы режимді, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды қолдана;</li> <li>◆ сыйни бизнес-процестерді анықтау және оларды қалпына келтіру нұсқаларын өзірлеу, сондай-ақ сыйни қызметкерлерді, жеткізушілерді, материалдар мен жабдықтарды айқындау; сыйни бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету және АТ-жүйелерін авариялық қалпына келтіру жоспарларын өзірлеу</li> </ul>



# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

ҚМГ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға өсерінің маңыздылығын түсінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің балансын сақтауға ұмтылады. Компания мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл тәсілін қолданады.

ҚМГ-де төуелділікті (тікелей немесе жанама), міндеттемелерді, жағдайды (жоғары тәуекел аймақтарына назар аудара отырып), өсерді, әртүрлі (алуан түрлі) перспективаларды ескере отырып, тәуекелдер мен саралауды көрсететін мүдделі тараптардың картасы бекітіледі. Компанияда мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары тиімді іске асырылуда. ҚМГ AA1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ең үздік тәжірибелін қолданады.

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі іс-шаралар

Мүдделі тараптар тобы	Берілетін ақпарат түрі	Коммуникация өдістері
<b>Акционерлер</b>	Бағалы қағаздарды ұсташылардың мүдделерін қозғайтын Компанияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ ҚМГ Директорлар кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіру</li> <li>◆ Корпоративтік сайты жариялау</li> <li>◆ Қазақстандық кор биржасының сайтында жариялау</li> <li>◆ Қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу</li> </ul>
<b>ЕТҰ</b>	Компанияның қызметі, стратегиялық даму жоспарлары, өнгізілтін корпоративтік басқару тетіктері, өзара іс-қимыл өдістері, ЕТҰ мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайты жариялау</li> <li>◆ Акционерлердің/қатысушылардың жалпы жиналыстырында, сондай-ақ директорлар кеңестерінде / байқау кеңестерінде акционердің мүдделерін білдіру</li> <li>◆ Кеңестер, консультациялық панельдер, конференц-коныраулар өткізу</li> <li>◆ Комитеттерге, жұмыс топтарына қатысу</li> <li>◆ Тренингтер, семинарлар үйімдастыру</li> </ul>
<b>Компанияның қызметкерлері мен олардың кәсіби одактары</b>	Компанияның даму жоспарлары, еңбек жағдайлары, мансаптық өсу, өлеуметтік-енбек құқықтарын сақтау, ҚМГ қызметкерлерінің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайты жариялау</li> <li>◆ Басшылықтың еңбек ұжымдарымен кеңестерін, жиналыстырын, есептік кездесулерін өткізу</li> <li>◆ Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті көрғау жөніндегі кеңестер мен комитеттер</li> <li>◆ Тренингтер, семинарлар үйімдастыру</li> <li>◆ Хабарламаларды ішкі тарату</li> <li>◆ Ишкі байланыс арналары арқылы материалдарды тарату</li> <li>◆ Саяулама, анкеталар</li> <li>◆ Конкурстар</li> </ul>

Компания тартымды еңбек жағдайларын жасау және мүдделі тараптармен тиімді диалог құру арқылы мүдделі тараптардың ниеттестігін арттыруға ниетті, бұл клиенттер, акционерлер, инвесторлар, мемлекеттік органдар, жергілікті тұрғындар, қоғамдық үйімдар тарапынан түсіну мен қолдау есебінен ҚМГ қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Мүдделі тараптар тобы	Берілетін ақпарат түрі	Коммуникация өдістері
<b>Іскерлік серіктестер, жеткізушілер, тұтынушылар</b> Толығырақ ақпарат «Жеткізушілермен өзара іс-әрекет» бөлімінде	Өзара тиімді ынтымақтастық шарттарына өсер ете алатын басшылықтың шешімдері, серіктестердің, жеткізушілердің, клиенттердің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>◆ Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоныраулар өткізу</li> <li>◆ Шағымдармен және өтініштермен жұмыстықтамасыз ету</li> <li>◆ Серіктестер/жеткізушілер күндерін үйімдастыру</li> <li>◆ Хабарламаларды тарату</li> <li>◆ Аудиттер</li> </ul>
<b>Инвесторлар</b> Толығырақ ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде	Компанияның қызметі, инвесторлар мен жалпы инвестициялық қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторлар» бөлімінде жариялау (<a href="http://www.ir.kmg.kz">www.ir.kmg.kz</a>)</li> <li>◆ Қазақстандық кор биржасының сайтында жариялау</li> <li>◆ Инвесторлар үшін және басқа да көпшілік іс-шаралар шенберінде көшпелі тусаукесерлер (роуд-шоу) үйімдастыру</li> <li>◆ Кездесулер, конференц-қоныраулар өткізу</li> <li>◆ Электрондық пошта арқылы сұраулармен жұмыс істеуді қамтамасыз ету (ir@kmg.kz), телефон консультациялары</li> <li>◆ Баспасөз релиздерін орналастыру</li> </ul>
<b>Мемлекеттік органдар</b>	Мемлекеттің, халықтың, мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және салалық сипаттағы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>◆ Жиналыстар, кездесулер, конференц-қоныраулар өткізу</li> <li>◆ ҚАЗАК жариялау</li> <li>◆ Деректерді электрондық жүйеге енгізу</li> <li>◆ Байланыс құралдары арқылы хабарлау</li> <li>◆ Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жәніндегі жұмыс топтары</li> </ul>
<b>Қаржы институттары</b>	Қаржы институттарының мүдделерін қозғайтын қаржылық сипаттағы ақпарат, Компанияның қаржылық орнықтылығы туралы мәселелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету</li> <li>◆ Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>◆ ҚАЗАК жариялау</li> </ul>
<b>Жергілікті қоғамдастықтар</b>	Халықты жұмыспен қамту, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық қауіпсіздік және табиғаттың қорғау қызметіне қатысты ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Корпоративтік сайтта жариялау</li> <li>◆ Халықпен кездесулер өткізу</li> <li>◆ Қоғамдық тындауларға қатысу</li> <li>◆ ҚАЗАК-та жариялау</li> <li>◆ Азаматтарды қабылдау</li> <li>◆ Шағымдармен және өтініштермен жұмыстықтамасыз ету</li> <li>◆ Жергілікті органдардың жұмысына және жергілікті қоғамдастықтардың жобаларына қатысу</li> <li>◆ Жергілікті қоғамдастық екілдерінің қатысуымен көпшілік іс-шаралар өткізу</li> </ul>
<b>Бұқаралық ақпарат құралдары</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпараттан басқа кез келген ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Компанияның сайтында және ҚАЗАК баспасөз релиздерді, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды жариялау</li> <li>◆ Баспасөз релиздерді тарату</li> <li>◆ ҚАЗАК сұрауларына жауап беру</li> <li>◆ Баспасөз конференцияларын, брифингтер, баспасөз түрларын, форумдар, инфосессиялар және басқа да медиа іс-шараларын еткізу</li> <li>◆ Сұраулармен жұмыс</li> </ul>
<b>Қоғамдық үйімдар</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпараттан басқа кез келген ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Қауымдастықтарға мүшелік</li> <li>◆ Халықаралық бастамалар</li> <li>◆ Салалық форумдарға, конференцияларға қатысу</li> <li>◆ Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша жұмыс топтарына мүшелік</li> <li>◆ Саянанамалар мен зерттеулер</li> <li>◆ Сұраулармен жұмыс</li> </ul>

# АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

## Акционерлік капиталдың құрылымы<sup>1</sup>

Ұсташының атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, %-пен көрсетілген үлес	Артықшылықты Акциялар	Барлық акциялар, дана	Барлық акциялар, %-пен көрсетілген үлес
"Самұрық-Казына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ	551 698 745	90,42	-	551 698 745	90,42
«Қазақстан Республикасының, Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	-	58 420 748	9,58

## Бағалы қағаздар шығарылымы

Акциялардың түрі	Жарияланған акциялардың саны	Орналастырылған акциялардың саны	Орналастырылмаған акциялардың саны
Жай	849 559 596	610 119 493	239 440 103

Есепті кезеңде акционерлердің құрылымында өзгерістер болған жоқ.

Функцияларын заңнамаға және Компанияның Жарғысына сәйкес Қор Басқармасы орындағын акционерлердің жылдық жалпы жиналышында мынадай құжаттар бекітіледі деп күтілуде:

- ◆ ҚМГ-нің 2020 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі (шоғырландырылған және жеке) ;
- ◆ ҚМГ-нің 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі;
- ◆ ҚМГ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері.

## Дивидендтік тарих

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	61,54	60,64	133,97
Барлығы төлөнді	36 273	36 998	81 738

Толығырақ ақпарат «Қаржылық есептілік» бөлімінде 

## ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясаттың мақсаты Қор мен Компания мүдделерінің балансын, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен анықтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияларға қатысты төленетін дивидендтердің мөлшері олардың жетілу дәрежесіне және қаржылық орнықтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде айқындалатын қаржылық-экономикалық жай-куйіне қарай сараланып белгіленеді.

Дивидендтер дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған кезде Акционерлердің жалпы жиналышы белгілеген мерзімде төленеді.

«Самұрық-Казына»  
АҚ-тың еншілес  
үйымдарға қатысты  
дивидендтік саясатын  
Компанияның сайтында  
көруге болады



<sup>1</sup>. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

## КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің кредиттік рейтингтері Топтың кредиттік қабілеттілігін сенімді және тәуелсіз бағалау болып табылады. ҚМГ негізгі қаржы көрсеткіштерін инвестициялық деңгейге жақын және одан жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингті қолдау мақсатына сәйкес келетін деңгейде қолдауға идетті. ҚМГ рейтингтік агенттіктерге топтың кредит қабілеттілігін жан-жақты және дұрыс бағалау үшін қажетті барлық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. ҚМГ Басқармасы мен рейтингтік агенттіктер арасында мерзімді шолу кездесулері өткізіледі және ҚМГ олармен тұрақты байланысты қолдауды жағластыруды.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштері мен нарық серпінінен басқа, ҚМГ-нің кредиттік рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерімен байланысты. Мәселен, егемен кредиттік рейтингтің өзгеріуі қазақстандық әмбенттердің, оның ішінде ҚМГ-нің кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

Қаржылық орнықтылықты арттыру бойынша күш-жігерді рейтингтік агенттіктер атап өтті. 2018-2019 жылдары ҚМГ-нің қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруы Fitch, Moody's және S&P-ден Компанияның жеке кредит қабілеттілігі сипаттамаларының анағұрлым жоғары бағаларымен көрсетілді.

Елеулі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, 2020 жылы Fitch және S&P Компанияның бұрын белгіленген рейтингтерін растады. Казіргі уақытта ҚМГ-нің Moody's пен Fitch-тен инвестициялық деңгейдегі, ал S&P-ден егеменді рейтингтен екі саты төмен инвестиялық деңгейдегі кредиттік рейтингтері бар.

- ◆ 2019 жылғы 22 тамызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ кредит төлеу қабілеттілігінің рейтингін Қазақстан Үкіметінің тарапынан қолдауды

**Елеулі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, 2020 жылы Fitch және S&P Компанияның бұрын белгіленген рейтингтерін растады**

есепке алмағанда дербес негізде «ба3»-тен «ба2»-ге дейін көтерді. Компанияның ұзақ мерзімді рейтингі болжамын «тұрақтыдан» «оң» болжамы ретінде қайта қарастыра отырып, «Ваа3» деңгейінде расталды. 2020 жылғы 14 желтоқсандағы ҚМГ рейтингтерін мерзімді шолуда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ-нің маңызды мұнай қорларын және ОПЕК+ келісімі шеңберінде шектеусіз орнықты ендіруді, ҚМГ өтімділігінің жоғары көрсеткіштерін және берешкегі өтеудің ұзақ мерзімді бейінін, сондай-ақ Компанияның леверидж, проценттік өтеу және ақша ағындары көрсеткіштерінің кредит қабілеттілігінің базалық бағасына (Baseline Credit Assessment) мөлшерлес болып қалатынына қатысты рейтингтік агенттіктің үміттерін көрсетті.

- ◆ 2020 жылғы 27 наурызда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі ҚМГ эмитенті дефолтының, ұзақ мерзімді рейтингін «тұрақты» болжамымен «ВВВ-» деңгейінде растады. ҚМГ-нің кредит қабілеттілігі «ВВ-» деңгейінде дербес негізде COVID-19 пандемиясынан туындаған мұнай бағасының төмендеуіне байланысты 2020 жылы леверидж болжамды өскеннен кейін оның біртіндеп төмендеуіне қатысты рейтингтік агенттіктің үміттерімен қолдау табады.
- ◆ 2020 жылғы 27 наурызда S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі ҚМГ рейтингтері бойынша болжамды «тұрақтыдан» «теріс» болжамы деп қайта қарап, ұлттық және шетелдік валюталардағы ұзақ мерзімді рейтингтерді «ВВ» деңгейінде растады. Болжамды қайта қарау Brent маркалы мұнайдың бағасы бойынша S&P Global Ratings-тің 2020 жылдың қалған кезеңінде бір баррель үшін 30 АҚШ долларына дейінгі баға бойынша жорамалдарын қайта қарауға байланысты, 2021 жылы бір баррель үшін 50 АҚШ доллары мен кейінгі жылдары бір баррель үшін 55 АҚШ доллары.
- ◆ 2021 жылғы 28 қантарда мұнай мән газды барлау, өндіру және өндөу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қарағаннан кейін S&P Global Ratings рейтинг агенттігі ҚМГ-нің кредиттік рейтингтерін теріс болжаммен «ВВ» деңгейінде растады.




**ҚМГ кредиттік рейтингтері**

Рейтингтік агенттік	Күні	Рейтинг	Рейтинг деңгейі	Болжам
Moody's Investors Service	22.08.2019	Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтинг	Baa3	Оң
S&P Global Ratings	28.01.2021	Эмитенттің кредиттік рейтингісі	BB	Теріс
Fitch Ratings	27.03.2020	Эмитент дефолтының, ұзақ мерзімді рейтингісі	BBB-	Тұрақты

**Қазақстанның кредиттік рейтингтері**

Рейтингтік агенттік	Күні	Рейтинг	Рейтинг деңгейі	Болжам
Moody's Investors Service	22.08.2019	Эмитенттің шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді рейтингі	Baa3	Оң
S&P Global Ratings	05.03.2021	Шетелдік және ұлттық валюталардағы егеменді кредиттік рейтинг	BBB-	Тұрақты
Fitch Ratings	19.02.2021	Эмитенттің шетелдік валютадағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісі	BBB	Тұрақты

**ҚМГ рейтингтерінің серпіні**

Дереккөз: Moody's, S&P, Fitch рейтингтік агенттіктері

## ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-нің АҚШ долларына қайта есептеген шоғырландырылған берешегі 9 690 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде 7 075 млн АҚШ доллары (~73%) облигациялық қарыздарға жатады.

ҚМГ компаниялар тобы жобаларының едәүір бөлігі өздерінің таза ақша ағындары есебінен қаржыландастырылады. Бұл ретте ҚМГ мен ЕТҰ облигациялар нарығына жекелеген стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін немесе Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шенберінде қаржылық орнықтылықты қолдайды үшін қолайлы нарықтық жағдайларда шыға алады.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің берешекті баскарудың икемді және салмақты саясатына сәйкес қарыз ауды жүзеге асырады. ҚМГ борышқорлық бағалы қағаздары Қазақстан эмитенттерінің арасындағы ең өтімді құралдардың бірі болып табылады. ҚМГ-нің шетелдік валютадағы облигациялары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты. Инвесторлар базасы негізінен АҚШ, Еуропа мен Азиядан мындаған институционалдық және бөлшек инвесторлардың білдіреді. Еврооблигациялар Лондондық қор биржасында және Қазақстандық қор биржасында айналыста болады.

2020 жылдың қазанында Компания жалпы көлемі 750 млн АҚШ долларын құрайтын еврооблигациялардың 12,5 жылдық шығарылымын сәтті орналастырды. Қазақстан Республикасының аумағында өтінімдерді жинау инвесторлардың жаһандық өтінімдерін жинаумен бір мезгілде «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-қа (бұдан әрі – KASE) жазылу арқылы жүргізілді. Өтеуге кірістіліктің бастапқы бағдары шамамен 3,875%-ке белгіленді, алайда инвесторлар тараپынан елеулі мүдде аясында көрсетілген бағдар кейінірек 3,5% пайдасына қайта қаралды, бұл кірістіліктің 37,5 б.п. жақсаруын билдіреді. 2020 жылғы қазан-қарашада алынған қаражатты ҚМГ 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімдерімен жалпы номиналдық мөлшері 906,6 млн АҚШ долл. еврооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша номинал бойынша жалпы сомасы 4,75 млрд АҚШ долларын құрайтын Корпоративтік орталық деңгейіндегі еврооблигациялардың алты шығарылымы айналымда болды.

### Айналымдағы ҚМГ еврооблигациялары<sup>1</sup>

Валюта	Айналым басталған күн/өтеу күні	Шығару көлемі, млн АҚШ долл.	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ долл.	Купондық мөлшерлөме, жылдық %	ISIN: RegS / 144A
АҚШ доллар.	19.04.2017/19.04.2027	1 000	1 000	4,75	XS1595713782 / US48667QAN51
АҚШ доллар.	19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087 / US48667QAP00
АҚШ доллар.	24.04.2018/24.04.2025	500	500	4,75	XS1807299174 / US48667QAR65
АҚШ доллар.	24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105 / US48667QAQ82
АҚШ доллар.	24.04.2018/24.04.2048	1 500	1 500	6,375	XS1807299331 / US48667QAS49
АҚШ доллар.	14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397 / US48126PAA03

<sup>1</sup> 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде басым, қамтамасыз етілмеген.

## ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

КМГ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және Компанияны қаржыландыру құнын төмендету мақсатында инвестициялық қофамдастықпен өзара іс-қимылдың тиімді бағдарламасын іске асыруды жағастыруды. Инвесторлармен өзара іс-қимыл процесіне Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелеірі мен КМГ стратегиялық, қаржылық және операциялық құрылымдық бөлімшелерінің, басшылары, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс басқармасы тартылды. 2020 жылы Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті енбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кеңірек ақпарат беру мақсатында конференц-қонырауларға қатыса бастады.

КМГ тоқсан сайын инвесторлар үшін Басқарма төрағасы орынбасарының, мүшелеірінің және департамент директорларының қатысуымен қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша конференц-қоныраулар өткізеді. Тоқсанық конференц-қоныраулардан басқа Компания «ҚазТрансГаз» АҚ-ты 2020 жылғы 2-тоқсанда КМГ компаниялар тобының құрамынан шығару мәселелері бойынша және 2020 жылғы 4-тоқсанда еурооблигациялар шығарылымы жөніндегі роуд-шоу шенберінде арнайы конференц-қоныраулар үйімдастырды.

Компания инвестициялық қофамдастық үшін ақпаратты ашу кезінде уақытылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұстанады. КМГ тоқсан сайын тоқсандық нәтижелер бойынша презентацияны, қаржылық нәтижелер бойынша баспасөз релизін, өндірістік нәтижелер бойынша баспасөз релизін, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес қаржы есептілігін, сондай-ақ деректері бар талдамалық анықтамалықтарды жариялады. 2020 жылы Компания инвесторлар мен талдаушылардың КМГ-нің қаржылық және операциялық қызметі туралы сұраулары бойынша ақпаратты жедел ұсыну практикасын жағастырды.

### 2020 жылы инвесторлармен өзара іс-қимыл құнтызбесі

1 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2019 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қонырау.</li> <li>◆ 2019 жылдың тоқсандық нәтижелері бойынша презентация.</li> <li>◆ 2019 жылғы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері.</li> <li>◆ 2019 жылғы ХКЕС сәйкес шоғырланырылған қаржы есептілігі</li> </ul>
2 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қонырау.</li> <li>◆ 2020 жылдың, бірінші тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>◆ 2020 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері.</li> <li>◆ 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХКЕС-ке сәйкес қыскартылған аралық шоғырланырылған қаржы есептілігі (аудиттөлемеген).</li> <li>◆ 2019 жылғы жылдық есепті жариялау.</li> <li>◆ «ҚазТрансГаз» АҚ-ты КМГ компаниялар тобының құрамынан шығаруға қатысты инвесторлармен кезектен тысқонырау шалу</li> </ul>
3 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қонырау.</li> <li>◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері.</li> <li>◆ 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХКЕС-ке сәйкес қыскартылған аралық шоғырланырылған қаржы есептілігі (аудиттөлемеген).</li> <li>◆ 2019 жылғы Орнықты даму туралы есепті жариялау.</li> <li>◆ CDP аясында 2019 жылға арналған климаттық сауалнамасын және су қауіпсіздігі сауалнамасын жариялау</li> </ul>
4 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>◆ 2020 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қонырау.</li> <li>◆ 2020 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация.</li> <li>◆ 2020 жылдың 3-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері.</li> <li>◆ 2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы ҚЕХС сәйкес аралық қыскартылған шоғырланырылған қаржы есептілігі (аудиттөлемеген).</li> <li>◆ Облигациялар шығару жөніндегі роуд-шоу, оның шенберінде Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Директорлар кеңесі төрағасының қатысуымен қазіргі және әлеуетті инвесторлармен конференц-қоныраулар сериясы өтті</li> </ul>

Орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания 2020 жылы ESG бойынша ақпаратты ашуың, ашықтығын айтартықтай жақсартты. 2020 жылы Компания 2019 жылғы орнықты даму туралы ауқымды есеп жариялады. 2020 жылы көміртекті есептілік бойынша Климаттық бағдарламаың (Carbon Disclosure Project, CDP) алаңында 2019 жылдың қорытындысы бойынша климаттық сауалнама және алғаш рет су қауіпсіздігі бойынша сауалнама орналастырылды. КМГ Қазақстандағы ең, экологиялық, таза және жауапты компания атағын тағы рет растады, 2019 жылдың қорытындылары бойынша қатарынан үшінші рет Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табигат қоры (WWF), CREON Group және Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен және Біріккен Ұлттар Үйімінің Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен (ЮНЕП-ЦА) әріптестікте Ұлттық рейтингтік агенттік беретін мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингін басқарды.

Материалдар мен жарияланымдар, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметкерлерімен қатынасуға арналған байаныс ақпараты Компания сайтының «Инвесторлар» бөлімінде ашық және қол жетімді.

КМГ екіжақты диалогтың тиімділігін одан әрі жақсарту маңыздылығын түсінеді және инвестициялық қофамдастықтың Компанияны қабылдауына тұрақты талдау жүргізеді және одан әрі Директорлар кеңесінің деңгейінде қаралады.





# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Компания қаржылық тәртіпті сақтайды және өзіне алған барлық қаржы міндеттемелерін уақытылы орындаиды.



«Эрнст энд Янг –  
кенестемелік қызметтер» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
[www.ey.com/kz](http://www.ey.com/kz)

ТОО «Эрнст энд Янг –  
консультационные услуги»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
[www.ey.com/kz](http://www.ey.com/kz)

Ernst & Young Advisory LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
[www.ey.com/kz](http://www.ey.com/kz)

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар  
кеңесіне және басшылығына

### *Пікір*

Біз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мен оның еншілес үйымдарының (бұдан әрі «Топ»)  
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы  
31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп,  
жыныстық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген қынге аяқталған жыл үшін  
капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы  
туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша  
шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер  
жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі  
қатынастарда 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын,  
сондай-ақ көрсетілген қынге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен  
қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес дұрыс  
бейнелейді.

### *Пікірді білдіру үеғізі*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға  
сәйкес біздің міндеттереміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған  
қаржылық есептілікі» аудиті үшін жауапкершілігі» белгінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге  
арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой  
бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік  
стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне  
сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді  
білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп  
пайыздаймыз.

### *Аудиттің шешуші мәселелері*

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін  
шоғырландырылған қаржылық есептілікін аудит үшін барынша маңызды болып табылған  
мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде  
және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл  
мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Тәменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты  
тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде  
келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікіріміздің білдірудің негізі болады.

#### **Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы**

Біз бұл мәселе, өндіру, барлау мен бағалау, қайта өндеу активтерін және мұнай мен газды өндіруші және қайта өндеуші бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудиторлық тексеруімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты маңызды мәселелерді бір болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, мұнай бағасы мен теңгенің тұрақсыздығы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік Топ қызметінің перспективаларына әсер етеді және Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады.

Дисконттау мәлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағалар және инфляцияның болжамды мәлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қоса алғанда елеулі жорамалдар. Елеулі бағалауга өндіру жоспары, келешек құрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертлесінде келтірілген.

Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құндар есебі үшін бағалау мәселелері бойынша мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық,

Біз дисконттау мәлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мәлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырдық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайында үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырылығын, мүмкіндіктері мен обьективтілігін бағалау процедурасын орындадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздануға тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін саралдық.



### **Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау**

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауы және қолдауы тиіс. Сауда, түсім және пайда көлеміне тәуелді болатын көрсеткіштердің, әсіресе еншілес үйымдарда бұзылу мүмкіндігі бар, әрі оларға мұнай бағасының тұрақсыздығы және жоғары пайдалану шығыстары әсер етеді, сондықтан біз аудит барысында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлдік. Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландырудың тапшылығына әкеп соқтыра алады. Кросс-дефолт туралы ережелер Топтың несие келісімдері бойынша қолданылады. Несие келісімдері бойынша шектеу талаптарын сақтау аудит үшін барынша маңызды болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте пайыздар есептелетін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 24-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

### **Топтың 2020 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратта Топтың 2020 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2020 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратта тараlmайды және біз бұл ақпаратта қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін түжірымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудитті жүргізу барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкесіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бүрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын, мерзімінен бұрын өтеу талаптары мен дефолт оқиғаларын сарапдақ. Біз қаржылық шектеу талаптарының орындалуына қатысты банктерден алынған растауды зерделедік. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік. Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің орындалуына қатысты ашып көрсетулерді сарападық.



### **Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бүрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жағдайтара алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндағы әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікіріміздің қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бүрмаланулады қамтымайды деген ақылға қонымын сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымын сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бүрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайдының Кепілдігі болып табылады. Бүрмалануладар адаптация әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кесіпкөй пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кесіпкі скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаімыз:

- ▶ адаптация әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бүрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедурапарды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негізде аудиторлық есептіліктің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адаптация әрекеттердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адаптация әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дүрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;



- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды өзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түсken аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылmasa, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түсken аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндегі ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндегі етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін үйімның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертупер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындеймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы акпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыбым салынған жағдайдан немесе қандай да бір маселе туралы акпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендірі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай акпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Сонын нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Пол Кон.

**„Эрнст энд Янг“ ЖШС**

Пол Кон  
Аудит жөніндегі партнер

Гульдария Зарипова  
Аудитор



Аудитордың 2017 жылғы 13 ақпандығы  
№МФ-0000414 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуга арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 5 наурыз

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 2020 ЖЫЛЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІМЕН БІРГЕ

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

31 желтоқсанда  
аяқталған жылдар үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2020	2019 <sup>1</sup>
<b>Түсім және басқа да кірістер</b>			
Түсім	5	4.556.037	6.858.856
Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	6	511.195	827.979
Қаржылық кіріс	13	109.753	240.880
Еншілес үйімдердің шығуынан болған кіріс		519	17.481
Басқа да операциялық кіріс		24.576	24.936
Түсім және басқа да кірістер жиыны		5.202.080	7.970.132
<b>Шығыстар мен шығындар</b>			
Сатып алынған мұнайдын, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	7	(2.277.066)	(3.913.744)
Өндірістік шығыстар	8	(740.786)	(721.693)
Табыс салығынан басқа салықтар	9	(269.559)	(454.295)
Тозу, тауысылу және амортизация	32	(360.283)	(337.424)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	10	(458.186)	(420.402)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	11	(170.208)	(213.967)
Негізгі құралдардың, материалдық өмес активтердің және барага мен бағалау бойынша активтердің құнсыздандыны	12	(243.694)	(150.751)
Барага шығыстары	12	(19.807)	(57.068)
Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың құнсыздандыны	18	(30.654)	-
Қаржылық шығындар	13	(297.551)	(317.433)
Басқа да шығыстар		(32.151)	(7.203)
(Теріс)/он бағамдық айырма, нетто		(23.935)	8.479
Шығыстар мен шығындар жиыны		(4.923.880)	(6.585.501)
Табыс салығы есепке алғынғанға дейінгі пайда		278.200	1.384.631

<sup>2</sup> Осы бағанда көлтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта жіктеудерді көрсетеді, олар туралы ақпарат Зескертпеде көлтірілген.

31 желтоқсанда  
аяқталған жылдар үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2020	2019 <sup>1</sup>
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(106.303)	(226.180)
Жалғасып отырған қызметтөн болған бір жылғы пайда		171.897	1.158.451
Тоқтатылған қызмет		–	6
Тоқтатылған қызметтөн салық салынғаннан кейін түсетін пайда		–	1.158.457
Бір жылғы таза пайда		171.897	1.158.457
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян)		–	–
Бас компанияның акционерлеріне		273.237	1.197.157
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(101.340)	(38.700)
		171.897	1.158.457

#### Басқа да жиынтық кіріс/(зала)

Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататынбасқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
Хеджирлеу әсері		(25)	–
Шетелдік бөлімшелер есептілігінің валютасын қайта есептеуден болған бағамдық айырма		450.936	(32.072)
Салық әсері		(36.481)	(1.240)
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелетін таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		414.430	(33.312)
Келесі кезеңдерде пайданың, немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық шығын			
Топтың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық залалдарды қайта бағалау		(10.592)	(5.688)
Бірлескен кәсіпорындардың, белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық (зиянды)/пайданы қайта бағалау		(285)	199
Салық әсері		108	1.179
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелмейтін таза басқа да жиынтық зиян		(10.769)	(4.310)
Бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		403.661	(37.622)
Табыс салығын шегерे отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		575.558	1.120.835

#### Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс жиыны:

Бас компанияның акционерлеріне		677.742	1.159.447
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(102.184)	(38.612)
Акцияға пайда** – мың теңгемен		–	–
Базалық және бөлінген	23	0,28	1,90

Басқарма тәрағасының, экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Карабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

<sup>2</sup>. 9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

31 желтоқсанда  
ақталған жылдар үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2020	2019 <sup>1</sup>
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	14	4.369.745	4.484.271
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		53.661	38.379
Барлау және бағалау бойынша активтер	15	158.385	179.897
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		22.826	9.541
Материалдық емес активтер	16	168.481	171.172
Ұзақ мерзімді банк салымдары	17	56.528	52.526
Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастық компанияларға инвестициялар	18	6.471.021	5.590.384
Мерзімі үзартылған салық бойынша активтер	28	58.590	73.714
Өтелуге жататын ККС		94.481	133.557
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		23.343	73.367
Байланысты тараптардан алғынған қарыздар мен дебиторлық берешек	21	684.610	615.546
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		11.651	2.488
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		3.542	17.162
		12.176.864	11.442.004
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлы-материалдық қорлар	19	228.065	281.215
Өтелуге жататын ҚКС		106.695	74.049
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	28	70.301	54.517
Сауда дебиторлық берешек	20	422.821	397.757
Қысқа мерзімді банк салымдары	17	282.472	359.504
Байланысты тараптардан алғынған қарыздар мен дебиторлық берешек	21	27.795	138.719
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	20	57.071	63.555
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер	20	88.821	198.539
Ақша қаражаты мен оның баламалары	22	1.145.864	1.064.452
		2.429.905	2.632.307
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	14	46.518	7.604
		2.476.423	2.639.911
Активтердің жиыны		14.653.287	14.081.915
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	23	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал	23	8.981	40.794
Басқа да капитал		58	83
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.146.035	1.731.747
Бөлінбөген пайда		5.636.705	5.469.236
Бас компанияның акционерлерінә жататын		8.708.320	8.158.401
Бақыланбайтын қатысу үлесі	23	(71.641)	38.255

<sup>1</sup>. Осы бағанда көлтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда ақталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктері сомаларға сәйкес көлмейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат Зескертпеде көлтірілген.

31 желтоқсанда  
аяқталған жылдар үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2020	2019 <sup>1</sup>
Капитал жиыны		8.636.679	8.196.656
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Карыздар	24	3.716.892	3.584.076
Резервтер	25	303.154	273.589
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	28	555.894	509.462
Жалдау бойынша міндеттемелер		45.499	35.996
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		32.963	16.365
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер		28.831	27.329
		4.683.233	4.446.817
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Карыздар	24	361.556	253.428
Резервтер	25	63.235	103.538
Төленуге жататын табыс салығы	28	8.967	13.011
Сауда кредиторлық берешек	26	536.922	667.861
Төленуге жататын басқа салықтар	27	130.263	86.666
Жалдау бойынша міндеттемелер		16.971	10.922
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	26	86.440	93.139
Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер	26	129.021	209.877
		1.333.375	1.438.442
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>6.016.608</b>	<b>5.885.259</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>14.653.287</b>	<b>14.081.915</b>
<b>Бір акцияның балансстық құны, мың тенге</b>	<b>23</b>	<b>13,880</b>	<b>13,154</b>

Басқарма тәрағасының, экономика және қаржы  
жөніндегі орынбасары

**Д.С. Карабаев**

Бас бухгалтер

**А.С. Есбергенова**

<sup>1</sup>. Осы бағанда көлтірілген кейір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктері сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат Зескертпеде көлтірілген.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫң ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


31 желтоқсанда  
ақтапталған жылдар үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2020	2019
<b>Операциялық қызмет</b>			
Жаласып отырган қызметтөн болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		278.200	1.384.631
Тоқтатылған қызметтөн болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		–	6
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		<b>278.200</b>	<b>1.384.637</b>
<i>Салық салынғанға дейінгі пайданы операциялық қызметтің нәтижесінде түскен таза ақша қаражатымен дұрыстау үшін түзетулер</i>			
Тозу, тауысылу және амортизация	32	360.283	337.424
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы	12	243.694	150.751
Каржылық шығындар	13	297.551	317.433
Бағамдық айырма, нетто		45.388	4.142
Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың құнсыздануы	18	30.654	–
Барлау шығыстары	12	19.807	57.068
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто		6.508	6.430
Өтелуге жататын ККС-тың құнсыздануын есептеу	11	6.435	15.703
Каржылық кепілдіктерде өзгеріс		6.288	(6.956)
Есепке алынбаған ККС	11	4.528	6.910
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резерві	11	4.225	14.096
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылмаған зиян/(кірістер)		626	(465)
Еншілес үйімдардың шығынан болған кіріс		(519)	(17.481)
Өтпелтін корларға резервті есептеу / (калпына келтіру)		357	(2.534)
Мұнайды жеткізу үшін алынған аванстардың төлемін түзету		–	(864.450)
Басқа да қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды (калпына келтіру) / есептеу	11	(65)	42
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылған кіріс		(22.946)	(8.410)
Резервтердегі өзгеріс		(43.174)	2.967
Каржылық кіріс	13	(109.753)	(240.880)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	6	(511.195)	(827.979)
Басқа да түзетулер		317	13
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		617.209	328.461
Өтелуге жататын ККС-тың алдын ала төлеміндегі өзгеріс		(3.993)	(28.070)
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгерістер		82.337	11.710
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі өзгеріс		121.837	11.466
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және келісімшарттық міндеттемелдердегі өзгеріс		(305.380)	(23.578)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгеріс		34.066	(19.916)
Операциялық қызметтөн түскен ақша ағындары		546.076	280.073
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер	18	134.772	126.461
Туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер, нетто		(142)	(7)
Төленген табыс салығы		(87.984)	(161.979)

31 желтоқсанда  
аяқталған жылдар үшін

Милион теңгемен	Ескерт.	2020	2019
Алынған сыйақы		90.798	118.207
Төленген сыйақы		(236.987)	(238.954)
Операциялық қызметтөн түсін таза ақша ағындары		446.533	123.801
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Банк салымдарын алу және орналастыру, нетто		104.107	28.987
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау әрі бағалау активтерін сатып алу		(396.406)	(444.193)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған активтерді сатудан болған түсімдер		50.738	42.776
Еншілес үйымдарды сатудан ақша қаражатының түсімдері, нетто		8.710	56.760
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына жарналар		(6.586)	(889)
Бірлескен кәсіпорындарды сатудан ақша қаражатының түсімдері		5.966	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	29	(57.485)	(56.516)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу	29	72.721	47.656
Борыштық құралдарды (сатып алу)/алу		(292)	454
Жалдау бойынша дебиторлық берешектен түсімдер		1.404	–
Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын Вексель бойынша түсімдер		11.512	5.403
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(205.611)	(319.562)
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Карыздар бойынша түсімдер	24	676.979	271.772
Карыздарды өтеу	24	(807.355)	(444.656)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендер	23	(81.738)	(36.998)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендер	23	(4.553)	(5.693)
Еншілес үйимның, өз акцияларын сатып алуы	23	(212)	(2.318)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	23	(7.987)	(36.297)
Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(18.978)	(16.181)
Қаржылық кепілдіктер бойынша өтеу		(1.383)	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы		(245.227)	(270.371)
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына өсері		85.341	(14.985)
Күтілетін несие залалдарының резервіндегі өзгеріс		376	(279)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		81.412	(481.396)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.064.452	1.545.848
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.145.864	1.064.452

Басқарма төрағасының, экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



**Д.С. Карабаев**

Бас бухгалтер



**А.С. Есбергенова**

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Милион тенгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төлен- ген капитал	Басқа да капитал
2018 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83
16 ХКЕС-ті қолдану	–	–	–
2019 жылғы 1 қантарға (қайта есептелген)	916.541	40.794	83
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	–	–	–
Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс	–	–	–
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	–	–	–
Дивидендер (23-ескертпе)	–	–	–
Самұрық-Қазынамен операциялар (23-ескертпе)	–	–	–
Самұрық-Қазынаның бөлуі (23-ескертпе)	–	–	–
Еншілес компанияның мәншікті акцияларын сатып алу	–	–	–
Акцияларға иелік ету үлесін өзгертуестен еншілес компанияның жарғылық капиталына жарна	–	–	–
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	–	–	–
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	–	–	(25)
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	–	–	(25)
Дивидендер (23-ескертпе)	–	–	–
Самұрық-Қазынамен операциялар (23-ескертпе)	–	–	–
Самұрық-Қазынаның бөлуі (23-ескертпе)	–	–	–
Сенімгерлік басқару шартының бұзылуына байланысты Үкімет салған құбырларды аудару	–	(17.323)	–
(23-ескертпе)	–	(10.971)	–
Компания өтеуге орай Самұрық-Қазынадан алған қары- здың номиналды және әділ құны арасындағы айырманы аудару (23-ескертпе)	–	(3.519)	–
Әділ құнның Самұрық-Қазына өтеуге орай салған қарыздың номиналды құнинан асып түсін аудару (23-ескертпе)	–	–	–
Еншілес үйымның өз акцияларын сатып алуы	–	–	–
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	8.981	58

## Бас компанияның акционерлерінен келеді

Есептілік валюта-сын қайта есептеу резерві	Бөлінбөген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
1.764.108	4.341.063	7.062.589	80.480	7.143.069
–	(4.268)	(4.268)	(910)	(5.178)
1.764.108	4.336.795	7.058.321	79.570	7.137.891
–	1.197.157	1.197.157	(38.700)	1.158.457
(32.361)	(5.349)	(37.710)	88	(37.622)
(32.361)	1.191.808	1.159.447	(38.612)	1.120.835
–	(36.998)	(36.998)	(4.138)	(41.136)
–	(14.184)	(14.184)	–	(14.184)
–	(6.194)	(6.194)	–	(6.194)
–	(1.991)	(1.991)	(473)	(2.464)
–	–	–	1.908	1.908
1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255	8.196.656
–	273.237	273.237	(101.340)	171.897
414.288	(9.758)	404.505	(844)	403.661
414.288	263.479	677.742	(102.184)	575.558
–	(81.738)	(81.738)	(4.856)	(86.594)
–	(11.617)	(11.617)	–	(11.617)
–	(7.763)	(7.763)	–	(7.763)
–	1.205	(16.118)	–	(16.118)
–	10.971	–	–	–
–	3.519	–	–	–
–	(10.750)	(10.750)	(2.481)	(13.231)
–	163	163	(375)	(212)
2.146.035	<b>5.636.705</b>	<b>8.708.320</b>	<b>(71.641)</b>	<b>8.636.679</b>

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма тәрағасының, экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

**Д.С. Карабаев**

Бас бухгалтер

**A.C. Есбергенова**

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР 2020 ЖЫЛЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ (бұдан әрі – «Компания», «КазМұнайГаз» ҰК АҚ) немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпандың Қазақстан Республикасы Президентінің, 2002 жылғы 20 ақпандығы № 811 Жарлығының, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандығы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») мұнай-газ көсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамдардың бірігін нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық көсіпорындардағы қатысу үлестері Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылады, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 61 операциялық компанияда (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 54) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркеlegen кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Конаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мұдделерді білдіру;
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өндеу, мұнай химия, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес үйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескертпе).

Топтың, осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2021 жылғы 5 наурызда шығаруға бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қафидатына сәйкес өзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

### СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Топтың, мұндан шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кенес («ХҚЕС жөніндегі Кенес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес өзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызы өзінде қаржылық есептілік стандарттарында қолданылады тарап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолданыуды тарап етеді. Жоғары күрделілік дөңгелейі мен жол берулерді қолданыуды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін өлеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктердің орын алуын ескере отырып, оның ішінде COVID-19 пандемиясының ықпалынан, әлемдегі ағымдағы экономикалық ахуалды назарға алды. Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қафидатын ұстанады.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

#### Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған өрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметтің жүзеге асрыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын миллион Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

#### Операциялар мен шоттардың салындысы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асрылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютада қайта есептеледі. Мұндан операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түсken кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегендегі танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындағы монетарлық айырмалар, Топтың шетелдік белгімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір белгілі ретінде айқындаған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығыу сәтінән жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің, құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің, құрамында танылады.

#### Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдастырылған компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың, валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі::

- ◆ қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- ◆ жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асрылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асрылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі);
- ◆ барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

### **Валюталарды айырбастау бағамдары**

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ-ның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңгені құрады. Бұл бағам 2020 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңге). ҚҚБ-ның 2021 жылғы 5 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 419,66 теңгені құрады.

## **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ**

### **ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРATTЫ АШЫП КӨРСЕТУ ПРИНЦИПТЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР**

#### **ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2020 жылдың 1 қантарына құшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндерлерді қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Келесі түзетулер 2020 жылы алғаш рет қолданылды:

- ◆ «Бизнесі біріктіру» 3 ХКЕС-ке (IFRS) түзету. Түзету стандартпен өнгізілетін бизнес ұғымына нақтылауды өнгізеді және бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегендे үлес және принципиалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігін нақтылайды, олар бірінші едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндеріледі. Түзетулер перспективті түрде қолданылады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені ағымдағы практика бұл түзетулерге сәйкес келеді.
- ◆ «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХКЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХКЕС-ке (IAS) және «Қаржы құралдары» 9 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер. Түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша және/немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның пайыздық мөлшерлемелерге негізделген хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.
- ◆ «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХКЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер. Бұл түзетулер елеуліліктің жаңа ұғымын ұсынады. Егер бұл негізгі пайдаланушылардың шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтүгे тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Ағымдағы практика бұл түзетулерге сәйкес келгендей, бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді.
- ◆ Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері қайта қаралған редакция Атап айтқанда, қайта қаралған редакцияда активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамалары өнгізілген, сондай-ақ кірістер мен шығыстаңдарың нақтыланған анықтамалары өнгізілген. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.
- ◆ «COVID-19: жалдау шарттарына қатысты концессиялар» деген атаумен «Жалдау» 16 ХКЕС-ке (IFRS) түзету. Түзету жалға алушыларға COVID-19-бен тікелей байланысты жалдау шарттарының концессияларын шартты түрлендірүлдер деп есептемеуге мүмкіндік береді. Қорсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалын тигізбеді, өйткені Топтың COVID-19 туыннатқан жалдау шарттарының елеулі концессиялары болмады.

### **КУШІНЕ ЕҢБЕГЕН ЖАҢА ЖӘНЕ ӨЗГЕРТІЛГЕН СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕР**

2017 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Сақтандыру шарттары» 17 ХКЕС (IFRS) жаңа стандартын шығарды. 17 ХКЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт аттас 4 ХКЕС (IFRS) стандартын ауыстырады. 17 ХКЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қантардан немесе одан кешірек басталатын жылдық кезеңдер

үшін күшіне енеді. Топтың, болжамынша көрсетілген жаңа стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы қаңтарда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық міндеттемелерді қысқа-және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу» деп аталағын «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылады. Түзету 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың, болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздеріне сілтемелер» деп аталағын «Бизнестерді біріктіру» 3 ХКЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету стандартта көрсетілген стандарттың өзіне елеулі түзетулерді енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері өзекті нұсқасына сілтемелерді ауыстырады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың, болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Негізгі құралдар: нысаналы пайдалануды бастағанға дейінгі кіріс» деп аталағын «Негізгі құралдар» 16 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету негізгі құралдар обьектісінің құнынан бұл активті одан кейінгі пайдалану орнына жеткізу және оны пайдалануға өзірлігі күйіне жеткізу уақытына шығарылған өнімді сатудан түсегін кез келген түсімді есептен шығаруға тыбым салады. Осылынан орнына, түзету Пайда мән зиян туралы есепте тиісті түсімнің және шығындардың мойындалуын қажет етеді. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Топтың, болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Ауыртпалық түсіретін келісімшарттар: шартты орындау шығындары» деп аталағын «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету шығындардың қайсысы шарттың ауыртпалық түсіретіндігін бағалау кезінде қосылуы тиіс екендігін нақтылады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың, болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі Кеңес «Пайыздық мәлшерлемелер. Этalonдар реформасы. 2-фаза» деп аталағын «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХКЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары»

9 ХКЕС-ке (IFRS), сондай-ақ «Сақтандыру шарттары» 4 ХКЕС-ке (IFRS) және «Жалдау» 16 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Түзетулер тәуекелі жоқ пайыздық мәлшерлемеге өтумен байланысты қаржылық есептілікті дайындаушылар үшін бірқатар уақытша босатулады береді. Түзетулер 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың, болжамынша көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Сонымен бірге, ХКЕС жөніндегі Кеңестің күшіне әлі енбетен халықаралық стандарттарды жақсарту бойынша жыл сайынғы жобасының шенберінде шығарылған бірқатар түзетулер бар. Оларға келесі түзетулер жатады: «ХКЕС-ті алғаш рет қолдану: еншілес қоғам ХКЕС-ті алғаш рет қолдануда» деп аталағын «ХКЕС-ті алғаш рет қолдану» 1 ХКЕС-ке (IFRS) түзету; «Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату қажеттілігіне 10%-дық тестті қолдану кезіндегі сыйақылар» деп аталағын «Қаржы құралдары» 9 ХКЕС-ке (IFRS) түзету. Топтың, болжамынша көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХКЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХКЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер. 1 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер көсіпорындардың есеп саясатының елеулі ережелерін емес, маңызды ережелерді ашып көрсетуін талап етеді. ХКЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер маңыздылық тұжырымдамасын есеп саясатының ашылып көрсетілігіне қалай қолдануға болатындығы туралы нұсқаулар береді.

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер. 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер көсіпорындардың есеп саясатындағы өзгерістерді және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерді қалай айыратындығын түсінідіреді. Бұл шектеу маңызды болып табылады, өйткені бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер перспективті түрде және тек келешек операциялар мен басқа да келешек оқиғаларға ғана қолданылады, ол есеп саясатындағы өзгерістер, әдетте, өткен операциялар мен басқа да өткен оқиғаларға қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

1 ХКЕС (IAS) пән 8 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе содан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбетен қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес Топ қаржылық есептіліктің ұсынылуын жақсарту үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну бойынша есеп саясатындағы өзгерістерді өз еркімен қолдануды шешті және бір жылғы таза пайдаға немесе жиынтық кіріске немесе капиталға әсерін тигізбеген қайта жіктеудерді жасады.

#### **Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер**

2020 жылы Топ бұрын Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен барлау активтерінің құнсыздану шығыстарының құрамында көрсетілген Барлау бойынша шығыстарды бөлек жоғмен көрсету шешімін қабылдады. Тиісінше, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі, 12 және 15-ескертпелердегі салыстырмалы ақпарат 2020 жылғы таныстырылымға сәйкес келу үшін өзгертилді.

#### **Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер**

2020 жылы Топ басқа да қаржы және қаржылық емес ағымдағы активтерді, басқа да қаржылық және қаржылық емес ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелерді бөлек ұсынуды шешті. Тиісінше, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі салыстырмалы ақпарат 2020 жылғы таныстырылымға сәйкес келу үшін өзгертилді.

### **ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ СЕНИМГЕРЛІК БАСҚАРУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАН ЖАРНАҒА СӘЙКЕС БАҒАЛАУДАҒЫ ӨЗГЕРІС**

Алдыңғы жылдары Топ жергілікті атқарушы органдармен («ЖАО») және Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттің («ММЖК») департаменттерімен сенимгерлік басқару шарттары («СБШ») бойынша Топқа берілген құбырларды Топ бақылайтын активтер ретінде мойындаудың қажет екендігін анықтау кезінде пайымдауды қолданды. Пайымдаудың мәні СБШ Топқа құбырларға арналған меншік құқығының берілуі аяқталған кезеңге Топқа құбырларға бақылау беруге арналған қысқа мерзімді тетік болып табылатындығында болды. Топ бұл газ құбырлары кейіннен Мемлекеттін Самұрық-Қазынаға, ал содан кейін Топқа қысқа мерзімде беріледі дөп күтті. Бұл шешім ЖАО-мен 2017 жылы қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандумың талаптарымен расталды, соған сай барлық тәуекелдер мен сыйақылар, оған қоса мүлік салығын төлеу міндеттемесі мен тарифтерді қалыптастыру кезіндегі құқықтар Топқа өтеді.

2020 жылы бастапқы пайымдауды растаған фактілер мен жағдайларда келесі едәуір өзгерістер орын алды:

- ◆ Бастапқы СБШ-тың қолданылу мерзімі ұзартпастаған аяқталды, бастапқыда Топ активтерге меншік құқығын алады дөп болжанса да, газ құбырлары ЖАО-ға қайтарылды;
- ◆ СБШ бойынша алынған активтер республикалық меншікке (ММЖК-ға) және одан кейін Самұрық-Қазынаға, болжандайдай, қысқа мерзімде берілмеді. Бұл беру тетігі Топқа меншік құқықтарын құқықтық титул формалды берілгенге дейін беру үшін үақытша шара болмағанын анықтады;
- ◆ Көрсетілген меморандумың қолданылу мерзімі аяқталды.

Осының негізінде Топ 2020 жылдан бастап бастапқы пайымдаудың бұдан былай өзекті емес және СБШ ұзартылғаннан кейін Топ ЖАО ұсынған құбырлардың бұдан былай бақыламайды деген тұжырымға келді. «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес пайымдауды өзгерту бухгалтерлік есепте қатені білдірмейді және тиісінше, перспективті түрде ескерілуі тиіс.

Нәтижесінде, 2020 жылы Топ мұндаидан СБШ бойынша алған барлық құбырларды олардың баланстық құны бойынша осы күнге тануын тоқтатты және тиісінше, қосымша төленген капиталды 17.323 миллион теңгеге азайтты (23-ескертпе). Пайымдаудың өзгеруі ағымдағы және келешек есепті кезеңдерге әсер етеді және егер пайымдаудың өзгеруі 2020 жылы болмаса, капитал мен негізгі құралдар ағымдағы есепті кезеңнің сонына 15.873 миллион теңгеге көбірек болар еді, ағымдағы және келешек есепті кезеңнің жиынтық кіріс туралы есепке әсері өлеусіз.

### **ШОҒЫРЛАНДЫРУ НЕГІЗІ**

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның өншілес ұйымдарының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топ инвестициядан ауыспалы әрекетке құқығы болса немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыш келсе және инвестициялар нысанына қатысты өз өкілеттіктерінің салдарынан мұндаидан әрекетке ықпал ете алса, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалсаға, инвестициялар объектісін бақылайды: - Топтың инвестициялау нысанына қатысты өкілеттіктердің болуы (яғни инвестициялау нысанының маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); - Топтың, инвестициядан ауыспалы әрекетке құқықтың болуы немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыштығы; - Топтың, инвестициядан ауыспалы әрекетке ықпал ету мақсатында инвестиациялау нысанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Топтың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Топ осы инвестиациялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді: – инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім; – басқа келісімдермен негізделген құқықтар; – дауыс беру құқықтары және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары. Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеінің өзгеруін растаса, Топ инвестиациялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес үйымдардың қаржылық есептілігі Топтың, барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың, негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін өзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс қалдықтарға әкеlei соқтырган жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес үйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындастын барлық топ ішіндегі активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады. Бақылаудан айырылмастан инвестиациялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес үйимфа бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындалап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындаиды. Қалған инвестиациялар әділ құны бойынша танылады.

## ЕНШІЛЕС ҮЙЫМДАР

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес үйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады:

Маңызды үйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі	
			2020	2019
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,72%	99,70%
«КазМұнайТөңіз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (Қарашығанақ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%
«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90%	90%
«КазМорТрансФлот» ЖШС (ҚМТФ)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	100%	100%
«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ)	және құрылыш	Қазақстан	100%	100%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Газды тасымалдау	Нидерландтар	100%	100%
«Атырау мұнай өндөу зауыты» ЖШС (АМӨЗ)	Мұнай өнімдерін қайта өндөу және өткізу	Қазақстан	99,53%	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ)	Қайта өндөу	Қазақстан	100%	100%
KMG International N.V. (КМГИ)	Қайта өндөу	Румыния	100%	100%
«Қазмұнайгаз Өнімдері» ЖШС (ҚМГӨ)	Мұнай өнімдерін қайта өндөу және өткізу	Қазақстан	100%	100%
«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	Мұнай өнімдерін өткізу	Қазақстан	100%	100%
«KMG Drilling&Services» ЖШС (КМГ Дріллинг)	Сервистік жобалар	Қазақстан	100%	100%

## БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ГУДВИЛА

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген сыйақының және сатып алынатын компанияның бақыланбайтын қатысу үлесінің сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алғынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алғатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Сатып алғатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХКЕС-тің қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХКЕС-ке сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХКЕС-тің қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Егер шартты өтеу мешікті капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен қайта бағаланады және оны өтеу мешікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының, және сатып алушыға бұрын тиесілі болған қатысу үлестерінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтердің, және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсіү ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алғынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алғынған активтердің, және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуға тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алғынған таза активтердің әділ құннынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алғынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алғынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшениң бір бөлігін құраса, және осы бөлімшениң бір бөлігі шығып қалса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығында анықтау кезінде осы қызметтің ағымдағы құннына қосылады. Осылай жағдайларда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мән ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшениң қалған бөлігінің құнның қатынасы негізінде бағаланады.

#### Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алу күніне сатып алғынатын үйімдағы бақыланбайтын қатысу үлесі тиісті кірісті немесе шығысты пайданың, немесе зиянның құрамында мойындан отырып әділ құнның дейін қайта бағаланады. Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күнгі гудвилді төменде көрсетілгендей (а)-ның, (б) дан асып түсіү ретінде есептейді:

1. сомасы: (i) берілген сыйақы, ол әдетте, «Бизнесті біріктіру» З ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құн бойынша бағаланады; (ii) осы стандартқа сәйкес сатып алғынатын үйімдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны; (iii) бұрын сатып алушы тарапқа сатып алғынатын үйімдағы қатысу үлесін сатып алу күніне әділ құны.
2. сатып алғынған активтердің және қабылданған міндеттемелердің сатып алу күніне таза әділ құны.

#### **Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес үйімдарды сатып алу**

Еншілес үйімдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес үйімнің активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін үйімнің («Бастамашы») ағымдағы құнны бойынша ескеріледі. Бастамашыны бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құнны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректердің қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес үйімді Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

## **БІРЛЕСІП-БАҚЫЛАНАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР**

Бірлескен операция – бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мұдаелеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтердің бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелердің; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен өз түсімін; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің өз үлесін; Бірлескен шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, өз шығыстарын мойындаиды.

## ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҚӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастқан компания – соған қатысты Топтың, айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау. Бірлескен қәсіпорын – бірлескен қызмет туралы келісім, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен қәсіпорынның (БК) таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызы келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады. Бірлескен бақылау БК-да кем дегендे 50% иелік еткенде ғана болуы мүмкін.

Айтарлықтай ықпалдың, немесе бірлескен бақылаудың, болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың, болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға үқсас келеді.

Қауымдастқан компанияға және БК-ға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісінің сәйкес қауымдастқан компанияға немесе бірлескен қәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алғаннан кейін туындастырылған қәсіпорынның, немесе қауымдастқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың, үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмөндейді. Бірлескен қәсіпорынға немесе қауымдастқан компанияға жататын гудвил инвестицияның, баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәнінде жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп бірлескен қәсіпорын немесе қауымдастқан компания қызметінің, қаржы нәтижелеріндегі Топтың, үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар нысандарының басқа да жиынтық кірісінің, өзгеруі Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен қәсіпорын немесе қауымдастқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындағы өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактін ашады. Топтың, және бірлескен қәсіпорындар мен қауымдастқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындастырылғандағы өзгерістер мен зааладар бірлескен қәсіпорындағы немесе қауымдастқан компаниядағы үлестің шегінде алынып тасталады.

Бірлескен қәсіпорындағы/қауымдастқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей кірістөр мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол салық салуды және еншілес қәсіпорынның, немесе қауымдастқан компанияның, еншілес компаниялардағы бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайданы немесе зиянды білдіреді.

Бірлескен қәсіпорындар мен қауымдастқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың, қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың, есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ БК-ға немесе қауымдастқан компанияға инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша зиянын тану қажеттігін айқынайты. Әрбір есепті кезеңде Топ БК-ға немесе қауымдастқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының, объективті күелігінің болуын белгілейді. Мұндай күеліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен қәсіпорынның, немесе қауымдастқан компанияның, өтөлөтін құны мен олардың, баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен қәсіпорындар мен қауымдастқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындаиды.

БК-ға немесе қауымдастқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды өділ құны бойынша бағалап, мойындаиды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне БК-ға немесе қауымдастқан компанияға салынған инвестициялардың, баланстық құны мен қалған инвестицияның өділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

## АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЕТІП ЖІКТЕУ

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің, негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны өткізу болжанса немесе ол сатуға және әдetteгі операциялық циклдің шенберінде тұтынуға арналса; ол негізінен сауда мақсатында арналса; оны есепті кезең, аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе ол, есепті кезең, аяқталғаннан кейін кем дегендे он екі айдың ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтөу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қарожатын немесе оның баламаларын білдірсе. Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер: оны әдetteгі операциялық циклдің шенберінде өтөу болжанса; ол негізінен сауда мақсатында ұсталса; ол есепті кезең, аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде өтөтін болса; немесе компанияның міндеттеменің, өтелеу мерзімін есепті кезең, аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі

айдың ішінде ұзартуға шартсыз құқығы болмағанда. Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзак мерзімділер ретінде жіктеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзак мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

## **КЕН ОРЫНДАРЫН БАРЛАУҒА, БАҒАЛАУҒА ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР**

### **Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар**

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар көлтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. ҚР Үкіметімен тиісті көлісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталға айналдырылады.

#### **Лицензияларды және мүлікті сатып алу шығындары**

Лицензиялар мен мүлікті сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсыздандығанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алу шығындарының ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындарының ағымдағы құны, кен орындардың бөлігінде, барлау бойынша шығындармен бірігіп, мұнай-газ мұлкіне немесе әзірлеу шығындары ретінде материалдық емес активтерге ауыстырылады.

#### **Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар**

Барлауға арналған занды құқық алынған сәтten бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау жасалатын ұнғымаға тікелей қатысты шығындар ұнғыманын бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемек, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер болжамды қорлар табылмаса, барлау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсүткөтер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленені ықтимал болатын басқа ұнғымаларда бұрғылау кіру мүмкін болса, онда шығындар көмірсүткөтерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогрессе қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жағастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жағастыру ниетін немесе табудан пайда алушын қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Дәлелденген қорлар анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар құнсыздану тестісінен кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады және құнсыздану залалы танылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке кайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

#### **Әзірлеу шығындары**

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірленетін ұнғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мұлкінің құрамында, әзірлеу шығындары ретінде капиталданады.

## **МҰНАЙ-ГАЗ МҰЛКІ ЖӘНЕ БАСҚА Да НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

Мұнай-газ мұлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзак мерзімді құрылым жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс қүйіне көлтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төлөнген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мұлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мұлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен келесі пайдалы қызмет ету мерзімдерінің ішінде тікжелілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары кіреді:

МӘЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимараттар мен құрылыштар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Негізгі құралдардың, болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Негізгі құралдардың, ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайларда өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсүтектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру үнғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын дөғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұнданай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды дөғару нәтижесінде туындастырылған кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құннынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану дөғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

## МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге мұнай-газ ресурстарын барлауға арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвидлі сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвидлі қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің қалған есепті мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің, ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің, ағымдағы құны өтеллейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар немесе мән-жайлар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвидлің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туыннататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туыннататын бөлімшелер тобы) құнсыздануы өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туыннататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құннынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвидлің құнсызданудан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Топ әрбір есептің құнға активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындаиды. Егер мұндаидай белгілер бар болып шықса немесе егер активтің құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнны бағалайды. Активтің өтелетін құны – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: сату шығындарын және активті пайдалану құндылығын шегере отырып, активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшениң (ААГБ) әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қарожатының ағындарын актив жасаған жағдайдаға ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААГБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнның ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Сату шығындарын шегереп отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Жағасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын өр ААГБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айрысуларын басшылықта ала отырып айқындаиды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдette бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін көлешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Гұдвидлі қоспағанда, активтер үшін әрбір есепті қүнге құнсызданудан болған бұрын танылған залалдар бұдан былай жоқ немесе қыскарған екендігінің, белгілеріне бағаланады. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААГБ-ның, әтелең құнның есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет танылған уақыттан бастап активтің әтелең құнның айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құнны активтің әтелең құнның, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

## **БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ**

Топ барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады..

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- ◆ Соның ішінде Топ компаниясы белгілі бір участкені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның үзартылуы күтілмейді;
- ◆ Белгілі бір участкеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәүір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- ◆ Белгілі бір участкеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеlei соктырмады және Топ белгілі бір участкеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- ◆ Топтың белгілі бір участкені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құнны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізуіндің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

## **САТУ ҮШІН ҰСТАЛАТЫН АКТИВТЕР ЖӘНЕ ТОҚТАЛЫҒАН ҚЫЗМЕТ**

Сату үшін ұсталатын ретінде жіктелген активтер және шығу топтары кемінде екі мәні бойынша бағаланады – сатуға арналған шығындарды шегергенде ағымдағы құн және әділ құн. Активтер және шығу топтары, егер олардың ағымдағы құнны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жағасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктейді. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген қүннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, тіпті егер сатылғаннан кейін Топ еншілес үйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, салық салынғаннан кейін пайда деңгейіне дейін төмендей отырып жағасып отырған қызметтен кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алынады. Нәтиже беретін пайда немесе залал (салықтар шегерілгеннен кейін) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мән материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

## **АКТИВТІҢ ШЫҒУЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ (ПАЙДАЛАНУДАН ШЫҒАРУ)**

Пайдаланудан шығару резервтері Топтың құрал-жабдықты немесе тетікті бұзу және ауыстыру бойынша, құрал-жабдық орналасқан участкені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервті ақылға қонымды өтіп бағалауға мүмкін болғанда дисконттадан негізде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар

мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың, ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне баламалы болатын тиісті негізгі құрал мойындалады. Сонын салдарынан, осы актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндірістік құралдар мен тасымалдау құралдары бойынша капиталдандырылған шығындар ретінде амортизацияланады.

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың, ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған пайдаланудан шығару бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс белгілі болып табылады:

1. резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
2. активтің құнынан шығарылған сома оның, ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төлемендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып тусу дереу жынытқ кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады;
3. егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеlei соктырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндаидай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестіледі және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ

### Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жынытқ кіріс (БЖКӘК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны (ПЗӘК) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың женілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың женілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жынытқ кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының, өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алууды негіздеуі қажет. Мұндаидай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкеleу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайтының бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алуудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындауды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуі талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- ◆ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- ◆ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтын, БЖКАӘК бойынша ескерілетін қаржы активтері жоқ.

## АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТАЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ (БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАР)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- ◆ қаржы активі бизнес-модельдің шенберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстая болып табылады;
- ◆ қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алууды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлendірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында

мойындалады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

## **ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТАЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ**

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және туынды қаржы құралдарын қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды БЖҚ арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкесіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

## **ТАНУДЫ ТОҚТАТУ**

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алғыншып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- ◆ активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталас;
- ◆ Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» көлісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынан алу барлық құқығын берсе не транзиттік көлісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде таныуын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық, пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемакының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

## **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ**

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты құтілетін несие залалдарына (КН3) бағалау резервін мойындаиды.

КН3 шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконттаған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырмаса ретінде есептеледі.

Құтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

НК3 екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық КН3) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін КК3) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде құтілетін несиелік залалдарға қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КН3-ны есептеу кезінде женілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есептің күнгө бүкіл мерзім үшін КН3 тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындаиды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнгө өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Алайда белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескермesten, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алғындығына нұсқаса,

қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

## ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ҚҚҚЕ өдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің, ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы қүйге келтірумен байланысты өдettегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шікі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстелме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегересе отырып, өткізудің, болжамды бағасына негізделеді.

## ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫФЫ (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жатын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегересе отырып, ішкі нарықтағы сатып алуштар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

## АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиeler, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы өділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиeler мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген өділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиeler мен қарыз алуштар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

### Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

#### Пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Қаржылық міндеттемелер жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда саудаға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХКЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлініп көрсетілген ендірілген туынды құралдар, олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зияндарда мойындалады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы өділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

#### Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда өділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

#### Несиeler мен қарыздар

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиeler мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме өдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен

шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті құннен кейін көм дегендеге 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылышына немесе өндірісіне тіке-ләй жататын қарыздар бойынша шығындар осындағы актив құнының бір бөлігі ретінде капиталданырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

### **Қаржылық кепілдік шарттары**

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес үақытыны төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікеlei байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХКЕС-ке сәйкес есептелген күтілетін несиелік зиянның бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегерге отырып танылған сома.

### **Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында әдәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары әдәуір өзгерілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зияндарда мойындалады.

### **Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуға және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғандаған қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

### **Қаржы құралдарының әділ құны**

Олармен сауда әрбір есепті құні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілмesten нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконттаған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

### **РЕЗЕРВТЕР**

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (занды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы лұмкін екенінің әдәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтің, бір бөлігінің немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сактандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күмән туғызбайтын жағдайда.

Егер ақшаның уақытша құны ықпалы айтарлықтай болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол бұл қолданылған кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

### **Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер**

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап

отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндаі міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

## ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ ТӨЛЕМДЕР

### Зейнетақы жоспары

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қалыптастырылған мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндаі жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша тұындастын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

### Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ пен оның қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлеуді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдette қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде тұындаған актуарлық пайда мен зияндар басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибелін, әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағындағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағындағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжая. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындаі міндеттемелер бойынша шегерім өтелімі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжая сыйақы төлеудің болашақ ағынан болжамдау үшін қолданылады, ол сонаң соң, міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зияндар пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндаі міндеттемелердің жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

## ТҮСІМДІ МОЙЫНДАУ

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе ретінде) актив беріледі, бұл әдette келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен мешілік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды сатудан түскен кірістер, әдette, оларға мешілік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін мешілік құқығы, әдette, Қазақстан Республикасының шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда женілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін женілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздік-тің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

### Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме («ТПМ») бойынша көрсетіледі. ТПМ – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішінде түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

### **Сауда дебиторлық берешек**

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуды үшін тек уақыт қана қажет).

### **Шарттық міндеттемелер**

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасын) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеуген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бүрүн орын алатындығына қарай) мойындаиды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

## **ШЫҒЫСТАРДЫ МОЙЫНДАУ**

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу өдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі көрсетіледі.

### **ТАБЫС САЛЫФЫ**

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтелеңтін немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті қүнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлеїді. ҮПС-ты қолдануды қөздөйтін жиынтық жылдық кірістің, әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты салықтың таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеудер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық КТС, сол сияқты ҮПС үшін есептеледі. ҮСП мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын үстеме пайда салығының күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті қүнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер өдісімен айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мұна жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- ◆ Мерзімі ұзартылған салықтың міндеттеме гұдвиді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындаиды.
- ◆ Еншілес компанияларға, қауымдастқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мұна жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәүір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық женілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- ◆ Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда;
- ◆ Еншілес ұйымдарға, қауымдастқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестиацияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатында жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәрежеға танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінгі қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінгі қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша құшіне енген немесе нақты құшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтепіл, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындаған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың, заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінгі қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындаш шығыстардын коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтың жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінгі қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

## КАПИТАЛ

### Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның Акционеріне жататын капиталдан бөлек мәншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес үйімның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

### Дивидендер

Дивидендер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

### Акционерлерге өзге де бөлү

Топ КР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қауулыарына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе ұысқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлүлдер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Акционерлерге беруге арналған) байланысты шығыстар кіреді.

## ЕСЕПТІ КҮННЕҢ КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікті көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

## 4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікті көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау өтінділік талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осында болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

## COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ 2020 ЖЫЛЫ КӨМІРСУТЕК НАРЫҒЫНЫҢ, ӘСЕРІ

COVID-19 бен әлемдік көмірсүтек нарығының жағымсыз үрдістерінің әсері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігін бағалау ретінде дайындау уақытында сараланды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ бірнеше стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады. Нәтижесінде мұнайды барлау мен өндіру және қайта өңдеу сегменттерінде құнсыздану тесттері жасалды.

## Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, тенгенін АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу үйымдарының бағалаударына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес үйымның дәлелденген өзірленген және өзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану көлісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану көлісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған етінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша қаражатын генерациялайтын бірлік («АҚГБ») капиталының орташа алынған құнының негізінде есептеледі және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірлікті меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 7,77%-дан бастап 14,50%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Блумберг консенсустын, сонай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2020 жылға нақты көрсеткіштерде төменде қөрсетілген:

	2021	2022	2023	2024	2025
Brent маркалы мұнай (\$/баррель)	48	54.5	54	56	57

Мұнай мен газды барлау және өндіру сегментінде құнсыздану шығыстары, нетто 2020 жылы 91.094 миллион теңге болды. Құнсыздану шығыстары негізінен өндіруші активтерге жатады және негізінен Топтың мұнай мен газ бағасына қатысты жорамалдардың өзгеруі нәтижесінде туындағы және оған Топтың еншілес компаниясы «Эмбамұнайгаз» АҚ-на (ЭМГ) жататын 60.440 миллион теңге (12-ескертпе) және БК мен Топтың қауымдастқан компаниясына жататын 30.654 миллион теңге (18-ескертпе) жатады. Топтың компанияларда туындастын, меншікті капиталдың құрамында ескерілетін құнсыздану шығыстарындағы үлесі 16.818 миллион теңге болды және негізінен ПетроКазахстан Инк. компаниясына келді. АҚГБ деректерінің өтелетін құны пайдалану құндылығы өдісінің негізінде есептелген.

2020 жылы Шикі мұнай мен мұнайды өнімдерін қайта өндеу және өткізу сегментінде 162.455 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды, бұл COVID-19-дан туындаған локдауннан кейін қайта өндеу маржасының төмендеуінө орай KMGI мұнайды қайта өндеу активтерінің ішінәра құнсыздануын білдіреді (12 ескертпе). Құнсыздануға тексеру мақсатында бұл активтердің өтелетін құны есептен шығару шығыстарын шегере отырып өділ құнына сүйене отырып айқындалған.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өндейтін активтердің қорлары бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың, ағымдағы баланстық құнынан асып түсүіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар. Шешуші жорамалдарға сезімталдылық Топтың, елеулі АҚГБ бойынша 12-ескертпеде ашылып қөрсетілген, әрі солар бойынша 2020 жылы құнсыздану танылды. Құнсыздануға тестілеуді тәуелсіз білдікті бағалаушылар жыл сайынғы негізде өткізіп отырады.

## МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫҢ ҚОРАРЫ

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесін сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамның әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы қөрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіруде мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогресивті өсуін белгілеу үшін өзірленген және өзірленбеген қорларға бөлінің мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туынтайтыны. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың, қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің, немесе өзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің, салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген өзірленген қорлар тозуды, тауысылууды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлемінде терең-тән, етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындағы көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың, болмауынан пайда болды, ейткені лицензияларды ұзарту ен соңында Үкіметтің қарасы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеleді және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген өзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұракты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеleп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеleп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіргүе және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

[Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық акпарат 12-ескертпеде ашып көрсетілген.](#)

## МҰНАЙ-ГАЗ АКТИВТЕРІНІҢ, МҰНАЙДЫ ҚАЙТА ӨНДЕЙТІН ЖӘНЕ БАСҚА АКТИВТЕРДІҢ ӨТЕЛЕТІНДІГІ

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін күеландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнының шегере отырып өділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайыкты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асасын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталауды. Өділ құн активті және/немесе өкеleуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсіу мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

## Гудвилді қоса алғанда, KMGI АҚГБ

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің, және КМГИ-дің барлық бөлімшелерінің құнсыздануына тест өткізді, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өндеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқасы. Құнсыздануды талдау нәтижесінде КМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны, «КМГИ Переработка» АҚГБ қоспағанда, олардың баланстық құнынан асты (12-ескертпе).

## Гудвилді қоса алғанда, ПМХ3

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ПМХ3-ды сатып алушымен байланысты 88.553 миллион тенге мөлшерінде гудвилі бар (16-ескертпе). 2020 және 2019 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХ3 гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шікі мұнайды қайта өндеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өндеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХ3 өтелетін құнды дисконтталаған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2020 жылы 10,79% (2019: 9,7%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептеледі. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. Меншікті капиталдың құны инвестициялардан болатын түсімнен болады. Қарыз капиталының құны ПМХ3-ның пайызыдық қарыздарына негізделген. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылады. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2029 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӘЗ-дың 2021-2025 жылға дейінгі бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2025 жылдан кейін бағалау күніне басқарудың ен үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды шегере отырып, 2020 жылғы 5,53% (2019: 5,49%) инфляцияның күтілетін деңгейін қолдану арқылы болжанды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХ3 гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

## **Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық**

ПМХ3 гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 11,89%-ға дейін 1%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 34%-дан 35%-ға дейін 1%-ға төмендеуі ПМХ3 жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азауына әкеп соқтырмайды.

### **Басқа да АҚГБ**

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарастау және басқа да жорамалдар Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндедеу және өткізу АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

## **АКТИВТЕРДІҢ ШЫҒУЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

### **Мұнай-газ активтері**

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою келген көн орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұнғымаларды біртінде жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаган ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарастау бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұнғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндағы шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шартта, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндағы шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндағы міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибеліндегі немесе жергілікті салалық тәжірибене өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді.

Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзак мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконттаған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті құнға қайта қаралады және «Негізгі құралдардың обьектін пайдаланудан шығару, олар орналаскан учаскедегі табиги ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған үқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ен үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтердің жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздікten басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер өсеп етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзак мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұнғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзак мерзімді инфляция және Топ көсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелердің айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2020 жылғы 31 желтоқсанда 2,00%-дан 7,3%-ға дейін және тиісінше 3,68%-дан 11,00%-ға дейінгі аралықта болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2,01%-дан 5,49%-ға дейін және 4,43%-дан 8,95%-ға дейін). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 66.177 миллион теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 54.165 миллион теңге) (25-ескертпе).

### **Магистралды мұнай құбырлары мен газ құбырлары**

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес, негізінен, ҚТО мен ҚТГ-ның еншілес үйімі болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалануды аяқтағаннан кейін магистралды құбырды жою және кейіннен қоршаган ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өндедеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және

топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің тенгерімдік құнын 113.558 миллион тенге құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 100.229 миллион тенге) (25 ескертпе).

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОҢАЛТУ

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Коршаган ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жок шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтаған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және европалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ осы міндеттемені 2020 және 2021 жылдардың жылдық бюджетіне енгізілген шығындардың бір бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктелді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшелену мүмкін. Экологиялық оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 25-ескертпеде ашылып көрсетілген.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мәлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтау бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндағы міндеттемелер осындағы болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті қүнге қайта қаралады.

## САЛЫҚ САЛУ

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық компания даурай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелеінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндағы анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауарынан өзі күтептін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеру мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер 25-ескертпеде ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шарттың міндеттемелер 31-ескертпеде ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (28 және 31-ескертпелер).

## НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ПАЙДАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегендे әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтү бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

## ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтаған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзіндегі жүзеге асыру мүмкін болмаган жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректердің есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының, әділ құнына әсер етуі мүмкін. Егжей-тегжей 30 ескертпеде ашылған.

## 5. ТҮСІМ

Миллион теңгемен	2020	2019
<b>Тауар жөне қызмет типі</b>		
Шикі мұнай мен газды сату	2.467.391	3.966.941
Мұнай өнімдерін сату	1.337.579	2.043.848
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері	289.880	389.496
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу қызметтері	193.659	195.896
Басқа да кірістер	267.528	262.675
	4.556.037	6.858.856
<b>Географиялық нарық</b>		
Қазақстан	950.298	1.212.267
Басқа өлдер	3.605.739	5.646.589
	4.556.037	6.858.856

## 6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНДЕГІ ҮЛЕС, НЕТТО

Миллион теңгемен	2020	2019
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС (АГК)	175.339	168.086
«Тенізшевройл» ЖШС (ТШО)	173.476	414.940
Каспий Мұнай құбыры Консорциумы (КМК)	81.582	70.869
Бейнеу – Шымкент газ құбыры (БШГ)	55.005	56.194
«Манғыстау Инвестмент Б.В.» (МИБВ)	16.749	81.991
«ҚазГерМұнай» ЖШС (КГМ)	15.622	17.561
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС (КҚК)	10.380	3.313
«Теніз Сервис» ЖШС (Теніз Сервис)	3.891	6.742
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚOA)	2.448	9.722
«ҚазРосГаз» ЖШС (КРГ)	957	18.091
Valsera Holdings B.V. (Валсерса)	(6.137)	(6.107)
КМГ Кашаган Б.В. (Кашаган)	(6.961)	13.114
«ПетроКазахстан Инк.» (ПКИ)	(8.812)	(18.244)
Ural Group Limited (УГЛ)	(10.265)	(18.895)
Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	7.921	10.602
	511.195	827.979

## 7. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА Да МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Миллион теңгемен	2020	2019
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	1.311.169	2.448.412
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	380.261	493.280
Қайта өндеуге арналған мұнайдың құны	313.543	638.293
Материалдар мен қорлар	226.223	217.138
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	45.870	116.621
	2.277.066	3.913.744

## 8. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	2020	2019
Жалақы бойынша шығыстар	339.877	338.120
Жөндеу және қызмет көрсетеү қызметтері	114.700	129.450
Электр қуаты	83.290	88.910
Көлік шығыстары	42.507	30.456
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	37.743	52.091
Басқа	122.669	82.666
	740.786	721.693

## 9. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

Миллион теңгемен	2020	2019
Экспорттық кеден бажы	71.746	131.326
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	59.374	100.300
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	41.120	133.144
Басқа салықтар	97.319	89.525
	269.559	454.295

## 10. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	2020	2019
Тасымалдау	415.842	374.686
Жалақы бойынша шығыстар	12.811	12.542
Басқа	29.533	33.174
	458.186	420.402

## 11. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	2020	2019
Жалақы бойынша шығыстар	74.704	78.055
Кенес беру қызметтері	23.402	25.448
Қызмет көрсетеү шығыстары	8.655	8.711
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы	6.435	15.703
Әлеуметтік төлемдер	5.961	8.933
Есепке алынбаған ҚҚС	4.528	6.910
Байланыс қызметтері	3.809	2.963
Сауда дебиторлық берешек пен ағымдағы қаржы активтері бойынша	4.225	14.096
КН3 резервінің есептелуі (20-ескертпе)	(65)	42
Басқа да қаржылық емес ағымдағы активтер бойынша құнсыздану залалын (қалпына келтіру) / есептеу	44	(19.755)
Салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша резервті есептей / (қалпына келтіру)	-	34.132

2020 жылғы 31 жетександан аяқталған жыл үшін жалақы бойынша шығыстар 427.392 миллион теңге болды (2019: 428.717 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегендегі өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының, және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

КМГ Ариллингтің Консорциуммен сот шағымы бойынша провизия (31-ескертпе)		
Басқа	38.510	38.729
	170.208	213.967

## 12. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫ

Миллион теңгемен	2020	2019
<b>Құнсыздандырудан болған шығыстар</b>		
Негізгі құралдар (14-ескертпе)	220.913	144.482
Барлау және бағалау бойынша активтер (15-ескертпе)	16.389	171
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	142	(142)
Материалдық емес активтер (16-ескертпе)	6.250	6.240
	243.694	150.751
<b>Барлау шығыстары (барлау және бағалау бойынша активтердің есептен шығарылуы) (15-ескертпе)</b>		
КМГ БӨ-дегі браунфилдер	19.692	18.888
«Жемчужина» жобасы	–	38.180
«Самтыр», «Жайық», «Сарайшық», «Забурение» жобалары	115	–
	19.807	57.068
	263.501	207.819

Келесі АҚГБ бойынша шығындар танылды:

Миллион теңгемен	2020	2019
КМГИ Қайта өндедеу АҚГБ	162.455	93.587
1. Румынияның жекешелендіру агенттігі КМГИ-дың 2013-2014 жылдары 30 миллион АҚШ долларына Петромидия мен Вега зауыттарының міндеттемелері бойынша пост жекешелендіру талаптарын лайықты орындауды бөлігінде;

2. Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – «Faber»), КМГИ еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесінің иесі, 55 миллион АҚШ долларына Rompetrol Rafinare S.A. акционері ретінде КМГИ шешімдерінің бірқатарын даулау бөлігінде;
3. КМГИ бұрынғы директоры Стефенсон Джордж Филипп мырзадан.

2019 жылғы 27 желтоқсанда КМГИ қаулыны даулап, істің тоқтатылуын талап етті, бірақ талап қоюдың ескіру мерзімі аяқталды.

2020 жылғы 10 шілдеде Жоғарғы сот түпкі шешімін шығарып, Румыния Прокуратурасының қаулысына барлық шағымдардың күшін жойды.

Дегенмен, Faber алдыңғы істердің бірінің қаралуын жаңғыртты, сол бойынша КМГИ-дың еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta компаниясының жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюы дауланды. Истің тыңдалуы 2020 жылғы 10 қарашада болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. Истің келесі тыңдалуы 2021 жылғы 16 наурызға тағайындалды.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы 2020 жылы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты Топ пайдасына шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2020 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті моянындаамады.

### **АМӘЗ-ДЕ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ҮҚТИМАЛ БҰЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ СОТ ІСТЕРІНІҢ АЯҚТАЛУЫ**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Атырау облысы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің департаменті (бұдан әрі – «Департамент») АМӘЗ-ге қатысты монополияға қарсы тергеуді жүргізді.

2020 жылғы 9 шілдеде Департамент бөгде ұйымның қызметтерін мұнайды қайта өндөу бойынша өткен жылдардың шарттарына (2016 жылғы қаңтар – 2018 жылғы тамыз) қосу фактісі бойынша тергеу нәтижелерінің қорытындысын шығарды, бұл КР бәсекелестік саласындағы заңнамасын бұзу болып табылады.

2020 жылғы 5 тамызда Департамент құқық бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым шығарды және Әкімшілік сотта АМӘЗ-ге қатысты іс қозғады.

АМӘЗ бұл ұйғарымға Азаматтық сотта шағымданды және қосымша, Әкімшілік сот алдында Азаматтық сот шешілмді шығарғанға дейін әкімшілік істің қаралуын тоқтата тұру туралы өтініш білдірді. Әкімшілік сот бұл өтінішхатты қабылдады.

2020 жылғы 10 қыркүйекте Азаматтық сот Департаменттің ұйғарымын заңсыз деп тану туралы шешілді шығарып, бұл істің қаралуын аяқтады. Бұл шешілгे Департамент Апелляциялық сотқа шағымданды, бірақ 2020 жылғы 24 қарашада Апелляциялық сот шешілді АМӘЗ пайдасына шығарды. Сол екі арада, 2020 жылғы 19 қазанда Әкімшілік сот әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына орай АМӘЗ-ге қатысты әкімшілік істің тоқтату туралы шешілді шығарды. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл сот ісі Топ пайдасына аяқталды.

### **ҚР-МЕН ТАБЫСТЫ МҰНАЙ-ГАЗ ШИКІЗАТЫН БӨЛУ ПРОПОРЦИЯСЫН ЕСЕПТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ДАУЛАР (ҚАРАШЫҒАНАҚ)**

Қараышығанақтың Өнімді бөлү туралы Түпкі Келісіміне (ӨБТК) сай Қараышығанақ жобасының табысты өнімін бөлү амалы Объективтілік индексінің тетігімен реттеледі. 2014 жылдың, екінші тоқсанында Қараышығанақ жобасының, экономикасы Объективтілік индексі бойынша триггер «іске қосылған» дәнгейге дейін жетті және табысты өнім үлесін бөлү пропорциясы (profit oil) КР пайдасына өзгерді.

Сонымен бірге, 2014 жылғы 20 тамыздан бастап КР Экономика министрлігі тоқсан сайын ӨБТК қатысушы – Мердігерлік компанияларға (Мердігерлік компаниялар) Табысты мұнай-газ шикізатын бөлү пропорциясын есептеуге қатысты келіспеушілігі жайлы хабарлап отырды.

2016 жылғы 30 желтоқсанда ҚР мен Мердігерлік компаниялардың арасында заңгерлік түрғыдан міндеттемейтін Өзара түсіністік туралы меморандум жасалды.

2020 жылғы 17 шілдеде ҚР мен Мердігерлік компаниялардың арасында Табысты мұнай-газ шикізатын лайықты түрде есептеуге қатысты дауды реттеу туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімде Қараышығанақтың қаржылық салынды төлеуден және арбитраж шығындарын өтеуден босату туралы ережелер бекітілген. 2020 жылғы 11 желтоқсанда ҚР мен Мердігерлік компаниялар арасында Дауды тоқтату туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, бұл дау тоқтатылып, Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелері жоқ.

## ӨТЕЛЕТІН ШЫҒЫНДАРДЫ ТЕКСЕРУ

Өтімді бөлу туралы келісімінің, («ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксплюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді, бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану ауданында құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өндеген көмірсүткөтердің, барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі болып табылады. Жұмыстар өтемақы негізінде жүзеге асырылды. Бұл ретте, Үкімет мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК-ге сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың, барлығы өтеле бермейді. Өтеуге кейбір шығындарды үәкілетті органдар бекітуі қажет. Үәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген өтелетін шығындарды тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтлемейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, дауланатын шығындардағы үлесі, Топтың бірлескен кәсіпорын міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, 1.078 миллион АҚШ долларын құрады (есепті құнға баламасы 453.641 миллион теңге) (2019 жыл: 1.052 миллион АҚШ доллары, есепті құнға баламасы 402.474 миллион теңге). Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

## ІШКІ НАРЫҚҚА ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу тендерімін қолдау үшін, көктемлік және құзғі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуі талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгілештін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмөн. Егер Үкімет қазіргі үақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұнай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсітін түсімнен өлдө қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметтіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс тигізуі мүмкін.

2020 жылы, өз міндеттемелеріне сәйкес, Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасткан компаниялардың ішкі нарыққа жеткізуінің үлесін қоса алғанда, Топ 6.401 тонна (2019 жыл: 6.224 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА ЛИЦЕНЗИЯЛАР МЕН КЕЛІСІМ-ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасткан компанияның, міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ен, аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері болды:

Миллион теңгемен	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2021	254.859	37.884
2022	94.841	3.625
2023	6.774	3.671
2024	5.003	2.994
2025-2048	5.448	32.221
Жиыны	366.925	80.395

## ШИКІ МҰНАЙДЫ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы қырқүйектегі жағдай бойынша Топтың БК міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың, мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 8,2 миллион тонна болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 12,8 миллион тонна).

## БАСҚА Да КЕЛІСІМШАРТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың БК міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы 196.531 миллион теңге (2019 жыл: 335.609 миллион теңге) болатын ұзак мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (бұдан өрі – «ТМРК») бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шенберінде 232.136 миллион теңге (2019 жыл: 78.677 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

Инвестициялық бағдарламалардың шенберінде КТО мен ККТ-ның орындалмаған келісімшарттық міндеттемелері КТО мен ККТ алдының жылдардың (2015-2019 жылдар) инвестициялық бағдарламаларының шенберінде 26.552 миллион теңгеге және тиісінше 14.477 миллион теңгеге (Топ үлесі) өз міндеттемелерін орындаады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл сомалар Топ міндеттемелеріне қосылмады, өйткени:

- ◆ КТО-ға қатысты, орындалмаған инвестициялық бағдарламаның сомасы, ҚР табиғи монополиялар туралы заңналасының талаптарына сәйкес, ТМРК-мен мұнайды ҚР ішкі нарығына айдау бойынша реттелетін қызметке 2021-2025 жылдарға бекітілген тарифте ескерілді;
- ◆ ҚҚМ-ға қатысты ТМРК 2020 жылғы қазаннан бастап 2022 жылғы қыркүйекке дейін үақытша өтейтін тарифтерді қолдану туралы шешімді қабылдады, бірақ ҚҚМ бұл шешімді сotta даулады. 2020 жылғы 23 желтоқсанда ККТ сот ісін жеңіп алды. Дегенмен, 2021 жылғы 26 қаңтарда ТМРК шешімге шағымдану туралы өтініш берді. ҚР заңнамасына сәйкес орнын толтыратын тарифтердің қолданылуы түпкілікті сот шешімі қабылданғанға дейін тоқтата тұрылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КЕПІЛДІКТЕР

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның еншілес үйімдарының, БК мен қауымдастар тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2020 жылғы 31 желтоқсанға Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындаамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

## 32. СЕГМЕНТТИК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетіледін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің өр түрлерін ұсынатын бизнестік стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау, газды өткізу және тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу. Топ Компанияның қызметтің «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткени Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындаған қайта өндеу және өткізу. Қалған операциялық сегменттер біріктірілп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің 5-ескертпеде көрсетілген.

«Шикі мұнайды, газды және газды қайта өндеу өнімдерін өткізу» бойынша түсім келесі операциялық сегменттермен жүзеге асырылатын сатуларды білдіреді: 790.642 миллион теңге (2019: 874.505 миллион теңге) сомасында газды өткізу және тасымалдау, сондай-ақ 1.676.749 миллион теңге (2019: 3.092.437 миллион теңге) сомасында Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу.

«Мұнай өнімдерін өткізу» бойынша түсім операциялық сегменттермен жүзеге асырылады: 989.881 миллион теңге сомада (2019: 1.665.356 миллион теңге) Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өндеу және өткізу, 3.910 миллион теңге сомада (2019: 4.166 миллион теңге) Мұнай мен газды барлау және өндіру және 333.100 миллион теңге сомада (2019: 352.056 миллион теңге) Корпоративтік орталық.

Сегмент қызметтің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің, негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктердің дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХКЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, және барлау өрі бағалау бойынша активтердің құнсыздандынын, барлау шығыстарын, БК мен

Қауымдастырылған компанияларға инвестициялардың құнсыздандынын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA, % жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Элиминирлеу айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, өрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрдө болмауы да тиіс.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Топтың негізгі құралдары (14-ескертпе) келесі елдерде орналасқан:

Миллион теңгемен	2020 жыл	2019 жыл
Қазақстан	3.730.070	3.751.128
Басқа елдер	639.675	733.143
	4.369.745	4.484.271

Төмендегі кестеде 2020 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасы- малдау	Газды өткізу және тасымал- дау	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өндөу өрі еткізу	Корпоративтік орталық	Басқа- лары	Түзетулер мен эли- минация- лар	Жиыны
Сыртқы кли- енттерге сатудан түсім	8.981	216.843	931.073	2.955.444	334.092	109.604	–	4.556.037
Басқа сег- менттерге сатудан түсім	868.731	91.497	14.447	327.229	36.945	83.314	(1.422.163)	–
Түсім жиыны	877.712	308.340	945.520	3.282.673	371.037	192.918	(1.422.163)	4.556.037
Сатып алынған мұнайдын, газ- дын, мұнай өнімдері мен басқа да мате- риалдардың өзіндік құны	(29.528)	(13.301)	(378.862)	(2.739.382)	(185.884)	(32.844)	1.102.735	(2.277.066)
Өндірістік шығыстар	(297.934)	(124.041)	(84.644)	(202.820)	(126.431)	(139.308)	234.392	(740.786)
Табыс салынынан басқа салықтар	(194.328)	(12.891)	(15.237)	(15.188)	(24.994)	(7.107)	186	(269.559)
Тасымалдау және өткізу бой- ынша шығыстар	(118.054)	(8.019)	(321.042)	(62.381)	(7.752)	–	59.062	(458.186)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(30.219)	(16.775)	(24.507)	(46.690)	(51.053)	(25.096)	24.132	(170.208)
Бірлескен кәсіпорын- дар мен қауымдастырылған компания- лардың кірі- стеріндегі үлес, нетто	182.572	93.525	231.337	(1.373)	–	5.134	–	511.195

Милион тенге мен барлау және өндіру	Мұнай мен газды жарыс және өндіру	Мұнайды тасы- малдау	Газды өткізу және тасымал- дау	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өндөу өрі өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа- лары	Тұзетулер мен эли- минация- лар	Жиыны
<b>ЕБІТДА</b>	<b>390.221</b>	<b>226.838</b>	<b>352.565</b>	<b>214.839</b>	<b>(25.077)</b>	<b>(6.303)</b>	<b>(1.656)</b>	<b>1.151.427</b>
<b>ЕБІТДА, %</b>	<b>34%</b>	<b>20%</b>	<b>30%</b>	<b>19%</b>	<b>(2%)</b>	<b>(1%)</b>	<b>0%</b>	
Тозу, тауы- сылу және амортизация	(118.157)	(39.253)	(42.856)	(146.764)	(3.200)	(10.053)	–	(360.283)
Қаржылық кіріс	106.079	3.943	21.766	18.285	99.245	11.760	(151.325)	109.753
Қаржылық шығындар	(16.934)	(5.180)	(36.911)	(87.043)	(269.715)	(11.694)	129.926	(297.551)
Негізгі құрал- дардың, материал- дық емес активтердің және барлау мен баға- лау бойынша активтердің құнсыздандыу	(61.908)	(10.534)	199	(164.736)	(2.279)	(4.436)	–	(243.694)
Барлау шығыстары	(19.807)	–	–	–	–	–	–	(19.807)
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдастыран компани- яға инвести- циялардың құнсыздандыу	(30.654)	–	–	–	–	–	–	(30.654)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(60.988)	(18.462)	(21.027)	4.028	(8.306)	(1.548)	–	(106.303)
<b>Бір жылғы таза пайда</b>	<b>171.149</b>	<b>161.288</b>	<b>268.040</b>	<b>(227.818)</b>	<b>(189.273)</b>	<b>(19.546)</b>	<b>8.057</b>	<b>171.897</b>
<b>Басқа да сегменттің ақпарат</b>								
Бірлескен кәсіпорын- дар мен қауымдастыран компа- нияларға инвестициялар	5.371.371	515.025	525.626	34.122	–	24.877	–	6.471.021
Күрделі шығындар	167.609	48.900	125.608	84.649	11.811	15.586	–	454.163
Өтпейтін ТМК, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптар- дан қарыздар мен дебитор- лық берешек, ағымдағы қаржы актив- тері бойынша КНЗ резерв- тері және ағымдағы қаржылық емес актив- тердің құнсы- здану резерві.	(4.495)	(6.457)	(7.240)	(46.112)	(25.141)	(9.254)	–	(98.699)

Миллион тенгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасы- малдау	Газды өткізу және тасымал- дау	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өндіру өрі өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа- лары	Түзетулер мен эли- минация- лар	Жиыны
<b>Сегмент активтері</b>	<b>7.861.383</b>	<b>1.189.807</b>	<b>2.405.880</b>	<b>2.654.458</b>	<b>1.302.283</b>	<b>263.518</b>	<b>(1.024.042)</b>	<b>14.653.287</b>
<b>Сегмент мін- деттемелері</b>	<b>814.551</b>	<b>198.810</b>	<b>921.668</b>	<b>1.704.835</b>	<b>3.269.893</b>	<b>105.549</b>	<b>(998.698)</b>	<b>6.016.608</b>

Темендеңі кестеде 2019 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, соңдай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2019 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион тенгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасы- малдау	Газды өткізу және тасымал- дау	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өндіру өрі өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа- лары	Элими- нациялау	Жиыны
Сыртқы кли- енттерге сатудан түсім	7.592	236.485	1.102.110	5.035.188	352.056	125.425	-	6.858.856
Басқа сег- менттерге сатудан түсім	1.302.744	100.253	965	540.947	78.121	87.505	(2.110.535)	-
<b>Түсім жиыны</b>	<b>1.310.336</b>	<b>336.738</b>	<b>1.103.075</b>	<b>5.576.135</b>	<b>430.177</b>	<b>212.930</b>	<b>(2.110.535)</b>	<b>6.858.856</b>
Сатып алынған мұнай- дын, мұнай өнімдері мен басқа да матери- алдардың өзіндік құны	(33.719)	(13.666)	(490.142)	(4.972.915)	(212.655)	(33.252)	1.842.605	(3.913.744)
Өндірістік шығыстар	(295.687)	(149.033)	(71.978)	(203.864)	(110.379)	(145.595)	254.843	(721.693)
Табыс салығынан басқа салықтар	(379.725)	(13.287)	(17.388)	(13.584)	(22.417)	(7.894)	-	(454.295)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	(123.725)	(1.145)	(272.174)	(69.264)	(7.137)	(3)	53.046	(420.402)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	(15.439)	(15.877)	(35.900)	(45.247)	(35.244)	(71.175)	4.915	(213.967)
Бірлескен кәсіпорын- дар мен қауымдастық компания- лардың кірі- стеріндегі улес, нетто	500.737	75.474	242.336	(3.248)	-	12.680	-	827.979
<b>EBITDA</b>	<b>962.778</b>	<b>219.204</b>	<b>457.829</b>	<b>268.013</b>	<b>42.345</b>	<b>(32.309)</b>	<b>44.874</b>	<b>1.962.734</b>
<b>EBITDA, %</b>	<b>49%</b>	<b>11%</b>	<b>23%</b>	<b>14%</b>	<b>2%</b>	<b>(2%)</b>	<b>2%</b>	
Тозу, тауы- сылу және амортизация	(94.432)	(39.257)	(41.567)	(143.875)	(4.177)	(14.116)	-	(337.424)

Милион тенге мен барлау және өндіру	Мұнай мен газды және өндіру	Мұнайды тасы- малдау	Газды өткізу және тасымал- дау	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өндөу өрі өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа- лары	Элими- нациялау	Жиыны
Қаржылық кіріс	202.592	7.298	29.589	43.975	130.878	10.729	(184.181)	240.880
Қаржылық шығындар	(21.460)	(7.095)	(43.443)	(127.391)	(264.841)	(8.333)	155.130	(317.433)
Негізгі құрал- дардың, материал- дық емес активтердің және барлау мен баға- лау бойынша активтердің құнсыздануы	(6.550)	(24.783)	816	(93.161)	(11)	(27.062)	–	(150.751)
Барлау шығыстары	(57.068)	–	–	–	–	–	–	(57.068)
Табис салығы бойынша шығыстар	(138.762)	(20.825)	(39.917)	(12.241)	(12.923)	(1.512)	–	(226.180)
<b>Бір жылғы таза пайда</b>	<b>842.496</b>	<b>136.906</b>	<b>362.344</b>	<b>(36.553)</b>	<b>(119.657)</b>	<b>(68.083)</b>	<b>41.004</b>	<b>1.158.457</b>
<b>Басқа да сегментті ақпарат</b>								
Бірлескен кәсіпорын- дар мен қауымдасқан компания- ларға инве- стициялар	4.788.314	384.173	350.732	40.304	–	26.861	–	5.590.384
Күрделі шығындар	256.725	44.926	91.744	79.492	14.323	18.098	–	505.308
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптар- дан кары- здар мен дебиторлық берешек, ағымдағы қаржы актив- тері бой- ынша КНЗ резерв- тері және ағымдағы қаржылық емес актив- тердің құн- сыздану резерві.	(3.146)	(5.173)	(9.991)	(46.020)	(22.297)	(9.903)	–	(96.530)
<b>Сегмент активтері</b>	<b>7.504.518</b>	<b>1.080.046</b>	<b>2.195.386</b>	<b>2.854.018</b>	<b>1.480.009</b>	<b>454.084</b>	<b>(1.486.146)</b>	<b>14.081.915</b>
<b>Сегмент мін- деттемелері</b>	<b>748.226</b>	<b>204.540</b>	<b>956.917</b>	<b>1.771.290</b>	<b>3.453.634</b>	<b>117.899</b>	<b>(1.367.247)</b>	<b>5.885.259</b>

## 33. КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

### Жаңа қарыздар алу және ағымдағы қарыздарды өтеу:

АМӘЗ:

- ◆ 2021 жылғы 5 және 11 қаңтарда ҚДБ-дағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Халық Банкінен 53.626 миллион теңге сомаға ұзақ мерзімді қарыздар алды.
- ◆ 2021 жылғы 14 қаңтарда Қытайдың Экспорт-Импорт Банкінен 79 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 33.133 миллион теңге) алынған қарыз бойынша, сыйақыны қоса алғанда, негізгі борышты ішінара төледі.
- ◆ 2021 жылғы 15 қаңтарда Самұрық-Қазына облигациялары бойынша 7.387 миллион теңге жалпы сомаға негізгі борыш пен купондық сыйақыны төледі.
- ◆ 2021 жылғы 21 қаңтарда ҚДБ-ден 10.889 миллион теңге сомасында алынған қарыз бойынша, сыйақыны қоса алғанда, негізгі борышты ішінара төледі.
- ◆ 2021 жылғы 21 қаңтарда ҚДБ-ден 142 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 59.451 миллион теңге) алынған қарыз бойынша, сыйақыны қоса алғанда, негізгі борышты толығымен төледі.

2021 жылғы ақпанда КМГИ АҚШ-тың қаржы институты Cargill-ке 50 миллион АҚШ доллары (баламасы 21.187 миллион теңге) сомаға жаңа қарыз алды.

### Соттың істі қарауы:

2021 жылғы 19 ақпанды Қашаған кен орнынан газға шарттық бағаны есептеу бойынша Солтүстік Каспий Жобасының серіктестеріне қатысты КТГ шағым өтініші бойынша арбитраждық сот ісі жөнінде шешім шығарылды. Арбитраждық шешім (бұдан әрі – Шешім) КТГ пайдасына шығарылды. Тараптың Шешіміне сәйкес, ол шығарылған күннен бастап 30 күннің ішінде Шешіммен белгіленген қағидаттардың негізінде есептеулерді жасауы және зангерлік шығыстарды өтеуді қоса алғанда, КТГ пайдасына төленуге жататын сомаларды айқындауы тиіс. Түпкілікті арбитраждық шешімнің шығарылмауына орай және өтемақы сомасы шынайы айқындала алмауына орай Топ бұл сот ісінің әсерін шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындамады.

# ҚОСЫМШАЛАР

## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ККУ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Осы ҚМГ Жалғыз акционерінің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелерінің сақталуы / сақталмауы туралы есеп Кодектің 6-тармағын орындау үшін дайындалған және ҚМГ-ның Кодекс қағидаттары мен ережелерін сақтауы / сақталмауы туралы ақпаратты қамтиды

2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ көлесі аспектілерді ескере отырып, Кодектің ережелері мен қағидаттарына сәйкес келді:

Кодектің 2-бөлімі 1-тарауының 2-тармағына сәйкес «Кор үйымдары үшін активтердің онтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Қалған үйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылған үйымдарда экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілердің және Қор тобының мүдделерін қамтамасыз етуді ескере отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында қайта үйымдастыру мүмкіндігін қараша ұсынылады. Жаңа үйымдарды құру кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік қолайлы үйымдық-құқықтық нысан болып табылады. Акционерлік қоғам нысанында жаңа үйымдарды құруға үйимның акцияларын қор нарығында одан әрі жоспарланған сату сияқты ерекше жағдайларда жол беріледі.».

Кодектің осы талаптары есепті кезеңде ҚМГ-де тұстастай сақталды. 2015 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1141 қаулысымен Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, оған ҚМГ тобының 73 компаниясы енгізілді. ҚМГ тобындағы заңды тұлғаларды қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шенберінде жүргізілді. 2020 жылғы 5 қарашада ҚМГ Директорлар Конесінің шешімімен (№13/2020 хаттама) ҚМГ компаниялар тобы активтерінің нысаналы құрылымына көшу жөніндегі жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді. Сондай-ақ ҚМГ тобы активтерінің құрылымын, оның ішінде субхолдингтерді тарату / қайта үйымдастыру есебінен оңайлату бойынша жұмыс жүргізілді. 2020 жылғы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндірү» АҚ субхолдингін ерікті түрде тарату жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды, осындағы байланысты 2020 жылғы ҚМГ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндірү» АҚ-дан 8 компания сатып алды. 2020 жылғы ҚМГ-ның өткізілген / таратылған активтерінің саны: өткізілген – 3 компания, таратылғаны – 2 компания, қайта үйымдастырылғаны – 1 компания. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесіл жаңа заңды тұлғаларды құру кезінде ҚМГ Кодекте ұсынылғандай, оларды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үйымдық-құқықтық нысанында құруға артықшылық береді. 2020 жылғы акционерлік қоғам нысанында заңды тұлғалар құрылған жоқ. Сонымен қатар, ҚМГ тобы активтерінің құрылымын онтайланыру бойынша жұмыс бекітілген жоспарларға / бағдарламаларға сәйкес жалғасатын болады.

Кодектің 2-бөлімі 1-тарауының 14-тармағына сәйкес «Қордың және үйымдардың Директорлар Конестері іскерлік әдеп стандарттарының енгізілүін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Қордың және үйымдардың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Искерлік әдеп кодексімен танысу туралы өтінішке қол қоюға және Кодекс туралы өз білімдерін жүйелі түрде растауға тиіс.».

Кодектің осы талаптары 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы сақталды. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС төуелсіз консультанттының ұсынымдарына сәйкес ҚМГ корпоративтік басқаруын диагностикалау нәтижелері бойынша жаңа редакциядағы Искерлік әдеп кодексі (2018 жылғы 29 қарашадағы №18/2018 хаттама) әзірленді және оны Директорлар Конесімен бекітті. Есептің кезеңде омбудсмен қызметі ҚМГ қызметкерлеріне зерделеу және практикалық қолдану үшін «Искерлік әдеп кодексінің әдеп нормалары бойынша жадынаманы» әзірледі және жіберді, сондай-ақ омбудсменнің ҚМГ қызметкерлеріне әдеп нормаларын түсіндіру бойынша ұндеуімен бейнеролик шығарды. ҚМГ қызметкерлерінің Искерлік әдеп кодексін білудің бағалау мақсатында адами ресурстарды басқару департаменті Омбудсмен қызметімен бірлесіп, ҚМГ қызметкерлерінің тиісті оқуын және оның нәтижелері бойынша білімін тестілеуді өткізу үйимдастырды. Есептің кезеңде ҚМГ 524 қызметкерін тестілеу өдісі арқылы білімдерін тексерумен оқыту жүргізілді, бұл ҚМГ қызметкерлерінің жалпы санының 85%-ін құрайды. 2021 жылғы ҚМГ-ның 2020 жылғы оқудан өтпеген қызметкерлерінің 15%-і үшін, сондай-ақ ҚМГ-ның жаңадан қабылданатын қызметкерлері үшін оқудан өту процесін үйимдастыру жоспарлануда.

Кодекстің 2-бөлімі 2-тарауының 3-тармағына сәйкес «Компаниялардың Директорлар Кеңестері Компаниялардың жарғысында белгіленген өз құзыреті шенберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие болады.».

Кодекстің осы талаптары есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Жарғысының 4-тармағына сәйкес ҚМГ қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады; ҚМГ Жарғысының 13-тармағына сәйкес ҚМГ мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу; ҚМГ Жарғысының 24-тармағына сәйкес ҚМГ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, табысты бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді. Бұл ретте, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның, кейбір құжаттарымен (2020жылғы 17 наурыздағы жаңа редакциядағы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу процентінен астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі занды тұлғалардың инвестициялық қызметтінің корпоративтік стандарты, (№ 09/20 хаттамасы), «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен, (№42/19 хаттама), бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының атқарушы органдары басшыларын тағайындауды келісі және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қафидалары, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (катысу үлестерін) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тікелей немесе жанама иеленетін, атқарушы органдардың басшыларын тағайындауды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісім бойынша компаниялардың директорлар кеңестері жүзеге асыратын үйымдардың тізбесі («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен, №56/12 хаттама, бекітілген) ҚМГ Директорлар Кеңесінің шешімдер қабылдаудағы (оның ішінде M&A мәмілелерін жасасу (бірігу және қосып алу), ҚМГ еншілес және төуелді үйымдарының атқарушы органдарының басшыларын тағайындау) дербестігін шектейтін рәсімдер көзделген.

Кодекстің 2-бөлімі 3-тарауының 5-тармағына сәйкес «Орнықты даму:

1. басқару жүйесіне;
2. даму стратегиясына;
3. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (стратегия), орта мерзімді (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді), есептілікті, тәуекелдерді басқаруды, адами ресурстарды басқаруды, инвестицияларды, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ органдардан бастап (акционерлердің жалпы жиналышы (жалғыз акционер), Директорлар кеңесі, атқарушы орган) барлық дәнгейлердегі және қатардағы қызметкерлермен аяқталатын шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялануы тиіс.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар Кеңесінің шешімімен 2020 жылғы Орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық бекітілді, ол мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін үйымдастыруды, орнықты даму қафидаттарын негізгі процестерге интеграциялауды және мониторингті, орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілікті дайындауды, орнықты даму саласындағы, орнықты даму мәдениетін дамыту және қолдау, тәуекелдерді анықтау және бағалау, құжаттаманы басқару, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу қафидаттарын сипаттауды қамтиды. Сонымен қатар, орнықты дамуды түйінді процестерге интеграциялау бойынша жұмыс жағастырылатын болады.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 6-тармағына сәйкес «Кор мен үйымдар қызметтің үздіксіздігін қолдау және директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Директорлар Кеңесі мүшелеңдерінің сабактастық жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2019 жылғы қарашадағы отырысына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар Кеңесі мүшелеңдерінің Сабактастық саясаты туралы (2019 жылғы 6-7 қарашадағы №6/2019 хаттама) мәселе енгізілді. Бұл ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелеңдерінің сабактастық жоспарын қалыптастыру жөніндегі жұмыстың бірінші кезеңі болды. ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 2020 жылғы 12 ақпандадағы №3/2020 және 2020 жылғы 31 наурыздағы №5/2020 отырыстарында «Директорлар кеңесі мүшелеңдерінің сабактастығы жоспары туралы» мәселе қаралды. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі мүшелеңдерінің сабактастық жоспарын қалыптастыру кезінде Компанияның Директорлар Кеңесінің төуелсіз бағалау нәтижелерін ескеру үшін Директорлар Кеңесі мән оның комитеттерінің қызметтіне сыртқы бағалау жүргізу нәтижелері бойынша тиісті жұмысты 2021 жылы аяқтау жоспарлануда.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 12-тармағына сәйкес «Директорлар Кеңесінің отырыстарын өткізуін ұсынылатын кезеңділігі жылына 8-12 отырысты құрайды.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. 2020 жылғы 16 отырыс өткізілді. Оның ішінде:

- ◆ Директорлар Кеңесі мүшелеңдерінің жеке қатысуымен кезекті іштей отырыстар – 1;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы ҚМГ Даму стратегиясы бойынша акпараттық сессия – 1;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілген кезекті отырыстар – 11;
- ◆ бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілген кезектен тыс отырыстар – 3.

Есепті жылы Директорлар Кеңесі мүшелеңінің жеке қатысуымен өткізілетін Директорлар Кеңесі отырыстарының санының қысқаруы коронавирустық инфекция бойынша пандемиямен байланысты.

2019 жылмен салыстырғанда Директорлар Кеңесі отырыстарының жалпы саны 18-ден 16-ға дейін, 2018 жылмен салыстырғанда – 20-дан 16-ға дейін қысқарды, бұл он динамиканы көрсетеді.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 15-тармағына сәйкес «Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға өнгізу және сабактастықты жоспарлау бағдарламасы өзірленеді.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де сақталмаған. 2020 жылы ҚМГ Корпоративтік хатшысы қызметі қызметкерлерінің саны едәуір қысқарып, қызметкерлердің жоспардан тыс кетуіне алып келді және осыған байланысты есепті кезеңде Корпоративтік хатшы қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру шенберінде компанияның бірінші кезектегі міндеттеріне шоғырланды, ал бөлімшенің жекелеген тікеlei іс-шаралары ресурстардың жеткіліксіздірі себебінен кейінге қалдырылады. Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға өнгізу және сабактастықты жоспарлау бағдарламасын өзірлеу жөніндегі іс-шаралар Корпоративтік хатшы қызметінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына өнгізілген.

Кодекстің 2-бөлімі 6-тарауының 7-тармағына сәйкес «Директорлар Кеңесі Аудит жөніндегі Комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге жауапты болады.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар Кеңесінің 13.12.2016ж. шешімімен (№17/2016 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның өншілес және тәуелді ұйымдарының Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі саясатының 6.2.7-бөліміне сәйкес ҚМГ ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, ҚМГ Директорлар Кеңесін ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар өзірлейді. ҚМГ ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына жүргізілетін мониторинг шенберінде 2020 жылғы 21 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 22 қантарға дейін 2016 жылы жүргізілген ҚМГ мен өншілес және тәуелді ұйымдардың тәуекелдерін басқару процесі аудитінің нәтижелері бойынша пост-аудит жүргізілді.

## IPI МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

### IPI МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелерді қабылдамады<sup>1</sup>.

### МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес мүдделілік бар мәмілелер деп танылатын мәмілелерді қабылдамады. Бұл ретте, 2020 жылдың екінші жартысында шарттары ҚМГ-нің коммерциялық құпиясын құрайтын мүдделілік бар мәміле жасалды<sup>2</sup>.

<sup>1</sup>. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп танылады

<sup>2</sup>. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығаратын мәмілелер мүдделілік бар мәмілелер танылады

# ГЛООССАРИЙ

АГ – Амангелді Газ

АГҚ – Азия Газ құбыры

АҚС – автомобильге жана май құю станциясы

АМӘЗ – Атырау мұнай өндегу зауыты

АҚ – акционерлік қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор – «Самұрық-Қазына» үлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

АҚМБАЖҰКЖБ – Атырау қабаттардың мұнай беруін арттыру және ұнғымаларды курделі жөндеу басқармасы

ТПАБ – Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару

БГӨ-ТБА – Бұхара газды өнірі – Ташкент-Бішкек-Алматы

ҚДБ – Қазақстанның Даму банкі

БТЕ - квадрлн

ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім

МАҚ – Мемлекеттік акционерлік қоғам

БШГ - Бейнеу-Шымкент газ құбыры

ГДж - Гигаджоуль

Гкал - Гигакалория

ГМО – газ-моторлы отын

АҚҚ – Ақша қаржатының қозғалысы

ЕТҰ – еншілес және тәуелді қоғамдар

КБЖЕЖ – корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспар

ЖКО - Жол-көлік оқиғалары (ағылш n/a)

ЕОБ – Еуропалық орталық банк

ЖАҚ – Жабық акционерлік қоғам

1Р қорлар – Дәлелденген қорлар

2Р қорлар – Дәлелденген және әлеуетті қорлар

3Р қорлар – Дәлелденген және әлеуетті және ықтимал қорлар

ШГА – Шикі газ айдау

ӘТИ – Әлеуметтік тұрақтылық индексі

АТ – Ақпараттық технологиялар

ИОА - Интергаз Орталық Азия

АК – Аудит жөніндегі комитет

ЕКЕҚОҚОДК – Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет

кВт - Киловатт-сағ

ҚГМ - «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС

ҚҚҚ – Қазақстан-Қытай құбыры

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» үлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҚТКФ - Қазтеңізкөлікфлот

ТЖСК – Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет

ҚХР – Қытай Халық Республикасы Кодекс, КБК – ҚМГ корпоративтік басқару кодексі

КТГ – компримирленген табиги газ

ҚНК – Қызыметтің негізгі көрсеткіштері

ҚӨК – Қарашығанак өндегу кешені

ҚҚБ – Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасы

ТНК – Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

НТК – негізгі тәуекел көрсеткіші

СҚБК – Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет

ТБКЖ – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

ҚТГ - ҚазТрансГаз

ҚТГА - ҚазТрансГаз Аймақ

ҚТГО - ҚазТрансГаз Өнімдері

ҚҚҚ – Каспий құбыр консорциумы

КТЖ – Кешенді технологиялық желілер

ҚТО – ҚазТрансОйл

ҚҚ – Қаржы жөніндегі комитет

ХВҚ – Халықаралық валюталық қор

МГ – магистральдық газ құбыры

МЖП – минималды өміршең өнім	ЗТБ – Занды тұлғалар бірлестігі
ХМҚБИ – Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты	КАҚ – Көпшілік акционерлік қоғам
Млн - миллион млн тонна - миллион тонна	ПҚОП – ПетроҚазақстан Ойл Продактс
ЕБЗ – Екінші буындағы зауыт млн тонна м.б. – мұнай баламасының миллион тоннасы млн б.м.б. - мұнай баламасының миллион баррелі	БҚЖ – Болашақ кеңейту жобасы
Млрд - миллиард млрд текше ф - миллиард текше фут млрд м3 - миллиард текше метр	ТШИ – Тікелей шетелдік инвестициялар
ТМК – теңіз мұнай компаниясы	ПҚОП - «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
ШК – шағын кәсіпорындар	ІМГ – Ілеспе мұнай газ
ХКЕС – Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары	ПМХЗ – Павлодар мұнай-химия зауыты
МТ - Мұнай Tac	ӘБ – Өндірістік бірлестіктер
ХКД – халықаралық көлік дәлізі	ШДОБ – Шынайы деректерді оңтайландыру бағдарламасы
АХҚО – «Астана» халықаралық қаржы орталығы	ЖСҚ - жобалық-сметалық құжаттама
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі	СҚБЖ – Сағалық қысымды басқару жобасы
МГӘБ – Мұнай-газ өндіру басқармасы	ГЖҚ – Газдың жерасты қоймасы
ҰТК – Ұлттық тау-кен компаниясы	ЦТБ – Цифрлық трансформация бағдарламасы
ҚҚС – қосылған құн салығы	БӘ – Барлау Өндіріу
ЕҮҚТ – ең үздік қол жетімді техника	ҚМГ БӘ – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіріу» АҚ
ҰК – Ұлттық компания	ЭДР - Эмитент дефолтының рейтингі
НКОК - «Норт Каспий Оперейтинг Компани»	ҚР – Қазақстан Республикасы
МТҰК – Мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания	IAK – Ішкі аудит қызметі
ҰТКК – Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы	ӘҚҚ – өте жоғары қысымдағы құбыр
ҰМК - Ұлттық мұнай-газ компаниясы	ІБЖ – Ішкі бақылау жүйесі
МӘЗ – Мұнай өңдеу зауыты	СБТК – Солтүстік-Батыс тасымалдау компаниясы
ААҚ – Ашық акционерлік қоғам	ББҰ – Бірлесіп-бақыланатын ұйымдар (ағылш н/а)
ОГӘЗ – Орынбор газ өңдеу зауыты	МЖ – Менеджмент жүйесі
ДС, ӘҚ және ҚОҚ – Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау	БҚ – бірлескен кәсіпорын
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы	СТГ – сұйытылған табиғи газ
ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер үйімі	ӘБҚ – өнімді бөлу туралы келісім
ЕҚОҚ – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	СҚӘБК – Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім
ОДЕ – Орнықты даму туралы есеп	СҚГ – Сұйытылған көмірсутекті газдар
ӘЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімі	ҚҰБЖ – қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі
	ТБжІБЖ – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі
	ТҚжЖ – Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Құбыр компаниясы

ТШО - «Тенізшевройл» ЖШС

КСШ – көмірсүтек шикізаты

ГКДҚ – газды кешенді дайындау қондырғысы

МГКДҚ – «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы

ТКжҰҚБ – Технологиялық көлік және ұнғымаларға қызмет көрсету басқармасы

ОИТҚ – Орталық инженерлік-технологиялық қызмет

ОДМ – Орнықты даму мақсаттары

ЖМ – Жеке мекеме

4ICP – ГКДҚ-ға газды кері айдаудың 4-ші компрессоры құрылғысы

5TL – 5-ші айдау құбыры

BP - “Бритиш петролеум” компаниясы

CDP – көміртек тасталындылары туралы ақпаратты ашу жобасы

GRI – Газ есептілігі жөніндегі ғаламдық бастамашылық

IPO – көпшілікке бастапқы ұсыныс

KGDBN – газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау

MBA – Іскерлік әкімшіліктендеру магистрі

MIT – Массачусетс технологиялық институты

plc – жауапкершілігі шектеулі көпшілік компания

WEC – Дүниежүзілік энергетикалық кеңес

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ

**Инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша**

Телефон: +7 (7172) 78 63 43

E-mail: ir@kmg.kz

**БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша**

Телефон: +7 (7172) 78 63 92, 78 62 31

e-mail: press@kmg.kz

**Орталық аппарат «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ**

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000,

Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев к-сі, 8

Телефон: + 7 (7172) 78 61 01 (қабылдау)

Факс: + 7 (7172) 78 60 00

веб-сайт: www.kmg.kz

## Кеңсе

Телефон: +7 (7172) 78 92 15 (құжаттарды қабылдау)

+7 (7172) 78 62 15, 78-65-49, 78 92 76 (кіріс хат-хабар)

+7 (7172) 78-90-91, 90-74-27 (шығыс хат-хабар)

+7 (7172) 78 60 00 (факс)

e-mail: Astana@kmg.kz

## Кадр мәселелері бойынша

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат: <http://work.kmg.kz/>

Телефон: +7 (7172) 78 62 67

+ 7 (7172) 78 92 34

+ 7 (7172) 78 63 31

## Қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша

Телефон: +7 (7172) 57-68-98

e-mail: info@sk-trust.kz

## Заңнаманың және ҚМГ мен ЕТҰ ішкі нормативтік құжаттарының бұзылу мәселелері бойынша

Сенім телефоны: +7 (7172) 78 65 65 (құпиялылыққа кепілдік беріледі)

e-mail: doverie@kmg.kz

**Кызметкерлердің құқықтары мен занды мұдделері және еңбек даулаты мен жанжалдарды шешүге жәрдемдесу мәселелері бойынша**

ОМБУДСМЕН

Телефон: +7 (7172) 78 65 60

e-mail: ombudsman@kmg.kz

## Орнықты даму мәселелері бойынша

e-mail: sustainability@kmg.kz

## Қоршаған ортанды қорғау мәселелері бойынша

Телефон: +7 (7172) 78 61 92

e-mail: hse@kmg.kz

## Сатып алу, жергілікті қамту мәселелері бойынша

Телефон: +7 (7172) 78 64 50

+7 (7172) 78 92 66

## «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының, компаниялар тоғының жедел желісі

Өз бастамашылығымен ақпараттандыру саясатына сәйкес,

Сіз кез келген болған немесе болжамды үрлау, алайқтық, сыйбайлас жемқорлық пен бизнес жүргізудің, базалық қағидаттарының, немесе «Самұрық-Қазына» АҚ мінез-құлық кодексінің бұзылу фактілері туралы хабарлай аласыз

Телефон: 8 800 080 19 94

E-mail: sk.hotline@deloitte.kz